

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан КОММУНИСТІ

5

МАЙ

1959

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАР БАСПАСЫ

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ

және СЯСИ ЖУРНАЛЫ

— — —
XXXVIII ЖЫЛ ШЫҒУЫ

№ 5

М А Й

1959

МАЗМҰНЫ

БАС МАҚАЛА — Бұқара арасындағы саяси және идеологиялық жұмыстың дәрежесі жоғары болсын	2
Ә. ЖАИМЫРЗИН — Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру — идеологиялық жұмыстың маңызды саласы	9
С. ДӘУЛЕНОВ — Қазақстанның ауыл шаруашылығы жетіжылдықта	15
С. БАЯНОВ — Еңбек өнімділігін арттырудың басты шарты	22
Ә. МҰҚТАРОВ — Халыққа қамқорлық жасау — партияның биік нысанасы	27
Ж. ЫБРАЕВ — КПСС XXI съезінің материалдарын оқып, үйрену — кәзіргі айбынды міндет	34
Б. ӨСЕРБАЕВ — Лекциялық насихатты жақсарту берейік	38
А. ЫСҚАҚОВ — Оқу өмірмен тығыз ұштастырылсын	41
А. МАЛҚОВ — Югославия қайда кетіп барады	46

ЛЕКЦИЯ ЖӘНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ

Ғ. БОРАНҚҰЛОВ — Советтік мемлекет социализмнен коммунизмге ұласу дәуірінде	52
----------------------------------------------------------------------------	----

СОВЕТ ОДАҒЫ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

XI тарау — Партияның елімізді социалистік жолмен индустрияландыру және ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіру жолында жүргізген күресі (1926 — 1929 жылдар)	58
----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

К. ӘБІЛДАЕВ — Жаңа белесте	87
Б. ТӨРТҚАРИН — Елімізге етті көп беру күресінде	93
Қ. СЕРІКБАЕВ — Партиялық ішкі жұмыстың кейбір мәселесі	96

ХАТТАР МЕН КОРРЕСПОНДЕНЦИЯЛАР

Н. РАБИНОВИЧ — Жүгері өте тиімді дақыл	98
Л. СИГАЛОВ, З. ЖИГУЛА — Игілікті бастама	100
К. БӘКІШЕВ, Қ. СЕЙІЛХАНОВ — Бір теориялық конференцияда	102

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАУЛАРЫНА ЖАУАП

А. ТУҒАНБАЕВ — Америка империалистерінің Орта және Таяу Шығыс елдеріндегі тіміскілеу әрекеттері	104
-------------------------------------------------------------------------------------------------	-----

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Я. БЕЛЬСОН, С. САРТАЕВ — Социалистік елдердің мемлекеттік дамуы туралы кітап	108
------------------------------------------------------------------------------	-----

ТЕРМИН СӨЗДЕРГЕ ТҮСІНІК

Әлеуметтік-экономикалық термин сөздер	112
---------------------------------------	-----

Бұқара арасындағы саяси және идеологиялық жұмыстың дәрежесі жоғары болсын

Ұлы-Отанымыздың, бүкіл дүние жүзінің еңбекші бұқарасы өмірінде аса елеулі саяси оқиға болған КПСС XXI съезі болып өткелі үш айдан асып барады. XXI съезд Совет елінің тарихи жаңа кезеңге—коммунистік құрылысты кең өрістетуге кезеңіне аяқ басқанын атап көрсетті. Съезд бекіткен еліміздің халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау бағытында шешуші қадам жасауды мақсат ететін нақты да ғылыми программа болды.


Партияның XXI съезі коммунизмнің материалдық негізін қалаумен бірге оған алдын-ала рухани жағдай жасау міндетін де қойды. Съезде жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас: «Коммунизмге өту үшін дамыған материалдық-техникалық база ғана емес, сонымен бірге қоғамның барлық азаматының жоғары дәрежедегі саналылығы да болу керек» деді. Сондықтан XXI съезд өзінің қарарында: «Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру, адамдардың санасындағы капитализм қалдықтарын жою партия, совет, кәсіподақ, комсомол және басқа қоғамдық ұйымдардың жұмыстарында өзекті орын алуы тиіс» деп көрсетті.

Бұл күндері партияның XXI съезі алға қойған ұлы міндеттер республикамыздың барша еңбекшілерінің жігеріне жігер қосып, бұрын-соңды болып көрмеген саяси және өндіріс қарқынын үдетті. Жетіжылдықтың алғашқы жылының тапсырмаларын толық та асыра орындау жолындағы социалистік жарыста туған ерекше жаңалық — коммунистік еңбек бригадалары болды. Бұл — коммунистік құрылыстың кең өрістеу дәрежесіне лайықты жаңа қуатты қозғалыс. Кәзір республикамызда коммунистік еңбек бригадасы коллективі деген атақ алу күресіне 4 мыңнан астам бригада қосылып отыр, олардың қатарында он мыңдаған жұмысшылар мен колхозшылар бар.

Жетіжылдықтың бірінші жылы — 1959 жылдың тапсырмаларын орындауға республика еңбекшілері алғашқы үлесін қосты да. Республика өнеркәсібі үстіміздегі жылдың төрт айлық тапсырмасын 26 апрельде орындады. Өнеркәсіп өндірісінің жалпы өнімі 13 процент артты. Еңбек өнімділігі жоспардағыдан 7 процент асып түсті. Ауыл шаруашылығының еңбеккерлері мемлекетке тоқсандық ет тапсыру жоспарын асыра орындады.

Бұл тек алғашқы адым. Республикамыздың алдында әлі де зор міндеттер тұр. Республика еңбекшілері 1959 жылы бір жарым миллиард пұт астық өндіруге, мемлекетке 800 мың тонна ет, 850 мың тонна сүт, 74,5 мың тонна жүн, 1,6 миллион тонна қант қызылшасын, 200 мың тонна мақта тапсыруға және сатуға ұйғарды. 1959 жылы 15 миллиард сом күрделі қаражат игеріледі.

Кәзір осы міндеттерге сәйкес республикамыздағы әрбір коллектив, әрбір еңбекші алдына нақты да айқын нысана қойып отыр. Сол міндеттемелердің орындалуын, асыра орындалуын камтамасыз ету партиялық ұйымдастыру және саяси жұмыстың бүгін таңдағы аса маңызды мақсаты.



Жуырда болып өткен Қазақстан КП Орталық Комитетінің кезекті пленумы «Бұқара арасындағы саяси және идеологиялық жұмыстың жайы және бұл жұмысты КПСС ХХІ съезінің шешімдеріне байланысты жақсарту шаралары туралы» мәселе қарады. Пленум республикамыздың идеялық өміріндегі ірі оқиға болды. Ол республика партия ұйымдарының алдында тұрған аса маңызды міндеттерді белгілеп берді. Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасын, ХХІ съездің шешімдері мен жетіжылдық жоспарда белгіленген коммунистік құрылыстың зор болашағы мен міндеттерін бүкіл халыққа терең түсіндіру, республиканың барлық еңбекшілерін бұл міндеттерді орындауға, барлық кәсіпорын мен құрылысты, колхоз бен совхозды, әрбір жұмысшы мен колхозшыны социалистік міндеттемелерін орындауға, асыра орындауға жаппай жұмылдыру қажет екенін ерекше ескертті. Бұл үшін халыққа идеологиялық тәрбие берудің барлық құралын толық пайдалану керек болады.

Елімізде коммунизм орнату үшін алдын-ала материалдық және рухани жардай жасау міндеті халқымыздың өмірін, тұрмысын түгел қамтиды, ол біздің елімізде ғана емес, бүкіл дүние жүзінің өмірінде түбегейлі ұлы өзгеріс болатынын бейнелейді. Кәзір совет халқы съезд шешкен практикалық және теориялық мәселелердің мазмұнын жан-жақты жете түсінуге ынталы. Осыған байланысты бұқара арасындағы саяси-идеологиялық жұмыстың мазмұны бұрынғыдан да тереңдей түседі. Бұқарамен күнделікті тығыз байланысты болу — партиямыздың лениндік Орталық Комитетінің жұмыс стиліне тән қасиет. Халық арасындағы саяси жұмысқа басшы кадрларды белсене қатынастыруға партия кәзір ерекше мән беріп отыр. Жұмысшылар мен колхозшылар арасында, әсіресе өзі басқаратын шаруашылық және мәдениет құрылысы жүйесінде істейтін еңбеккерлер арасында саяси тәрбие жүргізу, олармен үнемі тілдесіп, пікір алысып отыру, алдарында тұрған нақты міндеттерін түсіндіру, көкейкесті мәселелеріне жауап беру — міне мұның бәрі басшы қызметкерлердің бұқарамен байланысының маңызды түрлері болып саналады.

Халықтың рухани өмірін байытудың және қалың бұқараға ықпал етудің басты құралдары — күнделікті үгіт-насихат жұмыстары, баспасөз, радио, әдебиет, кино, партия оқуы жүйесі тағы басқалар. Мұның бәрі негізгі мақсатқа — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндетіне бағынышты болуға тиіс. Жетіжылдық жоспардың орындалуы материалдық игіліктерді молайтады. Бірақ тұрмыстың жақсаруы халықтың сана-сезімін, саяси-идеялық дәрежесін өздігінен көтермейді. Бұл идеологиялық тәрбие жұмысының міндеті. Халықтың әл-ауқаты артуы, жұмыс күні мен жұмыс аптасының қысқаруы идеологиялық тәрбие жұмысын күшейте беруге қажетті жағдай туғызады. Партия ұйымдары бұған сүйене отырып, еңбекшілерді еңбекке коммунистше қарауға тәрбиелеу, еңбек өнімділігін арттыра беруге жұмылдыру, халық байлығын, қоғамдық меншікті көздің қарашығындай сақтап, молайта беру, социалистік жарысты кең өрістету жолында тынбай жұмыс жүргізуге міндетті.

Жетіжылдық жоспардың өзгешелігі оның жан-жақты ғылыми дәлелденгендігінде, ғылыми дұрыс болжауға негізделгендігінде. Ол — лениндік даналықтың, лениндік сара жолымыздың айқын бейнесі. Жетіжылдық жоспар өндіргіш күштерді дұрыс орналастыруды көздейді. Барлық ұлт республикаларының барша қазынасы іске қосылашақ. Әсіресе шығыс аудандар, соның ішінде біздің республика зор қарқынмен өркендейді. Бұған бір дәлел: егер СССР-де өнеркәсіп өнімі жеті жылда 80 процент артатын болса, Қазақстанда 2,7 есе өспек. Бұл туысқан партиямыздың данышпан ұлт саясатының айқын бейнесі.

Жетіжылдық жоспардың тағы бір өзгешелігі — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау бағытында шешуші қадам жа-

саумен бірге коммунизмнің рухани, саяси, моральдық жағдайларын жасай беруді көздейтіндігінде. Осыған байланысты халыққа коммунистік тәрбие беру мәселесі күшейе түсуге тиіс. Себебі, біріншіден, коммунизм өздігінен емес, адамдардың саналы күресі мен қызметінің нәтижесінде орнайды, игіліктер молшылығын жасаумен қатар халықтың саналылығы мен ұйымшылдығын биік сатыға көтеруді талап етеді. Екіншіден, буржуазиялық идеологияға қарсы бітіспейтін табанды күрес жүргізу керек. Коммунистік құрылыс табысты бола берген сайын буржуазия идеологтері оған қарсы жанталаса идеялық шабуыл жасап, оның революцияландырғыш ықпалын бәсеңдетуге тырысып бағатыны мәлім.

Буржуазия идеологиясына қарсы күрес пен капитализмнің адам санасындағы қалдықтарына қарсы күрес екеуі бір бағыттағы жұмыс. Капитализм қалдықтары адам санасында едәуір уақыт бойы орын алады. Олардың социалистік меншік пен еңбекке жекешіл көзқарас, қоғамдық мүлікке қол сұғу, маскүнемдік, бұзақылық сияқты жиіркенішті түрлері әлі бар. Міне осының бәрі коммунистік тәрбие жұмысын ықпалды, алуан салалы етіп, табанды жүргізуді талап етеді. Әсіресе еліміздің болашағы жас ұрпақты коммунизм рухында тәрбиелеу, оларды жасынан бастап оқуын өндіріспен тығыз байланыстыра отырып, еңбекке баулу міндеті кәзір ерекше қойылып отыр.

Съездің теориялық қағидаларын жұртшылыққа терең талдап түсіндіру өте-мөте қажет. Съезд көтерген теориялық мәселелер, айталық, мемлекет туралы, материалдық ынталандырудың лениндік принципі туралы, мемлекет және колхоз меншігінің ұласуы туралы мәселелер бұрын да талданып келгенімен, кәзір оның мазмұны жаңа жағдайға сәйкес жаңа тәжірибемен байыды, жаңа мазмұн алды. Осы мәселелерді талдап ашып беру, съезд белгілеген тұрғыдан түсіндіру аса қажет.

Кәзіргі кезеңде алуан салалы ұйымдастыру жұмысымен бірге халыққа коммунистік тәрбие беру ісінің бірінші кезектегі аса маңызды міндетке айналып отырған себебі де осыдан.

Біздің партиямыз халыққа коммунистік тәрбие берудің шешуші құралдарының бірі саяси үгіт деп біледі. КПСС Орталық Комитеті «Сталин облысы еңбекшілері арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысында еліміздің тарихи дамуының жаңа кезеңіне сәйкес бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастырудың таяудағы жылдарға арналған кең программасын жасап берді, шаруашылық пен мәдениет құрылысына саяси үгіттің ықпалын күшейте түсудің жолдары мен тәсілдерін мензеді. Қазақстан партия ұйымдары барлық бұқаралық-саяси жұмысты осы қаулының негізінде ұйымдастырып отыр.

Кәзір саяси үгіттің алдында тұрған басты міндеттер—Хрушев жолдастың баяндамасы мен ХХІ съездің шешімдерін насихаттау, түсіндіру, жетіжылдық жоспарды орындау үшін табанды, қажырлы күрес жүргізу. Республикамызда осы талапқа сай жұмыс істеп отырған партия ұйымдары аз емес. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының коллективі республикада кәзір кең өріс алған жетіжылдықтың алғашқы жылының жоспарын асыра орындау жарысына бастаушы болды. Бұл тамаша бастаманы облыстық партия комитетінің бюросы дер кезінде қолдап, облыстың басқа кәсіпорындарына кең тарата бастады. Жарыс озаттарының тәжірибесін көпшіліктің игілігіне айналдыру мақсатымен партия ұйымдары көптеген кітапша, бюллетень, плакат, листовкалар бастырып таратты, көрнекі үгіттің алуан түрін ұтымды пайдалана білді.

Бірақ жағдай барлық жерде бірдей деуге болмайды. Саяси үгіт жұмысында кемшіліктер де бар. Негізгі кемшілік — саяси үгіттің мазмұны мен бағытын бақылау ісі нашар, үгітшілерді іріктеп алуға, олардың күнделікті жұмысына көмектесуге жеткілікті көңіл бөлінбейді. Көпшілік үгіт, көрнекі үгіт кейде жалпылама, үстірт жүргізіледі де, күнделікті

нақты іспен, міндеттермен байланысты болмайды, жұмыстағы қиыншылықтарды жеңуге, еңбек тәртібін нығайтуға, өнімнің өзіндік құнын кемітуге, қатаң үнемдеу тәртібін қолданып отыруға, социалистік жарысты өрістете беруге бағыттталып отырмайды.

Бұқаралық үгіт жұмысындағы елеулі кемшіліктің тағы бірі — партия ұйымдары халық арасындағы саяси жұмыста әлі күнге дейін науқаншылдыққа жол береді, басшы қызметкерлерді бұқаралық-саяси жұмысқа үнемі қатынастырып отырмайды. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысымен жарысқа түскен Қарағанды облысының көптеген кәсіпорындарында жоғарыда айтылған кемшіліктер кең орын тепкен. Мұнда төрт жылдан бері Жданов және Киров атындағы шахталар өзара жарысып келеді. Бірақ Жданов атындағы шахтаның коллективі 1959 жылдың басынан бері тапсырманы орындаған емес. Себебі — мұнда жарыстың барысы, қорытындысы ешуақытта жарияланбайды, көрсеткіш тақталары үнемі бос тұрады, үгітшілер жарыс мәселесін ауыздарына да алмайды, ал шахтаның, трестің, сондай-ақ партия, кәсіподақ, комсомол комитеттерінің кейбір басшылары шахтерлер арасында саяси жұмыс жүргізуден аттонын ала қашады.

Партия ұйымдары бұл сияқты сорақы жағдайға жол бермеуге тиіс, саяси жұмысқа үнемі нақты басшылық етіп отыруға міндетті, бұған ең алдымен әрбір коммунист қолма-қол белсенді қатынасатын болу керек, сондай-ақ үгіт жұмысына партияда жоқ активті, өндіріс озаттарын, интеллигенцияны батыл тартқан жөн. Мақсат — халықтың алуан топтары арасында өндірістегі қызметіне, жасына, білім дәрежесіне, ұлтына т. б. қарай жұмысты жақсы ұйымдастыра білуде. Әсіресе артта қалған кәсіпорындарда, түнгі сменадағы жұмысшылар мен алыстағы мал жайылымдарында тұратын еңбеккерлер арасындағы бұқаралық-саяси жұмысқа ерекше назар аудару қажет. Саяси үгіттің сыннан өткен жақсы түрлері мен әдістері — басшы қызметкерлердің халықпен еркін ашық әңгімелесуі, еңбекшілер арасына барып саяси баяндамалар жасауы, лекция оқуы, сұрақ пен жауап кештері, жастар кешін ұйымдастыру, атақты адамдармен кездесу, өндірістік мамандығы бірыңғай еңбеккерлердің жиналыстары мен кештерін, малшылар күнін, көктем мейрамын өткізу сияқты жұмыстар үздіксіз кең көлемде жүргізілуі керек.

Партия ұйымдары саяси үгіттің пәрменді болуына ерекше назар аударып, жершілдікке, пайдакүнемдікке, қоғам мүддесіне нұқсан келтірушілікке қарсы күресіп отыруға тиіс, еңбек тәртібін, социалистік тұрмыс салтын бұзушыларға қарсы қоғам пікірін ұйымдастырып, тоғышар және жау элементтердің жалған қауесеті мен өсерін батыл әшкерелеп отыруы керек.

Саяси үгіттің идеялық дәрежесі жоғары әрі пәрменді болуы үгітшілер мен насихатшылардың, саяси баяндамашылардың даярлығына байланысты екені мәлім. Бұқаралық-саяси жұмыстың мазмұны мен әдісі жөнінде семинар, кеңестер өткізіп тұру жас үгітшілер үшін ірі-ірі партия ұйымы жанында үгітшілердің мектебін ұйымдастыру өте дұрыс.

Кадрларға партия оқуы жүйесінде маркстік-лениндік білім беру ісі соңғы жылдары бірсыпыра жақсарды, коммунистер мен партияда жоқ көптеген активтің оқу түрін өзінің тілегіне сай қалап алуына, теорияны творчестволықпен оқып үйренуіне, оны практикалық міндеттермен тығыз байланыстыра білуіне мүмкіндік беретін алуан түрлі әрі оңтайлы оқу жүйесі ұйымдастырылып отыр. Кәзір коммунистердің саяси оқуға ынтасы анағұрлым артулы. Партия насихатының өмірге бейім, шаруашылық жұмыстың түбегейлі мәселелеріне жақындай түскенін экономикалық оқу жүйесінің ұлғайғаны айқын көрсетеді. Кәзір мәселен, экономикалық ғылымды республикада жүз мыңдай адам оқып жүр.

Партия оқуы жүйесінде елеулі кемшіліктер де жоқ емес. Жаттампаздық ақырына дейін жойылып болған жоқ. Бірсыпыра жерде оқудың идеялық-теориялық дәрежесі төмен. Теориялық білімі бар, ысылған кейбір басшы қызметкерлер насихат жұмысынан бойын аулақ салады. Сондықтан, мәселен, нақты экономика үйірмелерінің сабағы қайсыбір жерде теория мәселесінен алшақ, бірыңғай техникалық оқуға айналып кетіп жүр. Мәселен, Гурьев облысының Сағыз мұнай кәсіпшілігінде өткен семинарларда «Жер астындағы аспаптарды жөндеудің жаңа технологиясы», «Суы көп скважиналарды цементтеудің пайдасы» деген тақырыптардың оқылуы осыны дәлелдейді.

ҚПСС ХХІ съезінің материалдарын оқып үйренуде де кемшілік жоқ емес. Әсіресе съезд көтерген аса маңызды теориялық мәселелер, марксизм-ленинизм теориясына съезд енгізген жаңалықтар терең талданбайды, көп ретте съездің документтерін оқығанда марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері пайдаланылмайды.

Оқудың идеялық дәрежесі насихатшылардың білімі мен тәжірибесіне байланысты. Қазір республикада насихатшылар құрамы көп жақсарып отыр. Насихатшылар қатарындағы жоғары және ортадан жоғары білімі бар насихатшылардың үлесі 70 проценттей болады. Дегенмен көп жерде насихатшылардың теориялық білімін үнемі арттырып отыру ісіне жете көңіл бөлінбейді.

Марксизм-ленинизм теориясын өздігінен оқушылар саны едәуір өскені мәлім. Бірақ бұл салада кемшілік, бақылаусыздық, немқұрайдылық әлі көп. Осы сияқты кемшіліктердің бәрі партия оқуы жүйесіне партия ұйымдарының басшылығын жақсарту түсуді барынша талап етеді. Міндет — оқудың идеялық-теориялық дәрежесін арттыра түсу үшін, теория мен шаруашылық практикасының тығыз байланысты болуын қамтамасыз ету үшін барлық мүмкіншілікті пайдалана білуде.

Лекциялық насихат бұқараға идеялық тәрбие берудің аса маңызды түрі. Соңғы жылдары лекторлардың қатары өсіп, оқылған лекцияның саны мен сапасы жақсарып келеді. Жамбыл, Талдықорған облыстық комитеттерінің лекторлар арасындағы жұмысы біркелкі жақсы деуге болады. Дегенмен лекциялық насихаттың әсіресе ауыл-селоарда кемшілігі көп. Бұл жұмысқа өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының мамандары әлі аз тартылады. Лекциялардың тақырыбы тым шағын, мазмұны кейде бірыңғай ағарту сипатында болады да, коммунистік құрылыстың күнделікті міндеттеріне тікелей қатынасы бар теориялық, практикалық мәселелер талданбайды. Бізде саяси және ғылыми білім тарату қоғамының мүшесі Легкопудов жолдас сияқты (Қарағанды қаласы) бір жазған лекциясын жаңғыртпай, жылдар бойы оқи беретін, немесе Қазақтың мемлекеттік университетінің оқытушысы Зусман жолдас сияқты табыс табудың қызырына түсіп, кез келген тақырыпқа ақылы лекция оқи беретін лекторлар әлі жиі кездеседі.

Лекциялық насихатта жақсы нәтиже беріп келе жатқан тұрақты лекторийлер, жексембі сайын лекциялар оқу, кино лекторийлер, «Дүние картасы алдында» деп аталатын лекторийлер сияқты әдістер бұдан былай да кең қолданылуы керек.

Лекциялық насихат совет адамдарын социалистік отаншылдық пен интернационализм рухында, еңбек пен қоғам меншігіне коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеуге, буржуазиялық идеология мен капитализмнің адам санасы мен тұрмыстағы зиянды қалдықтарына қарсы бағытталуы керек.

Табиғат тану білімін насихаттау, дінге қарсы күрес жұмысында да елеулі кемшіліктер бар екенін айтпай кетуге болмайды. Баспасөз орындары, радио, саяси және ғылыми білім тарату қоғамы, кино және мәдениет-ағарту қызметкерлері діни соқыр сеніммен ұтымды да шебер күрес алмай жүр. Республика партия ұйымдары осы мәселе жөніндегі ҚПСС

Орталық Комитеті мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің қаулыларын жүзеге асыру бағытында әлі де көп жұмыс істеулері керек, діни көзқарастар мен нанымдарға қарсы батыл күреске идеологиялық жұмыстың барлық күші мен құралын толық пайдалану қажет болады.

Партияның ХХІ съезінен кейін баспасөз, радио және телевидение жұмысы жақсара түсті. Көп газеттер өздерінің негізгі міндеті—жетіжылдықтың ұлы міндеттерін барлық еңбекшілерге терең түсіндіріп, халықтың талантын, ынта-жігерін партия белгілеген міндеттерді орындауға жұмылдыру екенін жақсы түсінеді. Бұл ретте «Советтік Қарағанды», Шығыс Қазақстан облыстық «Знамя коммунизма», Көкшетау облысының Рузаев аудандық «Заря коммунизма» сияқты бірсыпыра газеттерді атауға болады.

Алайда кейбір газеттердің, әсіресе көптеген аудандық газеттердің, сондай-ақ республикалық және бірқатар облыстық радио хабарларының дәрежесі әлі төмен, олар өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы озат тәжірибенің үлгілерін нашар насихаттайды, буржуазиялық моральдің адам санасындағы қалдықтарына, түрлі діни соқыр нанымдарға қарсы күнделікті күресіп отырмайды. Бірқатар облыстарда, әсіресе Оңтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола облыстарында қалалар мен ауыл-селоларды радиоландыру жоспары орындалмай келеді.

Газет, журналдардың, радио хабарларының идеялық дәрежесін, халыққа коммунистік тәрбие берудегі ролін арттыра беру партия комитеттерінің, редакциялардың аса жауапты борышы. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы озаттарының жақсы тәжірибесін қорытып, кең тарату, коммунистік еңбектің бригадалары мен екпінділері деген атақ алу жолындағы қозғалысты үнемі қолдап отыру, жетіжылдықтың озаттарын көрсетіп, мадақтау, насихатшылар мен үгітшілердің жақсы жұмыс тәжірибесін қорытып, оларға қажетті көмекші материалдарды көбірек басу, шаруашылық және мәдениет құрылысындағы кемшіліктерді батыл сынау — баспасөзіміздің басты міндеті екені үнемі есте болу керек.

Республикамызда еңбекшілер арасында күнделікті мәдени-ағарту жұмысын атқарып отыратын көптеген клубтар, мәдениет сарайлары, кітапханалар, оқу үйлері, қызыл отаулар т. б. бар. Соңғы уақытта ХХІ съездің талабына сай жұмысын жақсартып бастаған мәдени-ағарту орындары көбейді. Кәзір қордайлықтардың шақыруы бойынша мәдениет құрылысы, ауыл-селоларды көркейту ісі кең өріс алды. Қазақстан КП Орталық Комитеті осы бастаманы қолдап отыр. Партия ұйымдары бұл жұмысты өз бақылауына алып, басқарып отырулары керек.

Дегенмен, мәдени-ағарту мекемелері жұмысты нашар істейтін саланың бірі. Ауыл-селоларда көптеген клубқа қысты күні от жағылмайды, олардың қасындағы үйірмелердің жұмысы мардымсыз, лекция мен баяндамалар сирек өткізіледі. Ара-тұра кино көрсетіп, би ұйымдастырудан басқа жұмыс жүргізбейтін клубтар да жоқ емес. Ал музейлердің мәдениет майданынан оқшау тұратыны да қынжыларлық жағдай. Көркемөнерпаздық көп жерде өріс ала алмай келеді. Осыған байланысты Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің мәдени-ағарту мекемелеріне басшылығы нашар болып келгенін айта кету керек.

Партия халыққа эстетикалық тәрбие беру ісінде халық көркемөнерінің қайнар бұлағын кең пайдалануды міндет етіп қойды. Республикамызда көптеген халықтық театрлар, оркестрлер мен хорлар құрыла бастады. Партия ұйымдары осы коллективтердің және өмірден туған тамаша жаңалықтардың бірі мәдениет университеттерінің кең тарап, ойдағыдай жұмыс істеуіне жағдай жасаулары керек.

Республикамызда халыққа әсіресе алыстағы мал жайылым учаскелері мен кішігірім қыстауларда кино көрсету, кітап сату жұмысы нашар. Шалғай шетте тұратын жұртшылыққа айына екі-үш рет кино көрсету өте қажет әрі мүмкін нәрсе. Жұмысты тек дұрыс ұйымдастыра білу ке-

рек, табандылық керек. Кітап саудасын жақсы ұйымдастыру қажет. Жаңа кітаптар туралы алдын-ала хабарлап, оларға жұртшылықтың назарын аударып білу міндет. Сонымен бірге кітап базарын өткізіп, шалғай жерлерге автодүкендер жүргізіп тұру, кітапты жер-жерге апарып сату сияқты әдістерді кең қолданған жөн.

Идеология жұмысында әсіресе жастарды тәрбиелеу ісінің маңызы ерекше. Бұл бағытта партия белгілеген халық ағарту жүйесін қайта құрудың маңызы зор. Осы талапқа сай жуырда Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясы «Мектептің өмірмен байланысын нығайту туралы және Қазақ ССР-інде халыққа білім беру жүйесін онан сайын өркендету туралы» Заң қабылдады. Партия, совет ұйымдары, халық ағарту орындары бұл шараларды дер кезінде жүзеге асыруға тиіс, мектептердің, сондай-ақ жоғары және арнаулы орта оқу орындарының жұмысына ерекше назар аударып, оқу тәрбие ісін жақсарту беруге күнделікті көмектесіп отыруы керек.

Жас буынды тәрбиелеуде комсомол көп жұмыс атқарады. Комсомол ұйымдары жастарды революциялық дәстүр рухында, ұйымшылдық, еңбек сүйгіштік, Ұлы Отанымыз бен Коммунистік партияға шексіз берілгендік рухында тәрбиелеуге тиіс. Бұл міндет әрбір комсомол ұйымының жастармен тығыз байланысты айбынды коллектив болуын талап етеді.

Идеологиялық тәрбие жұмысының маңызды міндеттерінің бірі— Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің лениндік бейбітшіл сыртқы саясатының мәнін түсіндіру, халықтар арасында берік бейбітшілік орнату үшін табанды да батыл күрес жүргізу, жетіжылдық жоспардың бейбітшіл бағытын баяндау. Кәзіргі кезеңде бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысы бұрын болмаған күдіретті күшке айналып отыр. Халықтардың бейбітшілік жолындағы қозғалысы мен күресінің алдыңғы сапында Совет Одағы бастаған социалистік лагерь келеді. Біздің ел әлеуметтік системасы әртүрлі елдердің бейбіт қатар өмір сүру, халықаралық даулы мәселелерді келіссөздер арқылы шешу идеясын үнемі жақтайды. Бізде жыл сайын халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтуға сіңірген еңбегі үшін халықаралық Лениндік сыйлықтар беріліп отырады. Жуырда бес мемлекеттің көрнекті мемлекет және қоғам қайраткеріне осындай сыйлықтар берілді. Соның ішінде— Н. С. Хрущев жолдас, америкалық ғалымы әрі қоғам қайраткері У. Дюбуа, неміс жұмысшы қозғалысының қайраткері О. Бухвиц, грек жазушысы К. Варналис, ағылшын публицисі А. Монтегю бар. Лениндік сыйлық алған күрескерлерді Н. С. Хрущев жолдастың бастауы кездейсоқ нәрсе емес. Оның соғысты болдырмау, халықаралық шиеленісті бәсеңдету, адамзаттың игі табыстарын соғыс үшін емес, халықтардың әлауқаты мен мәдениетін көтере беру үшін пайдалануды көздеген қажырлы еңбегі мен табанды күресі әбден әйгі және дүние жүзі жұртшылығы халықаралық қатынастардағы жаңа дәуір Н. С. Хрущев жолдастың есіміне байланысты деп біледі. Бұл мәселелердің және алдағы жетіжылдықта еліміздің қорғанышпаздық қуатын арттыра түсу керек екенін түсіндіру аса қажет.

Республика партия ұйымдары саяси-идеология жұмысын барынша жақсартып отырып, Қазақстан еңбекшілерін КПСС ХХІ съезі алға қойған тарихи міндеттерді, жетіжылдықтың бірінші жылы— 1959 жылдың міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауға жұмылдырады, сөйтіп елімізде коммунизм орнату ісіне лайықты үлес қосады.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру — идеологиялық жұмыстың маңызды саласы

Ә. ЖАЙМЫРЗИН,

Қазақстан КП Жамбыл облыстық комитетінің секретары

Совет адамдары КПСС ХХІ съезінің тарихи шешімдерін зор қуанышпен қарсы алды. Қазір бүкіл халқымыз өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын және мәдениетті өркендетудің съезд қабылдаған жетіжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін аянбай еңбек етуде.

Партияның ХХІ съезі мынаны ерекше атап көрсетті: советтік қоғам дамуының жаңа кезеңінде, коммунизм құрылысын кеңінен өрістетудің дәуірінде, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру бірінші дәрежелі маңыз алады. Тәрбие жұмысы коммунистік қоғамға сай жаңа адам тәрбиелеп өсіруге бағытталуы тиіс. Коммунизмге өту үшін материалдық-техникалық база ғана емес, сонымен бірге қоғамның барлық азаматтарының саналылығы да неғұрлым жоғары болуы қажет. Міне сондықтан да еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне партия ұйымдары үнемі көңіл бөліп отыруға тиіс.

Марксизм-ленинизм былай деп үйретеді: адамдардың санасы олардың материалдық жағдайына, қоғамдағы орнына байланысты. Егер адамдардың материалдық тұрмыс жағдайы өзгереді болса, онда олардың көзқарасы да, санасы да өзгереді.

Елімізде социализмнің жеңуі совет адамдарының коммунистік тәрбие алуына сай негіз жасады. Советтік қоғам өмірі, біздің бүкіл социалистік шындығымыз — жаңа адам тәрбиелеп өсіруге лайықты орта. «Өмірдің өзі тәрбиелеу ісіне көмектесіп отырған жерде адамдарды тәрбиелеу әлдеқайда жеңіл болады» деп М. И. Калинин дұрыс айтқан.

Елімізде коммунизм құрудың жетіжылдық жоспарында экономиканы, ғылым мен мәдениеттің барлық салаларын онан әрі шұғыл өрге бастыру жөнінде аса зор міндеттер белгіленіп отыр. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін ғылымның соңғы жетістіктерін, жаңа техниканы өндіріске енгізу, өндірісті комплексті механикаландыру және автоматтандыру кең өрістетіледі. Осының нәтижесінде дене еңбегі мен ой еңбегі арасындағы, қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықты жою жолында ірі кадам жасалады. Бұл шараларды ойдағыдай шешу үшін еңбекшілер бұқарасының белсенділігін, творчестволық ынта-жігерін арттыру, ой-өрісін кеңейту және мамандығын жетілдіру керек болады.

Қысқасы, В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, «Барлық жағынан сайма-сай, жан-жақты әзірленген, барлық іс қолынан келетін адамдарды тәрбиелеуге, оқытуға және даярлауға» көшуді өмірдің өзі керек етіп отыр. Сондықтан бұл іс барлық партия, мемлекет, қоғам ұйымдарының жұмысында басты орын алуға тиіс. Әрине, адамды тәрбиелеу сан қырлы, қиын іс.

Марксизм-ленинизм ілімі: коммунизмнің құрылысшыларын күндәк-тап, әлпештеп, кітап сөзін жаттатып емес, күнделікті еңбек майданында, коммунизм құрылысының міндеттерін іс жүзінде орындауға белсене қатыстыра отырып, тәрбиелеп өсіруге болады деп үйретеді. Демек, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау мен коммунистік сананы тәрбиелеу ұштастырылып жүргізілетін, бір-бірімен тығыз байланысты іс деген сөз.

Еңбек—тәрбиенің негізі. Социализм тарихта тұңғыш рет өнерлі, шат еңбек үшін жағдай жасады. Совет қоғамында еңбек атаулының бәрі құрметтеледі. Бізде дене еңбегіне ескі көзқарастың қалдықтарына — дене еңбегі оқыған, білімді адамға лайықсыз болады-мыс деген көзқарасқа қарсы аяусыз күрес жүргізіледі. Мұндай пасық пікірлер жеке адамдардың, оқушы жастарымыздың кейбір бөлегінің санасында әлі де бар, мұның өзі бізде жастарды тәрбиелеу ісінде кемшіліктер бар екенін көрсетеді. Комсомолдың XIII съезінде сөйлеген сөзінде Н. С. Хрущев жолдас: «... Кейбір жігіттер мен қыздар, онжылдық мектепті бітіргеннен кейін фабрикаларға, заводтарға, колхоздар мен совхоздарға жұмыс істеуге қынжылып барады, мұны өздері үшін қорлық сияқты көреді...» деп өте орынды сынаған болатын.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің мектептердің өмірмен байланысын нығайту және халыққа білім беру жүйесін қайта құру жөнінде белгілеген шараларын толық жүзеге асыру тәрбие жұмысындағы бұл кемшіліктерді түгелдей жояды. Колхоздар мен совхоздарда, заводтар мен фабрикаларда білімді, мәдениетті адамдарды керек ететін әртүрлі жұмыстар көп. Қазір трактор, комбайн және басқа күрделі машиналарды колхоздардың өздері сатып алып отырған кезде, ауылшаруашылық техникасын меңгеру және оны мейлінше жақсы пайдалану жолындағы күресте бүкіл ауыл-село жастарының ролі арта түсуде.

Коммунистік жетіжылдықты орындауға Жамбыл облысының еңбекшілері де зор үлес қосады. Біздің облыс—химия өнімдерін өндіру, қой шаруашылығы, қызылша шаруашылығы жөнінде шешуші облыстардың бірі. Мұның өзі бізге үлкен жауаптылық жүктеп отыр. Жамбыл облысының мал өсірушілері жетіжылдықтың бірінші жылының өзінде-ақ мемлекетке 588 мың центнер ет тапсырмақшы, бұл өткен жылғыдан екі есе көп. Облыстың қызылша өсірушілері бұл дақылдың көлемін 27 мың гектарға жеткізіп, одан 8,7 миллион центнер өнім алу үшін күресіп жатыр. Халық шаруашылығының басқа да салаларында да облыс еңбекшілері өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды.

Облыс партия ұйымдарының еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жолындағы бүкіл жұмысы қазір еңбекшілерді, өздері алған осы міндеттемелерді орындау жолындағы жарысты өрістетуге жұмылдырылған. Партия ұйымдарының басты міндеттерінің бірі социалистік жарысты бастай білу, заманымыздың тамаша қозғалысы — коммунистік жарысты өрістете беру, барлық кәсіпорындарда, құрылыстарда, колхоздар мен совхоздарда бұқараны қабылдаған міндеттемелерін орындауға жаппай жұмылдыру болып табылады.

Қазір облысымызда 214 комсомол-жастар коллективі коммунистік еңбек коллективі деген атақ алу үшін жарысқа қосылды. Олардың ішінде 69 бригада кәсіпорындарда, құрылыс пен транспортта жұмыс істейді, 21-і шопандар бригадасы, 12-і товарлы-сүт фермасы, 28-і қант қызылшасы мен жүгері өсіретін звено. Ағысбай Бибековтың шопандар бригадасына, Жамбыл ауданындағы Сталин атындағы колхоздың Ки-селев жолдас басқаратын товарлы-сүт фермасына, суперфосфат заво-дының Виткин жолдас басқарған комсомол-жастар сменасына коммунистік еңбек бригадасы деген құрметті атақ берілді. Бұл коллективтердің мүшелері оқып білімін көтеруге, коммунистше еңбек етіп, коммунистше тұрмыс құруға ұмтылуда. Облыстың партия ұйымдары осы жаңа қозғалыстың сипатын бұқараға күнбе-күн түсіндіріп отыруды, коммунистік еңбек коллективтерінің тәжірибесін насихаттауды, олардың көтеріңкі жаңа міндеттемелерін орындауына көмектесуді өздеріне басты мақсаттың бірі етіп қойып отыр.

Осы заманғы ғылым мен техниканың ұлы жетістіктерінің, социалистік саналылықтың негізінде шыққан коммунистік еңбек қозғалысы — социалистік жарыстың жоғары жаңа түрі. Бұл қозғалыстың келешегі

зор екенінде күмән жоқ. Ол еңбекшілерді коммунизм рухында тәрбиелеудің, жұмысшылардың, колхозшылардың және интеллигенцияның мәдени-техникалық дәрежесін одан әрі көтере берудің, еңбек өнімділігін үздік арттырудың қуатты құралы болып табылады. Мысалға суперфосфат заводының электр станциясындағы комсомолец Марк Виткин бастаған турбина цехының коллективін алайық. Бұл коллективте 30 адам жұмыс істейді. Олар коммунистше еңбек етіп, тұрмыс құруға, цехтың машина-жабдығын үлгілі күтіп ұстауға, технологиялық режимнің бұзылуына жол бермеуге, әрбір жұмысшының рационализаторлық ұсыныс енгізуіне, әркім қосымша мамандық меңгеруге, өндірістен кол үзбей-ақ оқып, білім көтеруге міндеттенген болатын.

Виткин жолдастың бригадасы бұл міндеттемелерін ойдағыдай орындауда. Бригада өткен жылдың жоспарын 15 декабрьге дейін орындап, жыл аяғына дейін жоспардан тыс 3 800 мың киловатт-сағат электр қуатын өндірді. Алты рационализаторлық ұсыныс өндіріске енгізілді. Бригаданың үш мүшесі кәзір жоғары оқу орындарына даярлайтын курске түсті, ал төрт мүшесі краншы және машинист көмекшісі сияқты қосымша мамандықты меңгерді.

Коммунистік жарысқа қосылған коллективтердің мүшелері еңбекте ғана емес, жалпы мәдениеттілік, социалистік моральді қатаң сақтау, ескінің сарқыншақтарына қарсы күрес жолында да жақсы өнеге көрсетуде.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне ғылым және көркем-өнер қайраткерлерінің бастамасы бойынша ұйымдастырылып жатқан халықтық университеттер елеулі қызмет етеді. Жамбыл қаласының мәдениет орындары мен оқу орындарының қызметкерлері бұл бастаманы қызу қолдады. Біздің облыста алғашқы халықтық университет суперфосфат заводының мәдениет сарайында ұйымдастырылды. Мәдениет университетінде оқылған лекциялардың бірінші циклі музыка тарихына арналды: В. И. Ленин мәдениет пен көркемөнер туралы; музыканы қалай түсіну керек; музыкалық шығармалардың түрлері; XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы орыстың халық әні мен музыкасы; М. И. Глинка — орыстың ұлы композиторы деген тақырыптарда лекция оқылды. Кәзір университет Одақтық Мәдениет министрлігінің коллегиясы мақұлдаған жаңа программа бойынша жұмыс істейді. Халықтық университеттер аудан орталықтарында да ашылмақшы.

Партияның XXI съезінің мектепті өмірмен тығыз байланыстыру және халыққа білім беру жүйесін қайта құру жөніндегі шешімдері біздің облыста да жүзеге асырыла бастады. Бұл шара жастарды коммунистік еңбекке тәрбиелеудің негізгі әдісі болып табылады. Съезде жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас: «Оқуды өмірмен, өндіріспен, коммунистік құрылыстың практикасымен тығыз байланыстыру мектепте ғылым негіздерін оқудың басты шарты жас ұрпақты коммунистік адамгершілік рухында тәрбиелеудің негізі болуға тиіс» деп көрсетті.

Оқушыларды еңбекке тәрбиелеудің, оқуды еңбекпен ұштастырудың ең жақсы түрлерінің бірі — оқушылардан құрылған өндірістік бригадалар болып табылады, мұны соңғы жылдардың тәжірибесі айқын көрсетті. Мұндай бригадалар алғаш рет Ставрополь өлкесінде ұйымдастырылғаны белгілі. Н. С. Хрущев жолдас 1956 жылы Ставропольдің аудандарына барған кезінде оқушылар бригадаларының жұмысымен мұқият танысып, оған жоғары баға берді.

Ставропольдіктердің игілікті бастамасын зерттеп үйрену мақсатымен біз де өзіміздің өкілдерімізді жіберіп, олардың тәжірибесімен таныстық. Бұдан кейін облыста осындай бригадаларды ұйымдастыру жөнінде үлкен, қызу жұмыс жүргізілді. Мұндай алғашқы бригадалар өткен жылдың көктемінде ұйымдастырылды. Бірінші жылы-ақ олар кейбір жақсы нәтижеге жетті. Өткен оқу жылында 54 бригада, 84 звено

жұмыс істеді. Оған 4 мыңнан астам оқушы қатысты. Оқушы бригадалары мен звеноларына 1587 гектар егіс бекітіліп берілді, оның 638 гектары қант қызылшасы, 601 гектары жүгері. Оқушылар бригадалары қызылшаның гектарынан орта есеппен 300 центнерден аса өнім жинады, ал облыс бойынша бұл дақылдың гектарынан орта есеппен 266 центнерден өнім алынды. Оқушылар өздеріне бекітілген егістен мұның үстіне 13 мың центнер жүгері жинап, мемлекетке тапсырды, 101 мың құс, 22 мың үй қоянын өсірді.

Гродеков орта мектебінде құрылған оқушылар бригадасы қызылшадан басқа, 10 гектар жерге жүгерінің «Краснодарская 4» деген жаңа сортын өсірді. Оның әр гектарынан 55 центнерден өнім алды. Бұл учаскеде селекциялық жұмыс облыстық ауылшаруашылық басқармасының агрономы В. Н. Петров жолдастың тікелей басшылығымен жүргізілді.

Оқушылардың еңбегі қызықты да тартымды болды, ол ғылыми байқау-бақылау элементтерімен ұштастырылды. Сонымен бірге олардың жалпы білімдерді терең меңгеруіне көмектесті. Облыстық партия комитеті жуырда оқушылардың өндірістік бригадалары озаттарының бірінші слетін өткізді. Бұл слетте оқушы жастардың ауылшаруашылық еңбегін мықтап сүйгендігі байқалды, олар еңбекке қатыса отырып, көптеген пайдалы нәрсеге үйренді, практикалық іске дағдыланды.

Кәзір барлық колхоздарда күрделі ауылшаруашылық техникасы бар. Сондықтан орта мектептердің оқушыларына жалпы техника жөнінде білім беріп қана қоймай, олардың нақты мамандықты меңгеруіне де көмектесу аса қажет. Облыстық партия комитеті бұл жөнінде Жамбыл ауданындағы Гоголь атындағы орта мектепті бітіріп шығатын оқушылардың инициативасын қолдап, басқаларға таратып отыр. Бұлар облысымыздың орта мектептерін бітіріп шығатын барлық оқушыларға хат жазып, оларды мектеп бітіргеннен кейін өндіріске баруға шақырды. Бұл үшін олар кәзір жаппай қызылша өсіруші, сауыншы және бұзау өсіруші, тракторшы мамандықтарын меңгеруде.

Кәзір облыс мектептерінің көбінде орта мектепті бітіретіндер мамандық алуда. Биыл орта мектепті бітіретін 2602 оқушының 1743-і түрлі үйірмелерге қатысып жүр. Мәселен, тракторшы даярлайтын үйірмеде 660, комбайншылар даярлайтын үйірмеде 158, шоферлер даярлайтын үйірмеде 156, шопандар даярлайтын үйірмеде 96, сауыншылар даярлайтын үйірмеде 73, слесарь-токарь даярлайтын үйірмеде 153, қызылшашылар даярлайтын үйірмеде 292, басқа мамандықтар беретін үйірмелерде 149 оқушы оқып жүр. Біздің мектептер осылайша оқуды өмірмен байланыстыра жүргізіп В. И. Лениннің «жұмысшылармен және шаруалармен бірге еңбекте ғана нағыз коммунист болуға болады» деген өсиетін іске асыруда.

Біз коммунистік қоғамды адам үшін құрамыз. Социализм тұсында еңбекшілердің тұрмыс жағдайлары үздіксіз жақсарумен бірге олардың талап-тілектері үнемі өсіп отырады. Кәзір елімізде қуатты өнеркәсіппен ірі ауыл шаруашылығы құрылып, олар ойдағыдай өркендеп отырған кезде, адамдардың тұрмысы бұдан да жақсы болуына, олардың материалдық және рухани талаптарын неғұрлым толық қанағаттандыруға керекті жағдайлардың бәрі бар. Партия барлық ұйымдардан, олардың басшыларынан еңбекшілердің мұқтажына мұқият көңіл бөліп, оларды қанағаттандыруға қамқорлық жасап отыруды талап етеді.

Бұл жөнінде алда тұрған міндеттер аса зор. Солардың бірі — қалалар мен ауыл-селоларды көркейту. Мұның өзі еңбекшілердің денсаулығын сақтаудың, олардың мәдени және материалдық тілектерін қанағаттандырудың аса маңызды шарттарының бірі. Кәсіпорындар жұмыстың, өндірістік қызметтің орны болумен бірге озат мәдениеттің де орны болуға тиіс. Завод аулаларына гүлдер, ағаштар егу, жұмыс кезінде физкульту-

тура ойнау, тағы сондай шаралар жүргізілуге тиіс. Ауыл-селодағы, кәсіпорындардағы осындай істердің бәрі коммунистік тәрбиенің маңызды түрлері болып табылады. КПСС Орталық Комитеті мен ССРСР Министрлер Советінің «Қоғамдық тамақтануды дамыту және жақсарту туралы», «Халықты тұрмыс жағынан қамтуды жақсарту шаралары туралы» қаулылары партия, совет және кәсіподақ ұйымдарына міне осы шараларды жүзеге асыруды міндеттейді.

Біздің облыста еңбекшілердің материалдық және мәдени тілектерін қанағаттандыруға, оларға тұрмыс жағынан қызмет көрсетуді жақсартуға ерекше көңіл бөліп отырған шаруашылықтар көп. Меркі ауданының Жданов атындағы колхозын мысалға алуға болады. Бұл—көп салалы шаруашылық. Колхоздың 1958 жылғы табысы 13,7 миллион сом болды. Артель мүшелерінің әрбір еңбеккүніне 10 сомнан ақша, 1,5 килограмнан астық берілді. Колхоз 2 миллион сомға түрлі ауылшаруашылық техникасын сатып алды. Артельдің бөлінбейтін қоры кәзір 20 миллион сомға жетті. Колхоз поселкесінде монша, шаштаразы, кір жуатын, нан пісіретін орындар бар. Өткен жылы балалар бақшасы мен яслиі, асхана, тамаша мәдениет үйі пайдалануға берілді. Бізде мұндай дәулетті колхоздар көп, бірақ олардың көпшілігі мұндай аса маңызды мәселеге осы уақытқа дейін аз көңіл бөліп келді.

Облыстық партия комитеті кәзір барлық колхоздар мен совхоздар, кәсіпорындар басшыларының назарын таяудағы екі-үш жылда қалаларды, ауыл-селоларды көркейту ісін шындап қолға алуға аударып отыр. Бұл іске Қордай ауданы еңбекшілерінің патриоттық бастамасы өте күшті қозғау салды. Олар үш жыл ішінде әрбір колхоз бен совхоздың орталығында мәдениет үйі немесе клуб, кітапхана, спорт алаңы, ал әрбір бригада мен бөлімшеде кітапхана, клуб немесе қызыл мүйіс болуын қамтамасыз етуді ұйғарды. Бұл үшін 10 мәдениет үйін, 5 клуб, 8 кітапхана, 11 қызыл мүйіс, 8 спорт алаңын, 2 стадион, 12 мектеп пен мектеп-интернатын, 19 аурухана, 24 балалар бақшасы мен яслиін, 24 монша, 625 тұрғын үй, тұрмыс қажетін өтейтін 16 комбинат, нан пісіретін 14 орын, 17 асхана, 20 магазин, ұзындығы 50 километрлік су құбырын салмақшы, 1 623 мың түп көленкелі ағаш, 193 гектар жеміс ағашы мен жүзімдік отырғызбақшы. Аудан еңбекшілері колхоздар мен совхоздардың орталықтарын, барлық мәдени-тұрмыс орындарды үлгі жоба бойынша салады. Бұл шараларды жүзеге асыру үшін ауданның колхоздары мен совхоздары, кәсіпорындары 72,1 миллион сом қаржы жұмсауды жобалап отыр. Қордайлықтардың бұл бастамасын облысымыздың басқа барлық аудандарының еңбекшілері де қызу қуаттауда.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісінде мәдени-ағарту мекемелері маңызды орын алады. Облысымызда кәзір 682 мәдени-ағарту мекемесі бар, олардың қатары жылдан-жылға өсе түсуде. Бұл мәдени-ағарту мекемелерінің көпшілігі бұқара арасындағы тәрбие жұмысының тіректі пункттеріне, еңбекшілер бұқарасының сүйсіне дем алатын орнына айналды, олардың жұмысын жандандыруға еңбекшілердің өздері, әсіресе жастар қызу ат салысуда.

Еңбекшілердің басым көпшілігі өздерінің мәдениет дәрежесін арттыруға, білім алуға ұмтылуда. Белсене жұмыс істеп, мәдениетті дем алу біздің өміріміз бен тұрмысымыздың жарқын бейнесі болып отыр. Кітап, газет, журнал, кино, театр, стадион, радио қабылдағыштар, пианино және басқа мәдени аспаптар тұрмысқа мықтап енді.

Таяуда біз ауыл-село өнерпаздарының байқауын өткіздік. Бұл байқау халық ішінде таланттардың қаулап өсіп келе жатқанын тағы да көрсетті. Өнерпаздар үйірмесінің көбейе беруіне, олардың творчестволық жағынан шыңдала түсуіне партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары күнбе-күн көңіл бөліп отыруға тиіс. Өйткені КПСС ХХІ съезі атап көрсеткеніндей, көркемөнерпаздық халықты рухани өсірудің, оған

коммунистік тәрбие берудің маңызды құралы болып табылады. Еңбекшілер бұқарасы кеңінен қатынасатын өнерпаздар коллективтері жаңа таланттарды жарыққа шығаруға, социалистік мәдениетті онан әрі гүлдендіре беруге жағдай жасайды.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөніндегі міндеттер адам санасындағы ескі қоғамның сарқыншақтарына қарсы күресті күшейте түсуді талап етеді. Біздің қалаларымыз бен ауыл-селоларымызда маскүнемдік, қоғамдық, мемлекеттік тәртіпті бұзушылық, әйелді кемсітушілік сияқты ескіліктің шырмауынан құтыла алмай келе жатқан адамдар бар.

Мұндай қылықтарға қарсы қоғамдық пікір ұйымдастыру, коллективтің талқысы, оларды халық алдында әшкерелеу ескіліктің сарқыншақтарына қарсы күресте неғұрлым өткір қару болып табылады. Әрбір коллективте қоғамдық тәртіпті бұзушылар өздерінің теріс қылықтарын қоғамның қатты сөгетінін сезетіндей, олар коллектив жиналыстарының жолдастық соттардың талқысына түсіп, «тазарып» шығатындай жағдай жасау керек. Жұртшылық кеңінен қатыспайынша тұрмысты теріс қылықтардан тазартып айықтыру мүмкін емес.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі «Қоғамдық тәртіпті сақтауға еңбекшілердің қатысуы туралы» арнаулы қаулы қабылдап, барлық жерде қоғамдық тәртіпті нығайтуға көмектесетін халық жасағын құруды ұсынды. Бұл жасақтардың негізгі міндеті — қоғамдық тәртіпті сақтау, социалистік тұрмыс ережелерін бұзушыларға қарсы күресу, халық арасында қоғамдық ұйымдардың жүргізетін тәрбие-түсінік жұмысына қатысу болып табылады. Партия ұйымдары бұл үлкен, игілікті іске басшылық жасап отыруға міндетті.

Кәзір біздің облыстың кәсіпорындарында, мекемелерінде, оқу орындарында, колхоздары мен совхоздарында бұл қаулы қызу талқылануда. Көп жерлерде кәзірдің өзінде ерікті халық жасақтарын ұйымдастыратын бастауыш топтар құрылып, оған озат жұмысшылар, қызметкерлер кірді. Мысалы, хром заводының бастауыш тобы бес адамнан құрылды, олар өндіріс озаттары — Жорабаев, Қасымов, Ысқақов, Легкошуров, Абаханов жолдастар. Мұндай топтар қант комбинатында, суперфосфат заводында, «Бірлік» артелінде, тағы да басқа көптеген жерлерде құрылды. Бұлар кәзір ерікті халық жасақтарына өз еркімен кірушілердің өтініштерін қабылдап, оларды ұйымдастыру жұмысына тікелей кірісе бастады. Сөз жоқ, партияның, үкіметтің және қоғамдық ұйымдардың халыққа коммунистік тәрбие беру жөніндегі жүргізіп отырған зор жұмыстарына халық жасақтарының үлкен көмегі тиеді.

Діни сарқыншақтарды жоюдың да маңызы зор. Бұл сарқыншақтарға қарсы батыл күрес жүргізбейінше еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісінде елеулі табыстарға жетуге болмайды. Партия ұйымдары еңбекшілерді ғылыми көзқараспен қаруландырып отыруға тиіс. Ғылымға жат кертартпа идеология болып табылатын діни көзқарастарды батыл әшкерелеп отыру керек. Бұл істе, әрине, әкімшілік жасауға, дінге сенушілердің адамгершілік сезімін қорлауға болмайды. Өрескелдік, ебедейсіздік әкімшілік жасау діни сарқыншақтарды күшейтпесе әлсіретпейді.

Марксизм-ленинизм ғылымы коммунистік тәрбиенің идеялық негізі болып табылады. Партия ұйымдары тәрбие жұмысының барлық құралдарын пайдаланғанда да осы ілімнің негізіне сүйенеді. КПСС XXI съезі партия ұйымдарына еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісін марксизм-ленинизм ілімі негізінде, жетіжылдық жоспардың міндеттерімен тығыз байланыстыра жүргізу жолдарын айқын көрсетіп берді. Бұл — еңбекшілер бұқарасының саналылығын көтеріп, оларды қажырлы еңбекке жұмылдырудың күшті құралы.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы жетіжылдықта

С. ДӘУЛЕНОВ,

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары

СССР халық шаруашылығын өркендетудің КПСС XXI съезі бекіткен жетіжылдық жоспары лениндік идеяларды жүзеге асырудың айқын айғағы, сонымен бірге ол еліміздің коммунистік құрылысты кең өрістетуге кезеңіне аяқ басқанын сипаттайды.

Партияның XXI съезінің тарихи шешімдерімен жігерленген Қазақстанның еңбеккерлері кәзір зор өрлеу үстінде отыр. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күш-жігері, ой-мақсаты кәзір әрбір колхоз бен совхозда жетіжылдық жоспар белгілеген міндеттерді орындау және асыра орындау күресіне бағытталған.

Республиканың социалистік ауыл шаруашылығы КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумынан кейінгі (1953 жылдан) кезде еселеген қарқынмен өркендей бастады. Коммунистік партияның, оның лениндік Орталық Комитетінің дана басшылығы арқасында тың және тыңайған жерлерді игеру жолында өріс алған бүкілхалықтық қозғалыс Қазақстанды еліміздегі ең ірі астықты аудандарының біріне айналдырды. Егер жаңа жер игергенге дейін Қазақстан Отанымыздың астық балансында небәрі 5—7 процент үлес алып келген болса, енді ол 30 проценттей үлес алып отыр. 23 миллион гектардан астам тың және тыңайған жер игеріп, республикамыз товарлы астық өндіру жағынан Россия Федерациясынан кейін екінші орынға ие болды.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Совет үкіметі Қазақстанға техника, механизаторлар мен басшы кадрлар, ауыл шаруашылығының мамандары жағынан зор көмек көрсетіп келеді. Партияның шақыруымен біздің тыңдағы аудандарымызға туысқан республикалардан ондаған мың патриоттар келді және келіп те жатыр. Тың және тыңайған жерлерді көтеру ісі халықшаруашылық маңызы зор міндет қана емес, сонымен қоса ол Отанымыздың көп ұлтты халықтары арасындағы шынайы достықтың тамаша белгілерінің біріне айналды.

Бізде жүздеген жаңа совхоздар құрылды, анадайдан көз тартатын көрікті, жаңа поселкелер пайда болды. Бұрынғы жапан далаға жан бітіп, жарқыраған өмір келді. Кәзір Қазақстан еліміздегі жаздық бидай егетін ірі аудандардың бірі болып отыр. Республикамызда жаздық бидай Канада мемлекетіндегіден екі есеге жуық көп егіледі, ал Канада бұл дақылды өндіру жағынан дүние жүзінде үшінші орында деп есептеледі.

Тың игерілгенге дейінгі бес жыл ішінде Қазақстан Отанымыздың қамбасына орта есеппен жыл сайын 111 миллион пұттан астық құйып келген еді. Ал 1954—1958 жылдары орта есеппен жыл сайын 515 миллион пұтқа, яғни бұрынғыға қарағанда бес есе артық астық құйып отырды. Тек өткен жылдың өзінде республиканың колхоздары мен совхоздары мемлекетке 1 миллиард пұтқа жуық астық өткізгені баршаға мәлім.

Ауыл шаруашылығын ілгері бастыруда қол жеткен табыстарымыз—колхоз құрылысын нығайту, совхоздарды дамыту, МТС-терді қайта құру, ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың жаңа тәртібі мен

бағаларын қолдану, қоғамдық шаруашылықты жоспарлау ісінде колхоздардың өзіне инициатива беру жөнінде партия мен үкіметтің соңғы жылдары жүзеге асырған шараларының нәтижесі.

Табыс айтарлықтай. Бірақ егіншілік пен мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді онан әрі арттыра түсу мүмкіндіктері әлі де сарқа пайдаланылды деуге болмайды.

Халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарында ауыл шаруашылығының барлық саласын, оның ішінде әсіресе астық шаруашылығын онан әрі мықтап өркендету көзделеді.

Бұл маңызды міндетті жүзеге асыруда Қазақстанның алатын орны ерекше. Өткен жылдардағыдай, бұдан былай да республикамызда астық өндіру бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі болып қала береді. Жетіжылдықта барлық егістік жердің кем дегенде 80 проценттейіне дәнді дақыл егіледі. Техникалық, майлы дақылдар егістерінің көлемі де едәуір ұлғайтылады. Жетіжылдықтың аяғында 157 мың гектар мақта (былтырғыдан 50 мың гектар артық), 100,2 мың гектар қант қызылшасы егіледі, майлы дақылдар егісінің көлемі біраз арттырылады. Революцияға дейін бізде техникалық дақылдар мүлде өсірілген жоқ.

Республика ауыл шаруашылығының қызметкерлері өздерінің алдына техникалық және майлы дақылдардың шығымдылығын күрт арттыру міндетін қойып отыр. Техникалық дақылдар шаршы-ұялы әдіспен ғана егіледі. Мұның өзі осы дақылдарды өсіріп, олардың өнімін жинау жұмыстарын түгелдей машинамен атқаруға қолайлы жағдай жасайды. Күнбағыс, шашақты зығыр, мақсаргүл, қыша сияқты майлы дақылдарды өндіру мөлшері едәуір ұлғайтылады.

Республика еңбекшілерінің овощь, картоп, бақша дақылдары жөніндегі қажетін өтеу мақсатымен арнаулы шаруашылықтар құрылады. Бұл жұмыс биыл Алматы, Қарағанды, Өскемен, Зырян тәрізді өнеркәсіп орталықтарының төңірегінде ірі совхоздар ұйымдастырудан басталады.

Алдағы жеті жыл ішінде бау, жүзім шаруашылығын өркендетудің де зор болашағы белгіленген. Біз жыл сайын бір миллион тоннадан артық жеміс, жидек, жүзім өсіруіміз керек. 1965 жылдың аяғында жеміс ағаштарының көлемі 215 мың гектарға жетуге тиіс.

Қазақстан малшаруашылықты үлкен республика. Жетіжылдық жоспар бойынша мал шаруашылығын одан әрі дамыту белгіленген. Былтырмен салыстырғанда ірі қара мал саны 35 процент көбейеді. Әсіресе ауыл шаруашылығының ең пайдалы саласының бірі болып саналатын қой шаруашылығына баса назар аударылады. Ұлан-байтақ жеріміз қой өсіруге өте қолайлы. Табиғи жайылымдардың жемшөп қоры мал шаруашылығын өркендетудің кәзіргі дәрежесінен әлдеқайда артық, мұның өзі осы ұшы-қиыры жоқ кең жерде миллиондаған қой өсіруге, сөйтіп Отанымызға ең арзан жүн, қой етін мол беруге зор мүмкіндік жасайды. Кәзір халқымыздың қой шаруашылығын екінші тың деп атауы да осыдан. Қазақстан еңбекшілері бұл тынды игеруге кәзір жаппай жұмылды.

Республика ауыл шаруашылығының қызметкерлері мал санын көбейтудің жетіжылдық жоспарда белгіленген қарқыны қолда бар мүмкіндікті толық қамтымайды, жоспарлы тапсырмаларды асыра орындауға бізде жағдайдың бәрі бар деп есептейді. Сондықтан олар 1965 жылдың аяғында Қазақстанда қой санын 75 миллионға, ірі қараны 7,5 миллионға, шошқаны 2,6 миллионға, жылқыны 2,8 миллионға, құсты 30 миллионға жеткізу жөнінде міндеттеме қабылдады. Жыл сайын кемінде 1,5 миллиард пұт астық өндіріп отыру — республика колхозшыларының, совхоз, РТС қызметкерлерінің жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыста қабылдаған міндеттемелерінің ең маңыздысы.

1965 жылы 1953 жылмен салыстырғанда ауылшаруашылық өнімдерін өндіру едәуір артады, ол астық жөнінде 4,5 есе, мақта 2 есе, кант қызылшасы 5,4 есе, күнбағыс 3,7 есе, ет 3 еседен аса, сүт 2,5 есе, жүн 3,2 есе артуға тиіс.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің бұл көрсеткіштері партиямыздың халықтың әл-ауқатын онан әрі жақсарту беруге бағытталған саясатының Қазақстанды алдыңғы қатарлы социалистік республикаға айналдырған лениндік ұлт саясатының өте дұрыстығын дәлелдейді. Колхоз, совхоз еңбеккерлері ауылшаруашылық өнімдерін мұнан да көп мөлшерде өндіруге болады, ол үшін мүмкіндіктер жеткілікті деп есептейді. Сондықтан олар жетіжылдық жоспарда белгіленгендегіден етті, сүтті, жүнді едәуір артық өндіруге болады деп ұйғарды. Ауылшаруашылық жерінің әрбір жүз гектарына шаққанда 1963 жылы бүкіл республика бойынша орта есеппен 9 центнерден ет өндіріледі. Жетіжылдықтың алғашқы жылдары ет өндіру мөлшерін арттыру міндеті негізінен шошқа, құс шаруашылығы есебінен, ал одан кейінгі жылдарда ірі қара мен қой санын көбейту есебінен шешілетінін, сиыр еті мен қой еті көбірек өндірілетінін кәзірден бастап есте берік сақтау керек.

Бұл міндеттемелердің абыроймен орындалатындығына күмән жоқ. Оған социалистік жарыстың алғашқы қорытындылары толық дәлел. Ақтөбе облысының малшылары жарыста алған міндеттемелерін абыроймен орындау жолында аянбай еңбек етуде. Олар ет тапсырудың бірінші жарты жылдық жоспарын кәзірдің өзінде орындап үлгірді. Ал Жамбыл облысының ауыл шаруашылығының қызметкерлері жетіжылдық жоспар бойынша ет өндірудің әрбір жүз гектар жерге есептегендегі мөлшерін үш жыл ішінде орындауға уәде берді. Меркі ауданының Жданов атындағы колхозы биылдың өзінде мемлекетке 6 мың центнер ет сатуға ұйғарды, бұл былтырғыдан үш есе көп. Мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, Жамбыл облысы ет дайындаудың және сатудың бірінші тоқсан жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Мемлекетке өткен жылы осы уақыттағыдан екі еседен аса артық ет сатылды.

Тың және тыңайған жерлердің негізгі бөлегі игерілді, сондықтан кәзір астық өндіруді мейлінше арттырудың шешуші шартының бірі дәнді дақылдардың шығымдылығын еселеп көтеру болып отыр. Колхоздар мен совхоздар дәнді дақылдардың шығымдылығын өткен бесжылдықтағыдан гектарына кемінде 3,5 — 4 центнер арттыруы керек. Мұны орындау үшін егіншілік мәдениетін мейлінше көтеріп, тұқым шаруашылығын жақсарту керек, сонымен қатар ол егіншіліктің ғылыми жағынан дәлелденген жүйесін қолданып, ғылым мен озат тәжірибенің табыстарын кеңінен пайдалануды талап етеді. Сондықтан да шаруашылыққа ғылыми жағынан дәлелденген егіншілік жүйесін батыл енгізу кәзір республика колхоз, совхоз еңбеккерлерінің түбегейлі міндеттерінің бірі.

Қазақстанның ғалымдары мен мамандары өндіріс озаттарымен қоян-қолтық жұмыс істей отырып, ауыл шаруашылығын жүргізу жүйесінің жобасын жасады. Бұл жобада астық, техникалық овощь, жемшөптік дақылдарды өндіру мөлшерін онан әрі ұлғайта беру, сондай-ақ мал шаруашылығын мықтап дамыту шаралары көзделген.

Егіншілік жүйесінің түйінді мәселесінің бірі таяудағы жылдарда ауыспалы егістің дұрыс жүйесін енгізіп, оны ойдағыдай игеру болып саналады. Мұның өзі, көпжылғы тәжірибе көрсетіп отырғанындай, топырақтың құнарлылығын күшейтіп, егін шығымдылығын едәуір арттыра түседі.

Жаңа жерлерде пар жырту және соның негізінде ауыспалы егіс тәртібін қолдану солтүстік-шығыс облыстарда міндетті іске айналуы ке-

рек. Қуаң аудандар жағдайында дәнді дақылдардан өнімді мол да тұрақты алудың шешуші шарты пар болмақ. Пардың көлемі жалпы егістің 16—18 процентін қамтуға тиіс. Биыл республика колхоздары мен совхоздарында таза пардың көлемі төрт миллион гектардан асқалы отыр. Қолхоз ғалымы Т. С. Мальцевтің бай тәжірибесін шебер пайдаланып, жер өңдеудің тиімді әдістерін кеңінен қолдану керек. Бірақ мұнда әрбір ауданның нақты жағдайын еске алу міндет.

Жаңа жүйеге сәйкес республикамыз табиғи-экономикалық жағынан алты аймаққа бөлінеді. Екіншілік пен мал шаруашылығын өркендету шаралары сол аймақтардың жалпы жағдайын, ауыл шаруашылығының мамандануын есепке алу негізінде жүзеге асырылмақ. Ауыл шаруашылығының түрлі саласын орналастыру онан әрі жақсартылады.

Мал шаруашылығын өркендетудің белгіленіп отырған міндеттері жемшөп қорын мықтап нығайтқанда ғана ойдағыдай орындалмақ. Жетіжылдықта мал азығы егісінің көлемі едәуір арттырылуға тиіс, оның ішінде әсіресе жүгерінің көлемі 1,8 миллион гектарға жеткізіледі. Астық, сондай-ақ жемшөп дақылы ретінде жүгерінің халықшаруашылық маңызы ерекше зор екені мәлім. Жүгері дегеніміз ет, сүт, май. Жүгері өсіру жұмысын жаппай механикаландырып, бұл маңызды дақылдан мол өнім алу шараларын батыл жүзеге асыру керек. Жүгері жөніндегі керенаулықты мүлде жою мезгіл жетті. Кімде-кім малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттырамын десе, жүгері өсірсін, одан телегей теңіз мол өнім алуға жетсін! Бүгінгі күннің ұраны міне осы. Бізде жүгеріден жоғары өнім жинап жүрген колхоздар, совхоздар, жеке бригадалар, звенолар аз емес. Мәселе осындай озаттардың тәжірибесін көпшіліктің игілігіне айналдыра білуде болып отыр. Жайылымдарды, шабындықтарды жақсартып, олардың құнарлылығын арттыру мал шаруашылығын онан әрі өркендету шараларының бірі болып саналады.

Барлық колхоздарды электрлендіру жетіжылдықтың соңында негізінен аяқталады. Мал шаруашылығында ауыр жұмыстарды машинамен атқарудағы артта қалушылықты жою міндеті алға қойылады.

Астық, ет, сүт, май және ауыл шаруашылығының басқа өнімдерін өндіру жағынан жетіжылдықта совхоздардың алатын орны бұрынғыдан да арта түседі. Демек, барлық совхоздарды үлгілі, табысты шаруашылыққа айналдыру маңызды міндеттердің бірі болмақ. Жетіжылдықта негізгі назар совхоздардың санын көбейту ғана емес, оларды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беру мәселесіне аударылады.

Дихандардың, механизаторлардың, агрономдардың, зоотехниктердің, басқа мамандардың, колхоз, совхоз басшы қызметкерлерінің ерлік еңбегі арқасында республика ауыл шаруашылығы өрге басып өркендеп келеді. Республиканың ауыл шаруашылығында сан мыңдаған мамандар, тракторшылар, комбайншылар, шоферлер жұмыс істейді. Колхоздар мен совхоздарды басшы кадрлармен нығайту жөнінде соңғы жылдары елеулі шаралар жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде қатардағы мамандар, тәжірибелі қызметкерлер ауыл-селода басшы жұмыстарға жоғарылатылды.

Колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту бағытында біраз жұмыс істелді. Колхоздардың басшылық қызметіне бір мыңнан аса тәжірибелі кадрлар жіберілді, оның 800-ден астамын колхозшылар өз артельдерінің председателдері етіп сайлады. Кәзір колхоз басшыларының жартысынан көбінің жоғары және орта білімі бар.

Колхоздар мен совхоздардың басшы қызметкерлері ішінде ұйымдастырушылық қабілеті күшті, іскер, жұртшылық алдында беделді, жаңалықты сезгіш, шаруашылықты ғылыми негізде өркендетіп, оның табысты болуын қамтамасыз етіп келе жатқандары аз емес. Соның бірі Гурьев облысындағы «Передовик» колхозының председателі Қубашев

жолдас. Ол қоғамдық шаруашылыққа шебер басшылық ете отырып, бұрын артта қалған артельді озаттар қатарына шығарды. 1953 жылы колхоздың ақшалай табысы бір миллион сомға да жетпейтін, колхозшылардың еңбегіне жарытып ешнәрсе берілмейтін. Қазір істің жайы басқаша, 1958 жылы мұндай ақшалай табыс 4 миллион сомға жуықтады. Сондай-ақ еңбеккүннің құны да артты.

Семей облысында Әмірғалин жолдас басқаратын «Қаракөл» совхозы үлгілі де табысты шаруашылықтардың бірі. Совхоз даласынан жайқалған егінді, өріс толған малды көресіз. Бұл шаруашылықтың қорасынан 80 мың қой өреді, егісінің көлемі 14 мың гектардай. Қөкшетау облысындағы Толбухин совхозының директоры Моргун, Солтүстік Қазақстан облысындағы «Луч Ленина» колхозының председателі Баукенов тағы басқалары осындай таңдаулы колхоз, совхоз басшылары қатарында болып отыр.

Ауыл шаруашылығы кадрларын даярлауға ұдайы ерекше маңыз берілуде. Республикамыздың тек ауыл шаруашылығы техникумдарында ғана 17 мыңдай адам оқиды. Үстіміздегі жылдың өзінде осындай оқу орындарын бітіретін 6 мың жас маман ауыл-селоға жұмысқа жіберіледі. Колхоздар мен совхоздарды басшы кадрлармен нығайту ісін ешбір бәсеңсітуге болмайды. Н. С. Хрущев жолдас партияның XXI съезінде жасаған баяндамасында: «Басшылық қызметке халық игілігіне барлық күш-жігері мен білімін беретін, жұмысқа революциялық жалынды рух, большевиктік шабыт енгізіп отыратын, принципшіл, жаңалықты сезгіш, даярлығы күшті, істі білетін инициативалы адамдарды жоғарылату қажет» деп көрсетті.

Еңбек өнімділігін арттырып, өнімдердің өзіндік құнын арзандатып отыру — жетіжылдықтың маңызды міндеттерінің бірі. 1959 — 1965 жылдары еңбек өнімділігі колхоздарда екі есе, совхоздарда 60 — 65 процент арттырылуы көзделеді. Еңбек өнімділігі істің түйінін шешеді. Еңбек ұйымдастыруды, еңбекке ақы төлеуді жақсартып, оны ұдайы жетілдіре беру, адамдардың ынталылығын арттыру — міне осының бәрі жұмыстың тынымды болуын, демек еңбек өнімділігінің артуын қамтамасыз етеді.

Ауылшаруашылық жұмыстарын тұтас механикаландыру еңбек өнімділігінің артуына, еңбектің өнім өндіруге аз жұмсалуына жол ашарды. Қазір өнімді өндіруге еңбек пен қаржыны мүмкіндігінше аз жұмсау шарт. Міне сонда ғана ауылшаруашылық өнімдері арзанға түседі.

Жетіжылдықтың тапсырмаларын абыроймен орындағанда республикамызда ауылшаруашылық өнімдерінің өзіндік құнын былтырғымен салыстырғанда астықтан 23 — 25, еттен 20, сүттен 30, жүннен 16 процент арзандату белгіленген. Мұны жүзеге асыруға барлық шараларды қолдануымыз керек. Егін жайы мол солтүстік облыстарда астықтың әр центнерінің өзіндік құны 25 — 27 сомнан аспауға тиіс.

Ауыл шаруашылығы, оның ішінде әсіресе мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын арзандата беруге мүмкіндіктер мол. Дақылдардың шығымдылығын күрт арттыру, өріс жұмыстарын қолайлы кезінде сапалы да тез өткізу, берекесіздікке, ысырапқа жол бермеу малдың бағып күтілуін жақсарту арқылы сиырдан сүтті, қойдан жүнді мол алу — ауылшаруашылық өнімдерінің өзіндік құнын кемітуге қол жеткізеді.

Жемшөпті жыл сайын мол дайындап, оны ұқыпты пайдалану мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын арзанға түсіреді. Өйткені өзіндік құн құрамында жемшөптің үлес салмағы едәуір. Мысалы, сүттің өзіндік құнының 40 проценті, сиыр етінің өзіндік құнының 43 проценті, ал шошқа етінің өзіндік құнының 54 проценті жемшөп құнынан құралады. Бұдан шығатын қорытынды қандай? Егер жемшөп өндіру арзанға түссе, малдан алынатын өнімдер де арзанға түседі. Шаруашылық басшылары мұны әрдайым есте ұстаулары керек.

Жетіжылдық жоспардың тапсырмаларын ойдағыдай орындауға берік негіз қалау 1959 жылдың жұмысына тікелей байланысты. Демек, биылдың өзінде атқарылатын жұмыс өте көп. Республика колхоздары мен совхоздарының алдында тұрған маңызды міндет — дәнді дақылдардың шығымдылығын мейлінше арттырып, биыл астықтың жалпы түсімін кемінде 1,5 миллиард пұтқа жеткізу болып отыр, ал мұның өзі астық тапсырудың және сатудың мемлекеттік жоспарын орындауға және асыра орындауға толық мүмкіндік береді.

Мол өнім алу үшін күрестің бірінші кезеңі — көктемгі егіс аяқталып қалды. Биыл колхоздар мен совхоздар егістің едәуір бөлігін жанадан жыртылған жерге салды. Көптеген аудандар егісті қысқа мерзімде агротехникалық жоғары дәрежеде өткізді. Жетіжылдықтың тұңғыш көктемі жақсылық нышанын көрсетті. Дәнді дақылдардың тұқымы тарқатарлы, тоғыспалы, мақта, қант қызылшасы шаршы-ұялы сияқты озық әдістермен егілді.

Дақылдардың шығымдылығын арттырудың екінші кезеңі алда тұр. Ол барлық егісті мұқият баптап-күту. Егісті арамшөптен таза ұстау, дақылдарды үстеп қоректендіру, отамалы егістердің қатар аралықтарын өңдеу жұмыстарының уақытылы да сапалы жүргізілуіне үнемі бақылау жасап отыру — колхоз председателдерінің, совхоз директорларының, агрономдардың абыройлы ісі.

Егінді шашпай-төкпей жинауға осы бастан мұқият әзірлік жүргізуіміз керек. Әсіресе егінді бөлектеп жинайтын құралдарды даярлауға айырықша назар аударылуға тиіс. Үстіміздегі жылдың егінін жинауда бір ерекшелік болғалы отыр. Егін тұңғыш рет қала халқын және студент жастарды қатыстырмай-ақ колхоздар мен совхоздардың өз күшімен жиналатын болады. Бұл жағдайды ең алдымен шаруашылық ұйымдардың басшылары мейлінше жақсы түсініп, егін жинауға күні ілгері барлық жағынан бірдей сақадай сай әзір болуды қамтамасыз етуге міндетті.

Социалистік жарыста алған міндеттемелеріне сәйкес республика қызылшашылары суармалы жерде әр гектардан 300 — 350 центнер, ал суарылмайтын жерлерде 200 центнерге дейін өнім алуға, қант қызылшасының жалпы түсімін 1,6 миллион тоннаға жеткізуде күш салулары керек.

Мақта шаруашылығының артта қалуын жою — Оңтүстік Қазақстан облысы партия, совет ұйымдарының, сол сияқты Ауыл шаруашылығы министрлігінің және оның осы облыстағы органдарының жауапты міндеті болуға тиіс. Биыл әрбір гектардан кем дегенде 20 центнер өнім өсіріп, мемлекетке кемінде 200 мың тонна мақта сату — мақташылардың Отан алдында берген серті міне осындай.

1959 жыл мал шаруашылығы өнімдерін өндіру, дайындау мөлшерлерін мықтап арттыратын жыл болуға тиіс. Бүгінгі күннің ең маңызды міндеттерінің бірі — етті мол өндіру. Мұны орындау үшін әр колхоз, совхоз малдың барлық түрлерінің, құстың, үй қоянының санын мейлінше көбейтіп, малдың өнімділігін онан әрі арттыруы керек. Биыл Қазақстан колхоздары мен совхоздары мемлекетке 800 мың тонна ет тапсыруға серт етті. Бұл өткен жылғыдан 2 еседен аса артық. Жарыста қабылданған бұл құрметті міндетті абыроймен орындау үшін әрбір шаруашылықта қанша сиыр, қой, шошқа, құс, үй қояны еті өндірілетіні жан-жақты ойластырылуға тиіс. Малды бордақылау, жайып семірту жөнінде белгіленген тоқсандық, айлық, онкүндік графиктердің мүлтіксіз орындалуына қатаң бақылау жасау керек.

Мал семіртуге, бордақылауға өз ісін сүйіп атқаратын адамдарды бөліп, олардың жұмысына күнделікті көмек көрсетіп отыру керек. Мемлекетке тек семіз, салмағы ауыр мал ғана өткізілуге тиіс. Етке берілетін ірі қараның тірідей салмағы кемінде 320, қойдың салмағы 52 кило-

грамнан кем болмауы шарт. «Арық малдың жілігі татымас» дейді халық мақалы. Бұл тегін айтылмаған. Ет үшін арық мал өткізуге ешбір жол берілмеуге тиіс.

Өткен жылдары бірқатар шаруашылықтар етке көптеген бұзау тапсырды. Бұл дұрыс емес. Бұзауды өсіріп, оның тірідей салмағын арттырып, семіртіп барып етке беру керек. Мұның өзі ет қорын едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Биыл негізгі мегежіндерден екі рет торай алынуына жетуіміз қажет, төл алынғанша бірде-бір мегежінді етке союға болмайды. Ет қорын молайтудың бір шарасы — құсты, әсіресе суда жүзетін құстарды көбірек өсіру. Үй қояны шаруашылығына да баса көңіл бөліну керек.

Ет өндіруді молайтумен бірге, сүттің, жүннің, жұмыртқаның тағы басқа өнімдердің мейлінше мол алынуына, сөйтіп бұларды мемлекетке тапсыру жөніндегі жоспарлардың, міндеттемелердің мерзімінен бұрын орындалуына барлық шараларды қолдану міндет.

Мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетіп, оның өнімділігін арттыру тағдырын жемшөптің берік қоры шешеді. Міне сондықтан жемшөпті көп өндіруге ерекше назар аудару керек. Шөп шабуға әзірлікті тез аяқтауымыз қажет.

Қазақстан ауыл шаруашылығының қызметкерлері жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын — бес жылда орындауға міндеттенді. Қазір колхозшылардың, совхоз, РТС жұмысшыларының, агрономдардың, зоотехниктердің, егіс-трактор бригадалары бригадирлерінің, ферма меңгерушілерінің ынта-жігері осы міндеттемені орындауға жұмылдырылып отыр. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Советі мал шаруашылығын өркендету жолындағы социалистік жарыстың 1959 жылға белгіленген шарттары мен көтермелеу шараларын белгіледі. Жарыста озып шыққан облыстарға ауыспалы Қызыл тулар және 50 мың сом сыйлық беріледі. Мал шаруашылығын өркендетуге жақсы көрсеткіштерге жеткен озық аудандарға, колхоздарға, совхоздарға беру үшін облыстың ауыспалы Қызыл туларын белгілеу ұсынылды. Әрбір колхоз, совхоз, аудан, облыс жарыста озып шығып, жүлде алу үшін күресулері керек.

Жергілікті партия, совет ұйымдарының күнделікті көмегіне сүйене отырып, кәзір ауылшаруашылық органдары колхоздарға, совхоздарға басшылығын мықтап жақсартуға міндетті. Ең алдымен ауыл шаруашылығының әр қызметкерінің өзіне тапсырылған іс үшін партия мен халық алдындағы жауапкершілігін мейлінше арттыру керек болады.

КПСС XXI съезінің тарихи шешімдерімен жігерленген республика ауыл шаруашылығының қызметкерлері социалистік жарыста алған міндеттемелерін абыроймен орындап, совет халқын 1959 жылы келелі табыстарға жетумен тағы да қуантады.

Еңбек өнімділігін арттырудың басты шарты

С. БАЯНОВ,

инженер-металлург

Кәзір еліміз коммунистік құрылыстың кең өрістеген кезеңіне аяқ басып отырған шақта техникалық прогрестің маңызы бұрынғыдан өлшеусіз арта түсіп отыр. Өйткені коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндеттерін ойдағыдай шешу де осыған тікелей байланысты. Міне сондықтан да КПСС XXI съезі бұл мәселеге баса көңіл бөлді. Жетіжылдық жоспар халық шаруашылығының барлық саласында техникалық прогрестің үздік те жылдам дамытылуын көздейді.

Ең жоғары техникасы, ұйымшылдығы, тәртібі және ең жақсы машиналары барлар үстемдік алады деп үйретеді В. И. Ленин.

Кәзір техникалық дамудың маңызды бағыты өндірістік жұмыстарды тұтас механикаландыру және автоматтандыру болып саналады. Өндіріс жұмыстары механикаландырылып, автоматтандырылғанда еңбек өнімділігі шұғыл артады, еңбек жағдайы едәуір жеңілдейді, өнімнің сапасы жақсарады, оның өзіндік құны едәуір арзандайды. Сонымен қатар мұнда еңбектің сипаты мүлде өзгереді, жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесі артады, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы айырмашылықты жоюға жағдай жасалады. Энергетиканың, металлургияның, химияның, мұнайдың және тағы басқа өнеркәсіп салаларының көптеген технологиялық процестерін (қолданылатын жабдықтардың күрделілігінен, өндірістің жағдайының адам денсаулығына зияндылығынан операциялардың өте дәлдікті талап ететінінен) автоматсыз жүзеге асыруға енді ешбір болмайды.

Өндірісті ұйымдастырудың жоғары түрі ретінде, машиналарды автоматтандыру жүйесін К. Маркс ғылыми негіздеген еді. Елімізде өндірісті автоматтандыру ісі едәуір дамытылды. Коммунистік партия және Совет үкіметі өндіріс жұмыстарын автоматтандыруға зор маңыз беріп келеді. Н. С. Хрущев жолдас ВЛКСМ-ның XIII съезінде сөйлеген сөзінде біздің ғасырымыз — атом электростанциясының, космосты игерудің, автоматиканың ғасыры, деп өте дұрыс айтты.

Өндіріс жұмыстарын автоматтандырудың көптеген мысалдарынан техниканың даму ерекшеліктері айқын көрінеді. Мысалға республикамыздың түсті металлургиясын алуға болады.

Халық шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған жетіжылдық жоспары бойынша Қазақстанның түсті металлургиясын дамытудың зор болашағы белгіленіп отыр. Өнеркәсіптің бұл аса маңызды саласын өркендетуге жұмсалатын күрделі қаржы өткен жетіжылдықтағыдан 2,2 есе артық болмақ. Жетіжылдықтың аяғында мыс рудасын өндіру 1958 жылмен салыстырғанда 2 еседей, қорғасын-мырыш—1,7, қара мыс 2 еседен аса артуға тиіс. Түсті металлургияның кәзіргі бар кәсіпорындарын қайта құру, кеңейту, жаңадан салу жөнінде тындырылатын жұмыстар ұшан-теңіз. Жеті жыл ішінде Павлодар алюминий заводы, Шатыркөл, Бозшакөл, Алаайғыр, Қарағайлы кен байыту кәсіпорындары салынып іске қосылады.

Жетіжылдық жоспарға сәйкес Қазақстан түсті металлургиясының рудниктерінде өндірісті автоматтандыру жөнінде көп жұмыстар істелуге

тиіс. Компрессорлы станциялар, сигнализациялар, жерасты транспортын блокировкалау, желдеткіштерді қашықтықтан басқару, жалпы рудник диспетчерлігі автоматтандырылуға тиіс.

Рудниктердегі тұрақты қондырғыларды автоматтандырудың маңызы үлкен. Мұның өзі рудниктердің үздіксіз істеуін, қондырғылардың жұмыс өнімділігі артуын, электр қуатының үнемделуін қамтамасыз етеді. Компрессорлы қондырғылардың жұмысына автоматты бақылау әдісін қолдану және ауа қысымының шығынын есепке алып отыруды ұйымдастыру компрессорлы қондырғының жұмысын неғұрлым тиімді жүргізуге, электр қуатын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Жерасты транспортын бір орталықтан басқару, оған блокировканы енгізу маңызды іс. Өйткені көптеген рудниктерде электровоздардың жұмыс өнімділігі әлі де төмен. Мұның себебі электровоздар бос тұрып қала береді. Мысалы, бос вагонеткалардың жетіспеуінен, жүкті түсірудің шабандығынан электровоздар уақыттың біразын қарап тұрумен алады. Соның салдарынан рудниктердің көпшілігінде жеті тонналық электровоздардың айлық жұмыс өнімділігі 12—14 мың тонна-километрден аспай отыр, ал норма бойынша 22—25 мың тонна-километр болуға тиіс. Лениногор руднигі мен Кривой-Рогтағы «Гигант» шахтасының жұмыс тәжірибесіне қарағанда, бір орталықтан басқару сияқты әдістерді өндіріске енгізіп, транспорт диспетчерлері электровоз машинистерімен радио арқылы байланыс жасап отырса жеті тонналық электровоздардың айлық жұмыс өнімділігі 25—30 мың тонна-километрге дейін артады. Соның өзінде электровоздарды пайдаланылу дәрежесі 80—95 процент болады. Жұмысты осылай ұйымдастырғанда машиналардың бос қарап тұруын тағы басқа кедергілерді жою есебінен жыл сайын шамамен 800 мың сом үнемделеді.

Кен-руда кәсіпорындарында терең скважиналарды бұрғылау, проходкалау жұмыстары толық механикаландырылған. Руда өндірудің неғұрлым жетілдірілген ұтымды жүйелері енгізілді. Соның нәтижесінде мысалы кенді Алтайда жер астында істейтін жұмысшылардың еңбек өнімділігі 1958 жылы 1954 жылмен салыстырғанда мынадай мөлшерде артты:

Лениногор руднигінде	— 87,1 процент,
Зырян комбинатында	— 17,3 процент,
Быструшинск руднигінде	— 91 процент,
Белоусов руднигінде	— 13,7 процент,
Березов руднигінде	— 15,6 процент.

Алайда кен жұмыстарында еңбек өнімділігін арттыру мүмкіндіктері әлі де аз емес. Шығыс Қазақстан экономикалық ауданының кеншілері жұмыс өнімділігін әр жұмысшыға есептегендегі мөлшері жағынан еліміздің таңдаулы кәсіпорындарынан анағұрлым артта қалып отыр.

Бұл кемшіліктің негізгі себебі Шығыс Қазақстанда көмекші жұмыстарды механикаландыруға мүлде нашар көңіл бөлінетіндіктен болып отыр. Міне осы учаскелерде қолмен істелетін жұмыстар өте-өте көп. Кен-руда өнеркәсібінде күллі проходка жұмыстарының он проценттейі қолмен атқарылады. Су ағатын каналдарды аршып отыру, жол төсеу, оны тазалау, тіреу қою сияқты жұмыстар механикаландырылмаған.

Шығыс Қазақстанда кеншілердің 30 процентінен астамы жұмысты қолмен атқарып жүргені де осыдан. Кен-руда кәсіпорындарының инженерлері өндірістегі көмекші жұмыстарды механикаландыруға жеткіліксіз назар аударып келеді. Ал егер көмекші жұмыстардың бәрі жаппай механикаландырылса нәтиже мүлде өзгеше болар еді. Жұмысты тұтас механикаландырғанда кеншілердің еңбек өнімділігі екі есе артып, руданың әр тоннасын өндіруге жұмсалатын шығын әлдеқайда кемітінін тәжірибе айқын көрсетіп отыр.

Кәзір газ тексергіштердің жаңа түрі жасалуда. Бұл забойлардағы зиянды газдардың жиылғанын көрсететін тетік. Мұндай аппарат забойда зиянды газ тиісті мөлшерден көп жиылып қалса, оны сыртқа шығаратын желдеткіштерді қажетті мөлшерде тез іске қосу үшін қызмет етеді. Сөйтіп кеншілердің еңбек жағдайы онан сайын жақсара түсуіне елеулі мүмкіндік туғызады. Демек, рудниктерде мұндай жаңалықтарды бағыт енгізе беру керек болады.

Байыту фабрикаларында да автоматика құралдарын өндіріске енгізу маңызды міндеттердің бірі. Өйткені түсті металдар рудасын байытқан кезде, оның жақсы сапалы болуы, әсіресе классификаторлардың күйылыс тығыздығын мөлшерлі қалыпта сақтап отыруға байланысты. Мұны қолмен дәлме-дәл орындау қиын болады. Көбік (байыту процесінде негізгі металдарды жинайтын көбік) тығыздығын автомат арқылы реттеу, процестің нормадағыдан 1,5—2 процент дәл орындалуына мүмкіндік береді. Сондықтан көбік тығыздығын үнемі автоматты өлшеумен реттеу мәселесіне соңғы кезде біраз көңіл бөліне бастады. Бірақ мұны өндіріске енгізу практикасында қиыншылықтар кездесті де, ол міндет ойдағыдай шешіле қоймады. Тек соңғы жылдары ғана Қазақстанның кейбір байыту фабрикаларында бұл мәселе шешілді. Соның нәтижесінде көбікті автомат арқылы реттеу әдісі кәзір кең таратылуда. Мысалы, Балқаш байыту фабрикасында кәзір көбік тығыздығын реттейтін 34 автомат жұмыс істейді. Әрбір автомат күрделі жеті электрон аспап комплексінің жұмысын атқарады. Бұл автоматтарды пайдалану арқасында фабриканың жұмыс өнімділігі үш процент артып, қалдықпен бірге кететін мыс анағұрлым азайды. Автоматтардың өндірісте қолданылуы нәтижесінде жыл сайын 3 миллион сом қаржы үнемделуде.

Дегенмен мұндай қондырғыларды өндірісте пайдалану ісі республикамызда әлі де қанағаттанғысыз. Қазақстанның байыту фабрикаларында бес жыл ішінде небәрі 50 автоматты реттеуіш өндіріске енгізілді. Ал көбік тығыздығын реттеуді автоматтандыруға мүмкіндік бола тұрса да, республикамыздың байыту фабрикаларындағы жүздеген классификаторшылар бұл жұмысты қолмен атқарып келеді.

Басқа технологиялық және техникалық операциялармен салыстырғанда өнімнің сапасын тексеру — еңбекті өте-мөте көп керек ететін жұмыс. Сондықтан да кәсіпорындарындағы техникалық бақылау бөлімдерінде көп адам істейді. Егер өнім сапасын тексеру механикаландырылып, автоматтандырылса, мұның өзі осы қызметтегілердің санын анағұрлым азайтуға мүмкіндік берер еді. Мысалы, Березов байыту фабрикасы мен Балқаш мыс заводында сапа бақылағыш автоматтар жасалды. Бұл автоматтардың жұмысы жақсы болып отыр. Бірақ түсті металлургияның басқа кәсіпорындары өздеріне осындай автомат жасауға тиісті көңіл бөлмей келеді.

Осы заманғы түсті металлургия заводтарының әрқайсысы өз алдына күрделі кәсіпорын. Бұларда шикізатты тасу, онымен пештерді толтыру, тағы басқа жұмыстарды механикаландырмайынша, металл өндіруді арттыру мүмкін емес. Ал Қазақстанның түсті металлургия заводтарында жөндеу, тиеу-түсіру сияқты жұмыстардың жартысы ғана механикаландырылған. Бірінші бесжылдық тұсында салынған Қарсақпай мыс заводының өндірістік жұмыстарының көбісі әлі күнге механикаландырылмаған, автоматика өндірісте қолданылмайды, ауыр жұмыстардың бәрі дерлік қолмен атқарылады. Осы себептен де бұл завод өндіретін мыс Балқаш заводының мысынан қымбатқа түсіп келеді.

Санкилы металлургиялық агрегаттарға, қақтау машиналарына, электр пештеріне, вельц пешіне келіп түсетін шихтаның құрамын дәлме-дәл мөлшерлеп отыратын автоматты таразылар жұмысты тұтас автоматтандыру жөніндегі міндетті ойдағыдай орындауға қолайлы мүмкіндік туғызады. Мұндай автоматтар металлургиялық агрегаттардың

жұмыс өнімділігін арттырады, сапа көрсеткіштерін жақсартады. Бірақ заводтарда мөлшерлеу автоматын жасап шығару өте баяу болып отырғанын айта кеткен жөн.

Қазір Шымкент қорғасын зауытында шихтаны әзірлеудің жаңа, ең тиімді әдісі — шихтаны жұмырлатып дөңгелету әдісі өндіріске енгізілді. Бұл агломерациялық машиналардың жұмыс өнімділігін арттыруға және флюстердің (негізгі металдың қорытылуын тездету үшін қосылатын заттар) шығынын едәуір азайтуға жол ашады. Завод қызметкерлері Березнин, Климов жолдастардың және басқалардың ұсынысы бойынша оттықты тазалау тұтас механикаландырылды, сөйтіп қолмен істелетін ауыр жұмыс машинамен атқарылатын болды. Осы зауыттың қорыту цехында шихта бергіш жаңа жабдық игерілді. Қазір қақтау цехынан оттығы бар пештерге дейінгі тасымал, сол сияқты пештерге шихта толтыру жұмыстарының бәрі механикаландырылған. Барлық қорыту цехтарында ауаны зерттеудің автоматтық әдісі жүзеге асырылды.

Қазіргі кезде Шымкент пен Лениногор қорғасын зауытында металлургиялық газдардың температурасын автомат арқылы реттеу жүйесін игеру бағытында елеулі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мұны өндіріске енгізу тозаң тұтқыштардың қызмет істеу мерзімін ұзартады, олардың жұмыс тиімділігін арттырады.

Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында өнертапқыш Иван Котов ойлап шығарған мырышты қалыпқа құятын машина еңбек өнімділігін үш есе арттырады.

Балқаш мыс зауытында алуан типті руда уатқыштардың бәрі автоматпен басқаруға көшірілетін болса, бұл 1959 жылдың өзінде еңбек өнімділігін 20—25 процент арттыруға мүмкіндік береді.

Ертіс полиметалл комбинатындағы электротермит қондырғысында газдардың қысымын автомат арқылы реттеу, автоматиканы өндіріске енгізудің ұтымдылығын айқын көрсететін дәлел болып табылады. Бұл автомат реттеуішті өндірісте қолдану технологиялық тәртіпті дұрыс сақтауға жағдай туғызды. Соның нәтижесінде сыртқа шығатын газбен бірге кететін металл мүлдем азайды.

Шахталық пештерді автоматтандырудың үлкен пайдасы бар. Оларды автоматтандырған кезде пештердің жұмыс өнімділігі 8—10 процент артады, отынның шығыны 6—9 процент кемиді. Алайда бұл автоматика әлі күнге дейін өндіріске батыл енгізілмей келе жатқанын атап айту керек. Сол сияқты пештерге материалды тиеу және пештерден материалдарды алу процестерін механикаландыру және автоматтандыру ісі қызу қолға алынбай отыр.

Түсті металлургияны жобалаудың мемлекеттік институтының қызметкерлері Шымкент қорғасын зауытының инженерлерімен бірлесе отырып, шахталық пештердегі жұмысты атқаратын түрлі агрегаттардың жеке блоктардың жобасын жасады. Бұл агрегаттарды өндірісте пайдаланғанда пештердің жұмысы анағұрлым жақсарады, металлургиягердің еңбек өнімділігі едәуір артады.

Рафинация цехында металды құю таяу уақытта толық автоматтандырылмақ. Осыған орайлас басқа да жаңалықтар өндіріске жаппай енгізілгені отыр.

Осылардың бәрін түйіп айтқанда, түсті металлургия кәсіпорындағында жеке технологиялық көрсеткіштер (параметрлер) мен агрегаттарды бақылау және реттеу автоматтарын жасау жөнінде жинақталған кейбір жақсы тәжірибе де бар. Өндірісті автоматтандыруға мүмкіндік беретін жеке бірнеше қондырғылар жасалды, оларды өндірісте тексеріп-те жүр, бірақ олар кейіннен игерілмей сол күйінде қалып қояды. Бұған мынадай мысалдар келтіруге болады. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында 1954 жылы шахталық пештің ауасын автомат арқылы өлшеу қондырғысы Совет Одағында тұңғыш рет қолданылған болатын. Амал

не, осы қондырғы өндіріске үздіксіз пайдаланылмай, тез қатардан шықты.

Осы комбинатта жұмысшылардың 42 проценті санқилы көмекші жұмыстарда істейді. Вагоннан жүк түсірудің механикаландырылуы мардымсыз. Сондықтан осы кәсіпорында 1958 жылы кәдуелгі қол күрекпен бес жүз мың тонна жүк тиеліп, түсірілген. Тұтылатын тозаңның көбі қол арбамен, вагонеткалармен тасылады. Бұл кемшіліктерді кәсіпорындардың тез арада өз күшімен-ақ жоюына мүмкіншіліктері бар.

Жұмысты механикаландыруға және автоматтандыруға жұмсалған шығын қысқа мерзімде-ақ өтеледі. Оны еліміздің алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының тәжірибесінен айқын көреміз. Домна пештерін автоматтандыру ісіне екі миллион сом жұмсалады. Ал оның есесіне құрылысы 100 миллион сомға түсетін пештің беретініндей шойын өндіріледі. Түсті металлургияда да осы сияқты. Мысалы, Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында күйдіру пештерін қайта құруға жұмсалған шығын әрі кеткенде бір жарым-екі жылдың ішінде-ақ толық өтеледі.

Өндіріс мәдениетін жетілдірудің мәні зор. Бірақ осы салада елеулі кемшіліктер орын тебуге. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында орнатылған барлық аспаптардың үштен бірінен астамы жұмыс істемейді. Өйткені онда өндіріс мәдениеті төмен. Біздің металлургтеріміз тетелес мамандықтарды меңгеру жөнінде кеншілерден көп үйренуге тиіс. Көптеген цехтарда еңбек ұйымдастыру өте күрделі. Әрбір сменада — смена бастығы, бригадир, кезекші слесарь, электрик, аспапшы, бакылаушы, пробщик, табельші бар. Бірқатар жағдайда осы мамандықтардың көбін жұмысшылардың көмегімен мастердің өзі-ақ атқара алады. Мұнда, әрине жұмысшыларды аспаптар мен механизмдерді басқаруға үйрету керек болады.

Өнеркәсіп пен транспорт кәсіпорындарындағы қосымша жұмысты механикаландыру мен автоматтандыру мәселелері жөнінде таяуда болып өткен конференция зор шаралар белгіледі. Ол шараларды жүзеге асыру мүддесі Академия ғылыми-зерттеу институттары мен зерттеушілерінің, сондай-ақ ғылыми-техникалық комитеттің, жобалау ұйымдарының бірлесіп күш жұмсауын талап етеді. Кеншілердің, байытушылардың металлургтердің, конструкторлардың, ғалымдардың және басқа тетелес мамандықтағы қызметкерлердің бірлескен творчестволық еңбегі бұл күрделі міндеттің тез де ойдағыдай шешілуін қамтамасыз етеді. Бұл жұмыста техникалық мәселелерді талдаумен бірге, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру мәселесіне байланысты көптеген экономикалық проблемаларды тұтас шешу қажет.

Түсті және сирек кездесетін металдар рудасын өндіру, байыту, қорыту жұмыстарын автоматтандыруды тежеп отырған кемшіліктерді тез түзету керек. Кәсіпорындар мен ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдар қызметкерлерінің белсенділігі мен күш-жігері еңбек өнімділігін арттырудың маңызды тетігі болып табылатын автоматтандыру мен механикаландыруды өндірістің күллі саласында барған сайын кеңінен қолдануға барытталуы қажет.

КПСС-тің XXI съезі өзінің қарарында өндірісті механикаландыру және мейлінше кеңінен автоматтандыру жөніндегі шараларды жүзеге асырудың экономика жағынан ғана емес, сонымен қоса оның әлеуметтік маңызы зор екенін атап көрсетті. Демек техникалық прогрестің бұл мәні үлкен мәселесіне әрдайым назар аударып, оның жүзеге асырылуын қадағалап, басшылық етіп отыру — жергілікті партия, совет, кәсіподақ ұйымдарының келелі міндеттерінің бірі.

Халыққа қамқорлық жасау — партияның биік нысанасы

Ә. МҰҚТАРОВ,

тарих ғылымының кандидаты

Таптық қоғам шыққаннан бастап еңбекшілер өзінің әл-ауқат дәрежесін көтеру жолында қанаушыларға қарсы күресумен болды. Бақытты заман орнатуды бейбіт, рахат өмір сүруді көздеген қиялдар ұрпақтан ұрпаққа ғасырлар бойы таралып келді. Адамзаттың бұл асыл арманы тек социалистік қоғам тұсында ғана жүзеге аса бастады.

Маркстік-лениндік теориямен қаруланған біздің Коммунистік партия еңбекшілерді әлеуметтік, ұлттық теңсіздіктің барлық түрлеріне қарсы күреске ұйымдастырды. Коммунистік партия тарихы — еңбекшілердің бостандығы мен бақыты жолындағы күрес тарихы.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің барлық жұмысы Ұлы Октябрь социалистік революциясының алғашқы күндерінен бастап-ақ еңбекшілердің әл-ауқат күйін жақсартуға беру міндетіне бағытталды. Мұның өзі социализмнің негізгі экономикалық заңының талаптарына сай болды.

Социалистік революцияның өмірге бейімділігі, оның халық алдында абыройы артып, мерейі үстем болуы, оның еңбекшілерді әлеуметтік-экономикалық езгілердің барлық түрінен азат етуінен, оларға ауқатты да мәдениетті тұрмыс құруға мүмкіндік бергенінен көрінеді. Социализм тұсында еңбекшілер қанаушылар үшін емес, өзі үшін, қоғам үшін істейді. Ұлы Ленин мұны атап көрсете келіп, былай деді: «Бұдан бұрын бүкіл адамзаттың ақылы, оның бүкіл даналылығы техника мен мәдениеттің барлық жақсылығын тек біреулерге беріп, басқаларды ең қажетті нәрседен — ағарту ісі мен дамудан мақұрум қалдыру үшін жасайтын еді. Ал енді техниканың барлық кереметтері, мәдениеттің барлық табыстары жалпы халық игілігіне айналады, сөйтіп бұдан былай адамзаттың ақылы мен даналығы еш уақытта да зорлық құралына, қанау құралына айналмайтын болады» (Шығармалар, 26-том, 480-бет).

Халықтың әл-ауқат күйін жақсартудың бірден-бір өндірістік-техникалық негізі ауыр өнеркәсіп. Совет өкіметі жылдарында еселеп өсті. Ауыр өнеркәсіптің өте шапшаң өсуі халық тұтынатын бұйымдарды өндіретін жеңіл өнеркәсіптің дамуына негіз болды. Тұтыну заттары өндірісі 1958 жылы 1913 жылмен салыстырғанда елімізде 14 есе өсті, оның ішінде мәдени-тұрмысқа керекті бұйымдар 45 еседен аса көбейді.

Әсіресе, бұрын экономика мен мәдениет жағынан артта қалған ұлт республикалары партияның лениндік ұлт саясатының дәйектілікпен жүзеге асырылуы, ұлы орыс халқының туысқандық көмегі нәтижесінде кәзір осы заманғы қуатты өнеркәсібі мен көптеген маман кадрлары бар көрікті елге айналып отыр. Бұған Қазақстан айқын дәлел бола алады. Кәзіргі уақытта республиканың 26 мыңнан аса өнеркәсіп орындарында 500 мыңға жуық жұмысшылар жұмыс істейді. Қазақстан Совет Одағының экономикасында қорғасын, мырыш, тазартылмаған мыс, басқа да маңызды өнімдер өндіру жағынан көрнекті орын алады.

Партияның дана басшылығы арқасында қаһарман совет халқы кәзіргі коммунистік құрылыс жұмыстарының кең өрістеген дәуіріне еніп отыр. Партияның тарихи ХХІ съезі коммунизмнің материалдық-техника-

лық негізін құруға бағытталған кең программа қабылдады. Бұл программада өнеркәсіптің, әсіресе ауыр индустрияның барлық салаларын жеделдете өркендетуге зор мән берілген.

Өнеркәсіптің жалпы өнімі 1965 жылы 1958 жылғымен салыстырғанда 80 процент шамасында өсетін болса, оның ішінде өндіріс құрал-жабдықтары өндірісі 85 — 88 процент, тұтыну заттары өндірісі 62 — 65 процент артады, яғни жеті жыл ішінде өнеркәсіп өнімінің өсуі соңғы 20 жыл ішіндегі өніммен тең болады.

Алдағы жетіжылдықта Қазақстанда өнеркәсіп, оның ішінде ауыр индустрия қарыштап алға басады. Жоспар бойынша республикамыздың халық шаруашылығына жұмсалатын күрделі қаржы 116-119 миллиард сом болып белгіленді, яғни бұл өткен 35 жыл ішінде халық шаруашылығын өркендетуге жұмсалған күрделі қаржыдан 25 миллиард сом артық.

Халық шаруашылығын шұғыл дамыту жолында қол жеткен зор табыстар еңбекшілердің әл-ауқат, мәдени дәрежесін көтеруге мүмкіндік берді. Совет халқының әл-ауқаты көтерілуінің аса маңызды көрсеткіші ұлттық табыстың көбеюі болып табылатыны жұртқа мәлім. Өйткені социализм жағдайында ұлттық табыс бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін қанағаттандыру үшін, социалистік өндірісті онан әрі өркендету үшін жұмсалады.

Совет өкіметі жылдарында еліміздің ұлттық табысы жан басына шаққанда 15 есе өсті. Жетіжылдық жоспар бойынша ұлттық табыс 62 — 65 процент көбейеді, бұл 1940 жылмен салыстырғанда 6 есе артық болады деген сөз.

Біздің елде ұлттық табыс түгелімен халық игілігі үшін жұмсалады. Шамамен ұлттық табыстың төрт бөлігінің үші жылма-жыл бүкіл қоғамның материалдық және мәдени керектерін қамтамасыз етуге, ал қалғаны социалистік өндірісті ұлғайтуға жұмсалады, яғни ол да халық мүддесіне пайдаланылады. Капиталистік елдерде жағдай мүлдем басқаша. 1913 жылмен 1957 жылдар арасында АҚШ-та ұлттық табыс тек 1,8 есе, Англия мен Францияда — 1,7 есе өсті. Оларда ұлттық табыстың басым көпшілігі ат төбеліндей қанаушы таптардың үлесіне тиеді, ал еңбекшілер бұқарасы барған сайын аз үлес алып жоқшылыққа, аштыққа, жалаңаштыққа ұшырауға душар болады.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі соңғы жылдарда халықтың материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін көтеру үшін көптеген шаралар белгіледі: еңбекшілерді пенсиямен қамтамасыз ету ісі жолға қойылды, салық төлемдері төмендетілді, мемлекеттік заемдар шығару тоқтатылды, шаруашылықтың кейбір салаларының қызметкерлеріне және аз ақы алатын жұмысшылар мен қызметкерлерге жалақы мөлшері өсірілді. Колхозшылардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған ірі-ірі шаралар іске асырылды.

Партиямыздың халыққа қамқорлығы нәтижесінде 1958 жылы жұмысшылар мен қызметшілердің нақты табысы 1940 жылмен салыстырғанда екі есеге жуық көбейді. Сол сияқты колхозшы шаруалардың да табысы екі еседей өсті. Мұны Қазақстан өмірінен де толық көруге болады. 1952 жылы республика колхоздарында ақшалай табыстың жалпы сомасы 1 447 миллион сом болған еді, ал 1957 жылы ол 3 395 миллион сомға жетті. Өткен бес жылдың ішінде еңбеккүнге төленген затай және ақшалай ақының жалпы сомасы 2,2 есе көбейді. Республика колхоздарының бөлінбейтін қоры 1958 жылғы 1 январьда 6099 миллион сомға жетті, ал ол 1953 жылы 4247 миллион сом болған еді. 1950 — 1957 жылдар ішінде орташа есеппен алғанда республика бойынша әрбір өнеркәсіпте қызмет істейтін адамның айлық жалақысы 17 процент өсті.

Совет адамдарының әл-ауқатының үнемі өсіп отырғанын мынадай мәліметтерден де көруге болады. Егерде 1932 жылы халыққа сатылған

ет тағамдарын 100 процент деп алсақ, ол 1940 жылы 101 процент, 1950 жылы — 119 процент, 1956 жылы — 293, ал 1957 жылы — 346 процент болды. Елімізде 1957 жылы 1932 жылмен салыстырғанда сүт — 11 есе, қант — 5 есе, жүннен тоқыған маталар — 10 есе, жібек — 27 есе, былғары аяқ киім — 3 есе көп тұтынылған.

Совет адамдарының мәдени-тұрмыс қажеттеріне керекті бұйымдарды сатып алуы бұрын-сонды болып көрмеген дәрежеге жетіп отыр. Біздің республикада 1950 жылдан 1957 жылға дейін ауыл мен селоларда кооперативтік сауданың бөлшек сауда товар айналымы үш есеге жуық өсті. Қолхозшылар көзіргі уақытта сағат, тоңазытқыштар, кілемдер, жібек және жүннен тоқылған маталар, автомашиналар тағы сол сияқты әртүрлі товарларды көп сатып алатын болды.

Совет адамдарының әл-ауқат және мәдени дәрежесінің артқандығын Павлодар облысының ауыл-село еңбекшілерінің товар сатып алу қабілетінен де айқын көруге болады. 1957 жылы облыс колхозшылары облыстың тұтынушылар қоғамы магазиндерінен 212 жеңіл автомашина, 2018 мотоцикл, 8570 радиоқабылдағыш, 8705 тігін машина және бір миллион сомға кітап сатып алды. 1958 жылы еліміздегі тұтынушылар қоғамы жан басына орта есеппен 5 сом 44 тиынның кітабын сатса, Қазақстанда әрбір ауыл-село тұрғыны өзіне 9 сом 54 тиынның кітабын сатып алған.

Соңғы жылдарда еліміздің адамдарының тұрмыс жағдайының едәуір жақсарғанын мынадай мысалдардан да көруге болады. Егер 1953 жылы Қазақстанның жинақ кассаларында халықтың 537,1 миллион сом ақшасы болса, 1958 жылы бұл 2 миллиард 392 миллион сомға жетті, яғни 4 есеге жуық өскен.

Біз бүгінгіден де әлдеқайда жарқын болашаққа қарай алға басып келеміз. Алдағы жетіжылдықта жұмысшылар мен колхозшылардың нақтылы табысы кем дегенде 40 процент өседі.

Партия мен үкімет жетіжылдық жоспарда жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысының жаппай өсуін қамтамасыз етуді көздеді. Жетіжылдықта жалақы біртіндеп тәртіпке келіп, ақыны аз және орташа мөлшерде алатын жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысы артырылады, сөйтіп қызметкерлердің ақыны аз және орташа мөлшерде ғана алатын топтарымен көп алатын топтары арасындағы алшақтық азайтылады. 1965 жылы айына 270 — 350 сомға дейін ақы алатын қызметкерлердің жалақысы 500 — 600 сомға шейін өседі. Бұл шара жүзеге асырылғаннан кейін бізде жалақыны ең аз алатын жұмысшылардың табысы Американың осы теңдес жұмысшыларының табысынан көп болады. Жетіжылдық жоспарда көрсетілгендей ақыны аз алатын әрбір жұмысшы орташа есеппен айына 550 сомнан алатын болса, онда жұмысшының жылдық табысы 6000 сом болады, яғни бұл — 1625 доллар.

Ресми мәліметтер бойынша Америкада 1954 жылы жылдық табысы 1000 доллардан кем 3,1 миллион семья, ал 1500 доллар алатын 5,4 миллион семья болған екен. Ал бұл жылы Америка жұмысшылары семьясының күнкөрісіне қажетті қаражат 5 335 доллар болып белгіленген болатын. Демек, 8,5 миллион семьяның күнкөріске қажетті табысы жоқ. Капиталистік елдерде көп миллиондаған жұмысшылардың жұмыссыз қалуы еңбекшілердің онсыз да нашар жағдайын онан әрі нашарлата түседі. Америкада көзіргі уақытта 5 миллионнан астам толық жұмыссыз, 5 миллиондай ішінара жұмыссыз бар. Егерде әрбір жұмыссыз адамның қарауында 3 — 4 адам болса, онда бақытсыздыққа ұшырағандардың саны 30 — 40 миллионға жетеді. Жұмыссыздар саны басқа капиталистік елдерде де көбейіп келеді.

Совет Одағында еңбекшілер табысының көрсеткіші жалақы ғана емес. Н. С. Хрущев партияның XXI съезіне жасаған баяндамасында халықтың әл-ауқат дәрежесін бұдан былай да көтере берудің екі жолы

бар екенін көрсетті. Бірінші жолы — жалақыны тікелей көбейтіп, халық тұтынатын заттардың бағасын кеміту. Бұл бағытта партия мен үкімет үнемі дәйекті шараларды іске асырып келеді. Бірақ коммунистік құрылыстың кең өрістеуі дәуірінде де халықтың әл-ауқатын тек жалақыны көбейту жолымен ғана көтеруге болады деп есептеу дұрыс болмас еді. Себебі, жалақыны совет адамдарының бәрі бірдей ала бермейді және жалақы қоғамның адамға жасайтын қамқорлығын толығынан қамти алмайды.

Халықтың әл-ауқат дәрежесін көтерудің екінші жолы — еңбекшілердің материалдық және мәдени қажеттерінің бірсыпырасын қоғам арқылы өтеу. Мәселен, мектеп, балалар бақшалары мен яслилері, аурухана, қалалық тұрғын үйлер, театр және басқа қоғамдық орындар арқылы мемлекет еңбекшілердің көптеген қажетін өтейді. Еліміз коммунизмге қарай алға басқан сайын еңбекшілердің қоғамнан алатын тегін көмегінің көлемі өсе бермекші. Н. С. Хрущев ХХІ съезде былай деді: «Бізде еңбекшілердің әл-ауқатын арттырудың, бүкіл қоғамның, оның ішінде әрбір адамның тұрмысына жақсы жағдайлар жасаудың шын мәнісінде коммунистік жолы бар. Бұл жол: адамдарды тұрмысқа жайлы тұрғын үйлермен қамтамасыз ету, қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру, адамдардың тұрмыс қажетін өтеуді жақсарту, балалар мекемелерін көбейту, халыққа білім беруді жетілдіру, халықтың демалысын ұйымдастыру және оларға дәрігерлік қызмет етуді жақсарту, мәдениет мекемелерін салу, тағы басқалары».

1958 жылы Совет мемлекеті әлеуметтік қамсыздандыру қаражатына, жәрдемге, пенсияға, оқушылардың стипендиясына, тегін оқытуға, медициналық қызметке, кезекті демалысқа төлеуге, балалар бақшасын, санаторийлар, демалыс үйлерін ұстауға 215 миллиард сомнан артық қаржы жұмсады. 1965 жылы мемлекеттің бұл мақсаттарға жұмсайтын қаржысы 360 миллиард сомға дейін жетіп, әрбір жұмыс істейтін адамға жылына 3800 сомнан тиетін болады. Сонымен қатар жетіжылдықта тұрғын үйлер, мектептер, мәдени-тұрмыс және медицина мекемелерін салуға мемлекеттен босатылатын қаржыны әрбір жұмыс істейтін адамға шаққанда 800 сомнан келеді.

1958 жылы халық мемлекеттен 64 миллиард сом шамасында пенсия алды. Жетіжылдық жоспар пенсиямен қамсыздандыруды онан әрі жақсартуды көздейді. Пенсия мөлшері көбейтіледі.

Біздің елде халыққа тегін медициналық қызмет көрсетудің дүние жүзінде ең жақсы жүйесі жасалды. Егер 1913 жылы патшалық Россияда 10 мың халыққа 13 аурухана төсегі келсе, кәзір бұл 70-тен келеді. Бізде жұмыс істейтін дәрігерлер саны капиталистік елдермен салыстырғанда әлдеқайда асып түседі. 1957 жылы АҚШ-та әрбір 10 мың адамға — 14, Италияда — 12, Жапонияда — 10, Англия мен Францияда — 9 адамнан келсе, бізде — 17 дәрігерден келді.

Капиталистік елдерде тегін медициналық көмек көрсетілмейді. Мәселен, АҚШ-та ауруханада бір жеті емделгені үшін жұмысшы кемінде бір айлық табысын беруге мәжбүр болады. Міне сондықтан ресми мәліметтер бойынша Америкадағы барлық семьялардың төрттен бірі медициналық көмекті мүлде ала алмайды.

Партия мен үкіметтің совет адамының денсаулығын жақсарту беру жолындағы қамқорлығын жарқын көрсету үшін біздің республиканы мысалға алуға болады. Октябрь революциясына дейін Қазақстанда халыққа дәрігерлік көмек көрсету жоқтың қасы болатын. Қазақстанда 14 мың шаршы километр жерде бір ғана медициналық орын болған еді. Ал барлық дәрігерлердің саны екі жүзге жетпейтін және олар көбінесе қалаларда жұмыс істейтін. Оба, сүзек, туберкулез сияқты жұқпалы аурулар көп кездесетін. Бала өлімі өте көп еді. Кәзір мүлде басқаша болып отыр. 1958 жылдың 1 январында республикада 62582 аурухана тө-

сегі бар 1415 аурухана болды. Онда 11 мыңдай дәрігерлер мен 37 мыңдай орта дәрежелі медицина қызметкерлері жұмыс істейді. 1965 жылдың аяғына дейін Қазақ ССР-індегі емдеу және алдын-ала сақтандыру мекемелерінің жүйесінде емделушілерге арналған орын саны 98,3 мыңға жеткізіледі.

Елімізде санаторийлар мен демалыс үйлері ұдайы көбейіп келеді. 1957 жылдың өзінде 5 миллион 600 мың адам санаторийлар мен демалыс үйлерінде болып тынықты, денсаулығын нығайтты. Олардың көбі жолдаманы тегін немесе арзан бағамен алды. Сол жазда 6,5 миллион балалар пионер лагерьлері мен санаторийларында дем алды. Мұндай жағдайдың ең бай капиталистік елдерде де болуы мүмкін емес.

Халыққа жан-жақты медициналық қызмет етудің, еңбекшілердің демалуын, емделуін жақсы жолға қоюдың нәтижесінде бізде өлім Октябрь революциясына дейінгі уақытпен салыстырғанда 4 есе, бала өлімі—7 есе кеміді. Алдағы жетіжылдықта халықтың денсаулығын онан әрі жақсарту берудің күрделі шаралары жүзеге асырылады.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі коммунистік қоғам орнатудың мәселелерін шеше отырып, халық ағарту ісіне және мәдени құрылысқа көп көңіл бөлуде. Алдағы жеті жылда халыққа білім беру жүйесі жаңа міндеттерге сәйкес онан әрі жетілдіріледі. Қалалар мен селолық жерлерде жалпы орта білім беру едәуір дамытылады, жұмысшы және село жастарының кешкі мектептері көбейтіледі. Жоспар бойынша халық шаруашылығы мен мәдениетті өркендету міндеттеріне сәйкес жоғары және орта дәрежелі арнаулы білімі бар мамандар даярлауды онан әрі кеңейту және жақсарту көзделінген.

Халықтың тұрғын үй жөніндегі қажетін өтеу ісіне де партия мен үкімет ерекше көңіл бөліп келеді. Соңғы бес жылдың ішінде ғана елімізде 223 миллион шаршы метр жаңа тұрғын үй салынды, мұның өзі патшалық Россияның 1913 жылғы бүкіл қалалық тұрғын үй қорынан едәуір артық. Осы уақытта селолық жерлерде 3 миллионнан астам үй салынды. 1926 жылдан 1958 жылға дейін Қазақстанның қалалары мен поселкелерінде тұрғын үй қоры 8 есе көбейді.

Бірақта, елімізде совет адамдарының пәтер үй жөніндегі өскелең тілектері толығынан орындалмай келеді. Міне сондықтан да, партиямыздың XXI съезі тұрғын үй мәселесін шешуге ерекше көңіл бөлді. Жетіжылдықта елімізде 15 миллиондай пәтер үй салынбақшы. Мұның өзі өткен жетіжылдықта салынған пәтер үйден 2,3 есе көп. Селолық жерде колхозшылар мен село интеллигенциясының күшімен 7 миллиондай тұрғын үй салынуы керек. Қазақстанда алдағы жетіжылдықта 32 миллион шаршы метрдей тұрғын үй іске қосылады. Осы программаны жүзеге асыру нәтижесінде елімізде пәтер үй мәселесі шешілуге жақындайды.

Капиталистік елдерде жағдай мүлдем басқаша. Оларда еңбекшілердің пәтер үй жағдайы ауыр. Мысалы, ресми деректерге қарағанда Америкада кәзіргі уақытта 15 миллион адам лашықтарда, қараңғы жер үйлерде тұрады. Онда 20 миллиондай тұрғын үй адам тұруға жарамсыз болып есептеледі. Бірақта үйлердің нашарлығына қарамастан, оларда пәтер ақы өте жоғары. Жұмысшы семьясы табысының пәтер ақыға үштен бірі жұмсалады. Біздің елде пәтер ақыға жұмысшы семьясы бюджетінің 4—5 проценті ғана жұмсалады.

Партия мен үкіметтің халыққа үнемі қамқорлық жасауын совет адамдарының еңбек жағдайын жақсарту шараларынан да көруге болады. Бізде жұмысшылардың еңбек жағдайы өндіріс техникасының өсуі, өндіріс жұмыстарының механикаландырылуы, автоматтандырылуы, кәсіпорындарда қауіпсіздік техникасының тазалық ережелерінің берік сақталуы нәтижесінде ұдайы жақсарып келеді. Өндіріс жұмыстарының кенінен механикаландырылуы есебінен көптеген ауыр жұмыстар маши-

налар арқылы атқарылатын болды. Мысалы, көмір өнеркәсібінде, металлургияда бұрын қол күшімен атқарылып келген ауыр жұмыстар кәзір түрлі машина-механизмдер арқылы орындалады.

Өндіріс жұмыстарын механикаландыру мен автоматтандыру еңбек жағдайын жақсартумен бірге еңбек өнімділігін арттырады. Сөйтіп еңбекшілердің тұрмыс жағдайын жақсарту беруге негіз болады.

Капитализм тұсында, өндірісті механикаландыру мен автоматтандыру жұмысшылардың еңбек жағдайын ауырлатуға, олардың жұмыссыздыққа ұшырауына, бақытсыздық пен қайыршылыққа түсуіне әкеп соқтырады.

Еңбекшілердің тұрмыс жағдайын жақсартып, мәдениетін көтере беру ісінде жұмыс уақытын қысқарту беру шарасының да маңызы зор. 1928 — 1929 жылдарда біздің елде 7 сағаттық жұмыс күні енгізіле бастаған еді. 1940 жылы Отанымызға соғыс қаупі төнгендіктен қайтадан 8 сағаттық жұмыс күніне көшуге мәжбүр болдық. Партияның XX съезі 7 сағаттық жұмыс күніне бірте-бірте көшуге қаулы алды. 1956 жылы март айынан бастап демалыс және мейрам күндері алдында жұмыс уақыты 2 сағатқа қысқартылды, әйелдердің жүкті болуы, босануы кезіндегі демалыс мерзімі ұзартылды, жас өспірімдер үшін 6 және 4 сағаттық жұмыс күні белгіленді.

Партияның XXI съезі көмір және кен-руда өнеркәсібінің жер астында жұмыс істейтін негізгі жұмысшыларын алты сағаттық жұмыс күніне көшіруді 1960 жылы аяқталсын деп белгіледі. Жоспар бойынша жеті сағаттық жұмыс күніндегі жұмысшылар мен қызметшілерді 40 сағаттық жұмыс аптасына көшіру 1962 жылы толық жүзеге асырылмақ. 1964 жылдан бастап жер астындағы жұмыста және еңбек жағдайы зиянды өндірістерде істейтін жұмысшы, қызметшілер 30 сағаттық жұмыс аптасына көшіріледі. 30 сағаттық жұмыс аптасына көшкенде жұмысшы, қызметшілер аптасына 2 күн демалыс алып, күн сайын 6 сағаттан жұмыс істейтін болады.

Басқа барлық жұмысшы, қызметшілер 1966 — 1968 жылдарда 35 сағаттық жұмыс аптасына көшіріледі, яғни олар аптасына 2 күн демалыс алатын болады. Бұл шаралар жүзеге асырылғанда біздің елде дүние жүзіндегі ең қысқа жұмыс күні мен жұмыс аптасы қолданылатын болады.

Жұмыс уақытын қысқарту жұмысшы, қызметшілердің жалақысын кемітпей, олардың еңбек өнімділігінің үздік артуы негізінде жүзеге асырылады.

Халықтың әл-ауқат дәрежесін көтеруде ауыл шаруашылығы өндірісін үздік ұлғайта беру шараларының да маңызы зор. Халыққа мал шаруашылығының өнімдерін сату жетіжылдықта 2,2 есе, өсімдік майын сату — 1,9 есе, жеміс өнімдерін сату 3 есе артады. Елімізде жан басына өндірілетін қант 1958 жылғы 26 килограмм орнына 41 — 44 килограмға жетеді. Халыққа мәдени тұрмыс және шаруашылық товарларын, әсіресе үй қызметіндегі әйелдердің еңбегін жеңілдететін товарларды: кір жуатын машиналарды, шап-тозаң жұтқыштарды тағы басқаларын өндіру үздік ұлғаяды. Өткен жетіжылдықтағымен салыстырғанда тоназытқыштар 5,8 есе, кір жуатын машиналар 9,1 есе, тігін машиналары — 2,1 есе, телевизор — 4,6 есе, мотоцикл мен мотороллер — 2,7 есе көп сатылады.

Халықтың әл-ауқатын одан әрі көтеру жолындағы маңызды шаралардың бірі — жұртшылықты тамақтандыру орындарын көбейтіп, олардың жұмысын жақсарту беру. Жұртшылықты тамақтандыру ісі қоғамның көптеген материалдық игілігін және жұмыс уақытын үнемдеумен бірге еңбекшілердің тұрмыс жағдайын жақсартады, әйелдердің үй шаруашылығындағы еңбегін жеңілдетеді. В. И. Ленин коммунизмнің алғашқы нышандарының бірі деп асханаларды атаған еді.

Партия мен үкіметтің таяуда қабылдаған қаулысы бойынша 1959—1965 жылдарда қоғамдық тамақтану орындарының шығаратын өнімі 2 еседен аса өсетін болады.

Кәзір, еліміз коммунизм құрылысын кең өрістету дәуіріне аяқ басып отырғанда, совет адамдарының тұрмыс қажетін өтеуді негізінен жақсарту мәселелерінің ерекше зор маңызы болып отыр. КПСС Орталық Комитеті мен Министрлер Советінің осы жылы март айында қабылдаған қаулысы бойынша таяудағы екі-үш жылдың ішінде халықтың тұрмыс қажетін өтеу жұмыстарын негізінен жақсарту шаралары белгіленді. Бұл қаулы бойынша елімізде халықтың тұрмыс қажетін өтеу жұмыстарының көлемі 1958 жылғы 6,2 миллиард сом орнына 1961 жылы 10,3 миллиард сомға жеткізіледі, тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындарының саны 1958 жылғы 79,6 мың орнына 1961 жылы кемінде 153,3 мыңға жеткізіледі. Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің осы жылғы апрель айында қабылдаған қаулысы бойынша таяудағы екі-үш жылда республикамызда халықтың тұрмыс қажетін өтеуді жақсартуға бағытталған ірі-ірі шаралар белгіленді. Тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындардың саны 1958 жылы 3084 болса, 1959 жылы кемінде 5740 болуға тиіс, ал 1960 жылы 7654-ке, 1961 жылы кемінде 9211-ге жеткізіледі.

Сөз жоқ, қаулыда белгіленген шаралардың орындалуы нәтижесінде еңбекшілердің тұрмыс қажетін өтеу жұмыстары кәзіргіден әлдеқайда жақсара түспек.

Совет халқы партияның, оның лениндік Орталық Комитетінің басылығымен жетіжылдық жоспарды толық іске асыра отырып, ауқатты, мәдениетті, бақытты өмір сүру жолында жаңа зор табыстарға жетеді. Сөйтіп социализмнің капитализмнен артықшылығын дүние жүзі еңбекшілеріне тағы да таныта түседі.

КПСС ХХІ съезінің материалдарын оқып үйрену—кәзіргі айбынды міндет

КПСС ХХІ тарихи съезінің алға қойған негізгі міндеттерінің бірі еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісін күшейте түсу, кадрлардың және барлық коммунистердің идеялық-теориялық даярлығын көтеру болды. Бұл бағытта партия оқуы жүйесінің маңызы зор.

Кәзіргі уақытта партия оқуы жүйесіне марксизм-ленинизмнің кешкі университеттері, экономикалық мектептер, саяси үйірмелер, саяси мектептер және коммунистердің өз бетімен білім алуы кіреді. Партия оқуы жүйесінің жұмысын ұйымдастыруда Қазақстан партия ұйымдары соңғы жылдарда бай тәжірибеге ие болды. Коммунистердің саяси оқуын жолға қою ісіне КПСС ХХ съезінің қарарлары елеулі жаңалықтар енгізді. Жеке адамға табынушылықты, теорияны үйренудегі жаттампаздықты сынау, партияның үгіт-насихат жұмысының өмірмен байланысын күшейту, В. И. Лениннің шығармаларын, съездердің, конференциялардың және КПСС Орталық Комитеті пленумдарының қаулы-қарарларын оқып үйренуге баса көңіл бөлу, халық бұқарасының тарихта атқаратын ролін, қоғамдық дамудың объективтік және субъективтік факторларының сипаты мен маңызын тереңінен талдап түсіндіруге көп жәрдемдесті.

Коммунистердің маркстік-лениндік ілімді үйренудегі еріктілік принципін қайта қалпына келтіріп, кадрларға экономикалық білім беруді кеңінен өрістетудің де партия оқуы жүйесінде үлкен маңызы болды.

Партия оқуының еріктілік принципін қайта қалпына келтірудің арқасында насихатшылардың құрамы жақсарды, теорияны өз бетімен оқып үйренушілердің саны артты, лекцияның, насихаттың, баспасөз арқылы насихат жүргізудің дәрежесі жоғары көтерілді.

Кадрларға экономикалық білім беруді кеңінен өрістету республиканың халық шаруашылығына басшылық ету дәрежесін көтеруге, өндіріс орындарында жұмысшылар мен колхозшылардың еңбегін жақсы ұйымдастыруға себепші болды. Коммунистердің саяси білімін толықтыруда әсіресе КПСС ХХІ съезінің қарарлары мен материалдары ерекше орын алады. Кәзір коммунистердің бәрі съезд материалдарын жан-жақты оқып үйренуде.

Партия оқуы жүйесін съездің документтерін оқып үйренуге көшірместен бұрын республикамыздың партия ұйымдары бір-сыпыра ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Біріншіден, партия оқуы жүйесінің тыңдаушылары мен насихатшылары КПСС ХХІ съезінің материалдарын үйрену жөніндегі оқу жоспарларымен күні ілгері қамтамасыз етілді. Екіншіден, партияның қалалық, аудандық комитеттерінің, ірі-ірі бастауыш партия ұйымдарының жанынан насихатшылардың семинарлары ұйымдастырылды, бұл семинарларда съездің алға қойған теориялық мәселелері жөнінде лекциялар оқылды, тыңдаушылар арасында сабақ өткізу жөнінде методикалық кеңестер берілді.

Партия оқуы жүйесінің жұмысын жолға қоюға, съездің қаулы-қарарларын кеңінен насихаттауға Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті өткізген идеология қызметкерлерінің республикалық кеңесі де үлкен әсер етті.

Съезд материалдарын оқып үйрену ісін ұйымдастыруда саяси-ағарту үйлері мен кабинеттері көп жұмыс атқарды. Мәселен, Алматы қаласындағы Фрунзе аудандық партия комитетінің саяси-ағарту кабинетінде партияның XXI съезі материалдарын оқып үйренуге керекті әдебиеттер мен көрнекі құрал жақсы жинақталған. Насихатшылар мен тыңдаушылардың сұрауларына жауап беріп отыру ісі кабинетте тыңрылықты ұйымдастырылған. Мұнда съездің түйінді мәселелері бойынша әрдайым лекция оқылып тұрады. Жуырда аудандық партия активінің теориялық конференциясы өткізілді, онда социализмнен коммунизмге өтудің заңдылықтары туралы екі баяндама тыңдалды.

Бұл кабинеттің қызметкерлері бастауыш партия ұйымдарына барып, партия оқуы жүйесінің сабағына қатысады, насихатшыларға қолма-қол көмек көрсетеді.

Съезд материалдарын оқып үйренуде кейбір кемшіліктер де жоқ емес. Фрунзе ауданындағы бастауыш партия ұйымдарының жанынан ұйымдастырылған саяси мектептерде, үйірмелерде және теориялық семинарларда өткізілген бірқатар сабақ мынаны көрсетті. Біздіңше Н. С. Хрущев жолдастың КПСС XXI съезіне жасаған баяндамасының негізгі қағидаларын терең түсіну үшін оқушылардың білім дәрежесі, саяси сауаты мүмкіншілік беретін жағдайда марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, атап айтқанда социализм мен коммунизмнің теориялық мәселелеріне тікелей қатысы бар К. Маркстің «Гота программасына сын», В. И. Лениннің «Мемлекет және революция» деген еңбегін қосымша оқу қажет екенін көрсетеді. Насихатшылар бұл еңбектерді кеңінен пайдаланбаған. Мұны біз Қазақ ССР Заң министрлігі бастауыш партия ұйымында өткізілген бір теориялық семинарда байқадық. Бұл сабақта коммунистік қоғамның екі сатысының және социализмнің коммунизмге ұласу заңдылығының теориялық мәселелері нашар талданды. Мәселен, социализм мен коммунизм адамды адам қанау атаулы болмайтын бір қоғамдық-экономикалық құрылыстың екі сатысы екендігі айқын көрсетілмеді.

Социализмнен коммунизмге өту Коммунистік партияның басшылығымен бүкіл халықты коммунистік құрылысқа белсене қатыстыра отырып, социализмнің табыстарын онан әрі жан-жақты дамыту негізінде жүзеге асырылады. Мұны тыңдаушыларға кеңінен түсіндіру — социализм мен коммунизмнің заңдылықтарын дұрыс ұғуға, жетіжылдық жоспарды орындау бағытындағы совет халқының міндеттерін дұрыс түсінуге көмектеседі.

Сонымен қатар социализмнен коммунизмнің артықшылығын, негізгі айырмашылықтарын түсіндіру де қажет. Біздің дамуымыздың түпкі мақсаты — коммунистік қоғам орнату. Коммунизм экономиканың биік сатыға көтеріліп, әбден кемеліне келуін, материалдық игіліктердің мейлінше молаюын, таптардың толық жойылуын, бірыңғай коммунистік меншік орнауын, қала мен деревня арасындағы, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтардың жойылуын, еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесі жоғары болуын, адамдардың сана-сезімі биік сатыға жетіп, еңбекке коммунистше қарап дағдылануын, «әркімнен қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай» деген принципке көшуді көздейді.

Тыңдаушылар бұл мәселелердің маңызын, коммунизмнің артықшылықтарын неғұрлым жақсы түсінсе, олар жетіжылдық жоспардың міндеттерін солғұрлым жақсы ұғынып, онан туатын өзінің өндірістік тапсырмаларын ойдағыдай орындауға қызу жұмылады.

Кейбір үйірмелердің теориялық семинарлардың сабағында СССР-де социализмнің толық, түпкілікті жеңуі туралы мәселеге жеткілікті көңіл бөлінбейді. СССР Құрылыс және архитектура ғылым академиясының Алматы қаласындағы Қазақ филиалының бастауыш партия

ұйымы жанындағы саяси экономия жөніндегі теориялық семинарда бұл мәселе туралы мүлде әңгіме болмады. Дұрысында СССР-де социализмнің толық және түпкілікті жеңуіне байланысты ХХІ съездің жасаған қорытындысының совет адамдары үшін, халықаралық коммунистік қозғалыс үшін, совет халқының Коммунистік партияның басшылығымен қоғамдық өмірдің барлық салаларында қол жеткен тарихи жеңістерін дұрыс түсіну үшін өмірлік маңызы бар екендігін ерекше атап көрсету керек еді.

Саяси мектептерде, үйірмелерде, теориялық семинарларда өткізіліп жүрген сабақтардың тағы бір кемшілігі мынадай: КПСС ХХІ съезінің материалдарын оқып үйрену Қазақстанның жетіжылдықтағы шаруашылық-саяси міндеттерімен, тыңдаушылардың сонан туатын нақты өндірістік және саяси жұмыстарымен тығыз байланыстырылмайды.

В. И. Ленин: «Бүкіл насихат жұмысы шаруашылық құрылыстың саяси тәжірибесіне негізделіп құрылуға тиіс» деп үйретеді (Шығармалар, 31-том, 381-бет). Саяси оқу В. И. Лениннің бұл нұсқауын мүлтіксіз жүзеге асыра отырып, алдағы мақсатқа сай, шаруашылық міндеттерге тығыз байланысты өткізілуі керек.

Теориялық білімді өмірмен байланыстыру кадрлардың теориялық мәселелерді жақсы түсінуіне көмектесумен бірге бүгінгі күннің талаптарын дұрыс ұғынып, практикалық міндеттерді шешудің нақты жолдарын белгілей білуіне, шаруашылыққа басшылық ету дәрежесін көтеруіне көмектеседі. Сондықтан КПСС ХХІ съезінің материалдарын тыңдаушылардың өндірістегі қызметімен, өндіріс орындарының күнделікті жұмысымен тығыз байланыстыра насихаттау қажет.

КПСС ХХІ съезінің материалдарын оқып үйрену — өткінші науқан емес, оны ұзақ уақыт бойы оқып үйренуге тура келеді.

Партия оқуы жүйесінде КПСС тарихын оқып үйрену аса маңызды орын алады. КПСС тарихы — революциялық теория мен практиканы ұштастырудың тамаша үлгісі, марксизм-ленинизм ілімінің жүзеге асуы.

Коммунистік партияның қаһарман тарихын терең зерттеп үйрену кадрларды идея жағынан шындай түседі, оларды саяси күрестің тәжірибесімен, социалистік революцияның теориясымен қаруландырады, империалистік буржуазияның идеологтарына қарсы, марксизм-ленинизмді бұрмалап, халықаралық коммунистік қозғалыстың бірлігіне іріткі салмақ болған ревизионистерге қарсы күреске жұмылдырады.

Коммунистерге саяси білім беруде қоғамның объективтік заңдылықтарын ашып, барлық елде капитализм жойылып, социализм орнайтындығының сөзсіздігін көрсеткен К. Маркс пен В. И. Лениннің экономикалық теориясын оқып үйренуге айырықша көңіл бөлу қажет.

Кадрлардың нақты экономика мәселелерін зерттеп үйрену ісінің де маңызы зор. Бұл оларды өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының түрлі саласындағы практикалық біліммен қаруландырады, халық шаруашылығына неғұрлым нақты басшылық жасауына, еңбек өнімділігін арттырудың тиімді әдістерін табуына көмектеседі.

Партия оқуының негізгі міндеттерінің бірі — маркстік-лениндік философияны насихаттау. Маркстік-лениндік философия — Коммунистік партия саясатының теориялық негізі.

Философия коммунистерге жаратылыс пен қоғамның даму заңдары жөнінде теориялық білім береді, оларды дүниені танудың және оны революциялық жолмен қайта құрудың диалектикалық методымен қаруландырады.

Коммунистерге саяси білім беруде саяси мектептер маңызды орын алып келеді. Бастауыш саяси білім алуға мұқтаж кейбір коммунистердің талабын еске ала отырып, саяси мектептерді алдағы уақытта да сақтап қалуға тура келеді. Саяси мектептердің оқу жоспарын кәзіргі

кездің талаптарына бейімдеп, оларда марксизм-ленинизм негіздері жөніндегі үйірмелерде оқи алатын адамдар дайындап шығару керек.

Партия оқуы жүйесінде сабақтың теориялық дәрежесі, оның идеялық мазмұны түгелінен насихатшылар кадрына, олардың теориялық, методикалық әзірлігіне байланысты. Сонымен қатар насихат жұмысына жетекші партия, совет қызметкерлерін, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының мамандарын үздіксіз пайдаланып отыру жақсы нәтиже беретінін тәжірибе растайды. Бұған алдағы уақытта да ерекше назар аударған жөн. Әсіресе теориялық семинарлар мен конференциялардың жетекшілер құрамын жақсартуға түсу қажет.

Насихатшылар күшін дұрыс орналастырумен қатар партия комитеттерінің жанындағы насихатшылардың үнемі қызмет етіп тұратын семинарларының жұмысын күшейтуге түсу қажет екенін көріп отырмыз. Насихатшы қаншама білімді, қаншама тәжірибелі болса да ол өзінің білімін үнемі көтеріп отырмай, насихат жұмысын нәтижелі жүргізбейді. Насихатшылардың теориялық және методологиялық даярлығын үздіксіз көтеріп отыру — партия оқуы жұмысының ойдағыдай жүргізілуінің басты шарты.

Партия оқуын ұйымдастыру жұмысын қамтамасыз етудің тағы бір маңызды шарты — тыңдаушылардың білім дәрежесін есепке ала отырып, оларды үйірмеге дұрыс бөлу. Алматы қаласындағы Геология басқармасының партия ұйымы жанындағы маркстік-лениндік философияның негіздері жөніндегі үйірменің тыңдаушылары жақсы құрастырылған. Мұндағы тыңдаушылардың білім дәрежесі біркелкі. Олар бұрын КПСС тарихы және саяси экономия үйірмелерінде оқыған. Тыңдаушылардың білім дәрежесінің шамалас болуы насихатшы Проскурин жолдасқа үйірменің жұмысын тыңғылықты ұйымдастырып, жақсы жүргізуге мүмкіндік берген. Ал Алматыдағы № 1 құрылыс басқармасының партия ұйымы жанындағы КПСС тарихы үйірмесінің жағдайы мүлде басқаша. Мұнда тыңдаушылардың білім дәрежесі әртүрлі, сондықтан КПСС тарихының теориялық мәселелерін, марксизм-ленинизм классиктерін оқыған да кейбір тыңдаушылар көп қиыншылық көреді.

Мысал үшін үйірменің осы жылы 16 февральда өткен сабағын алып қарайық. Сабақ селқостау өтті, насихатшының «Большевиктер партиясы Ұлы Октябрь социалистік революциясының ұйымдастырушысы және дем берушісі» деген тақырып бойынша қойған сұрақтарына тыңдаушылардың еш қайсысы көңілдегідей жауап бере алмады.

Партия оқуы жүйесін онан әрі жетілдіре беру — коммунистерге маркстік-лениндік тәрбие беру, КПСС тарихы ХХІ съезінің материалдарын оқып үйрену міндеттерін ойдағыдай шешудің негізгі шарттарының бірі. Бұған кәзір қай жерде де толық жағдай бар. Міндет бұл жұмысты ойдағыдай ұйымдастыра білуде.

Ж. ЫБРАЕВ.

Лекциялық насихатты жақсарту берейік

КПСС XXI съезі еліміздің халық шаруашылығын мықтап өркендетудің жетіжылдық жоспарын қабылдап, елімізде коммунистік қоғам орнатудың нақты программасын белгіледі.

Съезд ерекше көңіл бөлген мәселенің бірі — халыққа коммунистік тәрбие беру мәселесі. Кәзір коммунистік қоғамның жан-жақты дамыған, мәдениетті, өнерлі адамдарын онан әрі тәрбиелеу міндеттері күн тәртібіне қойылып отыр. Әсіресе жас өренді коммунизм рухында тәрбиелеу, капитализмнің адам санасындағы сарқыншақтарына қарсы күрес, буржуазиялық идеологияның ықпалына қарсы аяусыз күрес жүргізу мәселелеріне ерекше назар аударыла түседі.

Осындай келелі міндеттерді іске асыруда лекциялық насихаттың маңызы зор. Лекциялық насихат — идеологиялық жұмыстың маңызды саласы. Ол еңбекшілерге марксизм-ленинизм идеясын жеткізіп, коммунистік партия мен Совет үкіметінің саясатын түсіндіруде, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде, олардың творчестволық ынта-жігері мен белсенділігін арттыруда үлкен роль атқарады.

Қызылорда облысының партия ұйымдары партияның XXI съезі материалдарын кең насихаттау ісін қолға алды. Н. С. Хрущев жолдастың жетіжылдық жоспар туралы баяндамасының тезисі жарияланған күннен бастап партия ұйымдары нақты шаралар белгіледі. Съездің шешімдеріне арналып насихатшылар мен лекторлардың жетікүндік семинары өткізілді. Семинарда «СССР халық шаруашылығы жетіжылдықта», «Қазақстан алдағы жетіжылдықта», «Қызылорда облысының экономикасы мен мәдениеті жетіжылдықта», «Жетіжылдық және ұлт мәселесі», «Жетіжылдық және идеологиялық жұмыстардың міндеттері» деген тақырыптарға лекция оқылды. Лекцияны облыстық партия комитетінің секретарьлары, бөлім меңгерушілері, лекторлары, педагогикалық институттың оқытушылары оқыды. Сондай-ақ облыстық партия комитетінде лекторлардың үшкүндік семинары, барлық аудандарда насихатшылар мен лекторлардың екікүндік семинары ұйымдастырылды.

Съезд материалдарын насихаттауда Арал аудандық және Қызылорда қалалық партия ұйымдары едәуір жұмыс істеді. Мысалы, Арал ауданында КПСС XXI съезіне арналып 467 лекция оқылды, оған 25 мың адам қатысты. Арал ауданындағы Сексеуіл станциясының бастауыш партия ұйымы лекциялық насихатты жақсы жолға қойған. Мұнда лекторлар тобы құрылған. Олар әрбір екі айға лекциялық насихаттың жоспарын жасайды. Жоспар әрдайым партия бюросында талқыланып беріледі. Лекторлардың бәрі лекциялық жұмысқа белсене қатысады. Мысалы, паровоз депосының бастығы лектор Айтмағамбетов, байланыс бөлімінің бастығы Чайко, дәрігерлер Әрсманова, Балағанов, Ғалиев, Нұрманов, Балғабеков жолдастардың лекциясын жұртшылық ынтамен тыңдайды.

Қызылорда қалалық партия комитеті де съезд материалдарын кең насихаттап келеді. Мұнда кәзір 47 лектор, 165 баяндамашы қызмет етеді. Олар жүздеген лекция оқыды. Қалада бұларға қоса съезд шешімдерін 2,5 мың үгітші түсіндіреді. Он үш өнеркәсіп орнында үгітшілер мектебі жұмыс істейді. Үгітшілер XXI съездің тарихи шешімдерін, Н. С. Хрущев жолдастың съезде жасаған баяндамасы мен қорытынды

сөзін, съезде белгіленген теориялық қағидалар мен практикалық міндеттерді кең насихаттап жүр.

Съезд шешімдерін насихаттауда саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесі мен облыстық комсомол комитеті де бірсыпыра жұмыс істеді. Бөлімше съезд материалдарына арнап 355 лекция өткізді, оның 270-і қазақ тілінде оқылды. Март айының бас кезінде облыстық бөлімшенің II пленумы болып өтті, онда съезд шешімдерін насихаттау міндеттері туралы арнаулы мәселе талқыланып, нақты шаралар белгіленді. Пленумнан кейін облыстың колхоздары мен совхоздарына 23 қоғам мүшесі лекция оқуға жіберілді. Сол сияқты барлық ауданда қоғам мүшелерінің жалпы жиналысы өткізіліп, XXI съезд материалдарын насихаттауды бұрынғыдан жақсарту түсудің жолы белгіленді.

Дегенмен, қоғамның облыстық бөлімшесі (жауапты секретары А. Бекпембетов жолдас) съезд шешімдерін насихаттауда бүгінгі күннің талабынан артта қалып отыр. Бір мыңнан астам қоғам мүшесінің тең жартысы лекция оқуға қатыспайды. Қоғамның Қармақшы, Жалағаш аудандық бөлімшелері съезд материалдарына арнап апрель айына дейін 10 — 12 лекция ғана оқыды. Лекторлардың селолық 59 тобының тек сегіз тобында ғана іс жоспары бар. Сырдария ауданындағы сегіз селолық топ әлі өзінің жұмысын бастаған жоқ. Штаттан тыс көптеген лекторлары бар облыстық комсомол комитетінде де, кәсіподақтардың облыстық Советінде де жағдай мәз емес.

XXI съезд материалдарын насихаттаудағы басты кемшілік лекцияның тақырыбы аз болып келгендігінде. Идеология мәселесі жөніндегі республикалық кеңесте бізде оқылған лекциялардың 40 проценті бір ғана тақырыпқа арналғандығы өте дұрыс сыналды.

Осындай кемшіліктерді ескере отырып, облыс партия ұйымдары лекциялық насихатты жақсартты, әсіресе оның тақырыбын молайтып, сапасын арттыра түсу ісіне ерекше көңіл бөлуде. Арал, Қазалы және Шиелі аудандық партия комитеттері бұл мәселені шұғыл қолға алды. Бұлар дүркін-дүркін штаттан тыс лекторлардың семинарын өткізді, аудандық партия комитеттерінің бюросында лекциялық насихатты жақсарту туралы әдейі мәселе қарады.

Облысымызда лекциялық насихатқа партия комитеттерінің 367 штаттан тыс лекторы, 966 қоғам мүшесі қатысады. Бұл үлкен күш. Лекторлардың көпшілігі лекция оқуға машыктанып алған тәжірибелі адамдар. Мысалы, облыстық партия комитетінің штаттан тыс лекторлары Ривлин, Когут, Қиреев, Бейсенов, Зулхарбаев жолдастардың лекцияларын жұртшылық зор ықыласпен тындайды. Бізде лекциялық насихатқа қатардағы колхозшылар мен жұмысшылар да тартылған. Кәзір 23 шопан, 17 сауыншы, 8 бригадир, 12 өнеркәсіп озаттары лекция оқып жүр. Мысалы, СССР Жоғарғы Советінің депутаты Социалистік Еңбек Ері Сырдария ауданындағы «Бірінші май» колхозының аға шопаны Айша Менлібаева аудан малшыларының арасында өзінің жұмыс тәжірибесі туралы үнемі лекция оқып келеді. Осы ауданның атақты сауыншысы Күлжан Әуезова да бұл іске белсене қатынасады. Ол өткен жылы аудан колхоздарында «Сырдан сүтті мол алу тәжірибесі» деген тақырыпта бес дүркін баяндама жасады. Егіс бригадирі К. Өмірбаев, Пак Чен Ир, Жұмашев, шопан Көкиев тағы басқа жолдастар да лекциялық жұмысқа белсене араласады.

Лекциялық насихаттың бөлінбес бір саласы — ғылыми-атеистік насихат. Партия ұйымдары еңбекшілер арасында ғылыми-атеистік насихатты жақсартуда бірсыпыра жұмыстар істеді. Бұл іс Жаңақорған ауданында бірқыдыру тәуір. Ауданда лекторлардың атеистік тобы құрылған, олармен тоқсан сайын нұсқау-семинар өткізіліп тұрады. Мәселен, соңғы бір семинарда «Ғылыми-атеистік насихатты өмірмен байланысты-

ру», «Біздің аудандағы ғылыми-атеистік насихат» деген т. б. тақырыптарға баяндама жасалды. Ғылыми-атеистік насихат Терекөзек ауданында да біраз жақсарды. Аудандағы орта мектептерде, кейбір колхоздарда, мекемелерде атеист-лекторлардың арнаулы тобы құрылған.

Алайда еңбекшілер арасында ғылыми-атеистік тақырыпқа лекция оқу ісі барлық жерде бірдей бүгінгі күннің өскелең талабына сай болмай келеді. Жөндеу-техника станцияларында, колхоздарда, совхоздарда, кәсіпорындарда бұл тақырыпқа лекция аз оқылмайды. Әңгіме лекцияның сапасында, өмірмен байланыстылығында, жергілікті фактілер мен мысалдарға құрылуында болып отыр. Айталық, Шыңғалиев, Кішенов, Баянов тағы бірқатар жолдастар лекцияны көп оқиды. Бірақ өздері лекция жазып қиналмайды, ескірген кітапшадан сыдыртып оқып шығады. Сондықтан олардың лекциялары өмірмен байланысты болмайды, сүреңсіз өтеді. Ғылыми-атеистік тақырыпқа лекция оқу жайы Сырдария ауданында да мәз емес. Мұнда лекцияларға талдау жасалмайды, талқыланбайды. Атеистік насихат жұмысына лекторлар өте аз қатысады. Бұл ауданда химия, биология, астрономия, физика пәндерін оқытатын 150-дей мұғалім, көптеген дәрігер, ауыл шаруашылығы маманы бола тұрса да ғылыми-атеистік насихатқа небәрі 8-ақ адам қатысады. Бұл арада мынадай бір сорақы фактіні айтпасақ болмайды. Ауданның кейбір лекторлары (КПСС мүшесі Еділов) атеистік тақырыпқа лекция оқи тұра, діншілдердің ықпалына түсіп, олардың мешіт салуына жәрдемдескен.

Лекциялық насихаттың бұл саласында саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесі, облыстық комсомол комитеті, мәдени-ағарту орындары пәрменді жұмыс істей алмай келеді. Бұған мынадай мысал келтірсек те жеткілікті. Облыстық бөлімшенің барлық оқыған лекциясының 5 проценті ғана ғылыми-атеистік тақырыпқа арналған. Дәрігерлердің, мұғалімдердің басым көпшілігі қоғам мүшесі емес. Мұндай жағдайда молдалардың, бәлгерлердің, бақсылардың бас көтеретіні даусыз. Мысалы, кейбір колхоздарда «ас беру», қалың мал алу ісі әлі жойылған жоқ. Кейде бұған коммунистер де араласады. Өткен жылы Терекөзек ауданының «Ақарық» колхозында 14 рет «ас берілді», 2 рет «тасаттық берілді». Әлде де болса кейбір «қасиетті» жерлерге түнейтін, діни соқыр сенімнің жетегінде жүрген адамдар да кездеседі.

Облыстық партия комитеті ғылыми-атеистік насихаттың барысын бюрода талқылап, барлық бастауыш партия ұйымдарына арнаулы хат жолдады. Партия, комсомол ұйымдары дінге қарсы насихатты дер кезінде күшейтіп, тәрбие жұмысын жақсартуға түсетін болса, мұндай ересен олқылыққа жол берілмеген болар еді.

Лекциялық насихаттың дәрежесі оның санына емес, сапасына, түсінікті, тартымды, әсерлі және өмірмен тығыз байланысты болуына байланысты. Бірақ бұл міндетті түсінбей, әсіресе ақылы лекцияны кез келген тақырыпқа оқи беретін адамдар да жоқ емес. Мұндай лекторлар әдетте лекцияға жақсы дайындалмайды, өмірді білмейді, лекцияның сапасынан гөрі санына көп көңіл бөледі. Мысалы, бізде қоғам мүшесі Дарханов пен Сейдалиев жолдастар 8—10 тақырыпқа лекция оқи береді.

Лекциялық насихатты барынша жақсарту — партия ұйымдарының маңызды міндеті. Қызылорда облысының партия, комсомол ұйымдары, мәдени-ағарту мекемелері бұл міндетті абыроймен орындауға жұмылуда.

Б. ӨСЕРБАЕВ,

Қазақстан КП Қызылорда облыстық
комитетінің лекторлар тобының
жетекшісі,

Оқу өмірмен тығыз ұштастырылсын

А. БІСҚАҚОВ,

Қазақ ССР Оқу министрлігі педагогикалық ғылым институтының директоры

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезі совет мектебінің өткен дәуірлердегі тарихы мен тәжірибесінде көптеген жетістіктері болғанын атап көрсетумен қатар, оның жұмысы социалистік қоғамымыздың кәзіргі өсу, даму тілектеріне толық жауап бере алмайтынын арнайы көрсетті. Сонымен бірге съезд мектептің жұмысын еліміздің халық шаруашылығы мен мәдениетінің бүгін таңдағы және келешектегі талаптарына сай қайта құру қажет деп тапты.

КПСС ХХІ съезінің талаптарына сәйкес Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советі, одақтас республикалардың Жоғарғы Советтері мектептің өмірмен байланысын нығайту туралы және халыққа білім беру жүйесін онан әрі жетілдіре беру туралы Заңдар қабылдады. Мұндай Заңды Қазақ ССР Жоғарғы Советі де қабылдады.

Заңды жүзеге асыруға байланысты партия, совет ұйымдары мен халық ағарту орындарының алдында көптеген ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу міндеттері тұр. Сондай-ақ мектептің әр түрінде өтілетін оқудың мазмұнын, берілетін білім көлемін анықтау, оқу жоспарлары мен программаларын жасау, оқулықтар мен оқу құралдарын және әралуан методикалық нұсқаулар жасап беру мәселелері жөнінде педагогикалық ғылыми-зерттеу мекемелерінің де атқаратыны көп.

Мектепті коммунистік құрылыстың міндеттеріне сай қайта құруда партия мен үкімет ұлы көсеміміз В. И. Лениннің оқуды өнімді еңбекпен ұштастыру жөніндегі нұсқауын арқау етеді. «Оқуды жас ұрпақтың өнімді еңбегімен байланыстырмайынша, — деп көрсетті В. И. Ленин, — болашақ қоғамның мақсатын ұғынуға болмайды: өнімді еңбексіз оқу, білім алу ісін де, оқу мен білім алу қатар жүрмейінше өнімді еңбек ету ісін де, техниканың осы кездегі дәрежесі мен ғылыми білімнің кәзіргі күйі талап етіп отырған сатыға көтеруге болмас еді» (Шығармалар, 2-том, 522-бет).

Партиямыздың ХХ съезінде совет мектебінің жұмысында елеулі кемшілік барлығы, оқудың өмірден қол үзіп келе жатқаны көрсетіліп, оларды жоюға батыл шаралар қолданылуы қажет екені, бұл үшін оқу мен қоғамдық-пайдалы еңбектің арасында мейлінше тығыз байланыстың болуы керек екені ескертілді.

Біздің мектептеріміз соңғы кезде оқушыларды қоғамдық өнімді еңбекке баулу жөнінде біраз тәжірибеге кенелді.

Республикамыздың ауыл шаруашылығында, құрылысында, оқу-тәжірибе шаруашылықтарында көптеген оқу-өндірістік бригадалары ұйымдастырылды. Тек 1958 жылдың өзінде ғана комплексті және арнаулы 2048 оқу-өндірістік бригада жұмыс істеді, оларда 95 мыңнан астам оқушы болды.

Жамбыл облысында оқушылар бригадаларының мүшелері 1958 жылы өздері еккен егіннен 155,8 мың центнер қызылша, 11,7 мың центнер жүгері, 1 230 центнер картоп алып, 7 488 тонна шөп дайындады, оқушылар бригадалары орта есеппен гектарынан 300 центнердей қант

қызылшасын жинады. Ал сол облыстары В. И. Ленин атындағы мектептің оқушылар бригадасы 15 гектар кант қызылшасының әрбір гектарынан 513 центнерден өнім алған.

Қостанай облысы мектептерінің оқушылар бригадаларында оқу мен өнімді еңбек ұштасуының нәтижесінде 195 шофер, 139 тракторшы, 55 комбайншы, 83 штурвальшы, 247 сауыншы, қойшы және бақташы, 98 үй салушы маман (кірпіш қалаушы, үй сылаушы, балташы т. т.) жұмысшылар даярланды.

Мектеп оқушыларынан құрылған кейбір оқу-өндірістік бригадалары тамаша еңбек өнегесін көрсетіп жүр. Батыс Қазақстан облысы, Приурал ауданындағы Краснов мектебі оқушыларының механикаландырылған бригадасы 370 гектар бидай егісінен мол өнім алып, қазақстандық миллиард есебіне 44 400 пұт астық қосты.

Павлодар облысы, Ефремовка орта мектебінің жанындағы оқу-тәжірибе шаруашылығы 100 гектар жерді өңдеп, бидайдың гектарынан 18 центнерден өнім алған. Осы мектепте оқушылардан 13 тракторшы, 2 комбайншы, 12 тіркеуші даярланған. Оқушылардың тәжірибе шаруашылығында үй қоянын және құс өсіретін екі ферма бар. Олар мемлекетке жыл сайын жүздеген үй қояны мен құс тапсырып отырмақ.

Солтүстік Қазақстан облысының оқушылар бригадалары мен звенолары жүгеріден жоғары өнім алып жүр. Мысалы, Октябрь мектебінің оқушылар бригадасы 50 гектар жүгері егісінің әрбір гектарынан 560 центнерден көк шөп жинаған. Осы мектеп оқушыларынан құралған бір звено колхоздың жеміс бағының күтімін тұтасымен өз міндетіне алған.

Алматы облысы «Вторая пятилетка» колхозындағы № 76 орта мектептің бригадасы колхоздың ұйғаруы бойынша өз алдына дербес бригада болып жұмыс істеп жүр. Бұл бригада биыл колхозға бір миллион сом табыс түсірмек болып міндеттеме алып отыр. Осы бригаданың ерте еккен жемістері апрельдің екінші жартысында-ақ Алматының дүкендеріне түсе бастады.

Сонымен, бұл тәжірибелерден мынадай қорытынды шығаруға болады. Механикаландырылған оқу-тәжірибе бригадасы, біріншіден, оқушыларды ауыл шаруашылығындағы қоғамдық-пайдалы еңбекке қосудың негізгі түрі бола алатынына айғақ болса, екіншіден, политехникалық және өндірістік оқуды жүзеге асырудың да негізгі түрі бола алатынын дәлелдейді.

Оқушылар бригадасы техникамен ойдағыдай жабдықталған күнде, демек, тиісті дақылдың күтім-жетімін машинамен жүргізерліктей жағдай туғанда бригадада басы артық күш болуы сөзсіз. Ол уақытта бригада мүшелері тікелей ересек колхозшылардың бригадаларына қосылып, басқа қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатыса алады. Айталық, жазғы шөп шабу кезінде оқушылар бригадасының механизаторларынан жастар агрегатын ұйымдастырып, оған шөп шабатын белгілі учаске беруге болады. Егер дәнді дақылдарды жинау кезінде де өз учаскелеріндегі жұмыс кем соғып, барлық оқушылар түгел істерліктей жұмыс болмаған күнде, оқушылардан үлкендердің бригадаларына бау-бакша жемістерін жинау, жемшөп сүрлеу, дәнді дақылдарды жинау сияқты жұмыстарға кісілер бөлуге болады.

Бірақ оқушыларды үлкендердің бригадаларына қосқанда, істелетін жұмыс программа талаптарына сай келерліктей нысаналы болуға тиіс. Бұл талап комплексті бригада емес, арнаулы бригада ұйымдастырылатын мектептерде қатты қадағалануы керек.

Механикаландырылған оқу-өндірістік бригадаларын ұйымдастыру политехникалық оқуды да, өндірістік оқуды да (бір я бірнеше саласын қамти) толық жүзеге асыруға мүмкіншілік береді. Егер оқу-өндірістік бригадасының базасы белгілібір мамандыққа үйретіп шығара ал-

майтындай болса, бұл іс тікелей колхоздағы я совхоздағы бригадада немесе жөндеу-техника станциясының базасында жүргізілуі қажет.

Кілең оқушылардан дербес өндірістік-құрылыс бригадаларын ұйымдастыру да жақсы нәтиже беріп жүр. Ондай бригадалар үйдің іргесін қалаудан бастап бүкіл үйді безендіруге дейінгі үй салудың барлық жұмыстарын істей алатыны анықталып отыр.

Мектеп пен кәсіпорында неғұрлым берік ынтымақ болса, өндірістік оқу мен өнімді еңбекті ұйымдастыру да солғұрлым нәтижелі болып шығатыны даусыз. Мысалы, Қарағандыдағы № 8 орта мектептің оқушыларына Пархоменко атындағы заводтың цехтары үлкен жағдай жасап, едәуір көмек көрсетуде. Соңғы жылдары бұл мектепті бітірген жастар кәмелеттік аттестат алумен қоса белгілі бір мамандықты да меңгеріп шығып жүр.

Дәл осындай жақсы нәтижелерді басқа да мектептер мен кәсіпорындардың тәжірибесінен байқауға болады. Алматыдағы № 16 орта мектептің оқушылары «XX лет Октября» заводында өндірістік тәжірибеде жиі-жиі болады. Осы мектепті 1958 жылы бітіргендердің ішінен 102 оқушыға кәмелеттік аттестатпен бірге токарь, слесарь және басқа сондай мамандықтардың куәліктері қоса тапсырылды.

Өндірістік оқуды ұйымдастырудың түрлері кәсіпорынның жағдайына қарай, кәсіпорындар мен мектеп басшыларының творчестволық тапқырлығына және іскерлігіне қарай әралуан болуы мүмкін. Ал кәзіргі тәжірибелер мен пікірлерді ескергенімізде, өндірістік оқу мен өнімді еңбекті ретіне қарай, оқушыларды бригада-бригадаға бөліп те, топ-топқа бөліп те, жеке-жеке жіберіп те ұйымдастыруға әбден болады деп ойлаймыз.

Оқушылардың дербес бригадасын ұйымдастыру — құба-құп та, сонымен бірге аса күрделі де іс, өйткені бригадаға белгілі құрал-сайман бекітіп берілуі керек; ол өзіне бекітілген құрал-сайманның күтім-жайына жауапты болады; бригада өзіне берілген жоспардың орындалуын қамтамасыз етуге тиіс т. б. Әрине, мұндай бригаданы оқушылар үшін өз алдына жеке оқу цехын бөліп берген кәсіпорындарда ғана ұйымдастырған пайдалы.

Ал оқушыларды топ-топқа я звено-звеноға бөліп, ересек жұмысшылардың бригадаларына араластырып, өнімді еңбекке қосу дербес бригада құрудан гөрі анағұрлым жеңіл болатыны сөзсіз. Бірақ оқушылардың еңбегін осылай ұйымдастырып та, олардың ұсақ жұмыстарға («ананы істей қой, мынаны істей қой» деген сияқты) пайдаланылмай, белгілі бір мамандықты меңгеріп шығарлықтай жұмыстарда болуын қамтамасыз ету керек. Мұнда өндірістік оқуды жүргізетін инженерлер мен мастерлердің дұрыс басшылық жасауының және оқушылармен бірге істейтін жұмысшылардың коммунистік саналылығының жоғары болуының маңызы үлкен.

Бастапқы кезде өндірістік оқудың өте-мөте кең қолданылатын түрі жеке-дара шәкірттік болуы жөн. Әрбір кәсіпорын, Алматыдағы № 21 темір жол мектебіндегі сияқты, оқушыларға белгілі жұмыс орнын бекітіп беріп, оларды үйрету үшін маман жұмысшы бөлуге тиісті. Бұл мектептің оқушылары паровоз депосында істейді. Мұнда оқушыларға жұмыс орындары бөлінген де, олардың әрқайсысы тәжірибелі жұмысшыға бекітіліп қойылған. 1958 жылы осы мектепті бітірген 15 оқушы тиісті мамандық алу үшін байқау сынағынан өтті. Олардың 10-на үшінші разрядты токарь деген, төртеуіне бесінші разрядты токарь деген мамандық берілді.

Әрбір кәсіпорын оқушылардың өндірістік оқуы мен өнімді еңбегі үшін қолайлы жағдай жасалуын қамтамасыз ететініне шек келтіруге болмайды. Өйткені бұл мәселе Қазақ ССР Жоғарғы Советі бекіткен Заңда да әдейі ескерілген.

Оқушылардың өнімді еңбекпен шұғылдануы, олардың жалпы білім дәрежесінің артуына жәрдемші болады. Өйткені жас өспірімдердің алатын білімі өмірмен тығыз байланыстырылмақ. Оқушылар ғылымның көптеген қағидалары мен заңдарын тікелей практикадан көріп отырады. Сондықтан олардың алған білімі тұрақты да, терең де болмақ.

Мектептің өмірмен байланысын нығайту туралы және халыққа білім беру жүйесін онан әрі дамыта беру туралы Заңда көрсетілгендей, мектеп жастарды білім негіздерін жақсы білетін, сонымен бірге, дене еңбегін қажымай істей алатын, қоғамға қажетті бұйым-зат жасап шығара алатын «сегіз қырлы, бір сырлы», табанды, мәдениетті кадр етіп даярлау міндетін балалардың ең алғаш мектепке келген жылынан бастап жүзеге асыра бастауға тиіс. Ашығырақ айтқанда, мектеп балаларды бірінші оқу жылынан бастап еңбекке әзірлеуге тиіс. Мектеп балаларды I кластан бастап еңбекке психологиялық жағынан да, практикалық жағынан да даярлауға міндетті. Бұл еңбек алғашқы кезде әркімнің өз жеке басын күтіп, қарауынан, мектептің гүл бакшасында, оқу-тәжірибе учаскесінде, хайуанаттар мүйісінде істеуінен және басқа да сол сияқты ұсақ істерден басталады. Бұдан әрі оқушылардың жыл санап есейіп, бойы өсуіне қарай жұмыс түрлері де бірте-бірте күрделеніп, оқушылардың еңбек қаракетінің өрісі де біртіндеп кеңейе бермек, яғни олар әуелі өз класында, өз звеносында еңбек етуден бастап, одан әрі бірте-бірте заводта, фабрикада, колхозда, совхозда нағыз өнімді еңбек істеу дәрежесіне дейін көтеріледі.

Сегізжылдық мектепте балаларды өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында болатын әралуан еңбек түрлерімен таныстыру қажет. Экскурсия, серуен арқылы көргендерінен балалардың политехникалық ой-өрісі мен дүние тану шеңбері ұлғая түседі де, олардың болашақта қандай мамандықты тандап алу мүмкіншілігі молаяды.

Төменгі кластардың шәкірттерін осылайша әзірлеп алмайынша, орта мектептің жоғарғы кластарының оқушыларын белгілі мамандыққа үйрету мәселесі ойдағыдай шешілмейтінін тәжірибе көрсетуде. I—7 кластарда (немесе келешектегі I—8 кластарда) оқыған, белгілі бір жүйе бойынша азды-көпті еңбекке шыныққан, қажетінше политехникалық білім алған, еңбекке психологиялық жағынан әзірленген оқушылар өндірістік оқу жүретін II жылдық политехникалық мектептің жоғарғы кластарында өнімді еңбекке анағұрлым саналы қарайды, өздері мектепте және өндірісте үйренген мамандықтарының ішінен қайсысын ұстау керек екенін ойланып барып тоқтамға келеді.

Орта мектептің жоғарғы кластарында жалпы және политехникалық білімді арнаулы мамандық беретін оқумен ұштастырудың қажеттігі оқушыларды қоғамдық-пайдалы еңбекке әзірлеудің талаптарынан туып отыр. Өйткені орта мектепті бітірген жастарды оқуды бітірісімен дереу өндірістегі жұмысқа қосу деген сөз — жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың қатарына жылма-жыл әлденеше мыңдаған жаңа соны күш келіп қосылады деген сөз.

Арнаулы мамандық беретін кәсіптік оқудың арқасында шәкірттердің еңбегі маманданған еңбектің дәрежесіне жетумен бірге шын мәніндегі өнімді еңбекке айналады. Егер оқушылар өздері істейтін саланың барлық тетігін меңгеріп шықпаса, ол сол жұмыстың маманы да бола алмайды; ендеше ол өз еңбегінен жақсы нәтиже де шығара алмайды.

Оқуды өнімді еңбекпен ұластыру мәселесін жүзеге асыру жуықтағы бірнеше жыл бойында қыруар қиыншылықтарды жеңумен байланысты. Политехникалық және кәсіптік оқуға материалдық негіз жасаудың қиыншылықтарын жеңумен қатар, мектептер нақты жағдайға

қарай оқушыларды қоғамдық өнімді еңбекке қосудың орайлы түрлерін де таба білуге тиіс.

Оқушылардың оқу-өндірістік бригадаларының, оқу-тәрбие шаруашылықтарының оқуды өнімді еңбекпен байланыстыруда маңызды орын алатыны күмәнсіз. Бірақ бұдан былай ондай бригадалар бұрынғыдай өз еркімен ұйымдасатын оқушылардан ғана құралмайды; енді 9—11 кластардың барлық оқушылары ондай бригадалардың құрамында міндетті түрде еңбек етуге тиісті және олардың еңбегі орта мектептің оқу жоспарына қайткенде де сәйкес болуға тиісті. Оқушыларды қоғамдық өнімді еңбекке тартудың басқа да қолайлы, тиімді түрлерін іздестіруіміз керек және іздестіруге міндеттіміз.

Сөйтіп, мектептегі бүкіл тәрбие жұмысының негізі де, арқауы да балаларды еңбекке, ең алдымен дене еңбегіне тәрбиелеу. Әрбір бала үйде де, түзде де өзінің жеке басын қарау, күту сияқты еңбектің әрі ұсақ, әрі жеңіл түрлерінен бастап өнімді еңбекке қатысуға дейін сатылап өсетін болуы керек. Осы жолда жастар пролетарлық интернационализм мен советтік патриотизм рухында тәрбиеленуі қажет. Олар қандай да болсын қиыншылықты жеңіп шығатындай, батыл, табанды болумен бірге ілтипатты, ықыласты, кішіпейіл болуы керек.

Заңда балаларға эстетикалық тәрбие беру мәселесіне де ерекше назар аударылған. Бұл мәселе аса маңызды мәселе екені жұртқа аян. Бірақ эстетикалық тәрбие тек ән, би, музыка, көркем әдебиет, сурет, мүсін арқылы ғана емес, күнделікті үй тұрмысындағы ұсақ-түйектен бастап, еңбек нәтижесінде туатын ірілі-ұсақты бұйым-заттардың ұнамды, әдемі болып шығуына дейінгі барлық еңбек, іздену арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан балаларға эстетикалық тәрбие беру ісіне үйде де, өндірісте де, мектепте де, клубта да үнемі көңіл бөлінгені жөн. Эстетикалық тәрбиенің қазығы да қоғамға пайдалы еңбек болуға тиісті. Демек, эстетикалық тәрбиенің өзі де еңбекке жетектеп, еңбекке тәрбиелейтін болуы керек.

Халыққа білім беру жүйесін қайта құру ісі қысқа мерзімді науқан емес. Бұл шара мектептің оқу жоспарының, оқу программасының, материалдық базасының әзірлігіне қарай бірте-бірте жүзеге асырылмақ. Бірақ бұдан мектептер тек осындай жағдай жасалғанда ғана іске кіріседі деген ұғым тұмайды. Кәзірден бастап осы күнге дейінгі жақсы тәжірибелерді еске ала отырып, жер-жердегі барлық мүмкіншіліктерді пайдалану арқылы оқуды өнімді еңбекпен ұштастыру шараларын Заңға сәйкес жүзеге асыруға шұғыл кіріскен мақұл.

Халық ағарту жұмысын қайта құру мәселесі педагогикалық ғылымның алдына да келелі міндеттер қойып отыр. Сол міндеттерді ақтауда біздің республикадағы педагогикалық институттар мен педагогикалық ғылымның ғылыми-зерттеу институты көптеген жұмыс істеуге тиіс. Олар балаларды еңбекке тәрбиелеу, оқуды өнімді еңбекпен ұштастырудың тиімді жолдарын іздестіру тәрізді түйінді мәселелер жөнінде ғылыми жұмыс жүргізуге міндетті. Бұл орындар өздерінің ғылыми-зерттеу жұмысын тікелей мектепке жақындатып, озық мектептер мен мұғалімдердің ұсыныстарын, әдістерін жинақтап, оларды көпшілікке тарата білуі керек.

Совет мектебі өзінің алдында тұрған жауапты әрі құрметті міндетті — жас ұрпақты коммунизм заманына сай етіп тәрбиелеу міндетін ойдағыдай орындап шығады. Бұған Коммунистік партияның ұлы қамқорлығы, КПСС ХХІ съезінің тарихи нұсқаулары кепіл.

Югославия қайда кетіп барады?

А. МАЛКОВ,

тарих ғылымының кандидаты

Екінші дүниежүзілік соғыс тұсында Югославия халқы Совет Одағы мен басқа да социалистік елдер еңбекшілерінің қолма-қол көмегі арқасында өз жерінен фашист басқыншыларды қуып шығып, халықтық-демократиялық революция жасады, король билеген көне мемлекеттік тәртіпті құлатып, федеративті халық республикасын орнатты. Ол кезде Югославия Коммунистік партиясы капитализмнен социализмге өтудің марксизм-ленинизм ашып берген барша елге тән жалпы заңдылықтарын қуаттады. Соның нәтижесінде коммунистер басқарған югославия халқы алғашқы кезеңде елдің экономикасы мен мәдениетін дамыту, халықтың хал-тұрмысын жақсарту ісінде едәуір табысқа жетті.

Алайда Югославия Коммунистер Одағының басшы тобы маркстік-лениндік ғылымның негізгі қағидаларына өршелене шабуыл жасап, оны тексеру, сынап-мінеу жолына түсті, бүкіл халықаралық жұмысшы қозғалысының, Совет Одағының, өзге де социалистік елдердің бай тәжірибесі негізінде қорытылып, ғылыми жолмен жасалған социалистік құрылыс принциптерінен тайып шықты. Өйткені Югославия «теоретиктері» кәзіргі заманның барлық жағдайына пролетарлық, интернационалдық тұрғыдан қарамайды, ұсақбуржуазиялық, ұлтшылдық тұрғыдан қарайды.

Дүние жүзінің барлық коммунистік және жұмысшы партиялары Югославия ревизионистерінің көзқарасы мен саясатын әділ сынады, достық қолын созып, қамқоршы болды. Бірақ олар әдепті сын, орынды кеңеске құлақ қойып, оны дұрыс түсінуге ықылас білдірмеді. Югославиялық басшы топ мұнымен қоймай Совет Одағы бастаған социалистік лагерьге, оның басшысы, көсемі — коммунистік және жұмысшы партияларына жала жабуға дейін барды. Империалистік елдерден, ең алдымен Америка Құрама Штаттарынан экономикалық «көмек», «саяси нәр» алып, қауіпті жыртықштардың тырнағына ілінді, ұысына түсті.

Олар социализмнің жалпы заңдылықтарынан бас тарту қатесін, жыртықш империалист мемлекеттерден экономикалық «көмек» алып, капитализмді көтере мақтау, социалистік елдерді жамандау қатесін Югославия еңбекшілерінен, бүкіл әлем еңбекшілерінен жасырып қалу үшін қайдағы бір «ерекше югославиялық жол» дегенді тауып алып, жер-көкке сыйғызбай мадақтап жүр. Олар бұл «югославиялық жолды» басқа елдер үшін де бірден-бір үлгі етіп көрсетуге ұмтылып отыр.

Шындығына келгенде Югославия Коммунистер Одағы басшыларының ревизионистік, марксизм-ленинизмге қарсы бағыты салдарынан Югославия социалистік жолмен дамып келе жатқан жоқ.

Социализмге өтудің «ерекше югославиялық жолы» дегеніміз не? Оның мәнісі қандай? «Ерекше югославиялық жолдың» басты ерекшеліктері мыналар:

капитализмнен социализмге өту дәуірінде социалистік мемлекет жойылады деген ревизионистік теориясымақты дәріптеу. Бұл В. И. Лениннің социализм жеңіп, коммунизм толық орнағанға дейін мемлекет

сақталады деген қағидасына қарама-қарсы. Пролетариат мемлекетін құрып, оны нығайтпайынша социалистік қоғам орнату ешбір мүмкін емес. Югославия ревизионистері мемлекет жойылуға тиіс дегенде оның шаруашылық-ұйымдастыру қызметін жоюды, мұны жұмысшы советтеріне беруді, сөйтіп өндіріске орталықтан мемлекеттік және жоспарлы басшылық етуден бас тартуды талап етеді;

социалистік қоғамдағы жалпыхалықтық мемлекеттік меншікті қоғамдық меншікке қарсы қою. Ревизионистер қоғамдық меншікті орталықтанған меншік деп ұғынбайды, топтық меншік деп түсінеді. Осы негізде Югославияда кәсіпорындар топтық меншік правосында жұмысшы коллективтеріне берілген. Мұнда өнеркәсіп пен саудаға мемлекет тарапынан басшылық етілмейді десе де болады;

социализмнің жеңуі жолындағы күресте партияның басшылық ролін мойындамау. Партияның басшылық ету ролі дейді Кардель, «өндіруші бұқараның шын мәніндегі шешуші ролімен сыйыспайды...»;

деревняда социалистік өзгерістер жасауда жұмысшы табының басшылық ролінен бас тарту, түрлі себептерді бетке ұстап, шаруалар шаруашылығының өндірістік кооперациясынан бас тарту. «Бізде ешкім кәзіргі уақытта да, келешекте де коллективтендіруге сенбейтін болсын» деп мәлімдеді Одақтық атқару советі ауылшаруашылық бөлімінің секретары С. Комар;

пролетарлық интернационализм принципінен бас тарту, Югославияны социалистік лагерь елдеріне қарсы қою, маркстік-лениндік партияларға дұшпандықпен шабуыл жасау;

баспасөзде, әдебиетте, көркем суретте, кинода, мәдениет пен көркемөнердің басқа да салаларында буржуазиялық идеология ықпалының күшеюіне қарсы күресті әлсірету, тұрмыстың америкалық салтын насихаттау;

империалистік мемлекеттердің билеп-төстеуші топтарымен байланыс орнатып, олардан экономикалық және соғыс көмегін алу, кейбір жағдайда олардың агрессиялық сыртқы саясатын ақтау.

Югославия Коммунистер Одағы басшы тобының осындай көзқарастары мен саясатын іске асыру елдің барлық өмірінде социализмге қарсы бағыттың күшеюіне, Югославияның социалистік елдерден оқшауланып, капиталистік лагерьге жақындай түсуіне, экономикасының төмен құлдырап, жұмыссыздар санының жылдан-жылға көбеюіне әкел соқтырды.

Өнеркәсіпке мемлекет тарапынан басшылық етуден бас тарту оны жоспарлы, үйлесімді дамытуға керекті мүмкіндіктер бермеді. Югославияның кейбір басшыларының, баспасөзінің мойындауы бойынша өнеркәсіптің дамуында социализмге қарсы бағыт кең етек алып келеді. Өндіріс көлемін, өнім түрлерін жоспарлаған кезде жұмысшы советтері жалпы мемлекеттік мүддені ескермейді, өздерінің тар шеңберлі жергілікті мүддесін ғана көздейді, ең алдымен тек пайдакүнемдік жағын қарастырады. Мұның өзі кәсіпорындарды өзара бәсекелестік күреске түсуге душар етеді. Югославия Коммунистер Одағының съезінде Тито бәсекелестік күрес әлі де болса күнбе-күнгі құбылыс болып табылады деп мойындауға мәжбүр болды. Өнеркәсіп орындарында тек өзіндік мүддені ғана ойлау, барлық өндіріс, сауда-саттық жұмыстарын пайдакүнемдік тұрғыдан жүргізу барған сайын күшейіп келеді. Ауа жайылған тар шеңберлі жершілдік әрекет, делінген Югославия Коммунистер Одағы Орталық Комитетінің 1958 жылғы 6 февральда өз ұйымдарына жолдаран хатында «...ұлтшылдық және шовинистік сыйпат алып барады». Алайда партияның орталық комитетінің социализмге қарсы бағытын осылайша мойындауын оған қарсы күресу деуге болмайды.

Югославияның экономикасында қаланың капиталистік элементтері үлкен орын алады. Кейде жана өнеркәсіп орнын мемлекет салмай-

ды, «бір топ азаматтар» салады. Сол сияқты жеке меншіктегі ұсақ кәсіпорындар саны көбейіп барады. Жеке меншік сектордың ұлттық табыстағы үлес салмағы 1952 жылғы 25,8 проценттен 1956 жылы 30,7 процентке дейін көбейді.

Югославияда кәсіпорындарға қаржы бөлу тәртібі де өзінің сыйпаты жағынан социализмге қарама-қарсы. Өсімі аз, бірақ ел үшін маңызы өте зор кәсіпорындар қаражатқа ділгер болып отыр. Бұрнағы жылдың тоғыз айы ішінде жеміс пен овощ өңдейтін консерв өнеркәсібі орындарының жартысынан астамы жұмысшыларға ең аз деген жалақының өзін бере алмады. Ал «Генерал экспорт» кәсіпорны осы кезеңнің ішінде орта есеппен 24 рет жалақы төледі. Югославияның зиян келтіретін кәсіпорындарында жұмысшы өз нормасын асыра орындаса да жалақысының 60 проценттен 80 процентке дейінгісін ғана алады.

Өндірістік қуаттың толық пайдаланылмауы, соңғы жылдары жұмыссыздар санының көбеюі, еңбек өнімділігінің өте төмен болуы Югославия экономикасы үшін қатерлі жағдай болып отыр. 1956 жылы өнеркәсіптегі негізгі қаржы соғыстан бұрынғыдан 3,4 есе, ал өнеркәсіп өндірісі небәрі 2,6 есе артық болды. Югославиялық мәлімет бойынша 1956 жылы өндіріс орындары өз қуатының 77 проценті шамасында жұмыс істеді. 1955 жылы 67 233 адам, 1956 жылы — 99 338, 1957 жылы — 115 904, 1958 жылдың 9 айында — 127 920 адам жұмыссыз қалды. Еңбек өнімділігі соғыстан бұрынғы 1939 жылғы дәрежеде қалып отыр. 1947 — 1956 жылдары еңбек өнімділігі жылма-жыл орта есеппен 0,7 процент қана өсті. Сонда да югославиялық басшылар социалистік жарыс идеясынан бойын аулақ салып келеді. Міне осындай үлкен қателіктер мен кемшіліктердің салдарынан Югославияның өнеркәсібі соңғы жылдары тұралап қалды. Мысалы, соғыстан бұрын Югославия мен Болгария экономикалық даму жағынан бірдей дәрежеде еді. Кәзір Югославия Болгариядан көш бойы артта қалды. 1958 жылы Болгарияда өнеркәсіп өнімін өндіру соғыс алдындағы дәрежемен салыстырғанда 9 есе өссе, Югославияда небәрі 3,4 есе өсті.

Капитализмнен социализмге өтудің аса маңызды жалпы заңдылықтарының бірі жеке шаруалар шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру. Әсіресе мұның Югославия үшін маңызы зор.

Югославияда халықтың көпшілігі селолық жерде тұрады. Елде 2,33 миллион шаруалар шаруашылығы бар. Олар 30 миллион гектар жер өңдейді. Оларды коллективтендірмей тұрып социализм орнату мүмкін емес. Алайда Югославияның басшы тобы ауыл шаруашылығында өндірістік кооперативтер құру идеясын теріс деп тапты. Бұрын ұйымдастырылған өндіріс кооперативтерінің көпшілігі таратылып жіберілді. Мәселен, барлық жыртуға жарамды жердің 20,4 процентін өңдейтін 340 мыңдай, 1952 жылы елде шаруалар шаруашылығының басын біріктіретін 7 мыңдай ауылшаруашылық өндіріс кооперативі болған еді. Ал 1956 жылы небәрі 575 кооператив қалды, бұлардың бүкіл елдегі өңдейтін жері 1,5 проценттен аспайды. Бұл деревняда капиталистік бағыттың күшейіп бара жатқанын көрсетеді. Мұның нәтижесінде шаруалардың таптық бөлшектенуі де күшейе түсуде. Бұған ревизионистер енгізген жерді сату, сатып алу еркіндігі себеп болды. Кулактар шаруашылығының саны 1952 жылғы 280 465 орнына 1957 жылы 307 130-ға жетті. Югославияның заңы бойынша бір үйлі жан ең көп дегенде 10 гектар жер пайдалана алады. Бірақ кулактар өздерінің үрім бұтағын жеке үй етіп шығарып, оларға жер сатып әпереді. Сөйтіп жеке меншігіндегі жерін көбейтіп келеді. Кулактар барлық шаруалар шаруашылығының небәрі 14 проценті бола тұрса да, кәзір елдегі бүкіл ауылшаруашылық жерінің 40 процентке жуығын иемденеді, олардың мыңдаған тракторлары, басқа да ауылшаруашылық машина-

лары бар. Оның есесіне шаруалардың едәуір бөлегі азып-тозып, кулактардың тырнағына ілінуде. 1954 жылы 700 мыңдай әрбір шаруаның 2 гектарға дейін ғана жері болды. Кәзіргі уақытта Югославияда ауылшаруашылық жерінің 90 проценттен астамы жеке шаруалар қолында. Бұлар капитализмді қайта өрбітуге негіз болып отыр.

Деревняны коллективтендіруден бас тартып, Югославия басшылары задругаларды — сауда-саттық кооперативтерін көтере мақтап жүр. 1956 жылы елде 1,2 миллион шаруаның басын қосатын 6 мыңнан астам задруга болды. Задруга дегеніміз не? Бұл капиталистік сыйпаттағы кәдімгі жабдықтаушы-товар өткізуші кооператив. Югославияда мұндай задругалар тіпті ХІХ ғасырдың өзінде-ақ бар болатын. Олар ауылшаруашылық өндірісімен шұғылданбайды десе де болады. Осындай әрбір задругаға орта есеппен небәрі 24 гектардан жер келеді. 1954 жылы ауылшаруашылық өндірісінен алынған табыс олардың жалпы табысының небәрі 9 проценті ғана болды. Задругалар табыстың 40 процентін саудадан, 10 процентін өздерінің жеңіл тамақтанатын орындарынан, ресторандардан, тағы басқаларынан алды. Задругаларда кулактар жетекшілік қызмет атқарады. 1946 жылы кооператив басқармасы мүшелерінің ішінде кулактар 12,1 процент, ал 1956 жылы 40 процентке жуық болды.

Социализм жеңісінің жойылып, капиталистік бағыттың күшеюі Югославия ауыл шаруашылығының дертті дағдарысқа ұшырауының басты себебі болды. Деревняда ауылшаруашылық машиналары мен құрал-саймандары өте тапшы. 1955 жылы бүкіл елде небәрі 80 түрлі маркалы 11 мың трактор болды. С. Комардың мойындауы бойынша елдегі шаруалар шаруашылығының тең жартысының көлігі, шаруашылықтың 50 проценттен астамының соқасы жоқ. Югославияда ауылшаруашылық өндірісінің көлемі соғыстан бұрынғы жылдардағы дәрежеден әлі күнге дейін төмен болып отыр. Мысалы, 1935 — 1939 жылдары жылма-жыл орта есеппен 2,6 миллион тонна бидай, 4,5 миллион тонна жүгері жиналса, 1948 — 1957 жылдары 2,2 миллион тонна бидай, 3,5 миллион тонна жүгері, яғни бұрынғыдан едәуір аз жиналды. Өткен жылы бұрнағы жылмен салыстырғанда шамамен 70 мың вагон бидай мен кара бидай, 700 мың вагондай жүгері кем алынды. Соның салдарынан Югославия бидай мен жүгеріні шетелден сатып алатын елге айналды.

Социализмге өтудің «югославиялық жолы» әсіресе саудаға залалын көп тигізді. Кәсіпорындардың экономикасы рынокке тәуелді болғандықтан көптеген кәсіпорындар, әсіресе қолайлы жағдайдағы кәсіпорындар жұртшылық көп тұтынатын товарлардың нарқын өз бетімен орынсыз көтеріп жібереді. Сауда орындары да бағаны қымбаттату жолына түсті. Өйткені Югославияда сауда мекемелеріне товарға өз бетімен баға қоюға ерік берілген.

Саудада рыноктік бейберекеттік басым. Тіпті сыртқы рынокта да кәсіпорындар өзара бәсекелестік күрес жүргізеді. Осы себептен кейде олар шетелде өнімді өз құнынан арзанға сатады да, тапқан зиянын ішкі рынокке сатылатын товарлардың бағасын көтеру есебінен жабады. Пайдакүнемдік пиғыл кәсіпорындардың жұмысшы советтерін, сауда орындарын, задругаларды және басқа мекемелерді алыпсатарлыққа әкеп соқтырған. Мысалы, Нови-Сад қаласындағы «Оптика» кәсіпорны шетелдерден сатып алынған көзілдірікті үш есе қымбатқа сатқан. Еңбек задругасы «Иерко Иванчич» бір кезде рыноктегі нарықты кемітпеу үшін еңбек етіп өсірген капустаның тең жартысын қазып алмай далада шірітіп жіберген. Сондай-ақ өзінің жабайы мастерскойларында жасап шығарған заттарын жеке меншік иелері еркін сата береді. Міне

бұлардың бәрі көтерме бағаны да, жеке бағаны да қымбаттатып жіберді.

Экономикалық қиыншылықтар Югославия Коммунистер Одағы басшыларын кейбір мәселелер жөнінде «ерекше югославиялық жолдан» кері шегініп, бұдан аз уақыт бұрын өздері айыптаған жолға қайта оралуға мәжбүр етті. Нарыққа мемлекеттік бақылау қойды. Енді белгілі бір кәсіпорын нарықты мемлекеттік орындардың келісуімен ғана арттыра алады. Кейбір қалаларда нарықты өз бетімен көтергені үшін айып алып, алты ай еркінен айыру тәртібі белгіленді. Бірақ мұндай біржақты бақылаумен бағаның қымбаттауына тиым салу мүмкін емес.

Өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, саудада капиталистік бағыттың өрши түсуі еңбекшілердің тұрмыс жағдайының нашарлауына әсер етті. Ақша құнсызданып барады. 1958 жылдың апрель айында жұмысшы семьясының бір айлық күнкөріс құны 1952 жылмен салыстырғанда 63,7 процент артты. 1956 жылы ұн, май, ет, сүт, картоп сияқты негізгі тамақ өнімдері 1948 жылғыдан көп кем тұтынылды. Өткен жылдың октябрь айында ұнның, нанның, қанттың бағасы 10—15 процент, электр қуатын пайдалану нарқы 20 проценттен астам, темір жол билеті 15 процент қымбаттады.

Югославиялық басшылар экономикалық қиындықтың қысымынан империалистік мемлекеттерден несие ақша, көмек алу жолымен құтылғысы келеді. Капиталистік елдердің, көбінесе Американың 1945—1957 жылдар арасында Югославияға берген экономикалық және соғыс көмегі 12 миллиард сомға жуық болды. Югославия ревизионистері бұл көмекті қалтқысыз көмек деп атайды. Егер өз мүдделеріне сай келмесе, империалистердің ешкімге адал, тегін көмек бермейтіні даусыз.

Американың билеп-төстеуші топтары өздерінің Югославияға беріп отырған көмегін «тұрмыстың америкалық салтын» насихаттау, басқалардың алдына үлгі-өнеге етіп тарту үшін пайдалануда.

Югославия Коммунистер Одағы басшылығы тарапынан ешқандай қарсылық болмағандықтан буржуазиялық идеология елдің қоғамдық тұрмысының барлық саласына сыналап өтіп, тамыр жаюда. Американистік кітаптары елде көптеп таратылады, Американистік және ағылшын оқу үйлері серб, хорват тілдерінде басылған күнделік бюллетеньдерді тегін үлестіреді. Бұл бюллетеньдер мазмұны жағынан «Америка даусы» радиостанциясынан берілетін жалақорлық жалған хабармен бірдей. Кинотеатрларда көбінесе кісі өлтіріп, талап-тонауды дәріптейтін америкалық картиналар көрсетіледі. Әдебиет пен көркемөнерде түрлі ағым, әсіресе модернизм күшті ықпал жасап отыр. Белгілі серб сыншысы Милан Богдановичтің мойындауы бойынша югославия әдебиетінде модернизмнің барлық түрі тараған. Көркем сурет өнерінде де жағдай осындай. Югославияның қарт суретшісі Васа Поморишац былай деп қынжыла жазады: «Бізде реалистік көркем сурет барған сайын аз өтетін болды: модернистер үстем болып барады». Бұл бекер емес. Модернизмнің кең жайылуына ресми адамдар, атап айтқанда Ғылым және көркемөнер академиясының директоры, әрі Югославия Жазушылар одағының председателі Йозеф Видмар қамқорлық жасайды. Ол модернистердің шығармаларының көрмесін көптеп ұйымдастыруға әмір етті. Совет журналистері Любляна қаласындағы осындай көрмеге барып қайтты. Олардың суреттеуі бойынша «Емізуші ана» деген атпен жасалған сурет көп бояулы алаша сияқты. Оның сол жақ бұрышына көз, оң жағына — емшек жасалған, бас жоқ. Югославия модернизмінің сыйқы міне осындай.

Қорыта айтқанда социализмге өтудің «ерекше югославиялық жолы» ел өмірінің барлық саласында социализмге қарсы бағыттың күшеюінің ұйтқысы болып отыр. Бұл жол югославия халқын социалистік жеңістерден құр алақан қалдырып, капитализмді қайта өршітуге алып

келмек. Біздің заманымызда, қуатты социалистік лагерь өмір сүріп отырған жағдайда социализмді оқшаулана жеке дара орнату, социалистік құрылыстың жалпы заңдылықтарынан бас тарту апатқа ұшырататыны даусыз. Мұны Югославияның тәжірибесі айқын көрсетіп отыр.

Бұған ең алдымен Югославия Коммунистер Одағының басшылары кінәлі. Өйткені олар социализм жолындағы партияның басшылық ролі туралы лениндік ілімді жоққа шығарады. Югославияда партияның ролі барынша төмендетілген. Оның міндеті негізінен тәрбиелік қызметпен ғана шектелген. Онда кәсіподақтардың басшылық ролі де кемітілген. Олар кәсіпорындардың қызметін жақсарту ісімен мүлде шұғылданбайды. Югославия Коммунистер Одағы басшы тобының ревизионизм батпағына барған сайын бойлап, батып бара жатқанын соңғы уақыттағы оқиғалар айқын көрсетіп отыр. Югославия баспасөзі, оның ішінде партияның Орталық Комитетінің орталық органдары социализм елдері лагерьіне қарсы, коммунистік және жұмысшы партияларына қарсы жүгенсіз өсекті көп таратуда. Оның есесіне империалистік озбырлықтың қандай түрі болса да сыннан тыс қалған. Мысалы, Б. Павлович Югославия Коммунистер Одағы Орталық Комитетінің «Социализм» деп аталатын жаңа журналының бірінші номерінде Қытай, Чехословакия, Болгария коммунистік партияларының соңғы съездерінің жұмысын бұрмалап, бұл елдердің халық шаруашылығын өркендетуде қол жеткен орасан зор табыстарына күмән келтіреді. Осы журналдың екінші номерінде В. Влахович арсыздықпен социалистік елдер сыртқы саясатта «күш көрсету» саясатын жүргізіп келеді деп бөседі. Югославияның «Виестник» газеті империалистік мемлекеттердің билеуші топтарының алдында құрдай жорғалап, Югославияны фашистік басқыншылардан азат етудегі Совет Одағының ролін жоққа шығаруға дейін барды. Мұнымен тұрмай югославия баспасөзі ревизионистерге айтылған сынды югославия халқына тиісу, елдің ішкі істеріне қол сұғу деп түсіндіруге тырысуда. Шындығында жағдай мүлде басқаша. КПСС, басқа да коммунистік және жұмысшы партиялары Югославия Коммунистер Одағындағы ревизионистерді югославия халқымен ешуақытта бірге қойған емес. Югославия халқы социализмге марксизм-ленинизм көрсеткен даңғыл жолмен ғана бармақшы. «Біз — деді Н. С. Хрущев жолдас партияның ХХІ съезіндегі қорытынды сөзінде, — Югославияның туысқан халықтарына және Югославия коммунистеріне — астыртын жағдайдағы күрес пен партизан күресінің батырларына шын достық сезімдерімізді білдіріп отырмыз. Совет Одағы алдағы уақытта да мемлекеттік жолмен империализмге қарсы, бейбітшілік жолындағы күрес мәселелері жөнінде Югославиямен ынтымақтасуға, біздің позицияларымыз үйлесіп отырған барлық мәселелер жөнінде ынтымақтасуға ұмтыла береді».

Ал егер партиялардың арасындағы байланыс пен ынтымаққа келетін болсақ, КПСС ХХІ съезінде атап көрсетілгендей, бұл Югославия Коммунистер Одағына байланысты. Бұл партияның басшылары ревизионизм жолына түсіп, бүкіл халықаралық коммунистік қозғалыстан өздерін өздері оқшау қалдырып отыр. Югославия Коммунистер Одағы КПСС-пен, басқа да коммунистік және жұмысшы партияларымен тек марксизм-ленинизм негізінде ғана тығыз қатынас, байланыс, ынтымақ орната алады. Бұл үшін Югославия Коммунистер Одағы ревизионизмнен бас тартып, марксизм-ленинизм жолына түсуге тиіс. Мұның өзі югославия халқының ізгі мүдделеріне толық сай келген болар еді.

Лекция және консультация

Советтік мемлекет социализмнен коммунизмге ұласу дәуірінде

Ғ. БОРАНҚҰЛОВ,

тарих ғылымының кандидаты

Мемлекет дегеніміз үстем таптың саяси билігі, сол таптың үстемдігі мен экономикалық негіздерін қорғайтын, нығайтатын құрал. Бұл мақсатты орындау үшін және басқа таптардың қарсылығын тойтарып, билеп отыру үшін мемлекет армия, полиция, түрме тағы басқалары сияқты күш қолдану аппаратын пайдаланады.

Мемлекет үстем таптың қолындағы езіп-жаншу құралы ретінде әуел баста адамзат қоғамы біріне бірі қарама-қарсы таптарға бөлінген кезден бастап пайда болды. Алғашқы адамдар қауымында мемлекет болмады, өйткені онда мүдделері қарама-қарсы қанаушы да қаналушы таптар болған жоқ. Мемлекеттің шығуы қарама-қарсы таптар қайшылығының шиеленісе түсуіне, сол таптар арасындағы күрестің күшеюіне байланысты болды. Сондықтан, мемлекет таптық қоғамның туындысы, тап қайшылықтарының жемісі. «Мемлекет дегеніміз, — дейді Ленин, — бітіспес тап қайшылықтарының жемісі және оның көрінісі... Мемлекеттің болуы тап қайшылықтарының ымыраласпайтынын дәлелдейді» (Шығармалар, 25-том, 399-бет).

Құлдық, феодалдық және капиталистік құрылыстар тұсында қоғам әртүрлі таптардан тұрады, ал мемлекет соның ішінде бір ғана таптың, атап айтқанда экономика жағынан үстем қанаушы таптың саяси билігі. Бұл тап қоғамда азшылық болғанымен, қолында мемлекеттік өкімет билігі болғандықтан, саяси үстем күшке айналады, қоғамның басым көпшілігі болған қаналушы, езілуші тапты — еңбекшілер бұқарасын билеп-төстейді. Сырттан қарағанда мемлекет жалпы қоғамның өкілі сияқты болып көрінеді де, іс жүзінде барлық өкімет құралдары: армия, полиция, жандармерия т. б. тек үстем таптың мүддесін қорғайды.

Таптық қоғамда таптар арасындағы ішкі қатынастармен қатар, сыртқы қатынастар — мемлекеттер арасындағы қатынастар болатыны мәлім. Мемлекет осы ішкі және сыртқы қызметтеріне байланысты екі түрлі қызмет (функция) атқарады. Құлдық, феодалдық және капиталистік қоғамдарда мемлекет өзінің ішкі жұмысында қанаушы таптарға езілуші таптарды бағындырып, қанаушылардың үстемдігін қамтамасыз етіп отырды. Мемлекеттің сыртқы қызметі өзінің жерін, мемлекеттік мүддесін басқа мемлекеттерден қорғауды көздейді немесе басқа мемлекеттердің жерін жаулап алуға бағытталады. Мемлекеттің осы екі бағыттағы қызметінің ең бастысы — ішкі қызмет. Өйткені мемлекеттің өзі осы қызметіне байланысты пайда болды және оның бұл міндеті қоғамның таптық құрылысынан туды.

* * *

Социалистік мемлекет пролетариат революциясының жеңуі нәтижесінде орнайды. Бұл — мемлекеттің жана, жоғары түрі — пролетариат диктатурасы. Социалистік мемлекеттің орнауы — дүниежүзілік

тарихи дамудағы түбірлі өзгеріс. Адамзат қоғамының дамуы барысында әлеуметтік-экономикалық құрылыстар ауысып келгенімен, өкімет билігіне бір қанаушы таптың орнына екінші қанаушы тап ие болып келді. Мәселен, құл иеленушілердің орнына феодалдар, феодалдардың орнына капиталистер табы үстемдік құрды. Тек өкіметті пролетариат жеңіп алғанда ғана қаналушылар табы саяси үстемдіктен айрылды, тарихта бірінші рет адамды адамның қанауын мүлдем жоюды алдына мақсат етіп қоятын социалистік мемлекет пайда болды.

Советтік мемлекет буржуазияның ескі мемлекет аппаратын қиратып жою арқылы орнатылды. Социалистік мемлекеттің бастапқы кезіндегі басты бір міндеті жуырда үстемдігінен жұрдай болған қанаушы таптардың қарсылығына күйрете тойтарыс беру. Жеңілген, бірақ жойылып бітпеген қанаушылар дәурені өткен үстемдігін қайта орнатуды арман етіп, әрекет жасайды, пролетариат диктатурасына қарсы жанталасқан қарсылығын күшейтеді. Сондықтан қанаушылардың мұндай қарсылықтарын жаныштамайынша, пролетариат диктатурасының нығаюы мүмкін емес.

Социалистік мемлекеттің тағы бір зор міндеті — елді сыртқы жаулардан қорғау. Бұл үшін социалистік мемлекет, қуатты армия құруға, барлаушы, сақшы күшін ұйымдастыруға тиіс.

Жұмысшы табының еңбекшілер бұқарасына мемлекеттік басшылығын қамтамасыз ету, оларды социалистік құрылысқа жұмылдыру міндеттері мемлекеттің маңызды істері. Бұл міндеттер күштеу жолымен емес, иландыру, үлгі көрсету, экономикалық көмек ұйымдастыру жолымен орындалады.

Пролетариат диктатурасы жұмысшы табының өкіметі бола тұрып, сонымен қатар ол пролетариат пен пролетариат емес көптеген еңбекшілер бұқарасының таптық одағының формасы да. Жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың одағы пролетариат диктатурасының негізі болып табылады.

Социалистік мемлекеттің тағы да бір басты міндеті — жаңа қоғамның экономикасы мен мәдениетін социалистік негізде қайта құру, социализм орнату, социализмнің коммунизмге ұласуын қамтамасыз ету.

Социалистік мемлекет демократияның ең жоғарғы түрі. Пролетариат диктатурасының орнауы демократияның мейлінше кеңейгенін, жалған буржуазиялық демократияның орнына шын мәніндегі халықтық демократияның жүзеге асқанын көрсетеді.

Социалистік Ұлы Октябрь революциясының жеңуі нәтижесінде орнаған совет өкіметі — пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы. 1905 — 1907 жылдардағы орыс революциясының кезінде-ақ Россия пролетариатының революциялық творчествосының нәтижесі ретінде жұмысшы депутаттарының Советтері тарихта тұңғыш рет құрыла бастады. Бұл жұмысшы табының бұрын-соңды болып көрмеген бұқаралық саяси ұйымы болды. В. И. Лениннің бағалауы бойынша, ол кезде Советтер көтеріліс жасау органы және революциялық өкіметтің бастапқы көрінісі болды.

1917 жылғы февраль революциясынан кейін жұмысшылар мен солдаттар бүкіл Россия көлемінде тағы да Советтер ұйымдастырды. 1905 жылғы және 1917 жылғы февраль революцияларының тәжірибесін қорытындылай келіп, Ленин совет өкіметін пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы деп тұжырымдады. В. И. Ленин-өзінің «Апрель тезистерінде» Советтер республикасы пролетариат диктатурасының ең жақсы мемлекеттік формасы және капитализмнен социализмге көшуде қоғамның саяси ұйымдасуының ең қолайлы түрі деп жариялады.

Советтер — таптық қоғамда болуы мүмкін мемлекеттік құрылыстардың нағыз бұқаралық демократиялық және революциялық мемлекеттік ұйымы. Олар еңбекшілер бұқарасының мемлекет басқару ісіне қатысуына толық жағдай туғызады. «Ескі, яғни буржуазиялық демократия мен парламентаризм былай ұйымдастырылды: мұнда, атап айтқанда, еңбекшілер бұқарасы басқару аппаратынан басқалардан гөрі көбірек шеттетіліп отырды. Совет өкіметі, яғни пролетариат диктатурасы, керісінше, еңбекшілер бұқарасын басқару аппаратына жақындастыратын етіп құрылған» (В. И. Ленин. Шығармалар, 28-том, 478 — 479-беттер).

Советтер — төменнен жоғарыға дейін бір негіз бойынша құрылған, бірыңғай тұтас мемлекеттік ұйым. Жергілікті Советтер — өкіметтің төменгі орындары және олар Совет мемлекетінің ірге тасы.

Советтер пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасының қолайлы түрі. Бірақ Советтер пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасының мүмкін болған бірден-бір түрі емес. В. И. Ленин Октябрь революциясынан бұрын-ақ былай деп көрсеткен болатын: «Капитализмнен коммунизмге өту, әрине, орасан көп, әр алуан саяси формаларды тудырмай тұрмайды, бірақ соның бәрінің мәнісі сөзсіз біреу-ақ болады: пролетариат диктатурасы болады» (Шығармалар, 25-том, 428-бет).

Кәзіргі кездегі Қытайдағы және басқа социалистік елдердегі халықтық демократия — пролетариат диктатурасының бір формасы. Ол елдерде де саяси өкіметтің негізі жұмысшы табы мен шаруалар одағы, бұл одаққа басшылық маркстік-лениндік партия бастаған жұмысшы табының қолында.

* * *

Совет мемлекеті өзінің дамуында бірнеше кезеңдерден өтті, енді КПСС XXI съезінің тарихи қарарларында көрсетілгеніндей ол жаңа кезеңге еніп отыр. Совет мемлекетінің орнағанынан кейінгі бастапқы кезеңі Октябрь революциясынан бастап СССР-де қанаушылар табын жоюға дейінгі мерзімді қамтиды. Бұл кезеңде оның негізгі міндеттері қанаушылардың қарсылығын тойтару, елді шетел интервенттерінің шабуылынан қорғау; халық шаруашылығын қалпына келтіру және қайта құра бастау; қанаушы таптарды жоюға жағдай жасау болды.

Мұнан кейінгі кезең қанаушыларды жойған кезден бастап СССР-де социализмнің толық жеңуіне дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезеңнің басты міндеттері: қала мен деревняда социалистік шаруашылық ұйымдастыру; қанаушы таптардың қалдығын мүлдем жою; мәдениет революциясын жүргізу; қуатты армия ұйымдастыру және елдің Отан қорғау күшін нығайту.

Бұл кезеңдерде Совет мемлекеті өз міндеттерін ойдағыдай орындап шықты. Мұның нәтижесінде социалистік мемлекеттің қызмет түрі де өзгерді. Мысалы, Совет Одағында социализмнің жеңуімен, қанаушы таптар толық жойылып, социалистік қоғамның таптық құрылысы өзгеруімен байланысты совет мемлекетінің ел ішінде қанаушылар табын жаныштау қызметі жойылды. Бұл жағдайда армияның, саяси жазалаушы орындардың қаһары сыртқы жауларға қарсы бағытталды. Мемлекеттің ел ішіндегі басты қызметі шаруашылық-ұйымдастыру және мәдени-тәрбие жұмысы болды. Совет мемлекеті осы қызметін атқару жолында Коммунистік партияның басшылығымен зор табысқа жетті. Социалистік өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы үздік дамыды, шын мәнісіндегі мәдени революция жүзеге асты. Бұлардың нәтижесінде елімізде социализм толық жеңді. Тұңғыш социалистік мемлекеттің

жеңген социализмнің болаттай беріктігі, өмірлік күші Ұлы Отан соғысы кезінде айқын көрінді.

Соғыстан кейінгі жылдарда совет мемлекеті Коммунистік партияның басшылығымен еліміздің экономикасы мен мәдениетінің онан әрі дамуын ұйымдастырды. Ұлы Октябрьдің 41 жылдығына Совет Одағы коммунистік құрылыстың барлық саласында да зор табыстармен келді.

Партияның XX съезінен кейін совет халқының алдына қойылған коммунистік құрылыстың жаңа зор міндеттерін орындауда совет мемлекетінің ұйымдастыру-шаруашылық және мәдени-тәрбиелік қызметі онан әрі кең өріс алды. Социалистік демократия онан әрі дамыды, шаруашылық және мәдени құрылыс жұмыстарын басқаруда жергілікті Советтердің ролі күшейді; одақтас республикалардың праволары кеңейді; өнеркәсіп пен құрылысқа басшылықты қайта құру, ауыл шаруашылығын мықтап өркендету, жоспарлау жұмысын реттеу бағытында күрделі шаралар шұғыл іске асырылды. Социалистік заңдылық нығайды. Осылардың барлығы совет халқының коммунизм орнату жолында қолындағы негізгі құралы Совет мемлекетінің онан әрі нығайуын қамтамасыз етті, қалың еңбекшілер бұқарасын шаруашылық, мәдениет және мемлекет жұмысына кең қатыстыруға мүмкіншілік берді.

Партияның тарихи XXI съезі совет мемлекетінің социализмнен коммунизмге өту кезеңіндегі міндеттері мен атқаратын қызметіне толық талдау жасап берді. Кәзіргі кезеңде де совет мемлекетінің басты міндеті — еліміздің өндіргіш күштерін барлық жағынан бірдей өркендету, Отанымыздың экономикалық, қорғаныштық қуатын бұрынғыдан да арттыра түсу, совет халқының мәдениет және әл-ауқат дәрежесін мейлінше арттыру, елімізде коммунистік қоғам орнатуды қамтамасыз ету. XXI съезде белгіленгеніндей еліміздің халық шаруашылығын дамытудың жетіжылдық жоспарын ойдағыдай орындау мемлекетіміздің барған сайын нығая беруіне байланысты. Социализмнен бірте-бірте коммунизмге өту дәуірінде совет мемлекетінің шаруашылық-ұйымдастыру қызметінің маңызы бұрынғыдан да арта түседі. Совет мемлекеті бұдан былайғы жерде өзінің барлық күшін, мүмкіндіктерін коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға жұмылдырды.

Елімізде коммунизм орнату ісін ойдағыдай жүзеге асыру үшін совет адамдарын коммунизм рухында тәрбиелеудің маңызы ерекше зор. Осыған байланысты мемлекетіміздің мәдени-тәрбиелік қызметі де бұрынғыдан күшейе түсуі керек. Бұл бағытта, әсіресе капитализмнің адам санасындағы сарқыншақтарын жою, еңбекшілерді еңбекке социалистік көзқарас рухында тәрбиелеу, жаңа еңбек тәртібіне баулу сияқты міндеттерді жүзеге асыруда совет мемлекеті алуан салалы жұмыстар атқарады.

Осылармен қатар совет мемлекетінің В. И. Ленин айтқан социалистік меншікті қорғау, елімізде еңбек ету, еңбекке ақы төлеу, өндіру мен тұтыну мөлшерін қадағалап бақылап отыру қызметі де кең өріс алады. Өйткені социализмнің: әр кім қабілетіне қарай еңбек етіп, сіңірген еңбегіне қарай ақы алады деген негізгі принципі кәзіргі кезеңде де сақталады. Біздің елде еңбек етпеген — ішіп жемейді. Мемлекет осы принципті мүлтіксіз жүзеге асырады, социалистік қоғамға жат «жатып ішерлерге», арамтамақтарға қарсы тынбай күрес жүргізеді.

Коммунистік құрылысты кең өрістету кезеңінде мемлекеттің социалистік заңдылықты нығайту, праволық тәртіпті сақтау, совет азаматтарының праволары мен заңды мүдделерін қорғау ісі де онан әрі өрістейді. Мұнда СССР Жоғарғы Советінің 1958 жылдың декабрінде қабылдаған Заңдарының маңызы ерекше зор.

Партияның ХХІ съезі кәзіргі кезеңде социалистік мемлекетті дамытудың басты бағыты — демократияны барынша өркендету, еңбекшілерді шаруашылық пен мәдениет құрылысына басшылық етуге, мемлекетті басқаруға кең қатыстыру деп көрсетті. Бұл міндет еңбекшілердің қоғамдық ұйымдарының ролін бұрынғыдан анағұрлым көтеруді талап етеді. Ең алдымен халық шаруашылығы мен мәдениетті өркендетуде, еңбекшілердің бұқаралық ұйымы болып саналатын Советтердің ролі барынша арттырылуы қажет.

Кәзір жергілікті совет депутаттарының саны екі миллиондай болады, оның үстіне советтердің тұрақты комиссияларының жұмысына екі миллионнан астам еңбекші қатысады. Бұл зор күш. Осының өзінен ақ советтер арқылы мемлекет басқару ісіне бұқараны көптеп қатынастыруға болатынын көреміз. Сонымен қатар жұмысшылар мен қызметшілерді түгелдей дерлік қамтитын кәсіподақтар, қатарында 18 миллион жастар бар комсомол ұйымдары, 35 миллион жарнашыларды қамтитын тұтыну кооперациялары қалың еңбекшілер бұқарасын мемлекет пен өндіріс басқару ісіне, мәдениет құрылысына, қала мен деревня арасындағы экономикалық байланысты нығайта беруге неғұрлым көп тартуға мүмкіндік береді. Советтік демократия барған сайын кең етек жайып, еңбекшілер жұртшылығы мемлекет басқаруға, оның алуан салалы саяси және шаруашылық міндеттерін талқылап шешуге, оны жүзеге асыруға көптеп қатынаса беретін болады.

Коммунизмге қарай жақындаған сайын еліміздің бастаушы әрі бағыт сілтеуші күші — Коммунистік партияның ролі де арта түседі, ол еңбекшілердің барлық мемлекет және қоғам ұйымдарының жұмысына басшылық ететін ұйтқысы болады.

Осы кезге дейін мемлекет аппаратының міндеті болып келген көптеген істер енді біртіндеп қоғамдық ұйымдардың қарамағына көшеді. Мәдени қызметтер, денсаулық сақтау ісі, дене тәрбиесі мәселелері қоғам ұйымдарының кең көлемде белсене қатысуымен шешілмек. Бұрын мемлекеттік органдардың қарамағында болып келген мәдениет сарайларының, клубтардың, театрлардың, кино-театрлардың, кітапханалардың т. б. жұмыстарын енді кәсіподақтарының, басқа да қоғамдық ұйымдардың қарамағына беруге болады. Денсаулық сақтау ісі бұдан былай қалаларда кәсіподақтарының, ал ауыл-селоларда жергілікті Советтердің қарамағына беріледі. Дене тәрбиесі жұмысы да мемлекет қарамағынан алынып, қоғамдық ұйымның — ерікті спорт қоғамдарының қарамағына берілді.

Социалистік тұрмыс ережелерін сақтау ісінің бірсыпырасы бұқара көпшілігіне жүктеледі. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі жуырда қабылдаған «Қоғамдық тәртіпті сақтауға еңбекшілердің қатысуы туралы» қаулысында — еңбекшілердің саналылығы мен саяси белсенділігі артып, советтік демократия онан әрі өркендеген кәзіргі жағдайда адамгершілікке жатпайтын, қоғамға жат қылықтарға қарсы күрес әкімшілік орындар арқылы ғана емес, көбінесе еңбекшілер мен қоғамдық ұйымдарды кеңінен қатыстыру жолымен де жүргізуге тиіс, делінген. Осыған сай қоғамдық тәртіп сақтау үшін құрылатын ерікті халық жасақтары тәртіп бұзушыларға ең алдымен ұғындыру және сақтандыру жолымен ықпал жасауға міндетті.

Жергілікті өнеркәсіп орындарында, мекемелерде, оқу орындарында, тағы басқаларында жолдастық сот сияқты өз ықтиярымен жұмыс істейтін органдар да бұдан былай кеңінен ұйымдастырылады. Бұлар мемлекеттік милиция және сот органдарымен қатар қоғамдық тәртіпті және азаматтардың праволарын сақтау қызметін абыроймен орындауға, қоғамға зиян келтіретін қылықтарға қарсы қоғам пікірін туғызып, қылмыстың алдын алу міндетін орындап отыруға тиісті.

Жеке міндеттердің мемлекеттік органдардан қоғамдық ұйымдарға көшуі социалистік мемлекеттің коммунизм орнатудағы ролін ешқандай әлсіретпейді, қайта социалистік қоғамның саяси негізін кеңейтеді, нығайтады, социалистік демократияның одан әрі дамуын қамтамасыз етеді, мемлекет органдары мен еңбекшілердің қоғам ұйымдарын жақындата түседі, еңбекшілер бұқарасын мемлекет қызметін орындауға көптеп тартып, оларды ел билеу ісіне баулиды.

Совет мемлекетінің сыртқы саясатты жүргізудегі қызметі де бұрынғыша әлеуметтік құрылысы әртүрлі елдердің бейбіт қатар өмір сүру принципіне негізделген. Ол елімізде коммунизм орнату мүддесіне сәйкес бейбіт өмір сүруді көздейді, дүние жүзінде бейбітшілік сақтау үшін батыл күрес жүргізеді. Бірақ капиталистік елдер барда және олар басқа елдерге, әсіресе социалистік елдерге шабуыл жасауды көздейтін саясат-жүргізіп отырғанда совет мемлекетінің елімізді шетелдің әскери-соғыс шабуылынан қорғау ісі барған сайын күшейе береді. Совет мемлекеті өзінің даңқты қарулы күштерін — социалистік жеңістердің және совет халқының бейбіт еңбегінің күзетінде тұрған армия мен флотты нығайта беруге міндетті. Мемлекет қауіпсіздігі органдарын нығайту қажет, олардың қаһарлы күші ең алдымен империалистік мемлекеттер жіберіп отыратын агентураға қарсы бағытталуға тиіс. Қазір мемлекет орындап отырған социалистік Отанымызды қорғау қызметі империалистер тарапынан болатын шабуыл қауіпі толық жойылған кезде ғана тоқталады.

Еліміздің сыртқы саясатының тағы бір басты міндеті — дүниежүзілік социалистік системаға кіретін елдер мен еңбекші халықтардың риясыз достығын, туысқандық ынтымағы мен бірлігін, өзара көмегін күшейте беру. Сонымен, социалистік қоғамның ішкі даму тұрғысынан қарағанда да, оның сыртқы жағдайы тұрғысынан қарағанда да социалистік мемлекетті кәзіргі дәуірде барынша нығайта беру қажет болып отыр.

Кәзіргі ревизионистер мемлекет туралы маркстік-лениндік ілімді бүтіндей бұрмалайды. В. И. Ленин кезінде мемлекет туралы марксизмді бұрмалаған II Интернационал оппортунистеріне соққы берген болатын. Кәзіргі ревизионистер де бұрынғы оппортунистер сияқты буржуазиялық мемлекетті «таптардан» жоғары тұрған, бүкіл қоғамның мүддесін көздейтін орган деп көрсетуге тырысады. Бұл жөнінде әсіресе Югославия ревизионистері қызыл езу болып жүр. Олар социалистік мемлекеттің, жұмысшы табы мен оның партиясының коммунизм орнатудағы басшылық және ұйымдастырушылық ролін жоққа шығарғысы келеді, мемлекеттің өліп өшуі бүгінгі күннің басты міндеті деп даурығады.

Югославия ревизионистерінің жалпы мемлекет туралы да және социалистік мемлекеттің ролі туралы да пікірі бастан аяқ марксизмге мейлінше қарсы пікір. Партияның XXI съезіндегі баяндамасында Н. С. Хрущев былай деді: «Югославия ревизионистері бізді, біздің партия совет мемлекетін нығайтуға көп көңіл бөледі, мұның өзі мемлекеттің қуритыны жайындағы маркстік-лениндік ілімге сай келмейді-мыс деп сынайды... Мемлекет коммунизм толық жеңгеннен кейін құриды деп үйретеді ленинизм. Кәзіргі жағдайда социалистік мемлекетті әлсірету дұшпандарға көмектескендік болады».

Социалистік мемлекет еліміздің социализмнен коммунизмге ұласу дәуірінде онан әрі дамып, нығаяды. Мұның өзі ұлы Отанымыздың коммунизм шыңына қарай алға баса беруінің кепілі.

Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы

ХІ ТАРАУ

Партияның елімізді социалистік жолмен индустрияландыру және ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіру жолында жүргізген күресі

(1926 — 1929 жылдар)

1. Халықаралық жағдай және партия мен Совет мемлекетінің 1926 — 1929 жылдардағы сыртқы саясаты

Партия елімізді социалистік жолмен индустрияландыру ісін капитализм біршама тұрақтаған халықаралық жағдайда бастады. Капитализмнің тұрақтауы тиянақсыз, уақытша тұрақтау болды. Бұл тұрақтау империалистік қайшылықтарды жоймады, жоя да алмады. Бұл дәуірде әсіресе Англия мен Америка Құрама Штаттарының арасында қайшылық күшейе түсті, АҚШ Англияны дүниежүзілік рыноктан ығыстыра берді.

Капитализмнің тұрақтауы барлық жерде де жұмысшылардың қаналуын күшейтіп отырды. Капиталистердің жұмысшы табына жасаған шабуылы пролетариаттың буржуазияға қарсы шиеленіскен таптық ұрыстарын тудырмай қоймады. 1926 жылы ағылшын кеншілерінің орасан зор стачкасы бұрқ ете түсті. Бұл стачка ұлғая келіп, ағылшын пролетариатының жаппай стачкасына айналды, бұған 5 миллионнан аса адам қатысты. СССР-дің жұмысшы табы ағылшын пролетариатының ереуіліне бірден көңіл бөлді, ереуілшілерге жәрдем ретінде көп қаржы жиды. Ағылшын тред-юниондары бас советінің қарсыласуына қарамастан, ағылшын жұмысшылары СССР жұмысшы табының моральдық және материалдық жәрдемін пролетарлық интернационализмнің айқын көрінісі деп түсініп, құттықтап қарсы алды. 1927 жылдың июлінде Вена жұмысшылары Австрияда капитал мен реакцияның шабуылына қарсы көтеріліс жасады.

Империалистердің адам төзгісіз қанауына қарсы отар және тәуелді елдерде ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуі капитализмнің тұрақтауына жасалған күшті соққы болды. Езілген халықтардың ұлт-азаттық күресіндегі ең ірі уақиға ұлы қытай халқының революциясы болды. 1925 — 1927 жылдары Қытайда ең алғашқы революциялық азамат соғысы болды. Революцияны марксизм-ленинизм идеяларында тәрбиеленген Қытай Коммунист партиясы басқарды. Қытай революциясының алғашқы табыстары бүкіл дүние жүзінде, әсіресе Индия, Индонезия, Марокко, Египетте және басқа отар елдер мен тәуелді елдерде азаттық күресінің өсуіне елеулі әсер етті.

Отар және тәуелді елдер халықтарының ұлт-азаттық қозғалысына совет халқы барынша тілектес болды. СССР еңбекшілері қытай революциясын зор жігермен құттықтап қарсы алды. СССР мен көтеріліске шыққан қытай халқы арасында жалынды достық орнады. Партия со-

циализмнің империализмге қарсы тарихи күресінде Қытай халық революциясының жеңісіне және Шығыстың өзге де езілген халықтарының азаттық қозғалысының өрістеуіне өте үлкен маңыз берген Лениннің Шығыс халықтарының ұлы достығы жөніндегі нұсқауына сүйенді.

Барлық елдердің империалистері Совет Одағының нығайуы мен өркендеуін капиталистік система үшін қауіп деп білді. Көп елдердің Совет Одағын мойындауына қарамастан, капиталистік мемлекеттер мен СССР арасындағы қарым-қатынас шиеленіскен күйінде қала берді. Индустрияландыру совет халқының социализмге қарай жүрісін тездете беретінін, СССР-дің тәуелсіздігін нығайтып, оның қорғаныс қабілетін күшейтетінін капиталистік мемлекеттер жақсы түсінді.

Империалистер Совет елінің индустрияландыру процесін бүлдіруге не болмаса бөгеп тастауға тырысты. Олар Совет мемлекетіне кредит беруден бас тартты, СССР-ді экономика жағынан оқшаулау бағытын жүргізді, жанадан қарулы интервенция жасаймыз деп қорқытты.

Бұл жылдары антисоветтік саясатқа халықтардың азаттық қозғалысының ежелгі жауы, ол кезде үлкен қиыншылықтарға душар болған ағылшын империализмі мұрындық болды. Ағылшын отарларында ұлт-азаттық қозғалысы орасан күшті өрістеді. Ағылшын империалистері Совет Одағының үлгісі мен табыстары езілген халықтарды күреске жігерлендіріп отыратындығын түсініп, СССР-ге қарсы интервенциялық әрекеттерді барлық жерде де қолдап отырды. Олар өз агентурасы арқылы түрлі елдерде көптеген антисоветтік провокациялар ұйымдастырды: Пекиндегі, Лондондағы және басқа жерлердегі совет өкілдіктері мен мекемелеріне шабуылдар жасалды, Варшавадағы совет елшісі Войков өлтірілді, империалистер Совет Одағының ішінде де бүлдіруші әрекеттерін күшейтті. Ағылшын диверсанттары 1927 жылы Ленинградта партия клубына бомба тастады, содан 30 шамалы адам жарақаттанды. Ағылшын империалистері СССР-ді индустрияландыруға бөгеп жасау үшін неше түрлі әзәзілдікке барды. Олар СССР-ге қарсы капиталистік державалардың бірыңғай майданын құруға ұмтылды.

1927 жылы Англияның консерваторлық үкіметі СССР-мен дипломатиялық қатынастарын үзді. Ол бұған өзге де капиталистік елдерді де көндіруге, сөйтіп Совет Одағын оқшаулауды күшейтуге әрекет жасады. Бірақ ағылшын консерваторларының жолы болмады: бірде-бір буржуазиялық мемлекет олардың соңынан ермеді.

Ағылшын консерваторларының антисоветтік ниеттерінің іске аспауына партия мен Совет үкіметінің бейбіт сыртқы саясаты көп себеп болды. Бұл саясат ағылшын консерваторларының капиталистік мемлекеттердің бірыңғай антисоветтік майданын құрмақ болған талаптарын сел етті. Антисоветтік саясат жағына Германияны тартуға Англия ерекше күш салды. Германия ол жылдары америка долларының жәрдемімен өзінің ауыр өнеркәсібін, әсіресе соғыс өнеркәсібін тез қайта құрып алған еді. 1925 жылы герман үкіметі Англиямен, Франциямен, Италиямен, Бельгиямен Локарно келісімдерін жасасты, бұл келісімдер Англияның басқаруымен Европадағы буржуазия мемлекеттерінің СССР-ге қарсы блогін ұйымдастыру қадамы еді. Бірақ немістің басшы топтарының Совет Одағынан мүлде қол үзіп, антисоветтік майданға біржолата қосылып кетуге ойлары жоқ еді, олар бұрынғыша Совет мемлекетімен қалыпты қарым-қатынас жасау Германия үшін өте маңызды деп санады. 1926 жылы СССР мен Германия арасында бейтараптық туралы договор жасалды, бұл Германияның антисоветтік саясатқа қатысуына кедергі болды. 1925 — 1927 жылдардың ішінде Совет Одағы бейтараптық және жауласпау туралы Түркиямен, Ауғанстанмен, Иранмен және Литвамен договорлар жасасты. Бұл договорлар өзіне қол қойған капиталистік мемлекеттерді антисоветтік коалицияға тартуға біраз бөгеп болды.

Англия СССР-ге қарсы жаңа интервенция ұйымдастыруда сәтсіздікке ұшырап, онымен сауда жасасудың әдеттегі шарттарын бұзудан зиян көріп, 1929 жылы Совет Одағымен дипломатиялық қатынастарын қалпына келтіруге мәжбүр болды. Мұның өзі СССР-дің бейбітшілік сүйгіш сыртқы саясатының ірі жеңісі болды.

Бірақ империалистер өздерінің әезілдігін тоқтатқан жоқ. 1929 жылдың жазынд империалистердің айдап салуы бойынша сол кезде Қытайдың солтүстік-шығыс провинцияларында (Маньчжурия) билеп төстеген қытай соғысқұмарлары СССР-ге қарайтын Қытай-Шығыс темір жолын (КВЖД) басып алды. Совет үкіметінің жанжалды бейбітшілік жолмен жоюға ұмтылған әрекетінің бәрі де нәтиже бермеді. Қытай соғысқұмарларының әскерлері мен орыс ақгвардияшылары совет жеріне үздіксіз шабуыл жасап, СССР-дің Қиыр Шығыстағы шекараларының қауіпсіздігіне қатер туғызды. Қиыр шығыста соғыс өртін тұтандырмақ болғандарға қарсы жауап шараларын қолдануға тура келді. 1929 жылдың августінде Ерекше қиыршығыстық армия құрылды. Көп ұзамай ол армия совет шекараларын бұзушыларға қарсы соғыс қимылын жүргізіп, қытай соғысқұмарларының әскерлерін талқандады. Бұдан кейінгі совет-қытай келіссөздері жүргізіліп, 1929 жылдың декабрінде жанжалды тоқтату туралы келісімге қол қойылды; КВЖД-дің бұрынғы тәртібі қалпына келтірілді.

Партия мен Совет үкіметі, бейбітшілікті баянды етуге тырысып, 1926 — 1929 жылдары қарусыздану жолында жігерлі түрде күрес жүргізе берді. Осы мақсатты көздеп, Ұлттар Лигасының қарусыздану жөнінде конференция шақыратын Дайындық комиссиясы кеңінен пайдаланылды. 1927 жылдың ноябрінде Совет үкіметі бұл комиссияға барлық мемлекеттерді толығынан қарусыздандыру туралы ұсыныс енгізді. Бұл ұсыныс қабылданбай қалды. Мұнан кейін Совет үкіметі 1928 жылы ішінара қарусыздану туралы екінші ұсыныс енгізді. Империалистер қарусыздану ісіне кедергі жасап, бұл ұсынысты да қабылдамады.

Совет Одағының бейбітшілік үшін күресін, оның қарусыздану жолындағы ұсыныстарын халықаралық пролетариат, барлық еңбекшілер шын ниетпен қарсы алды; капиталистік елдердің халық бұқарасы арасында СССР-дің беделі үнемі арта берді. Мұның СССР-дің негізгі міндетін, социалистік қоғам орнату міндетін орындау үшін орасан зор маңызды болды.

В. И. Ленин: қас дұшпан капиталистік қоршауда социализм орнатып жатқан Совет елі үшін халықаралық көлемде миллиондаған еңбекшілердің қолдауына жету өте-өте маңызды іс деген болатын.

Бейбітшілікті сақтау ісінде пролетариаттың халықаралық ынтымағы ең маңызды фактор болды. Капиталистік елдердің жұмысшы табы империалистердің интервенцияшыл арам ниеттерін іске асыруына қарсылық көрсетіп отырды. Совет Одағының еңбекшілері өз тарапынан халықаралық жұмысшы қозғалысына зор жәрдем көрсетіп тұрды. СССР-дің әрбір табысы капиталистік елдердегі жұмысшы табының позицияларын нығайтып отырды, капиталға қарсы тап күресінде оған көмектесіп отырды.

Бүкіл дүние жүзінің жұмысшы табы СССР-дегі социализм құрылысың асқан ықыласпен қадағалап отырды. Англия, АҚШ, Франция, Германия, Австрия, Чехословакия, Бельгиядан және басқа елдерден СССР-ге жұмысшы делегациялары келіп, социалистік құрылыстың табыстарымен танысып жатты. Делегацияларға қатысушылар өз елдеріне қайтқаннан кейін еңбекшілер бұқарасына тұңғыш социалистік ел жөніндегі шындықты айтып берді, буржуазия насихатының өсек-жаласын әшкерелеп отырды. 1927 жылдың ноябрінде Москвада Ұлы Октябрь социалистік революциясының онжылдық мерекесіне байланысты СССР достарының дүниежүзілік конгресі болды. Конгрестің шешімдерінде Совет елін-

дегі социализм құрылысы барлық елдердегі революциялық қозғалыстың мүдделеріне сәйкес, бүкіл дүние жүзі пролетарларының нағыз өзі деп көрсетілді.

2. Елімізді социалистік жолмен индустрияландырудың басталуы. Партияның троцкистік-зиновьевшіл антипартиялық блокқа қарсы күресі

Елімізді социалистік жолмен индустрияландыруға көшу — СССР-де социализм үшін күрестегі жаңа кезең, Коммунистік партия мен совет халқының өміріндегі жаңа белес болды. Халық шаруашылығын қалпына келтіруден оны кәзіргі заманғы жаңа техника негізінде социалистік жолмен қайта құруға көшу керек болды, ал бұл қайта құрылыс жұмыстары алда тұр еді.

СССР-де халық шаруашылығын қалпына келтіру негізінен алғанда ескі техникалық базада жүргізілді. Россиядағы өнеркәсіп өндірісі жоғары дамыған капиталистік елдердің өндірісіне қарағанда артта қалған еді. СССР-дің өнеркәсібі дүниежүзілік соғыс пен шетел соғыс интервенциясынан қатты зиян шекті. Партия мен Совет мемлекеті ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру жөнінде орасан көп жұмыс жүргізсе де, оның техникалық-экономикалық дәрежесі төмен болды. Бұл дәреже партия мен совет халқын ешбір қанағаттандыра алмады. Партия Лениннің:

«Социализмнің бірден-бір материалдық негізі, екіншілікті де қайта құра алатын, машиналы ірі өнеркәсіп бола алады» деген тікелей нұсқауына сүйенді (Шығармалар, 32-том, 489-бет).

Ірі өнеркәсіпті дамыту халық шаруашылығының барлық тарауларың электрлендіруге тығыз байланысты нәрсе. Электрлендіруді Ленин техникалық прогреске жетудің ең маңызды құралы деп білді.

«...Егерде Россияға, — деп жазды Ленин, — электр станциялары, күшті техникамен жабдықталған орындар мол жайылатын болса, онда біздің коммунистік шаруашылық құрылысымыз болашақ социалистік Европа мен Азияға үлгі болмақ» (Шығармалар, 31-том, 536-бет).

Социализмнің жеңуі мен беркуі социалистік экономиканың негіздерінің негізі ауыр индустрияны күшті дамыту нәтижесінде ғана мүмкін еді: жеңіл өнеркәсіп пен бүкіл халық шаруашылығын алға бастыра алатын, ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта ұйымдастыра алатын, халықтың әл-ауқатын көтере алатын, еліміздің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ете алатын осы ауыр индустрия еді. Кәзіргі заманғы ауыр индустрияның патшалық Россияда болмаған толып жатқан тарауларын: индустрияландырудың негізі — қара металлургияны, машина жасау, станок жасау, автомобиль жасау, химия, қорғаныс, трактор өнеркәсіптерін және ауыр индустрияның басқа да тарауларын жаңадан жасау керек болды. Ескі заводтарды, шахталарды, өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін кәсіпорындарды жоғары қарқынмен қайта құрып, жаңаларын салу керек болды. Негізінде, елімізді социалистік жолмен индустрияландырудың өзі осы еді. Мұның өзегі — машина жасау өнеркәсібі еді.

Дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы саяси өкімет пен оның нашар материалдық-техникалық базасының арасындағы сәйкессіздікті жою үшін ірі өнеркәсіпті жоғары қарқынмен дамыту керек болды.

Социалистік жолмен индустрияландыру бүкіл халық шаруашылығын қайта құрудың кілті болды, Совет елінің жетекші күші — жұмысшы табының өсуінің шарты болды. Индустрияландыру қала мен деревняның өндірістік байланысының жаңа түрінде жұмысшы табының еңбекші шаруалармен одағының онан әрі нығаюының негізі болды.

Партия барлық одақтық республикаларда, ұлт аудандарында қуатты индустрия жасау мақсатын алға қойды. Мұның ілгеріде езілген халықтардың іс жүзіндегі артта қалғандығын жою үшін, ұлт кадрла-

рының өсуі үшін, ұлт мәдениетінің өркендеуі үшін зор маңызы болды.

Елді социалистік жолмен индустрияландырудың ең маңызды міндеті — жұмысшы табының, барлық еңбекшілердің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін көтеру болды.

Ішкі мүдделер ғана емес, сонымен қатар сыртқы жағдайлар да қас-жау капиталистік қоршаудың болуы елді индустрияландыру қарқынын күшейтуді керек етті. Ол кезде СССР пролетариат диктатурасы орнаған жалғыз ғана ел еді.

Капиталистік қоршаудың қиын жағдайларында Совет Одағының экономикалық тәуелсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету үшін партия: СССР-ді алдыңғы қатарлы индустриялы державаға айналдыру, алдыңғы қатардағы капиталистік елдерді индустриялық даму жағынан, бүкіл халық шаруашылығын дамыту жағынан барынша қысқа тарихи мерзімде қуып жетіп, содан кейін басып озу міндетін қойды.

Совет халқы тарихта бірінші болып адам баласына социализмге қарай жол салды. Еліміз ауыр өнеркәсіпті шеттен ешқандай экономикалық көмек алмайынша құруға тиіс болды.

Партия социализм орнату, елімізді индустрияландыру жөніндегі лениндік жоспарды жүзеге асыру күресінде ішкі де, сыртқы да жағдайға байланысты үлкен қиыншылықтарға кездесіп отырды. Ол қиыншылықтар еліміздің техника, экономика жағынан артта қалғандығынан, өнеркәсіптің күрделі құрылысы үшін орасан көп қаржы жинаудың қиындығынан, өнеркәсіп кадрларының аздығынан пайда болды. Социалистік жолмен индустрияландыру ісіне еліміздегі капиталистік элементтер мен олардың партия ішіндегі агентурасының арпалыса қарсылық көрсетуі де қиыншылықтарды онан сайын күшейте түсті. Осындай жағдайларда елімізді индустрияландыру, социализм орнату партия мен халықтың асқан ерлігі болды. Индустрияландырудың социалистік әдісі капиталистік индустрияландыру әдісінен мүлде өзгеше. Социалистік индустрияландыру беталды жүрмей, жоспарлы түрде жүреді. Социалистік индустрияландыру капиталистік елдерде тарихта болғанындай жеңіл өнеркәсіпті дамытудан басталмайды, қайта өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін ауыр өнеркәсіпті өркендетуден басталады.

Өнеркәсіптегі көп күрделі құрылыс миллиардтаған қаржы керек етті, ал Совет елі ол кезде бай емес еді. Буржуазиялық елдер ауыр өнеркәсіпті отарлар мен жартылай отарларды тонау есебінен, соғыс контрибуциялары есебінен, өз елінің еңбекшілерін аяусыз қанау есебінен жасайтын. Совет елі қаржы алудың мұндай көздерін принципті түрде пайдалана алмады, өйткені қаржы алудың ондай көздері социалистік құрылыспен сыйспайтын нәрсе. Буржуазиялық мемлекеттердің индустриялануында үлкен роль атқарған сыртқы қарыздар болды. Совет елі сырттан қарыз аламыз деп те үміттенген жоқ, капиталистік мемлекеттер оған қарыз беруден бастартты. Ескі фабрикалар мен заводтарды негізінен қайта құралдандырып, жаңаларын салу үшін қаржыны елдің өз ішінен табу керек болды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңістері арқасында мұндай қаржылар табылды да.

Халық шаруашылығының негізгі тарауларының пролетарлық мемлекеттің өз қолына жиналуы елді социалистік жолмен индустрияландыруға күшті резерв жұмсауға мүмкіндік берді. Мемлекеттік фабрикалар мен заводтар, транспорт, банктер, ішкі және сыртқы мемлекеттік сауда пайда беріп тұрды, енді бұл пайда капиталистердің қалтасына түспей, социалистік өнеркәсіпті өркендетуге жұмсалатын болды. Совет өкіметі елімізді патшаның алған қарыздарының өсімі түрінде және шетел капиталистерінің Россияда орналастырылған капиталдарына дивиденд (акция иелерінің алатын табыстары) түрінде шетелге жылма-жыл

800—900 миллион сом мөлшерінде алтынмен төлеп тұратын орасан көп шығыннан құтқарды. Мұның өзі ілгері кезде халық шаруашылығын қалпына келтіруді жеңілдеткен болса, кәзірде ауыр индустрияға жұмсау үшін қаржы жинауға жәрдем беріп отырды.

Совет шаруалары помещиктердің жер меншіктенуін жоюдың нәтижесінде жерді арендаға алып және жер сатып алғаны үшін помещиктерге жылма-жыл алтын ақшамен 700 миллион сомдай төлеп тұрудан босатылды, олар енді елді индустрияландыру ісінде өздерінің еңбегімен, материалдық қаржысымен Совет мемлекетіне жәрдем бере алатын болды. Шаруалар елді индустрияландыруға жұмысшылардан кем мүдделі емес еді, өйткені шаруалар ауылшаруашылық машиналары мен өнеркәсіп товарларына өте мұқтаж еді.

Қаржы жинаудың осы көздерінің бәрі Совет өкіметінің қолында болды. Бұларды тек пайдалана білу, қатаң үнем тәртібін орнату, орынсыз шығындарды жою, мекемелердің лайықсыз көбейіп кеткен штаттарын қысқарту керек еді, сөйтіп үнемделген қаржыны индустрияландыру ісіне жұмсау керек болды. Еңбек өнімділігін көтеру, өндірісті тиімді жүргізу, өнеркәсіп өнімінің өзіндік құнын арзандату керек болды. Коммунистік партия жұмысшы табын, бүкіл совет халқын социалистік индустрияны жасауға жұмылдырып, нақ осы көрсетілген шаруашылық міндеттерді орындауға бар жігерімен кірісті.

Партияның, халықтың елді социалистік жолмен индустрияландыру жолындағы күресі бастапқы кезінен-ақ табысты нәтижелерге жеткізді. 1926/27 шаруашылық жылында өнеркәсіпке 1 миллиард сом шамасы ақша жұмсалды, ал үш жылдан кейін 5 миллиардқа жуық жұмсалды. Совет халқы Днепр су электр станциясы, Түркстан-Сибирь темір жолы, Сталинград трактор заводы сияқты алыптарды сала бастады.

Социалистік индустрия орындарын салу ісі берік негізге орнап, ойдағыдай алға баса бастады.

Елді индустрияландыру қалада капиталистік элементтерді, деревняда — ақырғы ең көп қанаушы тап болған кулактарды жоюға материалдық алғы шарттар жасай бастады. Социализмнің дұшпандары социалистік индустрияландыру ісіне барынша бөгет жасап бағуға, капитализмнің позициясын сақтап қалуға тырысты. СССР-дің халық шаруашылығын қайта құру ісі ел ішінде кескілескен тап күресі жағдайында жүзеге асырылды.

Тап күресінің шиеленісуі партия қатарына да әсер етті: әралуан капитулянттар мен оппозициялар бас көтерді. Елді индустрияландырудың алғашқы жылдарында партия ішіндегі басты қауіп — антилениндік платформада біріккен троцкистер мен зиновьевшілдер болды.

Зиновьев, Каменев және басқалары болған «жаңа оппозиция», партияның XIV съезінде жеңіліп қалды да, ашықтан-ашық троцкизмнің капитулянттық позицияларына түсті. 1926 жылдың жазында троцкистер мен зиновьевшілдер антипартиялық блокқа бірікті, оның негізі троцкистік платформа болды. Бұған партия талқандаған барлық оппозициялық топтардың «жұмысшы оппозициясының», «децистердің» және басқаларының қалдықтары келіп қосылды. Сонымен, капитулянттардың бұл блогы партия айыптаған барлық оппозиционерлердің жиын жеріне айналып, 1912 жылғы троцкистік август блогы сияқты бірдене болып шықты. Осы әрқилы антипартиялық элементтердің бәрі еліміздегі капиталистік таптардың қалдықтарының мүдделерін, қаладағы ұсақ буржуазия мен буржуазиялық интеллигенцияның жоғарғы топтарының пролетариат диктатурасы тәртібіне наразылығын білдірді. Олар партия ішіндегі тап жауларының агентурасы еді, қас-дұшпан капиталистік қоршаудың жаршысы еді.

Партияның троцкистік-зиновьевшіл блокпен принципті алауыздықтарының негізгі мәселесі — СССР-де социализмнің жеңуі мүмкіндігі

туралы мәселе еді. Партия өзінің идеологиялық және ұйымдастыру жұмысында В. И. Лениннің пролетариат диктатурасы негізінде және жұмысшы табының шаруалармен одағын үнемі нығайтып отыру негізінде біздің елімізде толық социалистік қоғам орнатуға қажетті, жеткілікті нәрсенің бәрі бар деген нұсқауларына сүйенді. Троцкистік-зиновьевшіл антипартиялық блок бір елде, СССР-де социализмнің жеңу мүмкіншілігін ешбір мойындамады.

Социалистік құрылыстың лениндік жоспарын орындау үшін партияның троцкистер мен басқа да капитулянттарға қарсы күресін Орталық Комитет, оның лениндік негізгі ұйытқысы басқарды. Бұл күресте партияның мынадай қайраткерлері мен қызметкерлері белсенді роль атқарды: А. А. Андреев, К. Е. Ворошилов, Ф. Э. Дзержинский, А. А. Жданов, Л. М. Каганович, М. И. Калинин, С. М. Киров, С. В. Косиор, В. В. Куйбышев, А. И. Микоян, В. М. Молотов, Г. И. Петровский, П. П. Постышев, Г. К. Орджоникидзе, Я. Э. Рудзутак, И. В. Сталин, М. В. Фрунзе, Н. С. Хрущев, Н. М. Шверник, Е. М. Ярославский. Партия ұйымдары Орталық Комитеттің басшылығымен социализм дұшпандарына қарсы табан тірескен күрес жүргізді, елді социалистік жолмен индустрияландырудың зор жоспарын орындауға бұқараны жұмылдырды.

Партия троцкистер мен зиновьевшілдерді ленинизм жолынан тайған, Октябрь социалистік революциясының жеңістерінен бас тартқан барып тұрған капитулянттар деп әшкереледі. Олар елімізді социалистік жолмен индустрияландырудың лениндік жоспарын жүзеге асыруға қарсылық көрсетіп, қайдағы бір авантюристік ұрандар ұсынып отырды. Троцкистердің шаруаларға салынатын ауылшаруашылық салығын көбейту керек, өнеркәсіп товарларын босату бағасын жоғарылату керек деген ұсыныстары әсіресе қауіпті болды. Бұл ұсыныстар жұмысшы табының еңбекші шаруалармен лениндік одағын бұзар еді, СССР-де пролетариат диктатурасын әлсіретер еді. Троцкистер мен зиновьевшілдердің капитулянттық саясаты іс жүзінде Совет елінде капитализмді қалпына келтіруге апарып соққан болар еді.

Троцкист-зиновьевшілдердің антипартиялық блогы жұмысшы табы мен шаруалар арасында таптық шайқастардың болуы, олардың одағының ажырауы сөзсіз деп соқты. Оппозицияның лидерлері шаруа шаруашылығының социалистік жолмен даму мүмкіндіктерін мойындамады.

Троцкистер мен зиновьевшілдер өздерінің капитулянттық бағытын іске асыру үшін фракциялар мен жіктерге жол берілуін, РКП(б) X съезінің партияның бірлігі туралы лениндік қарарын жүзеге асыртпауды көздеді, партияның тәртібін бұзды, революциялық жұмыстың ондаған жылы ішінде партия құрған партия аппаратын партия бұқарасына қарама-қарсы қойып, оны масқаралауға тырысты.

Троцкистер мен зиновьевшілдер сыртқы саясат мәселелерінде СССР-ді империалистік интервенциядан қорғаудың керегі жоқ дегенге дейін барды. Көздері қарайып партия басшылығы мен Совет үкіметіне өшіккендігі сондай, бұлар Совет еліне империалистер шабуыл жасай қалған мезгілде Совет еліне бүйірден тап беруге даяр болды.

Троцкистер мен зиновьевшілдер Коминтернді жікке бөлу жолына түсті. Олар антилениндік бағыттағы фракциялық топтармен, коммунистік қозғалыстың Коминтерннен қуылған дұшпандарымен, опасыздарымен, сондай-ақ Коминтернге қарсы күресіп келген ашықтан-ашық антикоммунистік ұйымдармен, топтар және адамдармен байланысып алды.

Троцкистік-зиновьевшіл блоктың капитулянттық мәні осындай еді. Орталық Комитет коммунистер мен бүкіл жұмысшы табын партияның бірлігін бұзып, оның ел ішіндегі басқарушы ролін әлсіреткісі келген антипартиялық троцкистік оппозициямен батыл күресуге шақырды.

Орталық Комитет: партиямыздың тек бірлігі бар партия болғанда ғана халық бұқарасының бірден-бір көсемі және пролетариат диктатурасының басшысы болғанда ғана социализмнің жеңуін қамтамасыз ете алатынын атап көрсетті. Орталық Комитет: егерде антипартиялық блок таратылып, ол өзінің фракциялық жұмысын тоқтатпаса оған қатысушылар партиядан шығарылып тынады деп қатты ескертті.

Оппозиционерлер сонда да шімірікпеді. 1926 жылдың күзінде троцкистік-зиновьевшіл оппозицияның лидерлері Москвадағы «Авиаприбор» заводының, Ленинградтағы Путилов заводының және басқаларының партия жиналыстарында залымдықпен ашықтан-ашық партияға қарсы шықты. Олар партияға жанадан айтыс ашқызуға әрекет жасап, өздерінің реакциялық платформасын талқылауға салды. Коммунистер олардың бұл залымдық әрекеттеріне бірауыздан тойтарыс берді. Кей жерлерде троцкистер мен зиновьевшілдерді тіпті жұмысшылардың партия жиналыстарынан қуып шығып отырды. Оппозициялық блоктың лидерлері партия ішінде, жұмысшы табының арасында әбден жеңіліп, Орталық Комитетке арыз берді де, мұнда өздерінің фракциялық жұмысын теріс деп тапты. Бірақ бұл сөз ғана болды. Іс жүзінде олар өз тәртібі мен мүшелік жарнасы бар, құпия баспаханасы бар антилениндік партиясын ұйыстыра берді. Олар партияның уставына бағынбай, жасырын жиналыстарын өткізе берді, бұл жиналыстарында фракциялық платформаны және партия мен оның Орталық Комитетіне қарсы күрес жүргізу тактикасын талқылап отырды.

1926 жылдың октябрь-ноябрінде Бүкілодақтық XV партия конференциясы болды, бұл конференция СССР-де социализмнің жеңуі жолындағы күресте маңызды белес болды.

Конференция өткен 1925/26 шаруашылық жылының қорытындысын жасады. Бұл қорытындылар троцкистік демагогиямен шырмалмаған әрбір адамға халық шаруашылығының қиыншылықтарды жеңе отырып, социалистік жолмен алға басып өрлеп бара жатқанын айқын көрсетті. Конференция елдің экономикасында ірі өнеркәсіптің шаруашылық гегемониясының бекігенін, ауыл шаруашылығын көтерудегі, ауылшаруашылық кооперациясын дамытудағы оның жетекші ролінің күшеюін атап көрсетті. Конференция партияның, жұмысшы табының және еңбекші шаруалардың күш-жігерін елді социалистік жолмен индустрияландырудың лениндік жоспарын жүзеге асыруға жұмылдырды.

Конференция троцкистік-зиновьевшіл оппозицияға партия ішіндегі меньшевиктік уклон деп кең түрде саяси сипаттама берді, меньшевизм жағына бұдан әрі эволюция жасау өздерін Коммунистік партияның қатарынан шығартады деп оппозиционерлерге қатты ескертті. Конференция барлық коммунистерді троцкистік-зиновьевшіл блокқа қарсы батыл күреске шақырды.

1926 жылдың ноябрь-декабрінде Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитетінің (ИККИ) кеңейтілген VII пленумы болды. Троцкизмді халықаралық көлемде идея жағынан талқандауда және туысқан коммунистік партияларды троцкистік және басқа ревизионистік элементтерден тазартуда пленумның аса көрнекті маңызы болды. ИККИ-дің пленумы оппозициялық одақ туралы XV конференцияның қарарын мақұлдап, коммунистік партияларды троцкистердің халықаралық коммунистік қозғалысқа жарықшақ салмақ болатын әрекеттерінің бәріне қарсы батыл күрес жүргізуге міндеттеді. XV партия конференциясында және ИККИ-дің пленумында троцкистік-зиновьевшіл оппозиция туралы және онымен күресу шаралары туралы Сталин баяндама жасады. XV партия конференциясының, ИККИ-дің VII пленумының шешімдері мен Сталиннің баяндамалары Ленин идеяларының туы

астында партия қатарын біріктіруде, троцкистерді, олардың капитулянттығын және іріткі салғыш антипартиялық жұмысын әшкерелеуде үлкен роль атқарды.

XV партия конференциясы мен ИККИ-дің VII пленумының троцкистік-зиновьевшіл блокты турадан-тура айыптауына және жұмысшы табының арасында троцкистер мен зиновьевшілдерге батыл тойтарыс берілуіне қарамастан, олар өздерінің партияға қарсы жұмысын тоқтатпады. 1927 жылы ағылшын консерваторлар үкіметінің СССР-мен дипломатиялық және сауда қатынастарын үзуіне байланысты СССР-дің халықаралық жағдайы қиындаған кезде, троцкистер партияға қарсы күресін күшейтіп, «83-тің платформасы» дейтін платформамен шықты.

Бұл партия мен жұмысшы табын алдауға есеп жасалған жалған, екіжүзділік платформа еді. Сөз жүзінде троцкистер мен зиновьевшілдер партияның жікке бөлінуіне қарсы болды, елді индустрияландыруды, ауыл шаруашылығын коллективтендіруді жақтады, ал іс жүзіне келгенде олар өздерінің астыртын партиясын құрды, индустрияландыру мен коллективтендіру саясатын келемеж етті. Олардың платформасында партия мен Совет үкіметі сыртқы сауда монополиясын жоймақшы, кулактарға саяси праволар бермекші деген сияқты әртүрлі өтірік өсектер болды. Осы бастан-аяқ өтірікке толған платформасын оппозиция мың-мың дана етіп өзінің жасырын баспаханасында басып шығарып, партия мүшелері мен партияда жоқтардың арасына таратты. Партия троцкистік-зиновьевшіл блоктың партияға қарсы бұл жалақорлық жаңа декларациясын да бұқараның алдында әшкереледі. Социалистік индустрияны жасауда қажырлы еңбекпен айналысып жатқан халық бұқарасы троцкистердің жалақорлық өтіріктеріне ашу-ызамен тойтарыс берді.

Троцкистік оппозиция бірнеше жыл бойы партияның бірлігіне, оның басшылығына соққы беру үшін социализм орнатуда партияның жеңіп отыруына тура келген әрбір қиыншылығын пайдаланып отырды. Оппозиция социалистік құрылысты басқарып отырған жауынгер партияны айтыс-тартыс клубына айналдыруға тырысты.

Троцкистер мен зиновьевшілдердің партияға қарсы әрекетін мүлдем тоқтатып, олардың платформасының Ленинге қарсы, капитулянттық мазмұнын бүтіндей әшкерелеу керек болды. 1927 жылы октябрьде Орталық Комитет пен Орталық Бакылау Комиссиясының біріккен пленумының қаулысы бойынша оппозицияның басшылары — Троцкий мен Зиновьев — партия мен оның бірлігіне қарсы фракциялық күрес жүргізгені үшін Орталық Комитеттен шығарылған болатын. 1927 жылдың октябрінде Орталық Комитет XV съездің күн тәртібіндегі мәселелердің тезистерін шығарып, сол тезистер бойынша жалпы партиялық айтыс жариялады. Айтыс жиналыстары партия мүшелерінің саяси жетілгендігін, олардың лениндік Орталық Комитеттің төңірегіне топтасқандығын көрсетті. Партияның 724 мың мүшесі Орталық Комитеттің саясатын мақұлдап дауыс берді, ал троцкистер мен зиновьевшілдердің блогына небәрі 4 мың ғана адам (бір проценттен аз) дауыс берді. Партияға қарсы блок бас көтерместей болып талқандалды. Партияның лениндік саясаты жеңді. Ұлы Октябрь социалистік революциясының онжылдық мерекесінің құрметіне партияның Орталық Комитетінің ұсынысы бойынша ССР Одағының Орталық Атқару Комитеті манифест қабылдап, мұнда жеті сағаттық жұмыс күніне көшу айтылған еді. Троцкистік-зиновьевшіл оппозиция халық мақұлдаған манифестке қарсы шықты, сөйтіп өз саясатының халыққа қарсы мәнін ашып берді.

Ленин жолына қарсы троцкистік-зиновьевшіл блоктың саяси күйреуі, оның бұқарадан шеттеуі анықталған сайын, бұл топ антисоветтік күрестің тұңғышына қарай күлдилай берді. Троцкистер Ұлы Октябрь

социалистік революциясының он жылдығы күні Совет өкіметіне қарсы зұлымдық әрекет жасады. Ленинизм ұрандарымен көшеге шыққан бұқараның күшті демонстрациясына карама-қарсы Троцкий, Зиновьев, Каменев басқарған ат төбеліндей троцкистер совет заңдарын өрескел бұзып, партияға қарсы, Совет өкіметіне қарсы ұрандарымен Москва, Ленинград көшелеріне шықты. Троцкистерге қарсы халықты ашу-ыза кернеді.

1927 жылдың ноябрінде Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясы партияның тілегін орындап Троцкий мен Зиновьевті партиядан шығарды да, өзге оппозиционерлерді Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының мүшелігінен шығарды. Оппозиция туралы мәселе түгелімен партияның XV съезінің қарауына берілді.

3. Елді индустрияландыру ісіне совет халқының күшін жұмылдыру. Партияның және еңбекшілердің көпшілік ұйымдарының жұмысын қайта қуру

Елді социалистік жолмен индустрияландыру саясаты бұқараның саяси белсенділігі мен өндірістегі белсенділігін арттыруға және еңбекшілердің жаңа топтарын, ең алдымен жұмысшыларды, мемлекет басқару ісіне қатыстыруға тығыз байланысты еді. «Социализм халық бұқарасының өзінің жасаған игілігі» деген болатын Ленин (Шығармалар, 26-том, 280-бет).

Партия өзінің бұқарамен байланысын кеңейтіп, нығайтып отырды, партияның ішкі демократиясын, сын мен өзара сынды өрістетуге негізінде коммунистердің белсенділігін арттырып отырды.

XIV съезд қабылдаған партия уставы партияның ішкі демократиясын онан әрі өрістетуге, коммунистердің белсенділігі мен іс бастағыштығын арттыруға қолайлы жағдайлар жасады. Орталық Комитет партия басшылығының лениндік нормаларының орындалып отыруын, партия органдарының сайланып қойылу тәртібін қатаң бақылап отырды, партия жұмысында бюрократизмнің көріністерімен, әділ сынды тұншықтыру әрекеттерімен және партияның ішкі демократиясын бұзудың басқа да әрекеттерімен батыл күрес жүргізді. Орталық Комитеттің және жергілікті партия ұйымдарының жұмысы коллективтік басшылық принципіне, партияның ішкі демократиясын өрістетуге негізделіп отырды. Орталық Комитеттің пленумдары, партия комитеттерінің пленумдары мен партия ұйымдарының активтері, партия ұяларының жиналыстары үздіксіз шақырылып отырды, бұларда партия, мемлекет, шаруашылық құрылысының маңызды мәселелері талқыланып отырды. Орталық Комитеттің жергілікті жерлермен байланысы күшейді. Орталық Комитет партияның XIV съезі мен XV съезінің арасында жергілікті партия қызметкерлерінің қатысуымен 40 шамалы жергілікті партия ұйымдарының жұмысын тексерді. Бұл жергілікті жерлерде партия жұмысының жанданып, жақсаруына мүмкіндік туғызды. Директивалар мен нұсқаулар азайды. Орталық Комитеттің жергілікті партия ұйымдарымен жанды байланысының түрлері көбейе бастады.

Партия ұйымдарының негізгі назар аударған міндеттері: өндірісті тиімді жүргізу, еңбек өнімділігін арттыру, үнем тәртібін қолдану, өнімнің өзіндік құнын арзандату болды. Бұл міндеттерді шешудің ең маңызды әдісі бұқараның социалистік жарысы болды. Көпшілік-саяси науқандармен әуестеніп, кәсіпорындарының өндірістік жұмысының егжей-тегжейіне түсінбей, шаруашылық құрылыстың практикалық мәселелерінен қол үзген партия ұйымдарының жұмысын Орталық Комитет сынға алды.

Жұмысшылар бұқарасының қалың ортасындағы цех партия ұйымдарының жұмысын жақсартудың ерекше маңызы болды. 1924 жылы партияның 2 мың цех ұйымдары болды, ал 1927 жылы олар 4 мыңға барды десе болғандай. Осылардың төңірегінде партияда жоқ өте күшті актив өсті.

Елді индустрияландыру жылдары партияның бұқарамен байланысы күшейді. Партияның бұқараға саяси ықпалы өсті, мұны жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың алдыңғы қатарлы адамдарының есебінен партия қатарының өсуі айқын дәлелдейді. 1927 жылы бүкілодақтық партия санағы жүргізілді. Санақтың мәліметтері бойынша партияда 775 мың мүше және 372 мың кандидат болған. Партия қатарына үш жылдың ішінде (1924 — 1926) 800 мыңнан аса адам алынды, оның ішінде жарты миллионнан астам жұмысшы алынды.

Орталық Комитет партия қатарының әлеуметтік құрамын жақсартуға, партия бірлігінің, мызғымас беріктігінің маңызды шарты болатын ондағы пролетарлық ұйтқыны көбейтуге шаралар қолданды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының он жылдығын мерекелеумен байланысты жұмысшыларды партия қатарына жаппай шақыру жарияланды. Партияға кірушілер барынша жеке-жеке тексеріліп алынды. Партияға 108 мың адам кірді. Партияға жұмысшы табының жаңадан үлкен отрядының алынуы партияның социалистік құрылыстағы басшылық ролін күшейте түсті. Партия деревняда партия ұйымдарын нығайту мақсатын көздеп, партияның өз қатарына ауылшаруашылық жұмысшыларының алдыңғы қатардағыларын, кедей топтарында, Советтерде және ауылшаруашылық кооперативтерінде істеп келген батрақтарды, кедейлерді алу міндетін қойды.

Елді, индустрияландыру еңбекшілердің көпшілік ұйымдарының алдына жаңа міндеттер қойды. Советтердің, кәсіподақтарының, комсомолдың және басқа да қоғам ұйымдарының жұмысын қайта қарау керек болды, олардың жұмысын жандандыру керек болды. Партия жұмысшы табының барлық көпшілік ұйымдарына арнап «өндіріске бет бұрындар» деген ұран тастады.

Партия Советтерді көтеру саясатын негізге алып, мемлекеттік өкімет органдарының жұмысын жақсартып, жетілдіре берді. Осының нәтижесінде шаруашылық және мәдени құрылыста Советтердің ролі күшейе берді. Мемлекет басқару ісіне жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың барған сайын қалың көпшілігі тартыла берді. Советтердің төңірегінде партияда жоқтардың активі құрылды. Советтердің депутаттары сайлаушылар алдында жиі-жиі есеп бере бастады.

1926 және 1927 жылдары Советтердің қайта сайлауы болды, бұл сайлаулар еңбекшілер бұқарасының белсенділігі өсіп, тап күресінің шиеленіскен жағдайында өтті. Қайта сайлау қала мен деревня еңбекші бұқарасына партия ықпалының өскенін, капиталистік элементтердің позициясының нашарлағанын көрсетті; кулактардың орта шаруадан шеттетіліп бара жатқаны айқын болды. Социалистік құрылыста совет мемлекеттік аппаратын жақсартып беру жолында партияның жүргізген күресінің үлкен маңызы болды. Партия Лениннің нұсқаулары бойынша, мемлекеттік аппаратты жетілдіру, қысқарту, арзандату жөнінде шаралар қолданды, мемлекеттік аппараттағы бюрократтық бұрмалаушылықтарға қарсы үздіксіз күрес жүргізді.

Партия өнеркәсіпке басшылық етуді жетілдіруге ерекше көңіл бөлді. Елді индустрияландыру бағыты өнеркәсіпті басқару ісін жақсартуды, шаруашылық құрылысты басқару ісін жергілікті жағдайларға жақындатуды, өнеркәсіптің басшы кадрларын дайындау ісін жақсартуды керек етті. Өнеркәсіпті басқару демократиялық централизмді нығайтуға негізделіп отырды. Шаруашылық кадрлардың өсуі және өнеркәсіпті

басқаруды ұйымдастырудағы жинақталған тәжірибе кәсіпорындарын ұсақ-түйек бақылаудан босатуға және оларды басқарушы адамдардың жауапкершілігін күшейтуге жағдай туғызды.

Жұмысшылардың ең бұқаралық ұйымы — кәсіподақтарының жұмысын күшейту керек болды. Жұмысшы табының саны тез өсті. Индустрияландырудың алғашқы екі жылында жұмысшы табы қатарына 2 миллионнан аса адам қосылды. Халық шаруашылығын қалпына келтіруден оны қайта құруға көшу, шаруашылықты қайта құрудың қиыншылықтары кәсіподақтарының бұқараны, әсіресе жаңа жұмысшыларды тәрбиелеу жолында қызу жұмыс жүргізуін, оларды қызу социалистік құрылысқа тартуын талап етті. Кәсіподақтарының жұмысы пролетарлық демократияны күшейту негізінде жақсартылып отырды. Кәсіподақтар жұмысшыларды өндіріс басқару органдарына жоғарылатып отырды. Жұмысшы бұқарасын социалистік құрылысқа, өндірісті басқаруға және еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күреске тартудың ең бір маңызды түрі жұмысшылардың өз бастауымен пайда болған өндірістік кеңестер болды. Олар барлық жерлерге кең тарады. Бұл кеңестерде жұмысшылардың кеңінен қатысуымен мынандай мәселелер: өндірістің жағдайы, үнем тәртібі, өндірістің іссіз тұрып қалуын жою, өзіндік құнды арзандату, еңбек өнімділігін арттыру, еңбек тәртібін көтеру туралы мәселелер талқыланып отырды. Партияның Орталық Комитеті өндірістік кеңестердің озат тәжірибесін өнеркәсіп пен транспорттың барлық салаларына таратқызып отырды, жұмысшылардың творчестволық бастамасының басқа да түрлерін барынша қолдап, дамытып отырды.

Елімізді социалистік жолмен индустрияландыру жылдарында партияның айбынды жәрдемшісі, коммунизм орнатушылардың жас буынын баулуға міндетті — комсомолдың ролі артты. Комсомол елді социалистік жолмен индустрияландыру күресіне белсене кірісіп, өз арасынан өндірістің он мыңдаған рационализаторларын, өнер табушыларын шығарды.

Әйелдерді өндіріс пен қоғам жұмысына қызу тартудың, әсіресе еліміздің ұлт республикалары мен облыстарында зор маңызы болды. Жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдердің делегаттық жиналыстары кең етек алды. 1927 жылдың октябрінде жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдердің Бүкілодақтық I съезі болды.

Ел ішінде тап күресінің шиеленіскен жағдайында деревняда пролетариат ықпалын күшейту өте маңызды іс еді. Деревняда шаруалардың негізгі бұқарасы орта шаруа үшін жұмысшы табы мен буржуазия-кулак элементтердің арасында қатты күрес жүрді. Партияның «деревняға бет бұрындар» деген ұранын партия ұйымдары ойдағыдай жүзеге асырып жатты. Партияның деревнядағы алдыңғы шебі — 21 мыңдай партия ұясы мен ширек миллионнан аса коммунистер еді. Партия қаладан селоға коммунистер жіберу ісін деревняның өзінде өскен жаңа кадрларды жоғарылатумен ұштастырып отырды. Деревняның қоғамдық өмірінде коммунистердің ролі көп көтерілді. Бұған Советтер сайлауының қорытындысы айқын дәлел: селолық советтің әрбір бесінші председателі, болыстық атқару комитеттері мүшелерінің жарма-жары коммунистер болды.

Шаруаларға пролетариат ықпалы қаланың миллиондаған жұмысшыларды қамтыған әртүрлі қоғамдық ұйымдары арқылы да жүрді. Деревняда жүргізген жұмыста партияның ең маңызды таянышы кәсіподақтар болды. Жұмысшылардың едәуірінің деревнямен байланысты болғанын, өздерінің шаруа шаруашылығы болғанын еске алу керек. Оның үстіне деревняның өзінде де екі миллионнан аса кәсіподақ мүшелері жұмыс істеді, бұлардың миллионнан асасы ауылшаруашылық және орман кәсіп жұмысшылары одағының мүшелері еді. Партия деревняда кәсіподақтарының жұмысын қажырлылықпен жақсартып

отырды, оларды селонның қоғамдық өміріне қатыстырып отырды, деревняны қамқорлыққа алу үшін жұмысшылардың жаңа топтарын тартып отырды. Қамқорлық қоғамдарына ол жылдары бір жарым миллионға дейін адам қатысты.

Деревняны социалистік жолмен қайта құру күресінде партия жұмысшы табы мен шаруалардың өз ішіндегі күштеріне сүйенді. Бірақ бұл күшті топтастырып ұйымдастыру керек болды. Партияның негізгі назар аударғаны Советтер мен кооперациядағы кедейлер тобы болды. Орта шаруалар да қатынасып отырған кедейлердің жиналыстары мезгілінде өткізіліп тұратын болды. Ұйымшылдығының өсе түсуінің арқасында селонның қоғамдық өміріне кедейлердің ықпалы күшейе түсті, кедейлер кулактармен белсене күресті.

Комсомол партияның деревнядағы сенімді жәрдемшісі болды. Социалистік деревня үшін күресуші миллион жас күрескерлер кулактар мен барлық антисоветтік күштерге қарсы, сондай-ақ керенаулыққа қарсы, ауыл шаруашылығын өркендетудегі әлі сынап көрілмеген социалистік жолға сенбеушілікке қарсы ерлік күрес жүргізді. Шаруалар баспасөзінің зор маңызы болды. Партия мен Совет өкіметінің төңірегіне шаруалар бұқарасын ұйымдастырған қабырға газеті шығып тұрмаған бірде-бір болыс болған емес. Село тілшілерінің екі жүз мың армиясы кулактардың тасада тұрып ататын оғына қарамай, социализм жолын батылдықпен қорғап отырды. Партия шаруаларға саяси тәрбие беру үшін Қызыл Армияны барынша пайдаланып отырды. Армиядан қайтқан қызыл әскерлердің деревняда үлкен ықпалы болды. Селолық советтер председателдерінің тең жартысы, болыстық атқару комитеттері председателдерінің үштен екісі Қызыл Армия мектебінен өтті.

Партияның және партия басқарған қоғам ұйымдарының саяси және ұйымдастырушылық жұмысының жақсаруының нәтижесінде кулактарға тойтарыс беру күшейді. Кедейлерге сүйене отырып, жұмысшы табы орта шаруамен одағын күшейтті. Деревнядағы қоғамдық шаруашылықтың әр салаларына шаруалар неғұрлым көп тартылып отырды. Тұтыну кооперациясына шаруалар үйінің 38 проценті қатысты; ауылшаруашылық кооперациясы шаруалар шаруашылығының үштен біріндейін қамтыды. Лениннің кооперативтік жоспары ойдағыдай жүзеге асырылып отырды.

Партия жеке шаруалар шаруашылығынан социалистік, колхозды шаруашылық құрылысына жаппай көшуді әзірлеу мақсатымен ауылшаруашылық кооперациясын кеңінен өрістетуге бағытын жүргізді.

4. Елді социалистік жолмен индустрияландырудың алғашқы табыстары. Партияның XV съезі және ауыл шаруашылығын коллективтендіруге бағыт алу. Троцкистік-зиновьевшіл антипартиялық блоктың талқандалуы

Елді социалистік жолмен индустрияландыру жоспарын орындауда екі жыл бойы жүргізілген қажырлы жұмыстан кейін оның алғашқы нәтижелері көріне бастады. Ескі заводтар қайта жабдыкталып, жаңалары салынды. 1927 жылдың аяғына қарай өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жалпы өнімді соғысқа дейінгіден көп шығарды.

Әсіресе социалистік ірі өнеркәсіп тез қарқынмен өсті, 1926/27 шаруашылық жылы оның өнімі өткен жылмен салыстырғанда 18 процент өсті. Мұның өзі индустрияландырудың алғашқы жылдары үшін СССР-де ірі өнеркәсіптің ең жоғары қарқынмен өскендігі болды. Бұл қарқын басты-басты капиталистік елдердің өнеркәсібінің өсу қарқынынан әлденеше рет асып түсті. Мәселен, АҚШ-та өнеркәсіп өнімінің бір жылдағы орташа өсуі 28 жылдың ішінде (1901 — 1929) 4 проценттен артпаған. СССР-де өнеркәсіптің, әсіресе ауыр өнеркәсіптің жоғары қар-

қынмен өркендеуі шаруашылықтың социалистік системасының капиталистік системадан артықшылығын көрсетеді.

Ірі өнеркәсіптің өсуі халық шаруашылығында социалистік сектордың жетекші ролін күшейтті. Өнеркәсіптегі социалистік сектордың үлесі 1927 жылдың аяғында 86 процент болды, ал жеке меншікті сектордың үлесі 14 процентке дейін кеміді (бұған едәуірі жекешелердің қолында болған ұн тартатын өнеркәсіп кірмейді). Сонымен СССР-дегі жүргізіліп жатқан индустрияландырудың социалистік сипаты бар екендігі дәлелденді.

Өнеркәсіпте социалистік сектордың ұдайы өсуі саудадан капиталистік элементтерді ығыстырумен байланысты болды. Бөлшек товар айналымындағы жеке меншіктің үлесі 1924/25 жылы 53 процент болса, 1926/27 шаруашылық жылы 35 процентке түсті, ал көтерме саудада — 9 дан 5 процентке дейін кеміді.

Ұлттық табыс өткен жылмен салыстырғанда 1926/27 шаруашылық жылы 11 проценттен аса өсті. Егер ұлттық табыстың жылма-жылғы орташа өсімі АҚШ-та, Англияда, Германияда және басқа жоғары дамыған капиталистік елдерде 2-4 проценттен аспай келгенін еске алатын болсақ, онда СССР халық шаруашылығының қандайлық тез қарқынмен өскені ап-айқын бола кетеді. Шаруашылықтың социалистік системасының капиталистік системадан артықшылығы, партияның экономикалық саясатының дұрыстығы халық бұқарасының, ең алдымен жұмысшы табының еңбектегі өрлеуі осыдан айқын көрінді.

Совет елі Коммунистік партияның басшылығымен халық шаруашылығынан капиталистік элементтерді ығыстыра отырып, социализмге қарай сеніммен және тез алға басты.

Социалистік ірі өнеркәсіп тез қарқынмен өркендеп, қалалар өсіп отырған кезде халық шаруашылығының ең үлкен және өмірлік маңызды саласы — ауыл шаруашылығы — өте кейін қалды. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі тұтас алғанда соғысқа дейінгі дәрежеден асып кеткен болса, оның негізгі саласының — дәнді астықтың — жалпы өнімі 1926/27 шаруашылық жылы 1913 жылғы жалпы өнімнің 95 процентіне ғана жетті, ал астықтың товарлы бөлімі (деревнядан тысқарысы) — соғысқа дейін 26 процент болса, кәзір 13,3 ғана процентке жетті.

Товарлы астық өндірілуінің мұндайлық кемуі Октябрь революциясының нәтижесінде деревняда помещиктік ірі шаруашылықтар жойылып, соғысқа дейін товарлы астықтың анағұрлым көбін беріп келген кулактар шаруашылығының едәуір азайғандығынан болды. Помещиктер шаруашылығы рынокке түсетін астықтың 22 процентін, яки 281,6 миллион пұтын түсірді. Кулактар рынокке барлық товарлы астықтың 50 процентін, яки 650 миллион пұтын беретін. Кулактар шаруашылығы соғысқа дейінгімен салыстырғанда 1927 жылы жалпы астық өндіруді үш еседен аса кемітіп жіберді.

Октябрь революциясы жеңгеннен кейінгі жерде негізгі астық өндіруші ұсақ орта шаруалар мен кедей шаруалар шаруашылығы болды. Бұлардың саны бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін шамамен 17 миллион болса, 1927 жылы — 24 миллиондай болды. Орташалар мен кедейлер, Октябрь революциясының жеңуі нәтижесінде помещиктерден құтылып, кулактардың күшін әлсіретіп, жақсы тұра бастады. Астықтың негізгі иелері осылар болды, астықты соғысқа дейінгіге қарағанда көп өндірді (2,5 миллиард пұттың орнына 4 миллиард пұт), бірақ астықтың жалпы өнімінен товарлы астық 11 процент-ақ болды.

Совхоздар мен колхоздар ол кезде астық өндіру жағынан сәл ғана орын алатын. Олар небәрі 80 миллион пұт астық өндіретін, яғни товарлы астықтың 6 процентін ғана беретін.

Астық шаруашылығы осындай жағдайда болып отырғанда елдің астық жөніндегі қерекін қанағаттандыра алмады, ал қала халқы мен жұмысшы табының өсуіне байланысты, астық көп керек бола бастады.

Социалистік индустрияны дамытуда ірі табыстарға жеттік те, ауыл шаруашылығы елеулі түрде артта қалып қойды — партияның XV съезінің алдындағы экономикалық жағдай міне осындай болып еді. Съезд 1927 жылдың декабрінде болды. Ол кезде партияда 887 мың мүше, 349 мың кандидат бар еді.

Съезд Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының — Жұмысшы шаруа Инспекциясының есебін, бесжылдық жоспарды жасау жөніндегі директиваларды, деревнядағы жұмыс туралы, оппозиция туралы және басқа мәселелерді талқылады.

Орталық Комитеттің есепті баяндамасын Сталин жасады. Съезд Орталық Комитеттің саяси және ұйымдастыру жұмысын толығынан мақұлдады. Съезд сыртқы саясат саласында Орталық Комитетке бейбітшілік үшін күресудің лениндік жолын бұлжытпай жүргізуді, барлық елдердің еңбекшілерімен интернационалдық байланысты нығайтып отыруды, СССР-дің қорғаныс қабілетін күшейтіп отыруды жүктеді. Жемісті болған ішкі саясат саласында съезд социалистік индустрияландырудың қарқынын бәсеңдетпей дамыта беруге және капиталистік элементтерді жою бағытын ұстап, капиталистік элементтерге неғұрлым батыл шабуыл жасай беруге директива берді.

Съезд социалистік өнеркәсіптің өсуінен көп артта қалған ауыл шаруашылығын дамыту перспективаларына ерекше көңіл бөлді. Съезд ауыл шаруашылығының баяу өркендеуінің себептерін ашты.

Өнеркәсібіміз ірі және орталықтандырылған еді. Ауыл шаруашылығы — ұсақ және бытыранқы болды. Ірі өнеркәсіп өндіріс құрал жабдықтарына қоғамдық, социалистік меншік болуына негізделді, ірі өнеркәсіптің өркендеуі халық шаруашылығында социализмнің позициясын нығайтты, капиталистік элементтерді жойғызды. Ұсақ шаруа шаруашылығы Совет мемлекеті национализациялап, шаруалардың тегін пайдалануына берген жерден басқа өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік болуына негізделген еді. Социалистік өнеркәсіп жоспармен өркендетілді. Ұсақ товарлы шаруашылық рынок стихиясының ықпалына душар болып отырды. Социалистік ірі өнеркәсіп жаңа техникамен үздіксіз жабдыкталып отырды, ұлғаймалы ұдайы өндіріс принципі бойынша тез қарқынмен өркендеп отырды. Ұсақ шаруа шаруашылығы жабайы техника мен қол еңбегіне негізделді, көзіргі заманғы машиналарды пайдалануға мүмкіндігі болмады, баяу өркендеді, екінші бірінде тіпті жай ұдайы өндірісті де қамтамасыз ете алмады.

1927 жылға қарай бытыранқы ұсақ шаруалар шаруашылығы өнімділігін онан әрі көтеру жөніндегі мүмкіндіктерін негізінен алғанда сарыққан еді. Деревняда шаруалар шаруашылығының бөлшектену процесі жүре берді. Олар товарлы өнімді, әсіресе дәнді астықты өте аз берді. Ауыл шаруашылығының өркендеуі жылдан жылға баяулай берді, ол социалистік өнеркәсіптің даму қарқынынан барған сайын кейін қала берді. Мұның өзі қала халқын ауылшаруашылық өнімдерімен, өнеркәсіпті шикізатпен жабдықтауда қиыншылықтар туғызды. Экспортта ауыл шаруашылығының өнімі шамалы ғана болды, мемлекеттік резервтер жасау қиындады. Ауыл шаруашылығының артта қалуы бүкіл социалистік шаруашылыққа кедергі бола бастады.

Социализм орнату мен ел қорғау мүдделері ауыл шаруашылығының артта қалуын жоюды, жеке меншікті ұсақ шаруалар шаруашылығынан социалистік ірі шаруашылыққа көшуді барынша қатты талап етті.

Партияның XV съезі, бұл мәселені жан-жақты талқылай келіп, ауыл шаруашылығын коллективтендіруді барынша өрістету туралы,

егіншілікте жаңа техникаға негізделген социалистік өндіріске көшу туралы шешім қабылдады. Социализмнің барлық майданда шабуылын әзірлеуді өрістету міндеті қойылды.

Ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендірмейінше ауыл шаруашылығын социалистік құрылыстың даңғыл жолына шығару және миллиондаған еңбекші шаруаларды кулактарға кіріптар болудан қайыршылық пен надандықтан құтқару мүмкін емес еді. Бұлай еткенде партия СССР-де социализм орнатудың лениндік жоспарын басшылыққа алып, Лениннің данышпандық кооперациялау жоспарына, оның мынадай белгілі нұсқауларына сүйенді:

«Еліміз әзірге ұсақ шаруалы ел болып отырғанда, Россияда коммунизмнен гөрі капитализмге неғұрлым берігірек экономикалық база бар. Мұны есте сақтау қажет. Деревняның тұрмысын, қаланың тұрмысымен салыстырып, зер салып бақылаған әрбір адам, капитализмнің тамырын жұлмағанымызды және ішкі дұшпанның іргесін, негізін жоймағанымызды біледі. Капитализм ұсақ шаруашылыққа сүйенеді, оны әлсірету үшін бір құрал бар, ол құрал — еліміздің шаруашылығын, соның ішінде егіншілікті де, жаңа техникалық базаға, кәзіргі замандағы ірі өндірістің техникалық базасына көшіру» (Шығармалар, 31-том, 533-бет).

«Егер шаруа шаруашылығы мұнан да әрі дами алатын болса, келесі өтпелі кадамды да берік қамтамасыз ету қажет, ал келесі өтпелі кадам сөзсіз мынау болады: тиімділігі кем, неғұрлым артта қалған, ұсақ, жеке-дара шаруа шаруашылығы біртіндеп бірігіп, қоғамдық, ірі егіншілік шаруашылығына ұйымдасатын болуға тиіс» (Шығармалар, 32-том, 302-бет).

Съезд, колхоз құрылысын кеңінен жүргізуді өте қажет деп тауып, шаруалардың колхоз жолына көшуі еңбекші шаруалардың өздерінің ықтиярлы еркімен болуы міндетті екенін үзілді-кесілді айтты. Мұнымен қатар съезд совхоздарды да нығайтып, өркендете беру керек деген директива берді.

Съезд ауыл шаруашылығының артта қалушылығын жоюдың бірден-бір жолы Лениннің кооперациялық жоспарын жүзеге асыру екенін баса көрсетті. Пролетариат диктатурасының жағдайында ауылшаруашылық кооперациясы социалистік индустрияның деревняны өз соңынан ертуіне көмектеседі. Шаруаларды кооперациялау жөніндегі табыстар таяу уақыт ішінде кооперацияға бүкіл кедейлер мен орта шаруалардың көбін тарту міндетін алға қоюға мүмкіндік берді. Съезд ауылшаруашылық кооперациясына әлсіз шаруашылықтарға көптеген жалдау пункттері арқылы жәрдем беруді ұйымдастыру жолымен, жерді қоғамдасып ұқсату үшін оларға жеңілдік шарттармен машиналар беру жолымен кедейлер мен орта шаруалардың кулактар құлдығынан құтылуына көмектесу міндетін жүктеді.

Съезд партияға бүкіл кедей, орташалар бұқарасымен бірге жұмысшы табы мен шаруалар одағының нығайуы негізінде кулак пен жекешені онан әрі үнемі тежеп, ығыстырып отыруға көшу жөнінде директива берді.

Социалистік құрылысты өрістету, ұзақ дәуірге арналған орасан көп күрделі қаржы — осының бәрі елдің экономикасына жоспарлы басшылық ету дәрежесін жоғары көтеруді керек етті. Ұлғайып, бекіген социалистік ірі өнеркәсіп елдің экономикасында жетекші роль атқарды. Партия шаруашылықты жоспарлау ісінде едәуір тәжірибеге ие болды. Бұл жағдайда жылдық бақылау цифрларынан бірнеше жылға арналған перспективалық жоспарларға көшуге мүмкіндік туды.

Ленин социализм орнату жоспарына арналған соңғы мақалаларында былай деп жазды: Совет мемлекеті тарихта тұңғыш рет «әлеуметтік негізгі өзгерістер жасау үшін керек болатын мерзімдерді бел-

гілеп отыруға» мүмкіндік алды, «сөйтіп бес жылда не істеуге болатынын және неғұрлым ұзақ мерзімдердің не үшін керек екенін кәзір біз анық көріп отырмыз» (Шығармалар, 33-том, 485-бет).

XV съезд халық шаруашылығының тарихында тұңғыш рет халық шаруашылығын өркендетудің бірінші бесжылдық жоспарын жасау туралы директива қабылдады.

Съезд бірінші бесжылдықтың негізгі шаруашылық міндеттері: социалистік ірі индустрияны үнемі өркендетіп отыру, соның негізінде халық шаруашылығының барлық тарауларының тез өсуіне, онда социалистік сектордың үлес салмағының артуына жете беру, халық шаруашылығының барлық майданында капитализмнің қалдықтарына қарсы социализмнің шабуылға көшкенін еске ала отырып, капиталистік элементтерді неғұрлым батылырақ ығыстырып отыру болды деп көрсетті.

Бірінші бесжылдық жоспар жайында директивалар қабылдау совет халық шаруашылығында жоспарлық негізді нығайтудағы, социализм орнату үшін күресудегі жаңа, неғұрлым жоғары кезең болып табылды. Бұл директиваларда Совет Одағындағы әлеуметтік ұлы өзгерістердің мерзімі мен қарқыны нақты белгіленіп отырды.

XV съезд партияның бірлігін нығайту жолында күресу ұранымен өтті. Бұл Орталық Комитеттің есепті баяндамасында көрсетілді. «Оппозиция туралы» баяндаманы троцкистердің антипартиялық әрекетін тексеру жөніндегі съезд сайлаған комиссияның атынан Г. К. Орджоникидзе жасады. Съезд троцкистік-зиновьевшіл антипартиялық «оппозиция идея жағынан ленинизмнен қол үзді, меньшевиктік топ болып азғындады, халықаралық және ішкі буржуазияның күштері алдында тізе бүгу жолына түсті, сөйтіп объективтік жағынан алғанда пролетарлық диктатура тәртібіне қарсы күресуші үшінші күштің құралына айналды» деп көрсетті («К П С С... қ а р а р л а р ы», II б ө л і м, 470-бет). Оппозиция тап жауларының Коммунистік партия мен Совет өкіметіне қарсы жүргізген жанталасқан күресінде солардың нағыз құралына айналды. Сондықтан съезд троцкистік оппозицияда болу және оның көзқарастарын насихаттау партияның қатарында болумен сиыспайды деп жариялады.

Съезд оппозиция Совет өкіметінің заң шегінен шығып кетті, фракцияшылық қылықтан антисоветтік троцкистік партия құруға дейін барды деп көрсетті. Осының бәрін еске ала келіп, съезд Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының антипартиялық оппозиция басшылары Троцкий мен Зиновьевті партиядан шығару туралы қаулысын мақұлдады және троцкистік-зиновьевшіл блоктың 75 белсенді қайраткерін — Каменевті, Пятаковты, Радекті, Раковскийді, Сафаровты, Смилганы, И. Смирновты, Лашевичті және басқаларын партиядан шығарды. Көрнеу антиреволюциялық топ ретіндегі 23 адамнан құралған Сапроновтың тобы да партиядан шығарылды.

Съезд партия ұйымдарына өз қатарын «троцкистік оппозицияның көріне түзелмейтін элементтерінің бәрінен» тазартуды жүктеді.

Съезд Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясына мұнымен қатар оппозицияның қатарындағы адамдардың троцкизмнің капитулянттық көзқарастарынан бас тартып, Ленин жолына түсуі керек екеніне көзін жеткізу үшін оларға идеялық ықпал ету шараларының бәрін қолдануды тапсырды.

XV съезд партияның уставына: «Бақылау комиссияларының сұрақтарына шын жауап беруден бас тартқан партия мүшелері дереу партиядан шығарылуға жатады» («К П С С... қ а р а р л а р ы», II б ө л і м, 524-бет) деген маңызды қосымша енгізді. Мұндай қосымша кіргізудің себебі: оппозиционерлер өздерін партия органдарына шақырып сөйлескен уақытта троцкистердің антипартиялық жұмысы туралы шындықты айтудан бас тартып отырды, партия органдарын

алдағысы келді, троцкист фракцияшылдардың қылмысты істерін жасырғысы келді.

ВКП(б) XV съезі партия тарихына коллективтендіру съезі, барлық майданда социализмнің шабуылын әзірлеу съезі болып енді. Съездің шешімдерін партия ұйымдары, жұмысшы табының, барлық еңбекшілердің миллиондаған бұқарасы мақұлдады. Бұл шешімдер СССР-де социализм орнатудағы және Коммунистік партияның бірлігін нығайтудағы жаңа кезенді көрсетті.

Партиядан шығарылған троцкистік-зиновьевшіл оппозицияға қатысқандардың көбі, съезден кейін көп ұзамай троцкизмнен іргелерін аулақ салғанын айтып, өздерін партияға қайта алуды сұрап, арыз бере бастады. Партия бұрын да, оппозиционерлердің мұндай арыздарынан кейін де әдетте қайтадан антипартиялық әрекеттер жасап келгенін ескеріп, троцкистердің бұл арыздарына сақтықпен қарады. Партия арыз берген оппозицияға қатысушылардың партия қатарына қайта алынуы үшін оларға: идеялық және ұйымдық жағынан партияға қарсы күрес жүргізулерін мүлдем тоқтататын болсын, өз көзқарастарын антилениндік көзқарас деп батыл, ашық айыптап шығатын болсын, партияның съездері мен Орталық Комитеттің шешімдерін қорғап отыруға міндеттеме алсын деген шарт қойды. Арыз берушілер үшін алты айлық сынау мерзімі белгіленді. Тек осы мерзім өткеннен кейін ғана, бұрынғы оппозиционерлердің мінез-құлқы өздерінің алған міндеттемелеріне — партияның уставы мен программасын, оның тәртібін сақтаймыз, партияның шешімдерінде бекітілген оның сара жолын іске асырып отырамыз деген міндеттемелеріне көз жеткеннен кейін барып қана партия әрбір шығарылған адамды өз қатарына қайта алу мәселесін жеке-жеке қарап шешеді.

Партиядан шығарылғандардың көпшілігі мойнына алған осы міндеттемелерін орындады, сондықтан олардың партияға мүшелік правосы қайтарып берілді. Бірақ бұдан былайғы оқиғалар троцкистік-зиновьевшіл оппозиция лидерлері мінез-құлқының екіжүзділігін көрсетті. Олар партияға сол баз-баяғы әзәзілдік мақсатпен — партияны ішінен ыдырату, лениндік Орталық Комитетті орнынан түсіру, партия басшылығын өз қолдарына тартып алып, СССР-де социализм орнату ісін бүлдіру мақсатымен келген болып шықты.

Партияның сіңірген еңбегі — партия троцкизмді ақырына дейін талқандап, халық бұқарасын СССР-де социализмнің жеңуі жолындағы күрестің лениндік айқын программасымен қаруландырды және сол жеңісті ұйымдастырды.

5. Социализмнің барлық майданда шабуылын әзірлеу. Партияның оңшыл уклонға қарсы күресі. Бірінші бесжылдықтың қабылдануы.

Жаппай колхозға ұйымдасу қозғалысының басталуы

Партия, XV съездің шешімдерін орындай отырып, елді социалистік жолмен индустрияландыру және СССР-де социализм орнатудың лениндік жоспары негізінде ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіруді әзірлеу жолындағы күресті жаңа жігермен үдете берді.

СССР-дің халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру ісінің өрістетілуі ел ішінде капиталистік элементтердің қатты қарсылығын туғызып, дүниежүзілік буржуазияны мықтап үрейлендірді. Империалистер және Совет елінен қашып кеткен помещиктер, ірі фабриканттар мен банкирлер СССР-де социалистік құрылысты бүлдіру жолындағы арпалысқан күресінде нәпман мен кулақты өздерінің тірегі деп санады. 1928 жылы СССР-де капиталистік элементтер халықтың 4,6 проценті болды. Олардың әлі де болса елдің экономикасында белгілі ролі болды. Нәпмандардың қолында бөлшек товар айналымының үштен бірі

және өнеркәсіп өнімінің жетіден бірі болды. Кулак товарлы астықтың бестен бірін өндіріп отырды. Халық шаруашылығында капиталистік элементтердің үлесі ұдайы төмендей берсе де, олардың абсолюттік өсуі әлі де байқалып тұрды. Олардың ұсақ товарлы өндірісте — майдагерлік өнеркәсібі мен жеке меншікті шаруа шаруашылығында тамыры жайылған еді. Капиталистік элементтер, әсіресе кулактар, шаруалардың, майдагерлердің, колөнершілер мен қызметшілердің кейбір топтарына ықпал етіп отырды.

Елде тап күресі шиеленісті. Капиталистік элементтер Совет мемлекетінің 1928 жылғы астық жөніндегі қиыншылықтарын пайдалануға тырысты. Астық шаруашылығының жалпы артта қалғандығына Украинаның оңтүстігі мен Солтүстік Кавказда астықтың шықпай қалғаны қосылды. Дәнді дақылдардың бар жиналғаны өткен жылға қарағанда 300 миллион пұттай кем болды. 1928 жылдың январы қарсаңында мемлекет үшін дайындалатын астықтың 128 миллион пұты орындалмады. Бұл астық экспортын түгелінен дерлік тоқтату деген сөз болды, ал мұның өзі шетелден өнеркәсіп жабдықтарын сатып алу үшін ақша қорын жасауды қиындатты. Халықты астықпен, өнеркәсіпті ауылшаруашылық шикізатымен қамтамасыз ету ісінде елеулі қиыншылықтар туды.

Астық майданындағы осы қолайсыз жағдайда нәп кезінде нығайып алған кулактар қолында мол астық қоры болса да, Совет өкіметінің көрсеткен бағасымен мемлекетке астық сатудан бас тартты. Олар астығының артығын дайындау мекемелеріне сатқан орташаларға күн көрсетпеді. Кулактар колхоз құрылысын қалай да әлсіретуге, бүлдіруге тырысты. Олар колхоздарға зиянкестік істеді, астық құйылған пункттерді өртеп жатты, деревнядағы партия, совет қызметкерлерін қалтарыстан өлтіріп кетіп жүрді.

Партия мен Совет өкіметі, бұқараның қолдауына сүйене отырып кулактардың қарсыласуын тойтарды. Оларға қарсы төтенше шаралар қолданылды. Кулактар артық астық жасырғаны үшін сотқа тартылып отырды, соттың шешімімен артық астық конфискацияланып отырды. Мұндайда конференцияланып алынған астықтың төрттен бірі деревня кедейлеріне қарызға беріліп отырды. Астық дайындау науқаны жүргізілген кезде өзара салық салу әдісі қолданылып отырды. Шаруаларға астық дайындау жоспарын жеке-жеке шаруашылықтарға өздері бөліп салатын право берілді. Сөйтіп, астық үшін күреске деревняның кедей-орташа бұқарасы жұмылдырылып отырды; олар кулактарға қарсы партия, совет ұйымдарының төңірегіне топтасты. Совет және кооператив аппаратынан өзгеріп, азғындап кеткен, капитулянттық идеологияға шалдыққан, кулакпен «араздасқысы» келмеген, деревняда тап саясатын жүргізбеген элементтер қуылып отырды.

Мұның бәрі астық дайындаудың ойдағыдай жүруіне себепші болды. 1928 жылдың аяғына таман мемлекет жеткілікті астық қорын жиды. Кулактардың қарсыласуын тойтару деревняда Совет өкіметін, социализмнің позициясын нығайтып күшейтті.

1928 және 1929 жылдары астық дайындау, егіс науқандарын өткізу селолық партия ұйымдарының және барлық мемлекеттік ұйымдар мен енбекшілердің көпшілік қоғам ұйымдарының жұмысын көтерді. Село коммунистерінің көпшілігі бұл сыннан сүрінбей өтті. Олар кулактардың қокан-лоққысынан қорықпай астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын орындау үшін, деревняда тап саясатын жүзеге асыру үшін белсене күресті. Алайда кейбір совет, партия ұйымдары, кулактарға қарсы бағытталған төтенше шараларды орта шаруалардың бірсыпырасына қолданып, асыра сілтеушілік жасады. Орталық Комитет, партия жолын мұндай бұрмалауды теріс деп тауып, жағдайды түзетті.

Астық проблемасын шешу халық шаруашылығының ең маңызды міндеттерінің бірі еді. Партияның Орталық Комитеті мен үкімет мемле-

кет мүдделері мен еңбекші шаруалардың өз басы мүдделерін дұрыс үйлестіру жөніндегі лениндік принципке сүйеніп, бұл мәселемен талмай шұғылданды. Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы 1928 жылы апрельде шаруа шаруашылықтарына шарт бойынша берілетін аванстың мөлшерін 135 миллион сомға дейін және ауыл шаруашылығын өркендетуге бөлінетін жалпы қаржыны 717 миллион сомға дейін көбейту жөнінде шешім шығарды. Жаңадан ірі астық совхоздары құрыла бастады. Олар бес жылдан кейін елімізге жыл сайын 100 миллионға дейін товарлы астық беріп тұруға тиіс болды. Сөйтіп совхоздар ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруда таяныш пункттерге айналды. Астық үшін күрес елді индустрияландыру, СССР-де социализм орнату жолындағы күрестің бір саласы болды.

Кулактардың деревняда, Совет өкіметінің шараларына жанталаса қарсыласуы елде капитализмді қайта орнату жолындағы күресінде жасырынып жүрген жау топтарын жандандырды. 1928 жылдың бас кезінде Донбастың Шахта және басқа аудандарында буржуазиялық мамандардың зиянкестік ірі ұйымы әшкереленді («шахта оқиғасы»). Мұнда буржуазиялық мамандардың, бұғып қалған актвардияшылардың бір тобы бірнеше жыл бойы жасырын түрде бүлдірушілік жұмыс жүргізген, кәсіпорындарының бұрынғы иелері — орыс және шетел капиталистерінің, сонымен бірге шетел разведкаларының тапсырмаларын орындап, Донбастың көмір өнеркәсібін қиратуға тырысқан. Зиянкестер шахталарды дәрімен бұзып, оларға су жіберді, қымбат жабдықтарды бүлдіріп, электр станцияларын өртеді, күрделі құрылысқа бөлінген халық қаржысын қасақана орынсыз төгіп-шашты. Бұл зиянкестік ұйымдағылар Донбастың шахталары мен электр станциялары үшін шетелден көріне көзге түкке жарамайтын ескіріп қалған жабдықтарды сатып алып отырды. Шахтерлердің тұрмыс күйін нашарлатпақ болған зиянкестер әрекеті тіпті қауіпті болды. Зиянкестер кеншілерді, олардың семьяларын азық-түлікпен, өнеркәсіп товарларымен жабдықтау ісін әдейі кідіртіп, жалқы төлерде жұмысшыларды алдады, ақыны кем төледі, тұрғын үй салу ісін доғарып, шахтерлердің өміріне қауіп туғызды, шахталарда еңбек қорғау ережелерін бұзып отырды. Мұның бәрі жұмысшылар арасында наразылық тудыру үшін, оларды партия мен Совет өкіметіне қарсы қою үшін жасалды.

Зиянкестер өздерінің алдына СССР-дің қорғанысын бұзу және империалистік мемлекеттердің интервенциясына тікелей дайындалу мақсатын қойды. Шахтада әшкереленген зиянкестер арасында үш жүздей бұрынғы ірі капиталистер мен дворяндар болды.

«Шахта оқиғасы» шаруашылық қызметіндегі коммунистердің буржуазиялық мамандарға революциялық қырағылығының кемігендігін, Донбастағы жұмысшылардың көпшілік ұйымдары жұмысының нашарлығын, бәрінен бұрын шахтерлердің шағымдарын елемей келген, төменнен болатын сынды өрістетпей келген кәсіподақтар жұмысының нашарлығын көрсетті, төменнен болатын сынды өрістетуге зиянкестердің әшкереленуін тездеткен болар еді.

«Шахта оқиғасына» байланысты халықтан шыққан, онымен біте қайнасқан, осы заманғы ғылым мен техниканың дәрежесіндегі жаңа совет техника интеллигенциясын жасау міндеті бұрынғыдан да қатты қойылды. Шаруашылық қызметіндегі большевиктер өнеркәсіпті дұрыстап басқару үшін және буржуазиялық мамандардың жұмысын бақылап отыру үшін техниканы меңгеруге тиіс болды. Аз уақыт ішінде өзімізде техникалық интеллигенция құру өте күрделі қиын іс болды. Бірақ партия бұл қиыншылықтан қорыққан жоқ. Партия жаңа совет интеллигенциясын құруға, техниканың жаңа кадрларын әзірлеуге батыл кірісті.

Техникалық жоғарғы оқу орындары мен техникумдар саны көбейтілді, бұларда жұмысшы ұйтқысы мен коммунистер көбейді. Техникалық жоғарғы оқу орындарына партия, совет, шаруашылық және кәсіп одақ жұмысының мектебін өткен мыңдаған коммунистер («партия мыңдықтары») жіберілді. Партия маман жұмысшылардың жоғарғы дәрежелі білім алуына кеңінен жол ашты. Кешкі оқу, сырттан оқу жүйелері ұлғайтылды. Заводтарда, фабрикаларда, шахталарда, жаңа құрылыстарда өскен өндіріс ұйымдастырушылары совет техника интеллигенциясының атына лайық өкілдеріне айналды.

Халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру социалистік құрылыс жұмысындағы кемшіліктерді сынау ісін өрістетуді керек етті. Орталық Комитеттің 1928 жылғы июньдегі «Барлық партия мүшелеріне, барлық жұмысшыларға» әдейі арнаған үндеуінде: «Өзара сын ұраны— «бет-жүзіне қарамай» сынау, жоғарыдан төменге дейін, төменнен жоғарыға дейін болатын сын — бүгінгі таңның ең негізгі ұрандарының бірі» делінген.

Партия өзара сын мен сынға өресі тар мақсат тұрғысынан қарамай, бүкіл жұмыстың сапасын көтерудің, өз қатарының бірлігін нығайтудың, зиянкестерді, капитулянттарды, бюрократтарды, қоғамымызға жат адамдардың бәрін әшкерелеудің құралы деп қарады. Өзара сын мен сын бұқараны партияның сара жолын іске асыру күресіне белсенді жұмылдырудың құралы болды. Мұнымен бірге Орталық Комитет шаруашылық және партиялық басшылыққа жала жауып, беталды айыптауға және оның беделін түсіруге батыл қарсы шығып отырды. Сын мен өзара сын ұранын шаруашылық және совет қызметкерлеріне жала жабудың құралына айналдыруға, сын мен өзара сынды антипартиялық элементтердің партиялық және партияның тәртібіне қарсы пайдалануына ешбір жол беруге болмайтын еді.

Социалистік қайта құру ісінің қиыншылықтары және социализм шабуылына байланысты елімізде тап күресінің сөзсіз шиеленісуі халықтың ұсақбуржуазиялық топтары арасында ауытқушылық тудырып отырды. Бұл партияға да әсер етті: оншыл капитулянттар тобы ұйымдасты. 1925 жылдың өзінде Бухарин «Байи беріндер!» деген ұран тастады. Іс жүзінде бұл ұран деревняда кулактар шаруашылығын жақтай беру бағытын дәріптеу еді. Ал партия ең негізгі қауіп деп троцкистер мен зинovieвшілдерге қарсы күрес жүргізіп жатқанда оншылдар өздерінің партиямен пікір алалығын әбден жасырып, бой көрсетпей жүрді, тіпті троцкистерге қарсы күреске ресми түрде қатысып та жүрді. Партия кулакқа қарсы қатаң шабуылға көшкен кезеңде оншылдардың лидерлері Бухарин, Рыков, Томский елді социалистік жолмен индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясатына ашықтан-ашық қарсы шықты.

СССР-де социализм құруға болатынын оншыл оппортунистер сөз жүзінде мойындай отырып, іс жүзінде олар ауыр индустрияны барынша өркендету саясатына қарсы тұрды. Олар индустрияландыру ісін тез қарқынмен жүргізуге қарсы болды.

Оншылдар социализмнің барлық майданда кең шабуыл жасауына, халық шаруашылығында капиталистік элементтерді жоюға, кулакқа шабуыл жасауға қарсы шықты. Капиталистік элементтер социалистік құрылысқа қарсы жанталаса күресіп жатқанда оншылдар елімізде тап күресінің сөну және кулактың социализмге бейбіт ұласуы «теориясын» уағыздады. Деревняның социализмге жететін данғыл жолы өндіріс кооперациясының жоғарғы колхоз түрі деген Лениннің өсиетін олардың еске алғысы келмеді. Лениннің кооперативтік жоспарын кулактарды тап ретінде жоймай тұрып жүзеге асыру мүмкін емес еді. Оншылдар деревняны социалистік жолға тек тұтыну—өнім өткізу кооперациясы арқылы көшіруге болады деп есептеді. Олар рынок стихиясына «жол беру»

керек, кулактар шаруашылығын әр жолмен тежеуді тоқтату керек деді. Оңшылдар тап күресі мен пролетариат диктатурасы жайындағы лениндік түсініктен бас тартып, партия және совет ұйымдарын капиталистік элементтердің дегеніне тікелей көнуге итермеледі.

Сонымен, оңшылдар іс жүзінде СССР-де социализм орнату мүмкіншілігін теріске шығарды. Олар партияның ішінде қиыншылықтардан қорқатын капитулянттық идеология жүргізді, қала мен деревняның кулак-капиталистік элементтерімен келісімге келуге тырысты. Олардың позициясы капитализмнің қайта орнауына бастамай қоймас еді. Орталық Комитет партия мен жұмысшы табын партиядағы негізгі қауіпке, елдегі Совет өкіметіне қарсы күштердің жаршысына, капиталистік қоршаудың құралына айналған оңшыл капитулянттарға қарсы батыл күреске жұмылдырды.

ВКП(б)-нің СССР-де социализм орнату жөніндегі қызметі мен партияның сара жолы үшін уклондармен ымыраға келмейтін күресін халықаралық коммунистік қозғалыс толығынан жақтаған болатын. 1928 жылдың августында Москвада Коммунистік Интернационалдың VI конгресі өтті. Конгресс СССР-дегі социалистік құрылыстың табыстарын атап өтті. Бұл табыстар, — делінген конгрестің шешімінде, — халықаралық пролетариаттың революциялық позицияларын нығайтады, бүкіл дүние жүзінде революциялық қозғалыстың өсуін тездетеді.

Конгресс халықаралық жағдайға маркстік-лениндік баға берді. Капиталистік елдер арасындағы қайшылықтардың және бұл елдердің ішіндегі тап қайшылықтарының шиеленісуі, отарлар мен жартылай отарларда ұлт-азаттық қозғалысының өсуі, капиталистік дүние мен Совет Одағының арасындағы қайшылықтардың шиеленісуі — осының бәрі капиталистік тұрақтауды әлсірете беруге, капитализмнің тарихында бөліп көрмеген, өте күшті дүниежүзілік экономикалық кризистің үдей беруіне әкеп соқтырды. Капиталистер бұл кризистен құтылу жолын империалистік мемлекеттер арасында отарларды қайта бөлісу үшін жаңа соғыс ашудан, СССР-ге қарсы соғысудан іздеді.

Конгресс коммунистік партияларды жаңа соғыс қаупі туып отырғанын үздіксіз түсіндіруге, СССР-ді, оның бейбітшіл сыртқы саясатын қорғап бейбітшілік үшін батыл күресуге, империалистік құлдыққа қарсы отар халықтарының көтерілістерін, әсіресе дүниежүзілік тарихи маңызы бар оқиғаға айналған қытай революциясын қолдауға шақырды.

Конгресс троцкистердің ВКП(б) мен Коминтерндегі контрреволюциялық, меньшевиктік әрекетін масқаралады, олардың ВКП(б) қатарынан, басқа да коммунистік партиялар қатарынан шығарылғандығын дұрыс деп тапты. Конгресс коммунистік партияларды екі майданда да бұғып қалған троцкистердің қалдықтарына да қарсы, оңшыл капитулянттарға да қарсы күрес жүргізуге шақырды. Оңшыл оппортунистер, оның ішінде Бухарин тобы, капитализмнің тұрақтауын реформистік тұрғыдан бағалай бастады. Олар капитализмнің негізгі қайшылықтарын бүркеді, дүниежүзілік экономикалық кризистің сөзсіздігін, капиталистік елдерде жұмысшы қозғалысының жаңа революциялық өрлеуі болмай қоймайтынын, отар және тәуелді елдерде ұлт-азаттық күресінің сөзсіз өсуін мойындамады. Конгресс коммунистік партиялардың қатарындағы оңшыл оппортунизм, II Интернационалдың реформизмімен ұштасып кеткендіктен, халықаралық коммунистік қозғалыстағы негізгі қауіпке айналды деп көрсетті.

VI конгресс Коминтерннің программасы мен уставын қабылдады, бұл программа мен устав халықаралық коммунистік революциялық қозғалыстың нығаюы мен дамуында көп рөл атқарды. Конгрес шешімдерінің коммунистік партиялар қатарының лениндік бірлігін нығайтуда, бұқараны капитализмге қарсы күреске жұмылдыруда үлкен маңызы болды.

ВКП(б) мен Коминтерндегі оңшылдар қатты сынға карамай, өздерінің көріне антилениндік көзқарастарын қорғай берді. Оңшыл капитулянттар партияға қарсы фракциялық күрес жүргізді. Олар Москва партия ұйымын партияның Орталық Комитетіне қарсы қою мақсатымен, Москва партия ұйымының басшы тобының (Угланов т. б.) антипартиялық әрекетіне жел беріп отырды. Бірақ оңшылдардың бұл әрекетінің де тас-талқаны шықты. Орталық Комитеттің шақыруы бойынша Москва большевиктері партияның лениндік бірлігін өрескел бұзған, партияның тәртібін күйреткен оңшыл фракционерлерге бірауыздан тойтарыс берді.

1928 жылдың ноябрінде өткен Орталық Комитеттің пленумы негізгі қауіп ретіндегі ашық оппортунистік оңшыл уклонмен батыл күресуге шақырды, мұнымен бірге троцкизмге қарсы күресті де әлсіретуге болмайды деді. Орталық Комитет пленумының директивасы — екі майданда да партиядағы оппортунистік уклондарға қарсы және оларға ымырашылдық жасауға қарсы келісімсіз күрес жүргізу болды.

Оңшылдар Бухарин тарапынан Каменев арқылы троцкистермен байланыс жасап, Орталық Комитет пен Орталық Комитеттің Саяси бюросының саясатын өзгертуді көздеп, олармен астыртын келіссөздер жүргізді. Оңшылдардың лидерлері Орталық Комитетке қысым жасағысы келді, кулак пен қалын капиталистік элементтерге жеңілдік жасалатындай етіп, партия саясатын өзгерткісі келді.

Оңшылдар мәселесін партияның тағы да қолына алуына тұра келді. 1929 жылдың апреліндегі Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы және партияның XVI конференциясы оңшылдардың саяси көзқарасын партияның сара жолына жатпайтын теріс көзқарас деп мінеді, олардың троцкистермен фракцияшыл астыртын келіссөз жүргізуін теріс деп мінеді және оңшылдар лидерлерінің өздеріне тапсырылған қызметінен бас тартқандығын партияның тәртібін өрескел бұзғандық деп қабылдамады. Оңшыл оппортунистерге қарсы күресте Сталиннің Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумында «ВКП(б) ішіндегі оңшыл уклон туралы» сөйлеген сөзінің зор маңызы болды. Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы Бухарин мен Томскийді жауапты орындарынан босатып, оларға Орталық Комитеттің шешімдерін тағы да бұзбақшы болса, дереу өздерінің Саяси бюросының құрамынан шығарылатынын ескертті.

Бірақ оңшылдар осы ескертуден кейін де партиялық жолға түспеді. Олар партияға, оның лениндік басшылығына қарсы жаңа шабуыл дайындады.

Оңшылдар кәсіподақтарының жұмысын халық шаруашылығын социалистік қайта құру ісі міндеттеріне сәйкес қайта құру ісінде партияға қарсылық жасап отырды. Олар социалистік жарыс пен екпінділікті өрістетуге ісіндегі бұқараның творчестволық белсенділігін елемеді.

Партия Орталық Комитеттің басшылығымен оңшылдардың кәсіподақ қозғалысындағы капитулянттық идеологиясы мен антипартиялық әрекетін әшкереледі. Кәсіподақтарында өскен активке сүйене отырып, партия кәсіподақ орындарындағы тред-юнионистік, бюрократтық элементтерді аластатып, кәсіподақтарындағы басшылық қызметке төменнен, социализм ісіне берілген жаңа қызметкерлерді көтерді.

Партияның сара жолына үздіксіз қарсы шыға берген оңшылдар жайында Орталық Комитет қатаңырақ шаралар қолдануға мәжбүр болды. Орталық Комитеттің 1929 жылғы ноябрь пленумы оңшыл капитулянттардың көзқарасын насихаттауды олардың партия қатарында болуымен сиыспайды деп тапты. Оңшыл лидерлері Бухарин, Рыков және Томский туралы мәселе талқылап, пленум оңшыл капитулянттардың мұрындықшысы да, басшысы да болған Бухаринді Орталық Комитеттің

Саяси Бюросының құрамынан шығарды, ал Рыков пен Томскийді қатты ескертті.

Орталық Комитеттің осы шешімінен кейін оңшыл капитулянттардың лидерлері өздерінің қателерін мойындап арыз берді. Олар арызында партияның сара жолының дұрыстығын мойындады. Бұл бірақ екіжүзділік айла екен: оңшылдар бүлдіргіш әрекеттерін жасырын жүргізе берді.

Партия троцкистер мен оңшыл капитулянттарға қарсы қатарынан бірнеше жыл қажырлы күрес жүргізді, бұл көп уақыт пен күшті алды, ал мұнымен қатар партия XV съездің елді индустрияландыру қарқынын күшейту туралы, колхоздар мен совхоздар құрылысы туралы, бұқараның материалдық, мәдени дәрежесін көтеру туралы алған шешімдерін табандылықпен жүзеге асыра берді.

Социалистік құрылысты жаңа сатыға көтеруге партия мен халықтың күшін жұмылдыруда 1929 жылдың апрелінде өткен XVI партия конференциясы маңызды роль атқарды, конференцияның негізгі мәселелері: халық шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспары 1928/29—1932/33, ауыл шаруашылығын көтеру жолдары, бюрократизммен күресудің қорытындысы мен жуық арадағы алда тұрған міндеттері, партия мүшелері мен кандидаттарының қатарын тазалау және тексеру болды.

Конференция бесжылдық жоспардың оңшылдар қорғап шыққан «ен аз» түрін қабылдамай, «ен қолайлы» түрін қабылдады. Бесжылдықта тағы күрделі қаржы 64,6 миллиард сом болып белгіленді, ал өткен бесжылдықта 26,5 миллиард сом жұмсалған болатын. Күллі өнеркәсіптің өнімін 2,8 есе өсіру керек болды, ал ауыр өндірістің өнімін 3,3 есе өсіру керек болды. Өнеркәсіптің жалпы өніміндегі социалистік сектордың үлес салмағын бесжылдықтың аяғында 92 процентке жеткізу керек болды. Ауылшаруашылық кооперациясының барлық түріне бірігетін шаруа шаруашылықтарының саны 85 процентке дейін өсуі, социалистік сектордың товарлы астық өнімі 43 процентке дейін өсуі керек болды. Жоспар бойынша барлық шаруа шаруашылықтарының шамамен алтыдан бір бөлегін коллективтендіру және колхоздардың егіс көлемін 20 миллион гектарға жеткізу белгіленді.

Бірінші бесжылдық жоспар социализмнің халық шаруашылығының барлық майданындағы кең өрістеген шабуылының программасы болды. Бесжылдық жоспар социалистік экономиканың негізін қалауды, қала мен деревняның капиталистік элементтерін толық жою мақсатымен оларды ығыстыра беруді көздеді. Бірінші бесжылдық жоспардың қабылдануы партияның социалистік қоғам құру ісін басқаруының бұрынғыдан да жаңа сатыға көтерілгендігінің айғағы болды.

XVI конференция ауыл шаруашылығының артта қалушылығын жоюдың және қала мен деревня байланысының жаңа өндірістік түрін нығайтудың шараларын белгіледі. Конференция коллективтік шаруашылыққа деревняның тек қана кедей шаруалары емес, орта шаруалардың да ұмтылуын атап өтіп, конференция мұнымен қатар колхоз құрылысындағы басты кемшіліктердің бірі кедей-орташалар бұқарасын ұйымдастырудың төменнен көтеріліп келе жатқан қозғалыстың қарқынынан артта қалуы деп баса көрсетті. Шаруалар бұқарасының шаруашылықтың коллективтік түріне көшуін мейлінше қолдап, колхоздарға материалдық және қаржы көмегін беріп отыру, оларды техникамен, кадрмен қамтамасыз етіп отыру керек болды. Колхозшылардың қырағылығын күшейтіп, колхоздарға кіріп кеткен кулактарға қарсы тойтарыс ұйымдастырып, оларды күйрету керек болды. Ірі колхоздардың ерекше зор маңызы болды. Ондай колхоздар товарлы өнімнің көбін бере алатын еді, жалдау пункттері мен машина-трактор станцияларының ал-

дыңғы қатардағы ауылшаруашылық техникасын толығынан пайдалана алатын еді.

Конференция бюрократизммен күресу мәселесіне көп көңіл бөлді. Ленин бюрократизммен күресу ұзақ және қажырлы еңбекті тілейді деп үйреткен. Халықты жоғары мәдениетті жаппай сауатты ету керек, еңбекшілерді совет мемлекеттік аппаратының жұмысына барынша тарту керек.

Бұл тараудағы қол жеткен табыстарды көрсете келіп, конференция мемлекеттік аппараттағы бюрократизммен күресті күшейту керек деп директива берді, «партияның өз ішіндегі, партия аппаратының ішіндегі бюрократизм элементтеріне қарсы барынша батыл, барынша аяусыз, барынша табанды күрес жүргізудің» қажеттігін көрсетті («К П С С... қ а р а р л а р ы», II бөлім, 644-бет). Конференция бюрократизммен күресудегі шешуші әдіс сын мен өзара сын ұраны деп атап көрсетті.

XVI партия конференциясы бірінші бесжылдық жоспарды орындау жолындағы күресте бұқараның творчестволық белсенділігін барынша көтеру ұранымен өтті. Ол бірінші бесжылдық жоспарды орындау жолындағы бұқаралық қозғалыс болып табылатын социалистік жарысты өрістетуге туралы «Совет Одағының барлық жұмысшылары мен еңбекші шаруаларына» арнаулы үндеу қабылдады.

«Жарыс және бесжылдық жоспар, — делінген үндеуде, — бірімен бірі біте қайнасқан нәрсе. Осы міндетті орындау ұранымен СССР пролетариаты пролетарлық диктатураның тап жауларына мұнан да былай шабуылын үдете береді» («К П С С... қ а р а р л а р ы», II бөлім, 661-бет).

Конференция партия мүшелері мен кандидаттарын жаппай тазалап, тексеру туралы қаулы қабылдады. Тазалаудың негізгі мақсаты — партияны жат және азғындаған адамдардан арылту болды. Партияның қатарын тазалау партия ұйымдарын одан әрі нығайтудың, елді индустрияландыру саясатын жүзеге асыру ісінде және жаппай колхоз қозғалысын дайындау ісінде коммунистердің авангардтық ролін күшейтудің құралы болды.

1929 жылы өткізілген тазалаудың нәтижесінде партиядан оның қатарындағылардың 10 проценті шығарылған болатын, бұлар іске алғысыз, партияға жат, азғындап кеткен элементтер еді. Партияның мүшелері мен кандидаттарын тазалау және тексеру ісі оның қатарына мыңмындаған жаңа мүшенің — озат жұмысшылардың, батрақтардың, орта шаруа активтерінің түсуін күшейтті. Партияның бірлігі, беріктігі және беделі бұрынғысынан да күшейді.

1929 жыл Совет Одағының тарихына социалистік құрылыстың барлық майданында да ұлы өзгеріс жылы болып енді.

Бесжылдық жоспардың қабылдануы жұмысшы табының миллиондаған бұқарасының, барлық еңбекшілердің творчестволық жігерін тасыта түсті. Кәсіпорындарында өрістеген социалистік жарыс совет адамдарының еңбекке деген социалистік көзқарасының тамаша үлгілерін көрсетті. Капитализм кезінде еріксіз еңбек болған еңбек барған сайын абырой әперетін, даңққа бөлейтін, ер атандыратын іске айналуда. Жұмысшы табы бұқарасының арасында «Бесжылдықты төрт жылда орындайық!» деген атақты ұран көтерілді.

Социалистік жарысты өрістетуде Лениннің алғашқы рет 1929 жылы январьда «Правдада» жарияланған «Жарысты қалай ұйымдастыру керек?» деген мақаласы үлкен роль атқарды.

«Социализмнің жарысты күртпайтындығы былай тұрсын, — деп жазды Ленин, — қайта, оны нағыз кең түрде, нағыз бұқаралық көлемде қолдануға тұңғыш рет мүмкіншілік туғызуды, еңбекшілердің нағыз көпшілігін өзін көрсете алатын, өзінің қабілеттілігін өркендете алатын, талантын көрсете алатын жұмыс майданына тартуға мүмкіншілік туғызады,

ал таланттар халық ішінде ұшан-теңіз, капитализм оларды мыңдап және миллиондап таптап келді, жаншып, тұншықтырып келді» (Шығармалар, 26-том, 401-бет).

Социалистік жарыстың жаңа түрлері шығып, тез тарай бастады. 1928 жылдың жазында Ленинградта бірінші екпінді жастар бригадасы құрылды. Ленинградтықтардың үлгісіне елдің басқа да кәсіпорындары мен құрылыстарының комсомолецтері мен жастар ере бастады. 1928 жылы комсомол өзінің онжылдығына байланысты азамат соғысы жылдарындағы көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін Қызыл ту орденімен наградталды. Мұның өзі жастардың еңбектегі қайрат-жігерін тағы да тасыта түсті.

Социалистік жарыс жұмысшы табының еңбек өнімділігін арттыру жолындағы, өндіріс жоспарларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы және жаңа техниканы меңгеру жолындағы бұқаралық қозғалысына айналды.

Партия ұйымдары жұмысшылардың социалистік жарысына бастаушы болды. 1929 жылдың аяғында ірі кәсіпорын жұмысшыларының 63 проценті жарыстың барлық түрімен қамтылды, ал екпінді бригадалар қатарында жұмысшылардың 26 проценті болды. 1929 жылдың декабрінде екпінді бригадалардың Бүкілодақтық I съезі өтті. Съезд екпінділердің пәрменді қозғалысының қорытындысын жасады және халық шаруашылығының барлық тарауларында еңбек өнімділігін көтеру күресінің программасын белгілеп берді. Екпінділер — бұлар жұмысшы табының озаттары; олар партияның басшылығымен жаңа жоғары еңбек өнімділігі үшін, өндіріс жұмыстары мен оны ұйымдастырудың озат әдістері үшін күресті.

1929 жылы еңбек өнімділігі өткен жылдың еңбек өнімділігімен салыстырғанда 13 проценттей өсті, соғысқа дейінгі дәрежеден 1,3 еседен асты. Озат жұмысшылар еңбек өнімділігінің дүниежүзілік рекордтарын басып озды.

Еңбек өнімділігін көтерудің, үнемдеу тәртібінің және өнімнің өзіндік құнын төмендетудің негізінде партия мен Совет мемлекеті индустрияландырудың ең қиын проблемаларының бірін — социалистік қор жинау проблемасын шеше алды. 1929 жылы өнеркәсіпке 3 400 миллион сом қаржы бөлінді, бұл өткен жылғыдан бір жарым есе артық. Социалистік өнеркәсіптің даму қарқыны жоспар жүзіндегі жорамалдардың бәрінен асып кетті. Ірі өнеркәсіптің өнімі: бір жылда 25 процент өсті, ауыр өнеркәсіпте — 31 процент өсті.

Өнеркәсіпте социалистік құрылыс кең етек алды. ДнепрогЭС салынып жатты. Донбаста Ново-Краматор заводының, Оралда ауыр машина жасау (Уралмаш) заводының, Березники және Соликамск химия комбинаттарының, Магнитогорск металлургия комбинатының құрылысы басталды. Москва мен Ленинградта ауыр өнеркәсіптің заводтары авиациялық, станоктер жасайтын, моторлар шығаратын және басқа заводтар салынып, қайтадан құрылып жатты. Москвада автомобиль заводы салынып жатты. Сталинград трактор заводының құрылысы, Ростов пен Запорожьеде ауылшаруашылық машиналар жасайтын жаңа ірі заводтарының құрылысы аяқталып келе жатты. Совет Одағының екінші тас көмір базасы — Кузбасс үлкейе бастады.

Партия социалистік индустрияландыру ісін тек қана орталық аудандарда емес, мешеу қалған ұлт республикалары мен облыстарында да дәйектілікпен жүргізіп отырды. Қазақстанда — түсті металлургияның Риддер комбинаты және Шымкент қорғасын заводы, Ташкент пен Ашхабадта тоқыма фабрикалары, тағы басқа да кәсіпорындары салынып жатты. Мешеу қалған ұлт аудандарында индустрия орталықтарының пайда болуының аса зор экономикалық, саяси және мәдени маңызы болды. Индустрияландыру негізінде өнеркәсіп жұмысшыларының ұлт-

тық кадрлары жасалды. Социализм құрылысы Совет Одағы халықтарының достығын нығайтты.

Лениндік ұлт саясатын жүзеге асыра отырып, партия буржуазиялық ұлтшылдықтың көріністерімен — ұлыдержавалық шовинизммен және жергілікті ұлтшылдықпен ымыраға келмейтін күрес жүргізді, себебі бұлар СССР халықтарының социализм жолындағы күресінде олардың достығын нашарлатты, Совет мемлекетін әлсіретті, Коммунист партиясының лениндік бірлігін бұзды.

Индустрияландыру ісі дүние жүзінде болып көрмеген, нағыз большевиктік қарқынмен жүзеге асырылып жатты. Жұмысшы табы еңбек ерлігінің тамаша үлгісін көрсетті. СССР-дегі құрылыстың көлемі мен қарқыны бар әлемді таңырқандырды. Дұшпандар партияның белгілеген жоспарлары орындалмайды деді, ол жоспарлар сәтсіздікке ұшырайды деп сәуегейленді. Барлық елдердің еңбекшілері Совет Одағының табыстарына қуанды.

Индустрия құрылысының алып өрісі және жұмысшы табының ерлігі еңбекші шаруалардың қалың бұқарасына қатты әсер етті. Ол, партия мен Совет өкіметі қиыншылықтарды жеңе отырып, тракторлар мен жаңа ауылшаруашылық машиналарын жасап шығару үшін заводтар салып жатқанын көрді. Шаруалардың көптеген делегациялары заводтар мен жаңа құрылыс орындарына келіп, көріп жүрді, жұмысшылардың жиналыстарында болды, олардың тасыған жігерімен рухтанды. Деревняға қайта оралып, еңбекші шаруалардың алдыңғы қатарлы өкілдері жаңа колхоздар ұйымдастыру ісінің бастаушылары болды. Заводтардың, фабрикалар мен жаңа құрылыс орындарының коллективтері селолық аудандарды қамқорлыққа алды, деревняға көптеген жұмысшы бригадаларын жіберді.

Жаппай коллективтенуге айналған колхоз қозғалысы осылай басталды. Шаруалар дамудың социалистік жолына — колхоздар жолына түсті. 1929 жылдың үш айында ғана (июль—сентябрь) колхоздарға шаруалар шаруашылығының миллионға жуығы кірді, яғни бұл Октябрьден кейінгі он екі жыл ішінде колхоздарға қанша кірген болса, дәл сондай болады. Ал 1929 жылдың соңғы тоқсанында колхоздарға шаруалар шаруашылығының тіпті 2,4 миллионға жуығы кірді. Колхоздарға кедейлерден кейін орта шаруалар да кіруге жұмылды.

Партия мен Совет мемлекеті ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіруді бірқыдыру экономикалық және саяси шаралар жүргізу арқылы әзірледі.

Социалистік сектор деревняның экономикасын жоспарлы түрде өзгертуге әсер етті. 1928—1929 жылдары шаруалар шаруашылығының төрттен үшінен артығы контрактациямен қамтылды (мемлекеттік және кооперативтік ұйымдардың шаруалар шаруашылығымен келісім-шарт қарым-қатынастары). Жыл сайын деревняға түсетін тракторлар, ауылшаруашылық машиналарының саны өсе бастады. Совет мемлекеті еңбекші шаруаларға жалдау пункттерін, трактор колонналарын және машина-трактор станцияларын ұйымдастыру арқылы жәрдем беріп отырды. Жұмысшы табы мен шаруалардың негізгі бұқарасы арасындағы экономикалық байланыс көбінесе өндірістік сипат алды.

Партия, лениндік кооперативтік жоспарды орындай отырып, деревняда кооперативтік шаруашылықты табандылықпен дамыта берді, ауылшаруашылық кооперациясын барынша көтермелеп отырды. Колхоз құрылысы шаруалар шаруашылығын кооперациялаудың жоғарғы түрі еді.

Бұқаралық колхоз қозғалысын әзірлеуде 1928 және 1929 жылдардағы астық дайындау науқандарының кезінде кулактарға қарсы батыл күрес жүргізудің зор маңызы болды; бұл күрес деревняда кулактың кү-

шін әжептәуір әлсіретіп, кедейлер мен орта шаруаларды партия ұйымдары мен Советтердің төңірегіне топтастырды.

Шаруалар бұқарасының колхоздарға бетбұрысы сонымен қатар тұңғыш колхоздар мен совхоздардың табысты тәжірибесі арқылы да дайындалды. Шаруалардың ірі шаруашылық пен коллективтік еңбектің артықшылығына іс жүзінде көздері жетті. Колхоздар мен совхоздар егін шаруашылығындағы алдыңғы қатарлы агротехникалық мәдениеттің ордасы болды. Олар, Ленин үйреткендей, маңындағы шаруаларға машиналар, асыл тұқымды мал, сортты тұқым, т. б. беріп жәрдем көрсетіп отырды.

Деревняға жұмысшы табы зор саяси ықпал етті. Жаппай коллективтендірудің алдындағы жылдарда қалалар мен өнеркәсіп орталықтарынан деревняда егіс және астық дайындау науқандарына қатысу жұмысына екі жүз елу мыңға жуық коммунистер, комсомолецтер мен партияда жоқ жұмысшылар жіберілген болатын.

1929 жылдың ноябрінің ортасында ВКП(б) Орталық Комитетінің пленумы болды, бұл пленум бесжылдықтың бірінші жылының қорытындысын жасады. Пленумдағы негізгі мәселелер колхоз құрылысының мәселелері болды. Партияның Орталық Комитетінің пленумы шаруалардың негізгі көпшілігінің, бұқаралық колхоз қозғалысының жолына түсіп социализмге қарай батыл бетбұруы «елімізде социализм құрылысы ісінің жаңа тарихи кезеңі болып табылады» деп атап өтті («К П С С... қарарлары», II бөлім, 663-бет).

Марксизм-ленинизммен қаруланған, Орталық Комитеттің төңірегіне топтасқан Коммунистік партия социалистік құрылыстың жаңа міндеттерін шешуді батыл қолына алды.

ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАР

СССР-де социализм орнатудың лениндік жоспарымен қаруланған Коммунист партиясы, халықаралық және ішкі жағдайларға байланысты аса зор қиыншылықтарды жеңе отырып, 1926—1929 жылдары бүкіл халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруға бетбұрыс дайындап, соны жүзеге асырды. Өзінің жүргізген барлық шараларында партия жұмысшылар мен шаруалардың миллиондаған бұқарасының творчестволық белсенділігі мен жанқиярлығына сүйеніп отырды.

Партия мен Совет мемлекеті бейбітшілік жолында, екі системаның — социалистік система мен капиталистік системаның бейбіт қатар өмір сүруі жолында ойдағыдай күрес жүргізді. Мұның нәтижесінде империалистердің СССР-ді оқшаулап, жаңа интервенция әзірлемек болған арам ойлары іске аспай қалды.

Партия пролетарлық интернационализм принципі негізінде жұмысшы табының дүниежүзілік революциялық қозғалысымен, отар және тәуелді елдердің азаттық қозғалысымен байланысын кеңейтіп, нығайтып отырды және СССР мен Қытай халық революциясының жауынгерлік одағының берік негіздерін салды.

Партия ел ішінде социалистік индустрияландырудың лениндік саясатының жеңіп шығуын қамтамасыз етті. Коммунистік партияның еліміздің ғасырлар бойындағы мешеулігін жойып, оны қуатты индустриялы социалистік державаға айналдыруға бағытталған сара жолын бұқара кеңінен қолдады. Сонымен индустрияландырудың ең қиын міндеттерінің бірі — бұл жылдары негізі қаланған ауыр индустрия құрылысы үшін қаржы қорын жасау негізінен шешілген болатын. Бірінші бесжылдық жоспарды орындау жолындағы күресте совет халқы партияның басшылығымен ерлік еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті, еңбекшілердің миллиондаған бұқарасының социализм құрылысындағы қозғалысы бо-

лып табылатын социалистік жарысты өрістете жүргізді. Социалистік өнеркәсіптің өркендеуі тарихта болып көрмеген қарқынмен ілгері құлаш сермеді.

Тарихқа ұлы өзгеріс жылы болып енген 1929 жылы партия ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруда алғашқы елеулі табыстарға жетті. Деревняның кедей-орташа топтары колхоздар жағына бірден бет бұрды, жаппай колхоз құрылысы басталды.

Совет Одағының социализм жолымен алға басуымен қоса қабат ел ішінде тап күресі шиеленісіп, партияның ішкі күресі күшейе түсті. Партия жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың революциялық белсенділігін қала мен деревняның капиталистік элементтеріне қарсы жұмылдырды. Тап жауларына қарсы жүргізілген шиеленіскен күресте кулактардың және өнеркәсіптегі зиянкестердің қарсылығы күйретілді. Жұмысшы табының басшылығымен жұмысшылар мен шаруалардың одағы нығайды. Партия өз қатарын және еңбекшілердің барлық бұқаралық ұйымдарының жұмысын халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру ісі міндеттеріне икемдеп құрды.

Социалистік құрылыстың жеңіп шығуының ең маңызды шарты партияның антилениндік оппозицияшыл топтарды — троцкистік-зиновьевшіл блокты, оншыл капитулянттарды, ұлтшыл уклонистерді оқшаулап, талқандауы болды. Партия бұл күрестің үстінде идея жағынан шынығып, оның қатарының бірлігі нығая түсті. Троцкистер мен оншыл капитулянттардың көзқарастары олардың Коммунистік партияда болуымен сиыспайды деп танылды.

1926—1929 жылдардың ішінде партия едәуір өсті. Оның қатарына жүз мыңдаған алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың саналы адамдары келіп қосылды; елімізді социалистік жолмен индустрияландыру саясатын жүзеге асыру және қиыншылықтарды жеңу жолындағы күресте партияның кадрлары өсіп шынықты.

Партия лениндік сара жолды қажымай-талмай қорғауы арқылы, жұмысшы табы мен шаруалардың негізгі бұқарасына басшылық ете білуі арқылы, фракцияшыл топтарға қарсы батыл күрес жүргізуі арқылы социализмнің барлық майданында шабуылға шығуын әзірледі.

Жаңа белесте

Республикамыздың барлық партия ұйымдары сияқты Қаратал аудандық партия комитеті де ұйымдастыру жұмысындағы, бұқаралық-саяси жұмыстағы өз тәжірибесін КПСС ХХІ съезінің шешімдерін жүзеге асыру жолындағы күресте онан әрі жетілдіре түсуде. Қазір партия ұйымдары аудан еңбекшілерінің қол жеткен табыстарына қорытынды жасай отырып, оларды жетіжылдықта алда тұрған ұлы нысанаға жетуге жұмылдыруда.

Кейбір қорытындылар

Қаратал — Жетісудың ірі аудандарының бірі. Ол Талдықорған қаласының іргесінен-ақ басталып, Қаратал өзенінің алқабымен созылып, Балқаш көліне тіреліп жатыр. Аудандық партия комитетінің бірінші секретары Бекішов жолдас бізді ауданның шаруашылығымен таныстыра келіп былай деді: «Біздің колхоздар жүз мыңдаған малын қыста Балқаш қолтығындағы атақты Сарыесік атрау құмына қыстатса, жазда өзенді-бұлақты Үшқара, Текелі тауларының жайылымдарына шығарады. Сонда малшылар әр көшкенде 200 — 300 километр жол жүреді».

Қаратал өзені осы ауданның күре тамыры сияқты, оның ұзына бойын аралап өтіп жатыр. Ол өзіне Жетісудағы бірнеше ұсақ өзендерді қосып алып, бұл тұста асауси-асқакси түседі. Аудан еңбекшілері асау тау өзенін де берік ауыздықтап, айтқанына көндірген. Қараталдан «бас құрылыс» деп аталатын бөгет салынған. Міне асау өзеннің тізгіні осы «бас құрылысты» басқарып отырған мамандардың қолында. Жазда Қаратал суы колхоздардың егінін суаратын арықтарға жіберіледі. Бас бөгеттен әр тарапқа кетіп жатқан каналдар арқылы кәзірдің өзінде 15 мың гектардай жер суарылады. Суармалы жерлерді мұнан да көбейте беруге болады.

Қаратал ауданының орталығы — Үштөбе поселкесі. Поселке тұрғындары өткен жылы Үштөбенің 30 жылдығын тойлады. Үштөбенің іргесін 1928 жылы октябрьде Түркстан — Сибирь темір жолының құрылысшылары қалаған болатын. Бұлар Коммунистік партияның бастауымен қазақ даласына үлкен бақыт жолын тартқан қажырлы, ержүрек жұмысшы табының Қазақстанда құралған алғашқы өкілдерінің бір тобы еді.

Кәзіргі Үштөбені ірі темір жол торабы, сонымен бірге шағын өнеркәсіп орталығы деп айтуға болады. Мұндағы ет комбинаты, жөндеу-механика заводы, май заводы, «Октябрьдің 40 жылдығы» артелі және басқа кәсіпорындар шығаратын өнімдер — ауылшаруашылық машиналарының бөлшектері, шойын құймалар, киіз үй жабдықтары, тігулі киімдер, ет және сүт өнімдері, кірпіш пен әк, қамыс плиталары сияқты өнімдер кең байтақ республикамыздың Жетісудан басқа жерлеріне де мәлім. Ауданның кәсіпорындары биыл жүз миллион сомдай өнім шығарады. Ал жетіжылдықтың ішінде кәсіпорындардың шығаратын өнімі кәзіргіден екі жарым есе арттырылады.

Ауданның колхозшы шаруалары да КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының (1953 жыл) ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі шешімдерін жүзеге асыра отырып, елеулі табыстарға жеткен. Соңғы үш-төрт жылдың ішінде колхоздар 30 мың гектардай жаңа жер

игеріп пайдаланды. Қолхоз дәулетінің негізгі қазынасы жер емес пе, оны пайдалана білсең, күте білсең табысқа кенелесің. Аудан колхоздары өткен жылы астықты 1954 жылға қарағанда 1,5 есе, қызылшаны 2,5 есе артық алды. Бұл екі дақыл Қаратал шаруаларының егіншіліктегі негізгі бағыты. Қызылшаның аудан бойынша орташа өнімділігі гектарына 320 центнерден келді. Бұл Жетісудағы, тіпті республикадағы аудан көлемі бойынша ең жоғары көрсеткіш.

Мал өсірушілердің қол жеткен табысы да қуанарлық. Мал шаруашылығының негізгі саласы — қой саны 1954 жылғыдан 1,5 есе көбейді, колхоздар мемлекетке жүнді үш есе көп сатты. Сол сияқты сүт сауу 1,5 есе артып, бір сиырдан алынған сүт 1500 литрге жеткен. Міне осылардың негізінде аудан колхоздарының жылдық табысы 1954 жылғы 21 миллион сомнан өткен жылы 58 миллион сом болды. Қараталдың барлық колхоздары да техниканы сатып алды. Аудандағы 9 колхоздың 8-де өздері салып алған электр станциялары бар.

Қаратал ауданындағы осы көп салалы шаруашылықтардың барлық буындарында да жүздеген коммунистер жұмыс істейді, олар сол коллективтердің ұйымдастырушылары, бұқараның бастаушысы, жетекшісі, ақылшысы, партияның халық мүддесін көздеп шығарған шешімдерін жүзеге асыруды қолма-қол ұйымдастырушылар. Ал, аудандық партия комитеті болса, сол коммунистердің жауынгер штабы.

Аудан еңбекшілері өміріндегі бірде-бір ірілі-ұсақты оқиға аудандық партия комитетінің назарынан тыс қалып қоймайды. Еңбекшілердің жоғарыда айтылған шаруашылық саласында қол жеткен табыстарының бәрінде де аудандық партия комитеті зор ұйымдастырушылық роль атқарды, оларға саяси басшылық етті.

Жетіжылдықтың алғашқы көктемі

Қолхозшы шаруалар үшін көктем әр уақытта да үлкен істің басталар кезеңі. Ал биылғы көктем ерекше көктем. Совет халқы коммунизмінің сәулетті сарайын тұрғызуға тікелей кіріскен көктем. Биылғы көктемнің міндеттері, биыл басталар іс бұрынғы қай уақыттағыдан да үлкен де қымбатты. Мұны әрбір егінші, мал өсіруші айқын сезетін сияқты.

Олар бұл көктемді асыға күткен болатын. Биыл Қаратал өңірінде де көктем нышаны кеш білінді, оның үстіне апрель айының алғашқы жартысында күн райы өте құбылмалы, жауынды болды.

Міне осылай басталған жетіжылдықтың алғашқы көктемі аудандық партия комитеті қызметкерлерін де қатты абыржытты. Бұл күндері аудандық комитеттің секретарьлары, барлық бюро мүшелері, нұсқаушылары түгелдей мал отарларында, егін қостарында еңбекшілер бұқарасының қалың ортасында болды. Көктемгі күннің әрбір сағатын толық пайдалану, мал төлінен шығын бермеу үшін барлық күшті жұмсау керек.

Мұндай кезде аудандық комитеттің қызметкерлері кеңседе оқта-текте ғана бас қосады. Бүгін де солай бюро мәжілісін өткізуге жиналған. Мұндайда бюро мәжілісінде күн ілгері жоспарланған мәселе емес, өмірдің өзі ұсынған сол күннің зәру мәселесі талқыланады. Ауа райы жақсара қоймағанмен бірнеше колхоздың механизаторлары көктемгі егіс жұмыстарына кірісті. Колхоздарда мал төлдеу жаппай басталды. Бүгінгі мәжілісте осы екі мәселе талқыланбақшы.

Көктемгі егіс жұмыстарының барысын кәзір талқылап, бір жердегі жақсы, өнегелі істі барлық колхоздарға таратудың, ал екінші жердегі кемшіліктерді етек алдырмай түзетудің келешек үшін қандай маңызы бар. Бюро мәжілісінде бұл мәселені талқылаудың тәртібі алдын-ала келісілді. Аудандық комитеттің секретары Бекішев жолдастың ұсынысы бойынша, арнаулы баяндама жасаудың керегі жоқ деген тоқтамға келді. Сондықтан бірсыпыра колхоз басшыларының, партия ұйымы секре-

тарьларының хабарын тындағаннан кейін бюро мүшелері, аудандық комитеттің нұсқаушылары өз пікірлерін айтты. Олар егіс жұмыстары басталғалы бері өздері басы-қасында болған әрбір шаруашылықтағы жақсы тәжірибені ортаға салумен бірге, кемшіліктерді ашты, оны жоюдың жолдарын ұсынды, өздері жүргізген ұйымдастыру, көпшілік-саяси жұмыстары туралы айтты.

Бюро мәжілісінде көктемгі күннің әрбір қолайлы сағатын бос жібермей, егіс жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп жатқан Октябрь, Абай атындағы ауылшаруашылық артельдерінің тәжірибесін кенінен тарату мақсаты көзделді. Бұл колхоздарда партия ұйымдары механизаторлар, егіншілер арасында ұйымдастыру жұмысын, саяси-тәрбие жұмысын жақсы жолға қойған. Әрбір бригаданың егіс қостарында механизаторлар мен егіншілердің өнімді еңбек етуі үшін жақсы жағдай жасалған. Мысалы, Абай атындағы артельдің Шин Ин-дек жолдас басқаратын № 1, Тен Бен-мун жолдас басқаратын № 2 бригадаларының егіс қостарында жақсы, жайлы жатақхана, асхана жабдықталған. Мұнда қызыл бұрыш бар, онда радио қабылдағыш, газет-журнал, көркем әдебиет кітаптары, түрлі спорт және музыкалық жабдықтар бар. Егіс қосы электрлендірілген. Сменадан ауысып, жұмыстан шыққан механизаторлар жуынатын душ орнатылған, волейбол алаңы жабдықталған. Егіс қосында күнара кино көрсетіліп тұрады. Механизаторлар да, оларға бекітілген басқа егіншілер де екі сменада жұмыс істейді. Смена мен смена, жеке механизаторлар арасында социалистік жарыс қызу өрістелген. Күніге кешке қызыл бұрышта бұл жарыстың қорытындысы шығарылады.

Ал ауданның басқа кейбір колхоздарында механизаторлар, колхозшылар бұқарасы көктемгі егіс жұмыстарына жеткілікті жұмылдырылмаған. Мысалы, «1-Май», Сталин атындағы артельдерде бірде-бір гектар жерге тұқым себілмеген. Олар «топырақ су» деген сылтаумен жүр. Бұлар арпа, сұлы сияқты дақылдарды көктемгі лайсаң кезінде сепсе, жақсы шығатынын ескермеген болып шықты. Бұл артельдерде егіс қостары жөнді жабдықталмаған, онда саяси-көпшілік, ұйымдастыру жұмыстары нашар жүргізіледі.

Бюро мәжілісінде егіс жұмыстарын сапалы жүргізуге, жердің ыңғалын тез жабуға ерекше көңіл бөлінді. Биыл аудан егіншілері дәнді дақылды түгелдей бөлектеп жинайды. Оған осы бастан әзірлік жасау керек. Өткен жылы бірсыпыра шалағайлықтар жіберілді. Ол егінді бөлектеп жинауды қиындатты. Сондықтан биыл егістік жерлердің бұрыш-бұрышында атжалдар қалдырмауға, жерді жақсылап тегістеуге назар аудару ерекше атап көрсетілді. Тұқым себер алдында егістік жер жақсы тегістелсе, тұқым тарқатарлы-тоғыспалы әдіспен себілсе, оны бөлектеп жинағанда астық шығыны болмайды.

Бюро мәжілісінде мал төлдету мәселесі де осындай тәртіппен талқыланды. Ауданның Октябрь, «Ленинский путь», Абай атындағы артельдерінде мал төлдету науқаны жақсы өтіп жатқаны көрсетілді. Бұл артельдерде отарларда қозы үшін жылы қоралар салынған, сакпаншылар жеткілікті бөлінген. Мал өсірушілер арасында саяси жұмыс жақсы жүргізіледі. Осының нәтижесінде әр малшы өз белесін, жетіжылдықта не үшін күресетінін жақсы біледі. Мысалы, Абай атындағы колхоздың қой отарлары Сарыбұлақ өзенінің бойына орналасқан. Барлық отарда да қозыға жылы қора салынып, шопандарға жаңа киіз үй тігілген. Шопандардың үйінде радиоқабылдағыштар бар, газет-журналдар алып тұрады. Мұнда алғашқы 8—10 күнде жаңа туған қойды қозыларымен бірге сакпаншылар бағады. Шопандар бұл әдістің тиімді екенін біледі. Осының нәтижесінде төл шығыны жоқ.

Бұл артельдің бір отар қойын коммунист шопан Қашқынбаев Жақыбай бағады. Оның бұл мамандықта жұмыс істеп жүргеніне міне

17 жыл болды. Жақыбай биыл әрбір жүз қойдан 115 — 120 қозы алып өсірмекші. Қолхоздың тағы бір отар қойын коммунист шопан Ақсеркенов Ахмет бағады. Жақыбай мен Ахмет социалистік жарысқа түскен. Қазір олардың отарынан бірде-бір қозы шығын болған жоқ. Бұл екеуі де шопандық мамандықтың бүге-шігесін жақсы білетін тәжірибелі адамдар. Олар өз тәжірибесін жастарға, әсіресе бұл күндері сақпаншыларға үйрете жүреді.

Өзенді жағалай орналасқан қой отарларының орта шенінде малдәрігерлік учаске бар. Ол стандартты жобамен салынған, онда лаборатория, дәрігерлік пункт жұмыс істейді. Қазір мұның жанында қызыл отау бар. Ол осы төңіректегі бірнеше отардың мал өсірушілерін қамтиды. Қызыл отауды комсомолка Исмағұлова жолдас басқарады. Ол күндіз көбінше отарларды аралап, шопандардың оқыған кітаптарын ауыстырып, жаңа газет-журналдар таратып жүреді. Ал кешке қызыл отауда шопандардың өздері бас қосады. Қызыл отаудың жанында жауынгерлік листоктар, қабырға газеттері шығып тұрады.

Бюро мәжілісінде мал төлдету ісін нашар ұйымдастырып, төл шығынына жол беріп отырған «Красный Восток», «Қазақстанның 30 жылдығы» артельдеріндегі жағдай әбден ашып көрсетілді, оның себептері анықталды. Мысалы, «Красный Восток» колхозында қой отарларына 56 адам сақпаншы жіберу керек болса, оған 40 адам ғана жіберілген, кейбір отарларда сақпаншы мүлде жоқ, қозыға жылы қоралар жасалмаған. Осының салдарынан мұнда төл шығыны едәуір бар. Артельдің мал отарындағы осы кемшіліктерді айта келіп, аудандық комитеттің секретары Василий Андреевич Ким жолдас колхоз председателі Абданбаев жолдастың, партия ұйымы секретарының мал отарларында соңғы бір айдың ішінде бірде-бір рет болмағанын, мал өсірушілердің талап-тілектерін білмейтінін, олардың арасында саяси-көпшілік жұмысын өздері бастап жүргізбейтінін қатты сынады.

Аудандық партия комитетінің бюросы төл алу науқанын ойдағыдай өткізуге бағытталған бірсыпыра шаралар белгіледі. Бұл үшін мал өсірушілер арасында ұйымдастыру, саяси-көпшілік жұмысын жандандыра түсу, шопандарға көмекші сақпаншылар жіберуді барлық колхоздарда қолдану, сақпаншыларға әрбір жүз қозы алып, аман өсіргені үшін 900 сомға дейін ақы беруді ұйымдастыру сияқты шараларды ұсынды.

Бюро мәжілісінде сөз болған мына бір мәселе ерекше назар аударды. Аудандық комитеттің кейбір қызметкерлері колхозға барғанда тек кемшіліктерді жиіп-теруге ғана болатын сияқты. Мысалы, аудандық комитеттің бюро мүшесі, аудандық совет атқару комитеті председателінің орынбасары Қ. Оспанов жолдас «Қазақстанның 30 жылдығы» атындағы артельде бірнеше күн болып қайтты. Ол артельдің басқарма председателі Қоқымов, партия ұйымының секретары Нүсіпбеков жолдастардың артель шаруашылығына басшылықты нашарлатып жібергенін, еңбек тәртібі нашар екенін, көктемгі егіс жұмыстарына әлі кіріспегенін, мал төлдетуді нашар ұйымдастырғанын аудандық комитеттің бюросына толық хабарлады. Бұл дұрыс. Бірақ Оспанов жолдастың өзі колхозда болғанда сол кемшіліктерді түзету жөнінде ешқандай ұйымдастыру жұмысын жүргізбеген болып шықты. Ол бірде-бір жерде коммунистермен, колхозшылар бұқарасымен еңбек тәртібін нығайту, көктемгі егісті, мал төлдету науқанын ұйымдастыру туралы, КПСС ХХІ съезі қойған міндеттер туралы әңгіме өткізіп, пікір алыспаған. Бюро мәжілісінде Оспанов жолдастың жұмыс стиліндегі бұл кемшілік өте орынды сынға алынды. Оған партиялық жұмыс дегеніміз ең алдымен бұқара арасында тікелей ұйымдастыру-саяси жұмыс жүргізу екені атап көрсетілді.

Қаратал аудандық партия комитетінің жұмыс стиліне тән қасиет қай мәселені де осылайша партия комитетінің барлық қызметкерлерін

қатынастыра отырып, зерттеп талқылап шешеді. Сондықтан мұндай шешімнің жер-жердегі жағдайды түзетуге ұйымдастырушылық күші, пәрмені басым болады. Партия комитеті әруақытта да өзі қабылдаған шешімдерді жүзеге асыруға жауапты адамдарды белгілеп, олардан талап етіп отырады. Бұл жолы да бюро мәжілісінде көктемгі егіс пен мал төлдету науқанын ойдағыдай өткізуді ұйымдастыруға бағытталған шешімдерді жер-жерде жүзеге асыруға жауапты адамдар белгіленді.

Бюро мәжілісінің ертеңіне-ақ олар колхоздарға шықты. Аудандық комитеттің қызметкерлері егіс қостарында, мал отарларында істеп жүрген колхозшылардың, механизаторлардың еңбегін ұйымдастыруға тікелей қатысты. Мысалы, аудандық партия комитетінің бір қызметкері «Ленинский путь» артеліне келді. Алғашқы кезде мұнда да көктемгі егіс нашар ұйымдастырылған болатын. Ол кемшіліктер бюро мәжілісінде ашып көрсетілген-ді. Нұсқаушы бастауыш партия ұйымының секретары Ли Ен-нанмен бірлесе отырып, осы кемшіліктерді түзетуге кірісті. Артельде жасалған көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу жоспары механизаторлар мен егіншілер арасында кең насихатталмай, жүзеге асырылмай келген болатын. Бұлар ең алдымен коммунистерді, үгітшілерді осы жоспарды кеңінен насихаттап, бұлжытпай жүзеге асыруды ұйымдастыруға жұмылдырды.

Көктемгі егіс жұмыстарын ұйымдастырудың нәтижесінде артель механизаторлары, жоспарда белгіленгендей, 9 жұмыс күннің ішінде 3 200 гектар жердің ылғалын жапты, 500 гектар жер жыртты, 2 500 гектар жерге жаздық дәнді дақылдардың тұқымын тарқатарлы тоғыспалы әдіспен септі. Дәнді дақылдардан кейін іле-шала 340 гектар кант қызылшасы егілді.

Артель қызылша өсірушілерінің бұл дақылдан мол өнім алуда бай тәжірибесі бар. Мысалы, өткен жылы артель қызылшаның гектарынан орта есеппен 583 центнерден өнім алған болатын. Ал Социалистік Еңбек Ері, СССР Жоғарғы Советінің депутаты Ольга Тянь басқаратын звено 17 гектар қызылшадан 834 центнерден өнім жинады. Бұл қазақстандық рекорд. Биыл артель қызылшашылары бұл дақылдың гектарынан орта есеппен 600 центнерден өнім алмақшы. Қазір қызылша өсіретін 18 звено құрылған, оның алтауын коммунистер басқарады. Артельде механизатор кадрлар өздері қызмет көрсететін егіс бригадаларының жер жағдайын жақсы біледі. Олар бір бригадада көктемгі егіс жұмыстарынан бастап, өнімді жинап алғанға дейін жұмыс істейді. Мұның өзі жұмысты сапалы жүргізуге механизаторлардың да, колхозшылардың да ынталылығын арттыра түсуде.

Аудандық партия комитетінің, бастауыш партия ұйымдарының, барлық коммунистердің механизаторлар, егіншілер арасында ұйымдастыру, бұқаралық-саяси, мәдени-көпшілік жұмыстарын партияның XXI съезі қойған міндеттермен тығыз байланыстыра жүргізуінің нәтижесінде биыл Қаратал ауданында көктемгі егіс өткен жылғыдан едәуір сапалы, жоғары агротехникалық дәрежеде өтті. Қысқа мерзімнің ішінде 23 мың гектардай дәнді дақыл, 2 750 гектар кант қызылшасы егілді. Дала патшасы жүгері дақылдың көлемі 5 мың гектарға жеткізілді. Кант қызылшасының негізгі көпшілігі шаршы-ұялап егілді. Аудан еңбекшілерінің биыл бұл дақылдың гектарынан орта есеппен 350 центнерден өнім алуға берген сертін асырып орындауына берік негіз қаланды.

Мал төлдету науқаны да ойдағыдай өтті. 1-Майға дейінгі мәлімет бойынша орта есеппен әрбір жүз қойдан 114 қозыдан, ал «Ленинский путь» артелінде 130 қозыдан, «Октябрь» колхозында 121 қозыдан алынды. Бұл биыл ауданның мал өсірушілері мал басын өсіру, оның өнімділігін арттыру, ет өндіруді молайту жөніндегі міндеттемелерін сөзсіз асыра орындайды деген сөз. Қазіргі беталыс осыны көрсетіп отыр.

Игілікті нысана

Кәзір Қаратал ауданы партия ұйымдарының, аудан коммунистерінің ерекше назар аударып отырған мәселесінің бірі әрбір шаруашылықтың жетіжылдық жоспарын жасау, аудан еңбекшілерінің 1965 жылға жетер нысанасын белгілеу болып отыр. Бұл жоспардың негізгі тапсырмалары аудан бойынша да, жеке колхоздар бойынша да әлдеқашан белгіленген. Ендігі мәселе оны шаруашылықтың әр саласы бойынша егжей-тегжейлеп, нақтылап жасау.

Бұл ауданның болашағы да жарқын. Қаратал алқабы қалаға бермес сән-салтанатты ауыл мен селолар, шалқыған егін, мыңғырған мал өсіп, көркейе береді. Міне мұның айғағы мына цифрлар: ауданның колхоздарында қант қызылшасы егісінің көлемі де, шығымдылығы да екі есе арттырылады, дәнді дақылдардың, әсіресе жүгерінің көлемі мен шығымдылығы арттырылады, қой саны 3,5 есе өсіп, ол түгелдей жібек жүнді қойға айналдырылады.

Кәзір колхоз коммунистері әрбір колхоздың жетіжылдық жоспарын кеңінен талқылап, оны орындаудың қосымша мүмкіндіктерін аша түсуде. Жақында осындай бір бас қосқан мәжілісте Абай атындағы артельдің жетіжылдық жоспары талқыланды.

Артель шаруашылығы жетіжылдықта шалқын өседі. Мұндағы мал шаруашылығының шешуші саласы — қой өсіру. Қой саны 15394 бастан 59980 басқа, ірі қара мал 1491 бастан 2353 басқа жеткізіледі, қант қызылшасының жалпы көлемі 300 гектардан 500 гектарға, өнімділігі 334 центнерден 500 центнерге жеткізіледі. Осылардың негізінде артельдің жылдық табысы өткен жылғы 7,5 миллион сомнан 23 миллион сомға дейін өседі. Коммунистер бұл жоспардың әрбір цифрына терең ой жібере отырып, оны орындаудың қосымша мүмкіндіктерін қарастырды. Олар овощ дақылдарын, әсіресе пияз егісін молайта түсуді ұсынды. Сонымен бірге овощ дақылдарын күтіп-баптауды механикаландыру жөнінде бағалы ұсыныстар айтты. Кәзір мұндай талқылаулар ауданның барлық партия ұйымдарында өтіп жатыр.

Аудан шаруашылығын өркендетудің жетіжылдықта белгіленген міндеттері аса зор. Олардың табысты орындалуы ең алдымен колхоз партия ұйымдарының, артель басқармаларының еңбекшілер бұқарасын осы міндетті орындауға шебер жұмылдыра білуіне байланысты. Сондықтан ол ұйымдарды басқаратын кадрларды іріктеп қоя білу керек екенін КПСС XXI съезінде жасаған баяндамасында Н. С. Хрушев жолдас ерекше атап көрсеткен болатын. Аудандық партия комитеті партияның осы нұсқауларын орындай отырып, соңғы кезде ауылшаруашылық артельдерін кадрлармен нығайту жөнінде бірсыпыра жұмыстар істеді.

«I-Май» артелі көптен бері орта көрсеткіштердің көлеңкесінде, шаруашылықты дамытудың бай көздерін пайдалана алмай келе жатты. Аудандық партия комитеті бұл жағдайды терең зерттегеннен кейін мәселені бюро мәжілісінде қарап, «I-Май» колхозының басқарма председелі етіп аудандық комитеттің бұрынғы бөлім меңгерушісі, соңғы кезде аудандық газеттің редакторы болып істеген Нүсіпов жолдасты ұсынды, бастауыш партия ұйымының секретары етіп республикалық партия мектебін бітірген Мәдиев жолдасты бекітті. «Қазақстанның 30 жылдығы», «Красный Восток» колхоздарының басшылығын да жаңартып, ауылшаруашылық мамандарымен толықтырды.

Аудандық партия комитетінің КПСС XXI съезінің шешімдерін жүзеге асыру жөніндегі ұйымдастыру-саяси жұмыстары ауданның колхоздары мен кәсіпорындарына шаруашылықта да, мәдени-күрлыста да жаңа табыстарға жете беруіне көмектесуде.

Қ. ӘБІЛДАЕВ.

Елімізге етті көп беру күресінде

Б. ТӨРТҚАРИН,

Қазақстан КП Аманкелді аудандық комитетінің секретары

Қостанай облысы, Аманкелді ауданының партия ұйымдары барлық ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмысын КПСС ХХІ съезінің тарихи шешімдерін еңбекшілерге терең түсіндіруге, жетіжылдықтың міндеттерін ойдағыдай орындауға бағындыра жүргізіп келеді.

Жетіжылдықтың міндеттерін еңбекшілерге түсіндіру ісі ауданның әрбір колхозында, қашықтағы мал жайылымы учаскелерінде ұйымдастырылды. Аудан еңбекшілеріне КПСС ХХІ съезінің шешімдерін түсіндіруде 200-ден астам үгітші жұмыс істейді. Олардың ішінде 120 коммунист бар. Жакын арада үгітшілер жұмысын кәзіргі талаптарға сай қайта құру мақсатында бес жерде кусталық семинар өткізілді. Бұл семинарларда аудандық партия комитетінің секретарьлары мен бюро мүшелері лекциялар оқыды. Үгітшілер тәжірибелерін ортаға салып, пікір алысты.

Социалистік жарысты ұйымдастыруға, оны жария етуге аудандық партия комитеті ерекше көңіл бөліп келеді. Кәзір 1959 жылға қабылданған міндеттемелерді абыроймен орындау үшін 11 колхоз, 70 мал фермасы, 300-ден астам шопан мен бақташы социалистік жарысқа түсіп, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдады.

Аудандық комитет, сол сияқты колхоз, совхоз бастауыш партия ұйымдары мал шаруашылығының шешуші учаскелеріне коммунистерді жіберіп отырады. Үстіміздегі жылдың алғашқы айында ғана мал шаруашылығында тікелей жұмыс істеу үшін 40-тан астам коммунист жіберілді. Олардың басым көпшілігі шопан, мал бақташысы, жылқышы болып орналасты. Ал аудандағы 900-ге жуық коммунистің 600-ден астамы мал шаруашылығында қажырлы еңбек етіп жүр. Мысалы, Абай атындағы колхоздың коммунист Қаржауов Тәжібай меңгеруші болып істейтін сиыр фермасы мал қыстатуды жақсы өткізіп, 100 сиырдан 100 бұзауды шығынсыз өсіріп отыр.

Ауданымыздың 1959 жылға қабылданған социалистік міндеттемелері аудандық партия комитетінің кезекті пленумында қаралып, қабылданды. Пленумға озат малшылар мен мал мамандары да қатыстырылды. Аудандық комитеттің пленумда сөйлеген мүшелері, озат шопандар, бақташылар, жылқышылар, мамандар әлі де болса пайдаланылмай келе жатқан ішкі резервтер мен мүмкіншіліктердің бетін ашып, социалистік міндеттемелерді абыройлы орындаудың жолын көрсететін бағалы ұсыныстар енгізді. Мұнан кейін жарысқа түскен екі ауданның—біздің аудан мен көршілес Жанкелдин ауданының озат малшыларының кеңесі өткізілді. Бұл ауданаралық кеңесте екі ауданның алдыңғы қатарлы малшылары өз тәжірибелерін ортаға салып, жетіжылдықтың алғашқы жылын табысты аяқтау үшін жақсы-жақсы пікірлер айтты.

Ауданның партия, совет, шаруашылық ұйымдары биыл өткен жылдың кейбір кемшіліктерінен қорытынды шығарып, қоғамдық малдың өз төлінен өсуін, оның өнімділігі артуын, мемлекетке малдың жоғары қондылықта өткізілуін қамтамасыз ету күресіне жұмылды. Мал қыстан әрі шығынсыз, әрі күйлі шықты, төл алу науқаны ойдағыдай өткізілді. Төл алу науқанына аудан мекемелерінен 150-ден аса коммунистер мен комсомолецтер көмекке жіберілді. Олар әрбір отарда бір ай бойы шопандармен бірге еңбек етті.

Биылғы шаруашылық жылын табысты аяқтау, мал шаруашылығын өркендетудің жылдық жоспарын барлық түліктен асыра орындау — біздің негізгі нысанамыз. 1960 жылдың бірінші январына дейін өткен жылмен салыстырғанда сиыр малы 6 процент, қой 14 процент, жылқы 20 процент өсуге тиіс.

Мемлекетке ет сатудың жоспарын артығымен орындау да алға қойылып отырған келелі міндет. Біз осы міндетті орындау үшін бар мүмкіншілікті пайдалануға тиіспіз. Биыл колхозшылардан, жұмысшылар мен қызметкерлерден 250 ірі қара, 4 мың бұзау, 500 құлын, төрт мың қой-ешкі сатып алынады. Қазірдің өзінде қызметкерлер мен колхозшылардан 975 бұзау сатып алынды, мемлекетке колхоздар 5 543 центнер ет тапсырды. Мұның үстіне жеке адамдар мемлекетке 1 256 центнер ет сатты. Бұл игі істің алғашқы бастамасы ғана.

Рязань облысы еңбекшілерінің үндеуіне жауап ретінде аудан малшылары биыл мемлекетке 60 мың центнер ет сатпақшы, сонда өткен жылмен салыстырғанда 1,7 есе артық өткізілетін болады. Жүн алу 6 мың центнерге жеткізіледі. Мемлекетке ет, жүн тапсыру жоспарын Ұлы Октябрь социалистік революциясының 42 жылдығы құрметіне орындап шығу шаралары қарастырылып жатыр.

Етті молайту екінші тың болғандықтан аудан партия ұйымының бүкіл қызметі, еңбекшілердің барлық күш-жігері осы міндетті шешуге бағытталуда.

Мұның өзі жақсы нәтиже беріп те отыр. Қазірдің өзінде аудан бойынша 51 мың қой, 7 мыңнан астам ірі қара мал ет үшін бөлек бағымға қойылды. Етке өткізілген ірі қараның орташа салмағы 321 килограмға, қойдың орташа салмағы 55 килограмға жетіп отыр.

Колхоз басшылары мен малшылар малды бордақылап семіртудің шаруашылық үшін де, мемлекет үшін де пайдалы екенін толық түсіне бастады. Бұл жөнінде, әсіресе, Ленин атындағы ауылшаруашылық артелін атап өту қажет. Бұл колхоздың коллективі мал санын көбейту, малды семіртіп бордақылау жөнінде көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Биылғы жылы әрбір 100 аналық малдан 90 бұзау, 110 козы, 80 құлын алуға, әр қойдан 2,5 килограмм жүн қырқып, әр сиырдан 800 литрден сүт саууға міндеттенді. Сонымен қатар мемлекетке 3 140 центнер ет тапсыруға, 261 центнер май сатуға серт берді. Яғни, бұл колхозда мемлекетке тапсырылатын өнім өткен жылғыдан 2 есе артады деген сөз.

Ленин атындағы колхоздың бастауыш партия ұйымы (секретары Жамансарин жолдас) Жанкелдин ауданының еңбекшілерімен социалистік жарыста қабылданған міндеттемелерді колхозшыларға кеңінен түсіндіре отырып, колхозшылардың еңбекке деген ынта-жігерін бұрынғыдан да арттыра түсуде. Колхозда етке өткізетін ірі қараның тірідей салмағы 350 килограмға, қойдың тірідей орташа салмағы 60 килограмға жеткізіледі. Қазірдің өзінде 2 800 қой бөлек жайып бағылып семірілуде.

Бастауыш партия ұйымы алдымыздағы жетіжылдықтың ұлы программасын жүзеге асыруды коммунистерді шаруашылықтың шешуші жерлеріне орналастырып, олардың жетекшілік ролін арттырудан бастады. Үстіміздегі жылдың өзінде ғана бұл колхоздың мал шаруашылығына 7 коммунист жіберілді.

Коммунист және комсомолец шопандар, бақташылар етке тапсырылатын малдың барлығын да жоғары қондылықта өткізуге серт берді. Соның бірі жас шопан коммунист Егінбай Нұржанов жолдас. Ол мал санын өз төлінен өсіре отырып, мемлекетке тапсырылатын қойдың орташа салмағын 60 килограмнан кем өткізбеуге міндеттенді. Е. Нұржанов екі айтып көрген жігіт емес, ол берген сертін сөзсіз орындайды. Қыс айының өзінде мемлекетке ет есебінде өткізген ірі қара малдың орташа салмағы бұл колхозда 391 килограмнан келіп отыр. Демек, жаз айла-

рында бордакыланып барып өткізетін малдың орташа салмағы бұдан әлдеқайда асып түсетіні сөзсіз.

Мемлекетке семіз ет тапсыру жөнінде Жанкелдин атындағы (председателі Қ. Оспанов, бастауыш партия ұйымының секретары Х. Махметжанов), Абай атындағы (председателі Ш. Ахметов, бастауыш партия ұйымының секретары Ә. Әбдірахманов), Аманкелді Иманов атындағы (председателі А. Тұрмағанбетов, бастауыш партия ұйымының секретары Ш. Медебаев) мүмкіншіліктері мол, істері нәтижелі. Бұл колхоздардың бастауыш партия ұйымдары социалистік жарысты ұйымдастыруға жете мән беріп, озаттар тәжірибесін, аудан мен колхоздардың жетіжылдық жоспарын үнемі насихаттап келеді. Мал шаруашылығының жауапты учаскелеріне коммунистерден үгітшілер бөлінген. Үгітшілер коммунистше еңбек етіп, коммунистше өмір сүру ұранын малшыларға кең түсіндіріп жүр.

Кәзір аудан малшылары қоғамдық малды өз төлінен өсіре беруге, мемлекетке ет сатудың жылдық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындауға ұйымшылдықпен кірісті. Әсіресе шопандарымыз қажырлы еңбек етуде. Киров атындағы колхоздың шопаны Қ. Нұржанов, Калинин атындағы колхоздың шопандары С. Битанов, М. Сұлтыбаев жолдастардың мемлекетке өткізген қойларының басым көпшілігі семіз. Мұндай ел құрметіне бөленген үлгілі шопандар ауданда көп. Олар бұдан былай да жемісті еңбек етіп, мемлекетке семіз ет тапсырудан өздерінің күш-жігерін аямайды.

Қой шаруашылығын өркендету—бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Республикамызда қойды көп өсіретін аудандардың бірі біздің аудан. Алдағы жетіжылдықта, яғни 1965 жылдың аяғында ауданымызда қой саны 566 мыңға жеткізіледі. Біз осы зор міндетті орындауға бар күш-мүмкіншілікті жұмылдыруымыз керек.

Аудан партия ұйымы келешекте мал тұқымын асылдандыруға баса назар аударады. Биыл Қайыңды совхозы мен колхоздарда қазақтың «ақбас» сиыры мен «еділбай» қойын және биязылау жүнді қойды өсіре бастаймыз.

Аудан бойынша әр қойдан 2,6 килограмм жүн алып, мемлекетке жүн тапсыру жоспарын мезгілінен бұрын орындау міндеті де малшылардан қажырлы еңбекті талап етеді. Биыл бізде 271 мың тоннадан астам құнарлы жемшөп дайындалып, оның 30 проценті көкмайса кезінде қораларға тасып алынады.

Қоғамдық мал шаруашылығын қауырт өркендету үшін жаңадан мал қораларын салудың, суландыру жұмыстарын өрістетудің пайдасы зор. Ауданымызда 48 мың гектар шабындық, 300 мың гектардай жайылымдық жер суландырылды. Мұның сыртында 1959 жылы 29 бөгет салынғалы отыр.

Алға қойылып отырған күрделі міндеттердің тағдыры көбіне-көп кадрларға байланысты. КПСС XXI съезінің шешімдеріне сәйкес Аманкелді аудандық партия комитеті кәзіргі уақытта колхоздарды, фермаларды қолынан іс келетін маман кадрлармен нығайтуға күш салуда. Жакын арада Крупская атындағы колхоздың председателдігіне жоғары білімі бар агроном, коммунист Ермағанбетов Жақия жіберілді. Абай атындағы колхоздың қой фермасы меңгерушісі болып зоотехник Ыбраев бекітілді. Кадрларды дұрыс іріктеп, орналастыру, тәрбиелеу ісі аудан өміріне үлкен қозғау болатынында ешқандай күмән жоқ.

Ауданның партия ұйымдары еңбекшілерді КПСС XXI съезінің тарихи шешімдерін бұлжытпай жүзеге асыру күресіне бастай береді, сөйтіп мал шаруашылығын мықтап өркендетуді қамтамасыз етеді.

Партиялық ішкі жұмыстың кейбір мәселесі

Журналдың редакциясына КПСС қатарына өтудің тәртібі және ол үшін партиялық кепілдеме алу, сол сияқты партиялық мінездемені беру туралы сұраған хаттар түсті.

Журналымыздың оқушылары Баекешев және Бегілдаев (Жамбыл облысы) жолдастар: «КПСС қатарына мүше болып өту үшін кепілдемені тек бірге жұмыс істейтін коммунистерден алу керек пе, болмаса өзінді жақсы білетін басқа жерде жұмыс істейтін коммунистен де алуға бола ма?» деп сұрайды. Мұқанов жолдас (Оңтүстік Қазақстан облысы): «Партиялық мінездеме беру тәртібі қалай, мінездемені коммунистің өз қолына берген дұрыс па немесе сұраған партия органына жіберген дұрыс па» деп сұрайды. Осы сұрауларға ҚКП Орталық Комитетінің жауапты ұйымдастырушысы К. Серікбаев жолдас жауап беріп отыр.

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезі елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, социалистік өндіргіш күштерді жаңадан мықтап өркендету міндеттерін алға қойды. Бұл зор міндетті орындау үшін біз барлық күштерімізді жұмылдыруымыз, оны дұрыс орналастыра білуіміз қажет. Бұл жөнінде совет қоғамының басшы, бағыттаушы күші — Коммунистік партияның ролі арта түсті.

Міне осындай тарихи жағдайда партия өз қатарын Отанымыздың жалынды патриоттары есебінен толықтыра береді. Партияның ХІХ съезі бекіткен Уставына сәйкес партия қатарына саналы, белсенді, коммунизм ісіне өз өмірінің ақырына дейін берілген жұмысшылар, шаруалар, интеллигенттер алынады.

Партиялық кепілдеме туралы

Партия мүшелігіне кандидат болып не кандидаттан мүшелікке өтушілер кемінде үш жылдық партиялық стажы бар және өзін кемінде бір жыл бірге жұмыс істей жүріп білетін, үш партия мүшесінен кепілдеме алады. Сонымен қатар ескеретін жағдай — партияға комсомол мүшесін алғанда, аудандық комсомол комитетінің кепілдемесі бір партия мүшесінің кепілдемесі орнына саналады. Кепілдемелерді алғаннан кейін тиісті анкета толтырып, оған өмірбаянын қосып, бастауыш партия ұйымына арыз береді.

Бастауыш партия ұйымы партияға өтуші адамды жан-жақты зерттеп, жеке басының қасиеттерін жақсы біліп, оның келешекте қатардағы саналы совет азаматы ғана болып қоймай, алдыңғы қатардағы саяси күрескер болатынына, коммунистік атақты ақтай алатынына сенімі күшті болуы керек. Арыз берушінің анкетасына қосымша басқа документтер қажет бола қалған жағдайда, оны бастауыш партия ұйымының өзі жинап алуға міндетті.

Партия қатарына адам алуға байланысты өзекті мәселенің бірі — кепілдеме беру. Партиялық кепілдеме — партия қатарына жұмысшылар мен шаруалардың, интеллигенцияның таңдаулы, лайықты өкілдерін тартудың маңызды бір шарты. Кепілдеме беруші коммунист өзі білетін мұндай адамды партия қатарына ұсынып, ол партия ұйымы алдында кепіл болады. КПСС Уставына сәйкес кепілдеме беруші коммунист өзінің кепілдемесінің дұрыс болуына партия алдында жауапты.

Кепілдемені партиялық стажы үш жылдан артық әрбір коммунистің бірге жұмыс істей жүріп мінез-құлқын жақсы білетін, партия мүшесі болуға лайықты адамға беруге правосы бар. Партия қатарына өтуші азамат қызмет бабымен бір мекемеден екінші мекемеге ауысып кет-

кен кезде де өзін жақсы білетін басқа мекемеде істейтін коммунистен кепілдеме алуы мүмкін. Мұндай жағдайда ол кепілдемені партия ұйымының секретары куәландырады. Кепілдеме шын жағдайға сай болмаса, партияға өтем деуші адамның мінез-құлқы коммунист қатарында болуға лайықсыз болса, партия ұйымы секретарының кепілдемені куәландырмауға қақы бар.

Егер өзі істеп жүрген жерде кепілдеме беруге партиялық стажы жететін коммунист табылмаса, не басқа түрлі себептермен кепілдеме алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда басқа ауданда істейтін болса да тиісті стажы бар, өзінді жете білетін коммунистен кепілдеме алуға болады. Ондай жағдайда, кепілдемені аудандық партия комитеті куәландырады.

Партия қатарына адам алу жауапты саяси мәселе. Сондықтан әрбір коммунист өзі беретін кепілдемеге ерекше жауапкершілікпен қарауға міндетті. Егер коммунист кепілдеме беру арқылы партия қатарына лайықсыз адамның өтіп кетуіне жағдай жасаса, оған жауапты болады. Мұндай жағдайға жол бермеу үшін коммунист өзі кепілдеме берген адамның партия жолына жатпайтын мінез-құлқын, әрекетін соңынан біліп қалса, ол өз кепілдемесін қайтып алуға праволы.

Ал егер бұл мәселе жиналыста қаралып, ол адам партия қатарына қабылданып қойған болса, онда коммунист өзінің берген кепілдемесінің дұрыс емес екенін көрсетіп, оның партиялығын қайта қарауды сұрап, бастауыш партия ұйымына ресми түрде хабарландырады.

Партиялық кепілдеме жазудың белгіленіп қойған формасы жоқ. Кепілдеме партия қатарына өткісі келетін азаматтың жағдайын, іскерлік, саяси, моральдық қасиеттерін жан-жақты көрсететін болуы қажет. Сол сияқты кепілдеме беруші коммунист өзі туралы мәліметтерді де (фамилиясы, аты, әкесінің аты, партиялық стажы, партия билетінің номері, қандай мекемеде, кім болып істейтіні), ол адамды қанша уақытта бері білетіні, қайсы жерде, қандай мекемеде, қанша уақыт бірге істегені жөнінде толық жазуға тиісті.

Партия қатарына өтуші адамды кепілдеме арқылы ғана білуге болмайды, ол адамды бастауыш партия ұйымының барлық жағынан анықтап білуі қажет. Бұл жұмысты белгілі бір мерзіммен шектеуге болмайды. Партия ұйымының КПСС қатарына өтемің деушінің өмірбаянына байланысты жағдайларды әбден анықтауы үшін бұрынғы қызмет істеген жерінен қосымша документ немесе мінездеме сұратып алуына әбден болады. Бастауыш партия ұйымы КПСС қатарына өтемің деп арыз берген адамның мінез-құлқын зерттеп білуге уақытты аямағаны жөн.

Партиялық мінездеме туралы

Бір қызметтен екінші бір қызметке ауысуға байланысты, басқа да кейбір жағдайларда партия комитеттері, партия ұйымдары коммунистерге мінездеме береді. Мінездемеде сол адамның жақсы жақтары да, кемшіліктері де тайға таңба басқандай нақты, дұрыс көрсетілуі керек.

Мінездеменің партия бюросының мәжілісінде талқыланып бекітілгені жөн. Өйткені ондай документті коллегиялы түрде қарап, пікір алысқан дұрыс. Біреу білмегенді екінші біреу біледі. Сондықтан олар бірін бірі толықтырады. Егер партия бюросы мүшелерінің көпшілігі болмаған кезде партия ұйымының секретары мінездемеге өзі қол қойып беруге ерікті. Өйткені партия ұйымының секретары коммунистердің өздері сайлаған, сенген адам. Ондай сенімге ие болған адам мінездеме сияқты партиялық документтерге де бюросының атынан қол қойып, береді.

Мінездемені коммунисттің өз қолына берудің қажеті жоқ. Оны қажет еткен жерге жіберген дұрыс.

Жүгері өте тиімді дақыл

Соңғы жылдары республикада ұшан-теңіз тың және тыңайған жерлер игерілді. Соның арқасында Қазақстанда астықты көп алу жөнінде партия мен үкімет алға қойған күрделі міндет ойдағыдай шешілді. Мұның өзі мал санын көбейтіп, оның өнімін арттыра түсуге қолайлы жағдай туғызды, мал жемге кенелді.

Алайда республикада мал шаруашылығының өсу қарқыны бүгінгі күннің өскелең талабына сай болмай отыр. Еңбекші жұртшылық бүгін таңда осы олқылықтың орнын толтырып, ортаң қолды үлкен міндетті орындауға — екінші тың — мал шаруашылығын мықтап дамытуға жұмыла кірісті. Бұл үшін ең алдымен жемшөп базасын барынша нығайту керек.

Жемшөп базасын нығайтуда малазық дақылдары егісінің орны ерекше. Мұнсыз мал шаруашылығын өрге бастыру үшін берік негіз жасау мүмкін емес. Солай бола тұрса да, Қазақстанда бұл мәселе көп уақытқа дейін назардан тыс қалып келді. Өйткені «бізде мал шаруашылығы негізінен табиғи жайылым мен шабындыққа сүйенуге тиіс» деген теріс піғыл үстем болды. Мұны мынадан-ақ көруге болады. Тың жер игерілместен бұрын республикада малдың барлық түлігін ірі қараға шаққанда әр басқа 6,1 гектар жайылымдық және шабындық жерден келген болса, РСФСР-дің оңтүстік және Украин ССР-інің мал шаруашылығы дамыған аудандарында тек 1,4 гектардан келді. Ал Украинада әр бас мал үшін 0,4 — 0,5 гектар мал азығы дақылдары егілген болса, Қазақстанда небәрі — 0,1 гектардан егілді. Әрине, бұл мал санының көбеюіне, әсіресе оның түрлі өнімінің молаюына белгілі дәрежеде тұсау болды. Міне сондықтан да халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарына сәйкес республикамызда 1965 жылдың аяғына дейін мал азығы дақылдары егісінің көлемі 8,5 миллион гектарға жеткізіледі. Сонда әрбір шартты ірі қараға 0,5 гектар жемшөп дақылынан келеді.

Егіс көлемінің бұлай өсуі экономикалық жағынан да, ғылыми жағынан да әбден негізделген, өйткені мал азығы егісінің әрбір гектарынан жайылым жеріне қарағанда жемшөп әлдеқайда көп алынады. Мысалы, табиғи жайылымның әрбір жүз гектары орта есеппен 15 — 20 мың азық өлшемін берсе, айталық, жүгері егісінің әрбір жүз гектары (гектар басы 300 — 350 центнер сүттеңіп-қамырланып піскен собықты сүрлем салынған жағдайда) 600—700 мың азық өлшемін бере алады.

Алдағы уақытта жемшөп дақылдары егісінде жүгеріге ерекше мән беріледі. Жүгері мал азығы дақылдарының жиырма процентіне жеткізіледі. Республикада бұрнағы және өткен жылдары жүгерінің егіс көлемі 1,1 миллион гектар болса, колхоздар мен совхоздарымыздың міндеттемесі бойынша биыл 1,4 миллион гектарға жеткізіледі, ал мұнан кейінгі жылдары 1,8 миллион гектарға дейін ұлғайтылады. Бұл дақылдың үстем көбеюі ең алдымен оның аса құндылығына, малға жұғымдылығы-

ғына байланысты. Мысалы, сүттеніп-қамырланып піскен 300 центнер собықты жүгері сүрлемі 6 мың азықтық өлшем береді; мұның өзі, егер салыстырып қарасақ, 120—130 центнер біржылдық шөптің яки 60 центнер сұлының қуатына тең, басқаша айтқанда, бір гектар жүгері өнімі төрт гектар басқа дақылдардың өніміне татиды. Егер жүгеріні жайылым отымен салыстырсақ, бұдан да үлкен айырмашылықты байқаймыз. Бір гектар жайылым шөбінен 200—300 азық өлшемі ғана алынады, мұның үстіне жайылым шөбі өзінің малға жұғымдылығы жағынан жүгері егісінен жиырма-отыз есе кем түседі.

Жүгерінің мал өнімдерін көбейтуге қаншалықты әсер ететінін мынадан көруге болады. Шығыс Қазақстан облысы, Шемонайхы ауданындағы көршілес екі колхоз 1957 жылы әрбір жүз гектар шаруашылыққа жарамды жерден: КПСС XX съезі атындағы колхоз 24,5 центнерден, Ленин атындағы колхоз 15,6 центнерден ет алды. Бірінші аталған колхозда пайдаға жарайтын барлық жердің 25,7 проценті, ал екінші колхозда — 35,9 проценті табиғи пішендік болды. КПСС XX съезі атындағы колхозда іске жарамды жердің әрбір жүз гектарына 382 центнерден, Ленин атындағы колхозда 316 центнерден жүгері сүрлемі дайындалды. Қорыта айтқанда, КПСС XX съезі атындағы колхоздың осындай табысқа жетуінің басты бір себебі мұнда әзірленген барлық жемшөптің елу процентке жуығы сүрлем болды.

Айта берсек жүгерінің пайдасы көп. Жүгері мал шаруашылығынан түсетін ақшалай табысты да арттыра түседі. Мәселен, біз сөз етіп отырған КПСС XX съезі колхозында мал шаруашылығынан алынған 1 миллион 500 мың сомнан астам табыстың 700 мың сомы жүгерінің үлесіне тиеді.

Табыстың және әрбір жүз гектар шаруашылыққа жарамды жерге мал өнімдерін алу мөлшерінің әртүрлі болу себебін міне осыдан іздеу керек.

Әдетте біз жүгерінің тиімділігін тек сауын сиыр сүтінің мөлшерімен бағалап келдік. Бұл дұрыс та. Бірақ бұл арада жүгерінің малдың басқа да өнімін көп алу үшін кәдеге жарайтынын ұмытпауымыз керек. Демек, жүгерінің пайдасын малдың барлық өнімінің мөлшерімен де бағалауымыз қажет. Мынадай екі түрлі мысал келтірейік. Солтүстік Қазақстан облысының Чистов совхозында (директоры Козлов, бас агрономы Темірбеков жолдастар) сиырлардың биылғы қысқы азығындағы жүгері сүрлемінің үлесі 56 процентке жуық болды. Соның нәтижесінде соңғы жылдары әрбір сиырдан орта есеппен 3 200 килограмдай және одан да көп сүт сауылып келеді. Бұл совхозда тәулігіне берілетін сүрлемнің мөлшерін 40—45 килограмға жеткізу арқасында басқа азықтардың малға жұғымдылығы арта түсті. 1953 жылы бір килограмм сүтке 1,5 азық өлшемі жұмсалса, бұрнағы жылы 1,3 азық өлшемі жұмсалды. Сүттің өзіндік құны кеміді. Совхоз қызметкерлері жүгері сүрлемін қойға да бере бастады. Қойға тәулігіне пішенмен қоса үш килограмм сүрлем беріп тұру арқасында бұрнағы жылы әр қойдан 5,1 килограмм жүн қырқылған. Сондай-ақ совхоз 1956 жылдан бастап әр жүз гектар жер есебінен мемлекетке 13 центнерден ет өткізіп келеді. Міне мұндай табысқа совхоз жүгері егісін жылма-жыл көбейту нәтижесінде жетті.

Мал шаруашылығының барлық өнімдерін көбейту жолындағы күресте жүгерінің қаншалықты тиімді екенін Павлодар облысындағы № 23 совхоздың тәжірибесінен де айқын көруге болады. Мұнда жүгері есебінен құнарлы азық 1953 жылмен салыстырғанда бұрнағы жылы 5,5 есе көбейді. Осы уақыттың ішінде мемлекетке мал өнімдерін өткізу мөлшері қаншалықты артқаны мына төмендегі мәліметтермен сыпатталады:

	1953 жыл (центнер есебімен)	1957 жыл
Ет	1 607	4 124
Сүт өнімдері (сүтке айналдырғанда)	7 347	10 752
Жүн	1 271	1 725

Біз жүгерінің мал өнімдерін көп алу үшін таптырмайтын азық екенін көрдік. Бірақ бұл мәселенің көптеген шаруашылық басшыларының назарынан қағаберіс қалып жүрген бір сыры бар. Ол — жүгеріні негүрлым арзанға түсіру. Бұл үшін оны өсіруге, баптап-күтуге механизм күшін көп пайдаланған жөн. Осы әдісті қолдану арқылы № 23 совхозда бұрнағы жылы бір азық өлшемінің өзіндік құны: дәнді дақылдар—40 тиын, біржылдық шөптің пішені — 30, жүгерінің сабақтары мен собықтары—17,5, табиғи шабындықтың пішені — 15 тиын болды. Жүгерінің бір азықтық өлшемінің құнын бұдан да арзандатуға болады. Павлодар облысы, Қызылқоғам совхозындағы Зинин жолдастың және басқаларының жұмысы механикаландырылған звеноларының қарамағындағы егістің әрбір гектарынан 340 центнер сүрлемдік жүгері алынды; сүрлемнің бір азықтық өлшемі 12,7 тиынға түсті. Мұның өзі өнімнің өзіндік құнын арзандатуға, әрі шаруашылықты тиімді жүргізуге мүмкіндік берді.

Жүгері сүрлемі—құнарлы азық. Оның сүттеніп-қамырланып піскен собықтары жем орнына да жүреді. Мұның есебінен басқа дәнді дақылдарды үнемдеуге болады. Егер республика көлемінде алсақ, жүгері азығын пайдалану арқасында жылына әрбір сиырдан орта есеппен 20 пұт астық үнемделеді. Мұның өзі ондаған миллион пұт астық деген сөз.

Жүгері өзінің азықтық құндылығы, еңбекті аз тілеп, арзанға түсетіндігі, үнемділігі жағынан жемшөп дақылдарының қандайынан болса да озық тұрады десек қателеспейміз.

Біз жоғарыда республиканың солтүстік және оңтүстік бөлегінен ғана мысал келтірдік. Бірақ мұндай дәйекті мәліметтерді батыс пен шығыстағы аймақтардан да, айталық Ақтөбе мен Семей облыстарынан да көптеп келтіруге болады.

Қорыта айтқанда, жүгері күте білсе, республиканың қай тарапында болса да жақсы өсіп, мол өнім береді. Мал шаруашылығын мықтап өркендету ісін жүгерісіз шешу ешбір мүмкін емес.

Н. РАБИНОВИЧ,
агроном.

Игілікті бастама

Бүкіл совет халқы жетіжылдық жоспардың ұлы тапсырмалары мен келелі-келелі міндеттерін мерзімінен бұрын орындап шығуға, сөйтіп адамзаттың асыл арманы, ізгі мақсаты болған болашақ — коммунистік қоғам орнатудың кең өрістеген кезеңіне жаңа жігер, жаңаша күшпен кірісті. Коммунистік партияның кезектен тыс XXI съезінің шешімдерін басшылыққа алған, келешек коммунизмге қарыштаған біздің халқымыздың туына «коммунистше өмір сүріп, коммунистше еңбек етейік!» деген жаңа ұран жазылды. Бұл ұран миллиондаған адамдардың еңбек өнімділігін бұрынғыдан да еселеп арттыра түсуіне, әрбір жеке кісіні өз міндетін тиянақты атқаруға жігерлендіріп отыр.

Шымкент пресс-автомат заводының коллективі—«коммунистше өмір сүріп, коммунистше еңбек етейік» деген ұранды тұңғыш көтерушілердің ізгі бастамасын іле қостағандардың бірі. Завод жұмысшыларының ішінен коммунистік еңбек бригадалары деген құрметті де жауапты, жоғары атаққа ие болу үшін комсомол-жастардың 5 сменасы өзара жарысқа түсіп, жаңаша еңбек етудің үздік үлгісін көрсетті.

Бұл мәртебелі атақты алу жолындағы күреске жас машина жасаушылар бар ынта-ықыласымен, жастық жалынды жігермен бір кісідей жұмылды. Олар осы игілікті мақсатты орындау жолындағы етектен алып, аяқтан шалатын маскүнемдік, бұзақылық, биауыздық, әдепсіздік сияқты керенау кедергілерге күнделікті тұрмысымыздан ешбір орын алдырмаймыз деп серттесті.

Аспаптар жасау цехының мастері В. Романенко жолдас басқарған смена осындай жаңалыққа ұмтылған, коммунистше еңбек етіп, тұрмыс құруға бейімделген жастардың жол сілтер ұйымдастырушысы болды. Смена мүшелері еңбек өнімділігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар өздерінің өнерін жетілдіріп, білімін тереңдетуге, техникалық дәрежесін көтеруге, бірнеше мамандықтың иесі болуға міндеттенді. Олар әркімнің өндірістік тапсырмаларын үнемі асыра орындауымен қатар әрбір жұмысшының кемінде бір өндірістік жана ұсыныс жасауы қажет деп тапты. Кәзір смена мүшелері өздерінің бұл міндеттемелерін абыроймен орындауда. Өткен айлардағы жалпы өнім шығарудағы тапсырманы смена 113 процент етіп орындады.

Мастер В. Романенко жолдас басқарған смена мүшелері тағы бір жақсы бастаманы көтеруші болды. Олар цех қамқорлығындағы № 4 мектептің оқушыларынан 1959 жылы бір топ мамандар даярлауға сөз берді. Сөйтіп смена мүшелері коммунистік еңбек бригадалары деген жауапты атаққа ие болу үшін ерінбей жұмыс істеп, жалықпай оқи жүріп, өздері де еңбек мамандығына жас буындарды баулуды мақсат етті.

СССР Жоғарғы Советінің мектептердегі оқу жүйесін қайта құру, оны өмірмен тығыз байланыстыру жайындағы Заңына сәйкес, осы бастан мектеп оқушыларын еңбекке баулудың не зияны бар, дейді В. Романенко жолдас. Қайта орта білім алған жас кәмелеттік аттестатпен бірге токарь, фрезеровщик, слесарь деген мамандыққа қоса үйренеді. Мұның не артықшылығы бар. Міне қоғамшыл мастердің мұндай жана ұсынысын завод дирекциясы мен бастауыш партия ұйымы толық құптады. Бұл мәселе оқушылардың ата-аналар жиналысында да талқыланды.

Содан соң завод басшыларының қолдауы, көмектесуі арқасында осы ұсыныс жүзеге асырылды. Кәзір жаңашыл мастер В. Романенконың сменасында 8 ер бала, 4 қыз бала барлығы 12 оқушы қосалқы мамандыққа үйренуде. Өз еріктерімен жұмысшы болуға даярланған оқушыларды мектеп мастерскойының меңгерушісі Шпиталенко жолдас басқарады. Оқушылар цехта күніне үш сағаттан болады. Оқушылар мен алғашқыда жұмыс кезінде техника қауіпсіздігі жолдары туралы маман инженер әңгіме өткізді. Ал тікелей жұмыс орнында өздерін қалай ұстау керектігі жайлы мастердің өзі балаларға түсінік берді.

Кәзір жұмысшы мамандығын үйреніп жүрген оқушылар біраз ысылып та қалды. Олардың кейбіреулері өз бетінше жұмыс істеуге машықтануда. Бұл жұмысқа оқушылар барлық ынта-зердесімен кірісті. Келешек мамандықтың қызығына берілген оқушыларға күнделікті тәжірибеде үйретумен қатар теорияның керектігін де В. Романенко кезінде байқады. Сондықтан ол оқушыларға 74 сағаттық теориялық сабақ етудің жоспарын жасауға басшылық етті. Мастердің бұл ұсынысы да дер кезінде қолға алынды.

Осындай жақсы да игі істің мұрындығы болып отырған Романенко жолдастың сменасынан көргенін заводтың басқа да цех бастықтары жүзеге асырып, өмір күнделігіне енгізуде. Бұл басқа коллективтердің де үйреніп еліктеуіне де, қостап жүзеге асыруына да тұрарлық бастама ғой деп есептейміз.

Л. СИГАЛОВ,
З. ЖИГУЛИ.

Бір теориялық конференцияда

КПСС XXI съезінің қарары мен материалдарын аудан еңбекшілері арасында кеңінен насихаттауда Ақсуат (Семей облысы) аудандық партия комитеті бірқатар жұмыс жүргізді. Соның бірі аудандық партия комитетінің саяси оқу кабинеті даярлап өткізген теориялық конференция. Бұл конференция «Коммунистік қоғамның екі сатысы және социализмнен коммунизмге өтудің заңдылықтары» деген тақырыпқа арналды.

Саяси оқу кабинеті алдын-ала аудандық партия комитетінің штаттан тыс лекторларымен, партия, совет қызметкерлерімен біріге отырып, конференцияда жасалатын баяндамалардың тақырыбын жоспарлады. Сол жоспар бойынша алғашқы кезекте бес баяндама әзірленді. Баяндамалар мынадай мәселелерді қамтыды: социализм мен коммунизмнің негізгі белгілері; социализмнің толық және түпкілікті жеңуі; социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту заңдылықтары туралы; коммунистік құрылысты жаппай өрістетуде жетіжылдық жоспардың маңызы; коммунистік тәрбие және ескіліктің зиянды сарқыншақтарына қарсы күрес міндеттері.

Теориялық конференцияда баяндама жасауға теориялық даярлығы бар адамдар қатыстырылды.

Конференцияға күні бұрын даярлық жұмысы жүргізілді. Оған қалай даярлану жайында аудан орталығындағы бастауыш партия ұйымдарының секретарьларымен кеңес өткізілді. Онда жасалатын баяндамалардың тақырыбы, керекті әдебиеттер тізімі барлық коммунистерге, сол сықылды съезд материалдарын оқып, үйренуші тағы басқа жолдастарға таратылып берілді.

Саяси оқу кабинеті баяндамашы жолдастарға даярлық кезінде көмек көрсетіп отырды, әрбір баяндама бойынша консультация ұйымдастырды; баяндаманың тыңдаушыларға неғұрлым түсінікті, әсерлі болуына, ықшам болуына көңіл бөлді.

Съезд материалдарын оқып үйренуге жұртшылықтың өте ынталы екені, конференцияға көп адамның қатысуынан, олардың баяндамаларды ерекше ықыласпен тыңдауынан көрінді.

Ақсуат орта мектебінің оқытушысы Е. Мұқаев жолдас жасаған «Социализм мен коммунизм бір қоғамдық формацияның екі сатысы» деген баяндама тыңдаушыларға ұнады. Баяндамашы коммунистік қоғамның екі сатысын сипаттай келіп, социализмнің коммунизмге ұласу, өту заңдылықтарын талдап түсіндірді.

«Социализмнің толық және түпкілікті жеңуі» туралы аудандық партия комитетінің лектор-консультанты Ш. Қасқабаяев жолдастың баяндамасын да жұртшылық зейін қоя тыңдады.

Кәзіргі кезеңде бұрынғыдай капиталистік қоршау жоқ, біртұтас социалистік лагерь құрылып, нығайды, оған барлық елдердің еңбекшілері тілектес, сөйтіп социализм мен империализм күштерінің ара сал-

мағы социализм пайдасына шешіліп отыр. Империалистер тарапынан әлде де соғыс қаупі бар бола тұрса да, оған күйреге тойтарыс беруге толық мүмкіншілік бар. Кәзір біздің елімізде капитализмді қайта орнатарлықтай, социалистік лагерьді жеңерліктей дүние жүзінде ешбір күш жоқ. Сондықтан социализм біздің елімізде толық және түпкілікті жеңді. Мұның өзі елімізде коммунистік құрылысты кең көлемде өрістетуге негіз жасады, деді баяндамашы.

Аудандық совет аткомы председателінің орынбасары Ә. Қасенғазин жолдас баяндамасында «Коммунистік құрылысты өрістетуде жетіжылдық жоспардың маңызы туралы» жан-жақты айта келіп, сонымен бірге жетіжылдықта аудан экономикасын өркендетудің нақтылы міндеттеріне тоқтады.

«Коммунистік тәрбие және ескіліктің зиянды сарқыншақтарына қарсы күресу» туралы баяндамада кәзір коммунистік қоғам құру ісі кең көлемде өріс алған кезде еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеудің аса маңызды роль атқаратындығы көрсетілді, әлі де болса аудан еңбекшілері арасында ескі салт-сананың, әдет-ғұрыптың, діни нанымдардың қалдықтары күнделікті кездесіп отыратыны және осыған байланысты қандай жұмыстар жүргізу керек екені сөз болды.

Конференцияға қатысушылар баяндамаларды талқылауға, толықтыруға белсене қатысты. Баяндамашыларға 30-дан астам сұрақ түсті.

— Теориялық конференция съезд материалдарын, әсіресе оның теориялық мәселелерін терең түсінуге үлкен көмек болды, — деді жарыс-сөзде сөйлеген Ф. Біткенбаев жолдас. — Мұндай конференцияларды бұдан былай да жиі өткізіп тұру керек. Енді «Еңбек—коммунистік тәрбиенің басты құралы» — деген тақырыпқа осындай конференция өткізген оңды болар еді, деп ұсыныс енгізді.

Банк қызметкері Ж. Смағұлов жолдас теориялық конференцияны тек аудан орталығында ғана емес, әрбір колхозда, совхозда, кәсіпорны мен мектептерде өткізу қажеттігін айтты.

Конференцияның соңында аудандық партия комитетінің бірінші секретары Ө. Шокбатаров жолдас сөйлеп, теориялық конференция өткізудегі алғашқы тәжірибені қорытындылады. Сонымен бірге ол кейбір баяндамалардың аудан өмірінен алшақ кеткенін сынады, партиялық насихаттың мұндай тиімді түрін жетілдіре беру, үнемі қолданып отыру қажет деді.

К. БӘКІШЕВ,
Қ. СЕЙІЛХАНОВ.

Америка империалистерінің Орта және Таяу Шығыс елдеріндегі тіміскілеу әрекеттері

Осы жылғы 5 мартта Түркияның астанасы Анкара қаласында Америка Құрама Штаттарының Иранмен, Түркиямен, Пакистанмен екі-жақты соғыс келісімдеріне қол қойылып, ол келісімдер бірден күшіне кірді. Бағдад шартын, Американың Таяу және Орта Шығыс елдері халықтарын байлап-матап, айтқанын істетуге арналған «Эйзенхауэр доктринасын» негізге ала отырып, империалистер жасаған бұл келісімдер ол елдерді соғыс ошағына айналдыру мақсатын көздейді. Сондықтан жоғарыда аталған елдердің өзара соғыс келісімдерін жасасуы халықаралық шиеленісті өршітіп, Орта және Таяу Шығыста, Оңтүстік-Шығыс Азияда бейбітшілікке қатер туғызды.

Американың билеуші топтарының Орта және Таяу Шығысқа ерекше маңыз беріп отырғаны бекер емес. Әлемнің бұл аймағында 90 миллион халық тұрады, ол Шығыста Үнді мұхиты мен Батыста Жерорта теңізі аралығын, Пакистаннан Ливияға дейінгі, солтүстікте Қара теңізден оңтүстікте Парсы бұғазына дейінгі жерді алып жатыр. Бұл аймақты империалистер өздерінің басқа елдерді отарлау, құлдыққа түсіру жөніндегі сұрқиялық саясатында соғыс-стратегиялық маңызы ерекше зор деп санап келді және санап отыр. Бұл жөнінде Американың «Юнайтед стейтес ньюс энд Уорлд рипорт» журналы былай деп жазды: «Александр Македонский, римдіктер, сарациндер, түріктер—міне осылардың бәрі өздерінің империяларының негізі болған Орта Шығысқа бірінен кейін бірі ие болды. Өзінің империясын құрғанда Англия Орта Шығысты орталық билік ретінде пайдаланды. Сонан соң Адольф Гитлер келді. Оның көксеген арманы Орта Шығыс болды». Ал президент Д. Эйзенхауэр бұл пікірді айқынырақ айтып берді: «Егер белгілі бір территорияның абсолюттік бағалылығы жөнінде айтатын болсақ, онда стратегиялық жағынан алғанда, Таяу және Орта Шығыстан маңыздырақ аудан дүние жүзінде жоқ. Бұл аудан біздің жалпы күш-жігерімізге өзінің қоса аларлық үлесі тұрғысынан қарағанда да өте маңызды».

Үш құрылықтың — Европаның, Азияның, Африканың осы ауданда түйісуі, Жерорта теңізінен Үнді мұхитына баратын су жолының да осы аудан арқылы өтуі, оның Совет Одағының оңтүстік шекараларына тікелей іргелес жатуы, кен байлығының, әсіресе мұнайдың сарқылмас мол қоры — міне осының бәрі Американың империалистік топтарының көкейін тесіп барады.

Екінші дүниежүзілік соғыс алдында Орта және Таяу Шығыста негізінен Англия мен Францияның ірі шонжарлары үстемдік етті. Ол кезде бұл ауданда өндірілетін мұнайдың 13 проценті ғана Америка монополияларының үлесіне тиетін. Сондықтан американың үкіметі Орта және Таяу Шығыс мұнайын өз қолына алуға соғыс кезінде ақ күш салды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Орта және Таяу Шығыста ұлт-азаттық қозғалысы мейлінше күшейіп, бірқатар дербес мемлекеттер құрылды. Соның салдарынан Англия мен Францияның бұл аймақтағы ықпалы нашарлады. Мұны жақсы түсінген американың империалистері Орта және Таяу Шығысқа өз үстемдігін орнатып, ондағы ұлт-азаттық қоз-

ғалысын тұншықтырып, жаныштауға, бұл елдерді Совет Одағына қарсы соғыс тірегіне айналдыруға жұтына кірісті. Осы мақсатпен американың үкіметі — 1947 жылы мартта «Трумэн доктринасы» дейтінді шығарды. Бұл Таяу Шығыста соғыстан кейінгі кезеңде жасалған алғашқы дұшпандық әрекет еді. Экономикалық «көмек» дегенді бетке ұстап, АҚШ монополиялары Түркияны өздерінің ауылшаруашылық шылауына айналдырып алды. Бара-бара Таяу Шығыс халқының ұлт-азаттық күресін тұншықтыруға белсене қатысты. АҚШ билеуші топтары мұнымен қанағаттанбай «Трумэн доктринасы» арқылы Түркияны Совет Одағына және басқа социалистік елдерге қарсы бағытталған Солтүстік атлантика одағына, кейінірек агрессиялық Бағдад шартына тартты. 1951 жылы Орта және Таяу Шығыс елдері халықтарына «Орта Шығыс командованиясы», одан кейін «Орташығыстық қорғаныс ұйымы» дейтіндерді және басқа соғыс одақтарын бірінен соң бірін тықпалады. Бірақ жергілікті халықтар мұндай соғыс одақтарына кіруден бас тартты.

Американ империалистері ұйымдастырған агрессиялық Бағдад одағына ол кезде араб елдерінен сатқын Нури Саид тобы билеген Ирак үкіметі ғана енді. Басқа араб елдері бұл одақтан бойын аулақ ұстады. Сөйтіп американың империалистерінің бұл саясатына алғашқы соққы тиді. Сонда да олар бұл елдердегі өздерінің агрессиялық тіміскілеу әрекеттерінен тәнбады. Америка Құрама Штаттарының дем беруімен Англия мен Франция, олардың қолшоқпары Израиль 1956 жылы тәуелсіз Египет республикасына шабуыл жасады. Соғыстың негізгі мақсаты — азаттық сүйгіш египет халқын қанға бояп, Орта және Таяу Шығыстағы ұлт-азаттық қозғалысына бөгет болу, халықаралық шиеленістің бәсеңдеуіне жол бермеу еді. Бірақ египет халқының ерлік күресі, Совет Одағы және Қытай үкіметтерінің империалистердің зұлымдық әрекетін тиюға бағытталған батыл шаралары, басқа да бейбітшілік сүйгіш халықтардың қаһарлы ызасы мен наразылығы Англия, Франция, Израиль үкіметтерін соғысты тоқтатуға мәжбүр еткенді.

Жоғарыда айтылған агрессиялық Бағдад шартында Ирактың болуы американың және ағылшын империалистерінің Орта және Таяу Шығыстағы соғыс-саяси әрекеттеріне басқа араб елдерін қатыстыруды қамтамасыз етуге тиісті еді. Бірақ отаршылдар есебінен жанылды. 1958 жылғы июльдің 13-нен 14-не қараған түнде Иракта халықтың қолдауымен армия көтеріліс жасап, монархиялық тәртіп құлатылды. Ирак республикасы жарияланды. Сөйтіп, агрессиялық Бағдад шарты Бағдадсыз қалды. Ол бұл одақтан ресми түрде шықты. Империалистер тағы да бір жеңіліске ұшырады. Ирак үкіметі алғашқы күндерден бастап-ақ елдің ұлттық тәуелсіздігін қорғауға, басқа да бостандық сүйгіш халықтармен бірге отаршылдық саясаттың ауыр зардаптарын жоюға, ұлттық экономиканы дамытып, халықтың әл-ауқатын арттыруға батыл кірісті.

Жұртқа мәлім, Америка Құрама Штаттарының үкіметі Бағдад шартының негізгі органдарына алғашқы кезден-ақ қатысып, шартқа тартылған елдерге қару-жарак беріп, бұл шарт бойынша соғыс әзірліктерін жүзеге асыруға тікелей басшылық етіп отырса да дүние жүзінің жұртшылығынан мұны жасырып келген болатын. Американың империалистері Бағдад шартын жасау жолымен Орта және Таяу Шығыстан өзінің ағылшын сыбайластарын ығыстырып шығаруды да ойлаған еді. Ол мақсатына жетті. Міне сондықтан Ирактағы революциялық төңкерістен кейін қабырғасы күйрей сынып, құрып бара жатқан агрессиялық Бағдад шартын сақтап қалуға тырысқан АҚШ билеуші топтары амалсыздан бет пердесін жұлып тастап, бұл шарттан туатын міндеттемелерді түгелінен өзінің жауапкершігіне алатындығын мәлімдеді. Сөйтіп, бұрын астыртын басқарып келген Америка Құрама Штаттарының үкіметі отаршылдардың мүдделеріне қызмет етуге тиісті агрессиялық Бағдад шартын қалпына келтіруге ашықтан-ашық кірісті.

АҚШ үкіметінің басшылығымен 1958 жылғы 28 — 29 июльде Америка, Англия, Түркия, Иран, Пакистан үкіметтерінің өкілдері Лондонда Бағдад шарты советінің сессиясын шақырып, онда тәуелсіз өркендеу жолына түскен араб елдеріне, ең алдымен, Біріккен Араб республикасы мен Ирак республикасына қарсы жаңа агрессия жасау жоспарларын жасады. Кеңеске қатысушылар сонымен бірге Америка мен Англианың 1958 жылғы июльдің екінші жартысында Ливанға, Иорданияға қарудың күшімен басып кірген жауыздық әрекетін ашықтан-ашық қуаттады. Бірақ олар Совет Одағы бастаған бейбітшіл күштердің, Таяу Шығыс халықтарының тегеурініне кездесіп, өз әскерлерін Ливан мен Иорданиядан лажсыздан алып кетті.

Бірақ империалистер, ең алдымен американдық империалистері Орта және Таяу Шығыс елдері жөніндегі өздерінің агрессияшыл тіміскілеу саясатынан бас тартқан жоқ. Бұған соңғы кезде Мосул қаласында Ирак республикасына қарсы жасалған бүлік дәлел бола алады. Бұл бүліктен империалистер шет қалған жоқ. Олар армия ішіндегі қараниет офицерлерді, соғысқұмар топтарға ақшаға сатылып дәнiккен кейбір тайпа көсемдерін республика үкіметіне қарсы қаншама арандатып, айдап салғанымен дегеніне жете алмады. Ынтымағы жарасқан араб, курд халықтарының қолдауымен Ирак республикасының армиясы бүлікті тез басты. Бұл арада мынадай бір жағдайды айтпасақ болмайды. Соңғы кезде жас Ирак республикасы мен Біріккен Араб Республикасы арасында жағдай шиеленісіп кетті, империалистер міне осы жағдайды да пайдаланып қалуға күш салып жатыр.

Америка Құрама Штаттары Түркияға, Пакистанға, Иранға соғыс көмегін «экономикалық көмек» деген атпен бүркемелеп отыр. Бұл «көмектің» ішкі сыры, түпкі мақсаты не екеніне, көмек алған елдердің қандай күйге түсіп отырғанына тоқталып өтейік.

Агрессияшыл соғыс одақтарына — НАТО мен Бағдад шарттарына тартылған Түркия кәзіргі кезде мейлінше қаруланып алғаны белгілі. «НАТО-ға кіретін мемлекеттің бірде-біреуі, — деп жазады түрік газеті «Ени Гюн», — Түркиядай көп әскер ұстап отырған жоқ». Осындай шегінен шыға қарулану саясатының бар ауыртпалығы түрік еңбекшілеріне түсіп отыр. Соңғы он жылдың ішінде Америка Құрама Штаттары Түркияға 800 миллиондай долларды (2,26 миллиард лир) қарыз берді. Ал Түркияның өзі осы жылдарда тек соғыс қажеттеріне 8 миллиард лир жұмсады. Жақында Түркияға «көмек» көрсету үшін қарызға берілген 234 миллион доллардың 70 процентке жуығы соғыс мақсатына, яғни елді Американың соғыс-стратегиялық базасына айналдыруға жұмсалды. Американдық империалистері Иран жөнінде де осындай саясат жүргізіп отыр. Иранның билеуші топтарының Иран мен Совет Одағы арасындағы достық және тиіспеу туралы өздері ұсынған договордан бас тартып, Америкамен соғыс келісімін жасады.

Иран — кенге, ең алдымен мұнайға бай, бағалы дақылдарды өсіруге мүмкіндігі мол елдің бірі. Бірақ шетел, ең алдымен американдық шонжарларының тырнағына ілінген Иран осы кезде ауыр экономикалық күйзеліске ұшырап отыр. Американың Иранға көрсеткен атышулы «экономикалық көмегі» оған ешқандай жеңілдік келтірмей отыр. Америкамен жасалған соғыс келісімі күйзелісті онан әрі өршітіп, Иранның монополистерге тікелей тәуелді етеді.

1947 жылы дербес мемлекет болып құрылған Пакистанға Америка Құрама Штаттары алғашқы кезден-ақ көз тігіп, оны соғыс шарттарына киліктірді. Пакистан 1954 жылы агрессиялық Оңтүстік-Шығыс Азия блогына (СЕАТО), 1955 жылдың жазында Бағдад шартына ресми түрде тартылды. Америка мен Пакистан арасында таяуда жасалған соғыс келісімінен кейін бұл елдің соғыс шығыны бұрынғыдан көбейе түсіп, 1959 финанс жылында тіпті азайтылып алынған ресми мәліметтер бойынша

елдің барлық кірісінің 56 процентінен артып, ал іс жүзінде төрт бөлігінің үшінә жетіп отыр. Соның салдарынан елде ашаршылық етек алған, түрлі жұқпалы ауру көп тараған. Әрбір он бес пакистандықтың тек біреуі ғана хат таниды.

Ал Совет Одағы болса Орта және Таяу Шығыста Американың арандату саясатына қарама-қарсы әділ саясатты — басқа елдердің ішкі істеріне қол сұқпау, ұлттық тәуелсіздігін, территориясының тұтастығын құрметтеу саясатын жүргізіп келеді. Совет Одағының экономикалық көмегінің сипаты мүлде өзгеше. Мұны Совет Одағы мен Ирак республикасы арасындағы кәзіргі қатынастардан айқын көруге болады. Биылғы жылғы март айында Совет Одағы мен Ирак республикасы арасында экономикалық және техникалық ынтымақ, сондай-ақ жылына 2,5 процент ғана өсіммен 550 миллион сомдық несие беру туралы келісімге қол қойылды. Отар тепкісіндегі езілген халықтарға қамқоршы болу жөніндегі лениндік саясаттан туған осы бүкпесіз, адал экономикалық көмек ирак халқының өз тәуелсіздігін нығайтып, отарлық шырмаудан біржола шығуына мүмкіндік береді. Совет Одағы мұндай қалтқысыз жәрдемді Орта және Таяу Шығыстың, Азияның басқа да елдеріне көрсетуде.

Америка империалистері соғыс шарттары арқылы Совет Одағына, Ирак республикасына, Біріккен Араб Республикасына, Индияға, Ауғанстанға, сондай-ақ Орта және Таяу Шығыс пен Азияның өзге де елдеріне қарсы дұшпандық саясат жүргізіп келеді. Бұған Американың Иранмен, Түркиямен, Пакистанмен екіжақты соғыс келісімдерін жасауы толық дәлел бола алады. Бірақ олардың соғысқұмарлық жоспарлары әсте іске аспақ емес, мұны тарихтың өзі-ақ дәлелдеп отыр.

Азия мен Африка құрылығының миллиондаран бейбітшіл халықтары агрессиялық соғыс шарттарын жоюды, халықаралық шиеленісті бәсеңдетуді талап етуде. Апрель айының бірінші жартысында Индияның Калькутта қаласында Азия және Африка елдерімен ынтымақтасудың Бүкіл индиялық екінші конференциясы болып өтті. Конференцияда екі құрылық халықтарының көкейтесті тілегі болып табылатын бірқатар халықаралық мәселелер талқыланып, бұлар жөнінен қарарлар қабылданды. Бағдад шарты, СЕАТО және АҚШ-тың екіжақты соғыс шарттары әр қайсысын жеке және қоса алғанда, — деп көрсетілген қарардың бірінде, — Африка — Азия елдерінің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігіне және олардың өзара қатынасына елеулі қатер туғызады. Конференция соғыс шарттарын және Азия мен Африкадағы барлық шетелдік соғыс базаларын жоюға шақырды.

Орта және Таяу Шығыс елдері бейбітшіл халықтарының империалистердің тіміскілеу әрекеттеріне қарсы, өздерінің ұлттық тәуелсіздігі үшін күресі күшейе түсуде. Совет Одағы және басқа социалистік елдер оларға әрқашан тілектестік білдіріп, достық қолын созады.

А. ТУҒАНБАЕВ.

Социалистік елдердің мемлекеттік дамуы туралы кітап

Кәзіргі кезде бейбітшілік, демократия және социализм күштері үздіксіз өсіп, дүниежүзілік социалистік система барған сайын нығайып отыр.

«Социализм дүниесі,— деп көрсетті Н. С. Хрущев КПСС XXI съезінде жасаған баяндамасында,— кәзір бұрынғы қай кездегіден болса да мызғымас берік, біте қайнасқан дүниеге айналып отыр. Ол бүкіл адамзаттың дамуына шешуші ықпал жасауда. Социализм елдері бүкіл прогресшіл дүниені алға бастап келеді деп толық сеніммен айтуға болады».

Социалистік елдердің әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылыстары ұқсас, социализм мен коммунизмнің жеңісі үшін күресте олардың мақсат-мүддесі бір. Социалистік елдер — бейбітшіліктің және халықтар бостандығы мен тәуелсіздігінің тірегі. Олар социализмнің мызғымас қорғаны болып отырған Совет Одағы бастаған, достық ынтымағы берік, біртұтас социалистік лагерь құрды.

Бұл жөнінде туысқан социалистік елдердің мемлекеттік дамуына арналған бір топ совет ғалымының коллективтік еңбегінің¹ айрықша маңызы бар.

Кітаптың алдына қойған мақсаты халықтық демократия мемлекеттерінің тарихи орны мен социалистік мәнін ашып көрсету.

Кітапта жаңа қоғамдық құрылыстың социалистік дүние елдеріне ортақ белгілері мен заңдылықтары сөз болады. Кітаптың авторлары, әсіресе тарихи нақты жағдайларға байланысты барлық жерде және әрдайым қолданылатын белгілі формалардың болуы социалистік жолға түскен елдердің бәріне тән жалпы белгі мен заңдылық екенін атап көрсеткен. Сөз жоқ, әрбір жеке ел халықтарының тарихи қалыптасқан өзіндік ұлттық ерекшеліктері мен салттары бар. Сонымен бірге жеке социалистік елдер дамуының өзгешеліктерін асыра бағалап, орынсыз дәріптей беру де социализмге өтудің жалпы белгісі мен заңдылығының мәнін түсіретінін естен шығаруға болмас еді.

Дамудың социалистік жолына түскен халықтық демократия елдері тарихи қысқа мерзім ішінде орасан зор табыстарға жетті. Бұл елдерде берік орнаған социалистік қоғамдық құрылыс өндіргіш күштердің жедел өркендеуін, сондай-ақ халықтардың материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесінің жедел көтерілуін қамтамасыз етуде.

Кітапта халықтық демократия елдерінің даму қарқынының капиталистік елдерден әлдеқайда шапшаң екенін көрсететін қызықты мысалдар аз емес.

Халықтық демократия елдерінде орнаған қоғамдық және мемлекеттік жаңа құрылыс осы елдерді социалистік жолмен индустрияландыруға, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуге барынша мүмкіндік туғызып отыр.

¹ «Социалистік елдердің мемлекеттік правосы». СССР Ғылым академиясының право институты. Жауапты редакторы В. Ф. Коток, Москва, 1958 жыл.

Халықтық демократия елдерінің экономикасында социалистік ұклад басты орын алады. Азиядағы социалистік елдер халық шаруашылығының әлеуметтік құрылымында да түбірлі өзгерістер болды. Бұл елдерде шетел монополиясының, компрадорлық буржуазия мен феодал-помещиктердің үстемдігі жойылды. Негізгі өндіріс құралдары мемлекеттік, жалпыхалықтық меншікке көшті.

Кітаптың едәуір бөлігі өзі өмір сүрген он жылдай мерзім ішінде қуатты мемлекетке айналған Қытай Халық Республикасына арналған. Кітапта Қытай Халық Республикасының құрылу тарихына қысқаша шолу жасалып, қытай халқының жаңа, социалистік мемлекет орнату және нығайту жолындағы күресі баяндалған.

Азаттық жолындағы күрестің барысында Қытайда феодалдық-компрадорлық гоминданшыл диктатураның мемлекеттік аппараты быт-шыт болды. Бұл күреске нағыз революцияшыл тап — қытай пролетариаты, оның сыннан өткен сенімді көсемі Қытай коммунистік партиясы басшылық етті.

Марксизм-ленинизм ілімін қытай өмірінің нақты жағдайымен шебер ұштастыру нәтижесінде қытай революциясы елді социалистік жолмен қайта құру ісіне бірсыпыра жаңалық енгізді.

Кітапта Қытайдың халық шаруашылығында социалистік сектордың алатын орнын сипаттайтын фактілер де көп. 1957 жылы кооператив пен аралас кәсіпорындарын қосқанда, барлық өнеркәсіптің 99 проценті социалистік секторда болды.

Сол сияқты Корея Халық-Демократиялық Республикасы да кереметтей өзгерді. Бұрын ол артта қалған отар және жартылай феодалдық аграрлы ел еді. Деревняда шаруа үйлерінің 70 проценттен астамы жыл сайын 3—4 ай азық-түліксіз қалатын.

Соғыстан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын кооперациялауға корей халқы күлшына кірісті. Біз әңгімелеп отырған кітаптың деректеріне қарағанда, 1957 жылы кооперативке жалпы шаруалардың 90 проценттейі біріккен.

Халықтық-демократиялық елдерінде экономиканың өсуіне және еңбекшілердің тұрмыс жағдайының жақсаруына байланысты, олардың мәдени дәрежесінің өскенін баяндайтын фактілерді де осы кітаптан табуға болады. Халықтық демократия мемлекеттерінде балаларды міндетті түрде оқыту, сауатсыздықты жою туралы заңдар қабылданған. Бұларда жаңа социалистік интеллигенция жасақталып, инженер-техникалық кадрлар өсіп, жетілуде.

Сондай-ақ кітаптан кәзір халықтық демократия елдері социалистік дамудың әртүрлі басқышында екенін оқимыз. Олар өздерінің тарихи жағдайы мен ұлттық ерекшеліктеріне қарай елді социалистік жолмен қайта құрудың саналуан формалары мен әдістерін пайдалануда. Бұл елдердің мүдделері ортақ, түпкі мақсаты бір, олар пролетарлық интернационализм принципінен ешуақытта айнымайды. Олардың социализм орнатудағы күресінде өзара ынтымағы мен бір-біріне көмегінің және Совет Одағының оларды қолдауы мен қалтқысыз көмегінің маңызы ерекше.

Халықтық демократия елдері конституцияларының нағыз халықтық сипаты бар. Олар еңбекшілердің қалың бұқарасын халықтық-демократиялық мемлекет органдарымен тығыз байланыстырып, бұқараны мемлекет басқару ісіне мол қатыстыруды көздейді. Мәселен, Поляк Халық Республикасы Конституциясының 5-статьясында мемлекеттік өкімет органдарын басқару жұмыстарына халық бұқарасы саналы түрде, белсені қатыстырылады деп көрсетілген және олардың міндеттері туралы былай делінген: 1) өзінің жұмысы туралы халық алдында есеп беріп отыру; 2) заңға лайық азаматтардың ұсыныстары мен арыздарын, тілекте-

рін зейін қоя қарап, қажеттісін ескеріп отыру; 3) еңбекші бұқараға халық өкіметінің мемлекет, шаруашылық және мәдениет жөніндегі қызметінің негізгі мәні мен мақсатын түсіндіріп отыру (247—249-беттерді қараңыз).

Халықтық-демократиялық мемлекет органдарының бұқарамен тығыз байланысы — мемлекеттік өкіметтің мызғымас, берік күшінің қайнар бұлағы. Қітапта келтірілген көптеген фактілер халықтық-демократиялық өкіметтің нағыз демократиялық сипатын ашып береді.

Социалистік лагерь елдерінің мемлекеттік органдарының халықтық сипаты олардың ұйымдары мен қызметінің принциптерінен де айқын көрінеді. Мұндай принциптерге коммунистік және жұмысшы партияларының басшылығы, мемлекетті басқаруға халық бұқарасының қатысуы, сын мен өзара сын, социалистік заңдылық, демократиялық централизм, барлық мемлекеттік істерді шешудегі коллективтілік тағы басқалары жатады.

Халықтық демократия республикалары саяси формасының Совет Одағынан өзгеше бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар. Біздің совет мемлекетінің даму тарихында бұрын болмаған ерекшеліктер, әсіресе олардың қоғамдық және мемлекеттік праволық ұйымдарынан көбірек байқалады. Бірақ бұл ерекшеліктер жұмысшы табының қоғамға мемлекеттік басшылық етуіне ешқандай нұқсан келтірмейді.

Мемлекетті басқаруға бүкіл елді қатыстыру жөнінде халықтық майданның (отандық, ұлттық) маңызы мен ролі туралы мәселе де көңіл аударуға тұрарлық мәселе. Әсіресе, кәзіргі жағдайда барлық социалистік елдерде халықтық майданды онан әрі нығайту халықтық өкіметті нығайтудың күрделі факторы болып отырғанда бұл бұқаралық ұйымның маңызы күшті.

Совет Одағынан халықтық демократия елдерінің бір өзгешелігі — оларда жерге жеке меншік сақталған. Мұның өзі осы елдердің тарихи дамуының ерекшеліктеріне байланысты. Мәселен, Россияны алатын болсақ, Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін жерге жеке меншік шаруалардың қанына әбден сіңіп үлгірген жоқ еді. Сондықтан жерді бір мезгілде тұтас национализациялау 1917 жылдың 26 октябріндегі Декрет бойынша бірден жүргізілді. Ал екінші дүниежүзілік соғыстан кейін социалистік құрылыс жолына түскен елдерде халықтық өкімет құруға кіріскен кезде жерге жеке меншік шаруалардың салтынан мықтап орын алғанды. Сондықтан бұл елдер шаруаларының жерді национализациялау туралы ұранды бірден ұғуы қиынға соғар еді. В. И. Ленин өзінің еңбектерінде жерді национализациялауды жергілікті жердің ерекшеліктеріне қарай, асықпай, байыпты түрде жүргізуді талай рет ескерткен болатын.

Кәзір халықтық демократия елдері социалистік демократизмнің тамырын тереңдетіп, дамытуда жаңа кезенді басынан кешіруде. Бұл кітапта атап көрсетілгендей, кейінгі жылдары бұларда жоғарғы және жергілікті мекемелердің жұмысын жақсарту жөнінде елеулі шаралар жүзеге асырылып келеді. Әсіресе, еңбекшілерді өкімет органдарымен тікелей байланыстырып отыратын жергілікті бұқаралық мекемелердің жұмысына баса көңіл бөлінуде. Мәселен, Поляк Халық Республикасының 1958 жылдың 25 январындағы «Ұлттық советтер туралы» заңы бойынша жергілікті өнеркәсіп орындары, денсаулық сақтау мекемелері және басқалар жергілікті өкімет органдарына берілген.

Социалистік елдердің көпшілігінде сайлау системасын онан әрі демократияландыру шаралары жүзеге асырылып келеді. Мысалы, Румын Халық Республикасының заңы бойынша помещиктер мен банкирлердің, ірі коммерсанттардың, кулақтардың, алпауыттардың, бестен артық жалдамалы жұмысшы ұстаушылардың сайлау правосы болмай келді. Ал 1957 жылдың аяғында социализм орнатуда қол жеткен табыстар

және румын еңбекшілерінің бірлігі күшейгендігі ескеріліп, жоғарғы және жергілікті өкімет органдарына сайлау жөніндегі тежеулердің бәрі алынып тасталды.

Поляк Халық Республикасының сайлау заңында да кейбір жаңалықтар бар. 1957 жылдың 31 октябрьдегі сайлау ережесі бойынша мұнда әлі басқа халықтық демократия елдеріне мәлім емес, өнеркәсіптік сайлау округтерін құру мүмкіндіктері айтылған.

Кітапты оқи келе, халықтық демократия елдеріндегі коммунистік және жұмысшы партияларына деген еңбекшілердің сүйіспеншілігін әбден сезуге болады. Коммунистік және жұмысшы партияларының социалистік құрылысқа нақты басшылық ету ісіндегі практикалық қызметі біз реценциялап отырған кітапта жақсы баяндалған.

1957 жылы ноябрьде Москвада болған коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің Кеңесі қабылдаған Декларацияның маңызы зор. Бұл тарихи документтен социалистік лагерь елдерінің пролетарлық интернационализм, халықтар достығы принциптерін аса құрметтейтінін аңғару қиын емес. Бұл документтен дүние жүзінің барша еңбекшілері кәзіргі халықаралық жағдайдың өзекті мәселелеріне, осы қоғамдық дамудың кәзіргі барысына марксизм-ленинизм тұрғысынан дұрыс баға берілгенін аңғаруға болады және олар капитализмнің сөзсіз күйреп, социализмнің толық салтанат құратынына шексіз сендіреді.

Осы кітапта Югославия ревизионистерінің капитализмнен социализмге өту үшін пролетариат диктатурасы мен коммунистік партияның басшылық ролінің қажеті жоқ деген жікшілдік сандырағының түкке тұрғысыз екені бас көтертпес фактілермен әшкереленген.

Туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары Югославия Коммунистері Одағының программасын батыл сынай отырып, социалистік мемлекеттерді бұрынғыдан да нығайта түсу керектігін, ал оны әлсірету социализм жауларының ғана әрекеті екенін атап көрсетті.

Кітапта Европа мен Азиядағы социалистік елдердің барлық мемлекеттік-праволық системалары жан-жақты баяндалған. Мұның өзі бүкіл дүниежүзілік социалистік системаның мемлекеттік дамуының мәнін ұғынуға мүмкіндік береді.

Дегенмен, осындай күрделі еңбектің азын-аулақ кемшіліктері де бар. Кейбір тараулардың материалдары халықтық-демократиялық мемлекеттердің конституцияларының жүйелеріне лайық реттеліп берілмеген. Ал мұндай еңбекте социалистік мемлекеттердің және олардағы ұлттардың ерекшеліктерін жеке-жеке талдап көрсетіп, тұтас қорытынды жасалғаны жөн болар еді.

Халықтық-демократия республикаларының пайда болуы мен дамуы туралы мәселелер де өте қысқа, таяз жазылған. Сондай-ақ кітапта бірқатар фактілер дәл емес. Мәселен, Польшаның демократиялық партиясы 1944 жылы құрылды деп көрсетілген, шындығында 1939 жылы ұйымдастырылған. Ал кітапта Албания Халық Республикасының екіжылдық жоспары 1948 жылы (146-бетті қараңыз) қабылданды деп көрсетілген, шындығында 1949 жылы қабылданған еді. Мұнымен бірге кітапта көрсетілгендей, Корей Халық-Демократиялық Республикасының Жоғарғы Халық жиналысы 3 жылға емес, 4 жылға сайланады.

Кітапта «Солтүстік Корея» деген атау орынсыз сияқты. Өйткені он жылдан артық өмір сүріп отырған мемлекеттің Корей Халық-Демократиялық Республикасы деген заңды аты бар.

Туысқан социалистік елдердің мемлекеттік құрылысын зерттеуші тарихшыларға, заң қызметкерлеріне арналғанымен де, бұл кітаптың насихатшыларға, мұғалімдерге, партия, совет қызметкерлеріне пайдасы үлкен.

Я. БЕЛЬСОН, С. САРТАЕВ,
заң ғылымының кандидаттары.

Термин сөздерге түсінік

Әлеуметтік-экономикалық термин сөздер

(Жалғасы. Басы «Қазақстан коммунистінің» 4-санында)

Аграрный кризис — аграрлық кризис (капиталистік елдердің ауыл шаруашылығындағы артық өндіріс кризисі. Жұмысшы табының абсолютті және относителді қайыршылануы себепті жұмысшы халықтың сатып алу қабілеті төмендейді де, ауылшаруашылық өнімдеріне сұраныс кемиді, міне осыдан келіп аграрлық кризис туады).

Агрессия — агрессия (басқа елдердің жерін тартып алып, халқын кіріптарлыққа салу үшін, экономика не саясат жағынан бағындыру үшін бір немесе бірнеше мемлекеттің ол елдерге күшпен шабуыл жасауы. Осындай басқыншылық соғысты тұтандырған мемлекет агрессор деп аталады).

Акция — акция (табыс келтіретін бағалы қағаз; акционерлік қоғамның капиталына қатысатындықты және содан пайда алуға право барлығын куәлендіретін бағалы қағаз. Акция иесін акционер дейді. Акционерлік қоғам — капиталистер бірлестігі. Бұл қоғамның капиталы соған қатысушылардың — акционерлердің — акциялар сатып алуы арқылы беретін жарналарынан құралады).

Альтернатива — альтернатива (мүмкін болған екі ұйғарындының бірін таңдау деген мағынада).

Амортизация — амортизация (өндіріс құрал-жабдықтарының бірте-бірте тозуы. Өндіріс құрал-жабдықтарын қалпына келтіру үшін немесе ауыстыру үшін бірте-бірте жиналған қаражат — амортизация қоры деп аталады).

Анализ — анализ, (талдау; ғылыми зерттеу жүргізу әдісі, бір затты немесе құ-

былысты өзінің негізі, қарапайым бөлшектеріне ыдырату, сөйтіп оған талдау жасау).

Анархия — анархия (өкіметсіздік, бастықсыздық; мемлекеттік өкімет атаулыны керексіз деп білушілік; бассыздық. Өндірістегі анархия капиталистік құрылыс тұсында қоғамдық өндірістің жоспарсыз, стихиялы түрде, бетімен дамуы).

Анархизм — анархизм (марксизмге жат ұсақ буржуазиялық саяси ағым; ұсақ буржуазияның қандай тарихи жағдайларда болсын қоғамдағы саяси өкіметті, мемлекет атаулыны бұзуды насихаттайтын идеологиясы. Анархизм жолын ұстаушылар анархистер деп аталады. Анархистер мемлекеттік өкімет атаулыға, әсіресе пролетариат диктатурасына, тап күресіне, партияның жетекшілік роліне қарсы).

Аннексия — аннексия (бір мемлекеттің жерін екінші бір мемлекеттің басып алуы, күшпен өзіне қосып алуы. Аннексиялау саясаты империализм дәуірінде ерекше етек алған, империалистік мемлекеттерге тән саясат. Аннексия бүтін мемлекетті немесе оның бір бөлегін басып алу түрінде де болады; мысалы Қытай жерінің бір бөлегі Тайваньды АҚШ-тың басып алуы).

Антагонизм — антагонизм (ымыраға келмейтін қайшылық; мәселен, пролетариат пен буржуазия арасындағы таптық қайшылық күшпен, революциялық жолмен, буржуазияны құлатып, пролетариат диктатурасын орнату жолымен шешіледі).

(Жалғасы бар.)

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З., Әбілдаев Қ., Бәйішев С., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т., Омаров Б., Ыдырысов Т.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 23-03, 24-95.

13/IV-1959 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108¹/₁₆—3,5 к.—9,59 авт. т.

УГ01065. Тиражи 18100. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Заказ 257.

1959
1049976

Партия активінің кітапханасына арналған жана кітаптар

В. И. Ленин Шығармаларының қазақша бірінші басылуына анықтаушы том. Қазақ тілінде. Бағасы 6 сом 50 тиын.

В. И. Ленин шығармаларының алфавит көрсеткішіне алғысөздер, баяндамалар, жобалар, конференция қарарлары, қорытынды сөздердің тізімі енген. Кітапта В. И. Ленин цитатаға келтірген және пайдаланған К. Маркс, Ф. Энгельс шығармаларының көрсеткіші мен мерзімді баспасөздің, географиялық атаулардың көрсеткіші бар.

В. И. Лениннің халықтың мақал-мәтелдерін өте ұқыпты пайдаланып отырғаны мәлім. Бұл жинаққа В. И. Ленин еңбектерінде қолданылған мақал-мәтелдері мен қанатты сөздердің, сондай-ақ көркем әдебиет пен сын шығармаларының көрсеткіші енгізілген.

Н. С. ХРУЩЕВ. СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1959 — 1965 жылдарға арналған бақылау цифрлары туралы Совет Одағы Коммунистік партиясының кезектен тыс XXI съезінде жасалған баяндама. Қазақ тілінде. Бағасы 2 сом 10 тиын.

«Совет Одағы Коммунистік партиясының XXI съезінің қарарлары». Қазақ тілінде. Бағасы 1 сом 75 тиын.

Революция от жалынында. Қазақ тілінде. Бағасы 8 сом.

Н. АЛДАБЕРГЕНОВ, М. ЕРЛЕПЕСОВ. Сталин атындағы колхоз. Қазақ, орыс тілдерінде. 125 бет. Бағасы 3 сом 15 тиын.

Кітапта Сталин атындағы колхоз шаруашылығының өсу жолы баяндалады. Авторлар колхоздағы егіншілік, мал шаруашылығы, артель ісін басқарудағы озат тәжірибелерге тоқталады. Сонымен бірге кітапта КПСС XXI съезі алға қойған міндеттерді орындау жолындағы колхозда істеліп жатқан шаралар туралы айтылады.

И. АЛТАЕВ. Қой шаруашылығы — екінші тың. Қазақ тілінде. Бағасы 30 тиын.

Кітапшада қой шаруашылығын өркендетуге бағытталған республика малшыларының озат тәжірибелері баяндалады.

Т. МҮСАҚҮЛОВ. Орысша-қазақша түсіндірмелі биологиялық сөздік. 1 том. Бағасы 9 сом 10 тиын.

М. САБЫРОВ. Жасанды шабындықтар. Қазақ тілінде. 46 бет. Бағасы 60 тиын.

Кітапша шабындықтың түрлері және оны суландыру туралы түсінік береді.

Ғ. БЕГАЛИЕВ, Х. МАХМУДОВ, Ғ. МҮСАБАЕВ. Қазақша-орысша шағын сөздік.

Бұл сөздік қазақ алфавит тәртібі бойынша жасалған. Әрбір оқушы сөздікті

пайдалана отырып, қазақ тіліндегі сөзді орыс тіліне еркін аудары алады.

К. А. ТИМИРЯЗЕВ. Чарльз Дарвин және оның ілімі. Қазақ тілінде. Бағасы 4 сом 55 тиын.

К. А. Тимирязев бұл еңбегінде Чарльз Дарвиннің жаратылысты зерттеудегі ғылымға қосқан зор үлесі туралы айтады.

С. ДӘУЛЕНОВ, М. ЗОЗУЛЯ. Қазақстанның су шаруашылығы. Орыс тілінде. Бағасы 6 сом.

Авторлар Қазақстандағы су шаруашылығының ғылыми-зерттеу жұмыстарына тоқталып, су шаруашылығының болашағы туралы ойларын айтады.

Д. А. ЗЫКОВ. Мал азығын өндіру. Қазақ тілінде. Бағасы 4 сом 80 тиын.

Автор шалғын мен жайылымдарды жақсарту, пішен жинау жұмысы техникалық жағынан ұйымдастыру, мал азығын өндірудегі еңбекті механикаландырудағы әдістерді сөз етеді.

Ғ. БОРАНБАЕВ. Партия тұрмысының лениндік дәстүрлері. Қазақ тілінде. 82 бет. Бағасы 1 сом.

Кітапшада Коммунистік партия тұрмысының нормалары мен партиялық басшылық принциптерінің маңызы жайлы, партия қатарының тығыз бірлігі — КПСС-тің ішкі тұрмысының аса маңызды принципі екені, демократиялық централизм — КПСС-тің ұйымдық құрылысының және қызметінің басты принципі екені туралы айтылған.

И. ШАМШАТОВ. Қазақстанның партия ұйымдары тың және тыңайған жерлерді игеру жолындағы күресте. Орыс тілінде. 88 бет. Бағасы 1 сом.

Кітапшада тың және тыңайған жерлерді игерудегі кейбір колхоздар мен совхоздардың еңбектегі ерлігі сөз болады. Сондай-ақ автор тың және тыңайған жерлерді игерудегі көрнекті жұмыстар жүргізген бастауыш партия ұйымдарының озат тәжірибелері туралы айтады.

С. ҚҰЛБАЕВ. Қазақ ССР Конституциясы (негізгі заңы) туралы. Қазақ тілінде. 75 бет. Бағасы 1 сом.

Автор СССР Конституциясына шолу жасай отырып, Советтік Қазақстан Конституциясының негізіне тоқталған. Сөйтін Қазақ ССР Конституциясының басқа буржуазиялық елдер конституциясынан артықшылығын көрсеткен.

Қ. ШӘРІПОВ. Хайнань аралына дейін! Қазақ тілінде. 118 бет. Бағасы 1 сом 35 тиын.

Автор Қытай Халық Республикасына барған сапарындағы көрген, білгендерімен алған әсерлерін жазған. Кітапша жарасқан ұлы қытай халқының жаңарып жатқан өмірімен, мәдениетімен қазақ оқушыларын жақсы таныстырады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІН
АЙ САЙЫН ШЫҒЫП ТҰРАТЫН ТЕОРИЯЛЫҚ
ЖӘНЕ САЯСИ

Қазақстан
КОММУНИСТІ

журналына бұдан былай да
жазыла беруге болады.

«Қазақстан коммунисті» журналы маркстік-лениндік философия, Коммунистік партияның тарихы мен теориясы, саяси экономия мен нақты экономика жөнінде мақалалар, лекциялар және консультациялар жариялайды.

Журналда республика партия ұйымдарының ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстары жазылады, партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының жұмыс тәжірибелері қорытылады.

Журналда облыстық газеттерге және республикалық салалық журналдарға шолулар, жаңа кітаптарға рецензиялар жарияланады, сол сияқты әдебиет пен көркемөнер мәселелері бойынша мақалалар, оқушылардың сұрауларына жауаптар беріледі.

Журналдың 1958 жылғы 11 номерінде бастап Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы туралы жаңа оқулықтың тараулары жариялана бастады.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға—9 сом.

Журналға „Союзпечатьтің“ барлық бөлімдерінде, байланыс бөлімшелерінде жазылуға болады.